Л 2006
3448 к

тапханасы

Ауыл шетін безі ұй



ТАРАЗИ

ӘКІМ

ТАРАЗИ

Әкім

Ауыл шетінде үй

Әңгімелер

АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2006

821.512.122-3
ББК 84 Каз 7-44
Т 21

Тарази Ә.
Т 21 **Ауыл шетіндегі үй.** Әңгімелер.– Алматы: Атамұра, 2006.– 248 бет.

ISBN 9965-34-387-X

Белгілі жазушы Әкім Таразидің бұл кітабына «Жалын» журналының тұңғыш нөмірінде жарық көрген алғашқы әңгімесі – «Әнім сен едіннен» бастап, өткен ғасырдың 80–90-жылдары оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген туындылары топтастырылған. Әр жылдарда жазылған әңгімелердің қай-қайсысында да уақыт таңбасы, замана шындығы айқын сезіледі.

Жинақ қалың оқырманға арналған.

Т $\frac{4702250201-013}{418(05)-2006}$ хабарландырусыз – 2006 **ББК 84 Каз 7-44**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00046869

ISBN 9965-34-387-X

© Тарази Ә., 2006
© «Атамұра» баспасы, 2006

ӘНІМ СЕН ЕДІҢ

Сол жылы көктем ерте шықты; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі ғашық болды; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі бір қызға ғашық болды. Қыз аты – Ләйлі. Диірменші Ақмырзаның немересі. Бұрын қалада оқыпты. Әпкесінің қолында екен. Әпкесі қайтып келген. Бұл да ере келіпті.

Ақпанның бас кезінде жер қап-қара еді. Ауыл үстінен дүркін-дүркін шаң-тозаң суырған ала дауыл соғып, биыл құрғақшылық болады деген үрей-сүрең ел мазасын алып тұрған. Сондай бір күні Мирас сабаққа кешігіп қалып, «екі өкпесін қолына алып» келсе, кластас жолдастары далада, сегізіншінің терезесінің алдында үйіріліп тұр екен. Бәрінің бет-жүзі алау-жалау. Бәрінің ішіне от түсіп кеткендей. Көздері жайнап, өздері елеңдесіп қалыпты.

Әдетте балалар (бұлар өздерін әлі «бала» дейтін) жамырасып амандасатын. Бұл жолы Мирасты ешкім көрмеді. Көрсе де елемеді. Әтімжан деген бала Қоран деген балаға қарап таңырқап басын шайқады. Қоран деген бала Қален деген балаға қарап тұрып таңдайын тақ еткізді. Тақ еткізді де басын шайқады. «Керемет!» дегені. Ұзынтұра Нәметқазы мен қортық Әлмұқан терезеге үңіліп қалыпты. Мирастың о кезде мінезі тез, қимылы шапшаң еді, бейқам тұрған Нәметқазыны кері лақтырып тастап, терезенің қаңылтыр ернеуіне өзі жармасты.

Кластас жолдастарының мұнша неге абыржығанын сонда бірден түсінген. Ең соңғы партада қызыл көйлекті бейтаныс қыз отыр екен. Сол жерде тұрған жігіттердің әрқайсысындай-ақ Мирас та бұл қыздың несі әдемі деп талдау жасап, мәнін ұғынып жатқан жоқ, көрді де, түсінді, түсінді де, ғашық болды. Ғашық болды да, телміріп қарап қалған. Кәрімов ағай шашы жалбырап жетіп келіп, қолындағы жіңішке ақ таяғымен Мирастың көзі тұсын әйнектің арғы жағынан нұқып қалмаса, Мирас сол телмірген қалпы телміріп тұра бермек.

Әтімжан екі беті шиқандай дөп-дөңгелек жігіт еді. Сол:

— Апыр-ай! — деп таңдай қағып, басын тағы шайқады. Бұл қылығына өзі де ыңғайсызданып қалған. Соны жуып-шаймақ боп:

— Бестібайдың жирен қасқа дөненін айтам да... Шіркін ұшқан құсқа жеткізбейді-ау, жеткізбейді! — деді. Мәселе жирен қасқада емес, мәселе басқада екенін жігіттердің бәрі түсінді. Жігіттердің бәрі бір-біріне сыр бермей, әр нәрсені сөз етісіп, тарасып кеткен.

* * *

О кезде «Мәдениет» колхозы жүз елу үйден аспайтын. Үш көше еді: «Украин көшесі», «Орта» көше, «Мектеп» көшесі. Тау жақта шашырап отырған бес-алты үй «Қотыр көше» аталатын. Сол «Қотыр көшеден» сәл әріректе биік төбе бар-тын. Сол төбеге ауылдың ақсақал-қарасақалдары, қатын-қалаш, бала-шаға түгел жиналып, ақ қара бас қой сойып, құдайдан жаңбыр тілесін. Мирастың Ләйліні анықтап жақын көруі сол жиын үсті. Қызыл көйлек киіпті. Өзі аппақ, көзі алақандай, мөлдір екен. Бұл ауылдағы бұрын кісімсіп жүретін «өзіміздің қыздар» нөкер боп, Ләйлінің соңына еріпті. Шашбауын көтеруші ғана болып қалған. Өздері өңсіз, ұсқынсыз екен ғой! Бірінің мұрны тым таңқы, бірінің көзі тым қысық, бірінің аяғы тым қисық екен ғой. Ләйлі болса жұрт көзінің өзіне сұқтана қадалатынын сезетін сияқты, сынаптай жүйткіп бір орында тұрмайды. Жүгіріп ана топқа бір барады, мына топқа бір келеді, көзі жалт етіп, әр жігіттің бетіне бір қарап, әдейі от тастап кетеді. Жоқтан өзгеге күле береді. Жұрт алдына шығып, ойын көрсетіп жүргендей.

Әтімжан дөп-дөңгелек, қып-қызыл беті бұрынғыдан да дөңгеленіп, бұрынғыдан да қызара түскен, көзі жайнап, есеңгіреп қалған Мирастың қасына таяп кеп, есеңгіреген қалпы:

— Апыр-ай! — деп таңдайын тақ еткізді.

— О не? — деп еді Мирас. «Апыр-айдың» не екенін білгісі кеп сұраған жоқ, жай сұрай салған. Әтімжан да өзінің «апырай» деп қалғанын, «апырайды» неге айтқанын енді түсініп қап, сонысына қысылып, сөзді бұрып кетті.

— Бестібайдың жирен қасқа дөненін айтам да, ұшқан құсқа жеткізбейді-ау, жеткізбейді! — деді. Әтімжан жылқышының баласы еді. Ат десе өлетін. Мирас оны түсінді. Түсінді де үндеген жоқ. «Солай-ақ болсын, Бестібайдың дөнені-ақ болсын!» деді де қойды.

Ләйлі Мирасты да жанай бір өтті. Жалт етіп қарай бір өтті. «Мен саған да ұнармын. Қалай ұнатпассың!» деп өтті. Жасы он алтыдан жаңа асқан, тұтануға даяр тұрған, көзі алақандай сұңғақ бойлы, сұр жігіттің кеудесіне әдейілеп шоқ тастап кетті. Сөйтті де өзі ауыл мен төбе арасындағы сайға беттеді. Соңында «кәнизактары».

Сол күні кешке құдайдың күні ағыл-тегіл құйсын кеп, құйсын кеп. Алла тағаланың ақ ниеті ақтарылып бір кетсе керек. Күн жауды. Екі күн жауды. Апта жауды. Ақ жауынның өзі.

Мирас бұл жылы қыстай кітапты көп оқыған. Бұрын бар өмірін әскери қызметке арнаймын деп жүрген бала жігіт бұл кезде офицер мен ақынның қайсысын қаларын білмей дал болды. Алты күнде жер езіліп, мылжа-мылжа болды. Мирас алты күн үйден шықпады. Жылы тонға оранып жатып ап, кітап оқыды. Абай таусылды. Науаи таусылды. Жамбылдың қалың томын тінтіп шықты. Махаббат жайлы айтылмайды екен. Сараң. Әлсін-әлсін өзі де отырып, өлең жазды. ОНЫҢ көзі. «Бір сен. Сенен басқа ешкім емес». Гүлге ғашық болған бұлбұлдай. «Күн де, ай да сен». «Сенсіз өмір қараң». Жүрек. Жүрек, әрине, күйіп-жанады. Оған, әрине, ем жоқ. Дауа жоқ. «Ем тек сен ғана». «Дауа тек сенде ғана». Өлең жазады. Тәп-тәуір-ақ. Төгіліп-ақ отырғандай. Қайта оқыса ұнамайды. Жыртып тастайды. Қайта жазады. «Өмірім түнек еді. Күн іздеп жүруші ем. Күнім сен екенсің ғой!» «Жалт етіп қарап бір өткен кезің, ұмытармын ба! Өле-өлгенше жадымнан кетпес. Өлсем өзіммен бірге кетер. Мен өлсем де ол өлмес». «Мен жаралы жолбарыс ем, сен киіктің лағы!» Жоқ, бұл болмайды. Бұл Пушкин екен. Мирас өзінен-өзі тұнжырап, қатуланды. Бұл дүниеде оны ешкім түсінбейді. Ол — жалғыз. Ол — жаралы жолбарыс. Жарасын жалап, жалғыз жатыр. Түсінер жалғыз — тек СОЛ. Неге жалғыз, бұл өмірден неге түңілді? О жағын өзі де білмейді. Түңілді. Жалғыз. Жаралы. Бар болғаны сол. Өмір болса: «Өмір өтіп барады құры бекер, амал жоқ оған қарсы қайрат етер. Өстіп жүріп гүл солар. Күн де сөнер». Жо-жоқ! Бұл болмайды. Қайдан шыққан күйректік. «О, Мирас! Қайратқа мін, қажырлы бол!»

Түн баласы ұйқы жоқ. Көзі ілініп кетсе, соны көреді. Түсінде ОЛ өмірдегідей жадырап, жарқылдап жүрмейді. Ұяң. Мұңлы. Сүзіліп қарайды. Тізесін құшақтап жылап отырады. Қайғыдан өңі сұп-сұр. Қолын созады. Қолын созып, қараңғыға шегіне береді.

Мирас та жүрегі езіліп, жылайтын болар. Жастығы дымқыл болып қалады. Түсінде сөйлейтін болар. Айғайлай ма екен? Бір рет оянса, мамасы бас жағында мандайын сипап отыр.

— Не болды, қалқам? Шошыдың ба? Мандайың ыстық қой. Ауырып қалдың-ау! — дейді. Мирас қатты қысылды. Мамасы сезіп қоймады ма екен, бұл ұйықтап жатып ОНЫҢ атын атап қоймады ма екен?

Көктемгі каникул да бітті, жауын да тыйылды. Уәделескендей. О кезде колхозда «Мәдениет сарайы» түгіл жай клуб жоқ-тын. Ойын-сауық, жиын мектептің далиған дәлізінде өтетін. Алматыдан артистер келіпті. Ауыл түгел мектепке жинальпты.

Күн бата Мирас далаға шықты. Өңі қуарып, әлсіреген. Соны өзі сезеді. Сол халі өзіне ұнайды. Бұлардың үйі мен мектеп арасы жақын-ды. Өзінің қуқыл-әлсіз қалпын бұзып алмауға тырысып, абайлап басып мектепке жетті.

Мектеп адамға аузы-мұрнынан лық толы екен. Есіктерезелерден бала-шаға ақтарылып төгіледі. Мирас жұртпен итерісіп, жұлқысқысы келмеді. Өзіне ұнайтын өзінің әлсіз-қуқыл қалпын бұзбады. «Ләйлі осында шығар. Жұрттың ең алдында отырған шығар» деп ойлады. Мектепті айналып, сегізінші кластың терезесіне барды. Шам жанып тұр екен. О кезде ауылда май шам жағатын. Еңлік боп, Кебек боп киініп алған артистерді көрді. Көзі сығырайған Еңлік ернін бояп тұр екен. Мирас жиіркеніп, теріс айналды. Көңілі бұзылып, үйге кетіп қалды.

Өз бөлмесіне кіріп шам жақты. Ары отырды, бері отырды, кітап оқымақ еді, оқи алмады, өлең жазбақ еді, «Айымкүнімнен» аса алмады, жыртып тастады.

Сонда барып роман жазуға бекінген. Бір сәтте идея да, суреттер де түйдек-түйдегімен, тізбек-тізбегімен қозғалып кетті. Жүріп берді.

Бір бай болады. Байдың ай мен күндей қызы болады. Аты — Ләйлі. Байдың жылқышысы болады. Аты — Сауран. Адал, қайратты ер жігіт. Ләйліге ғашық. Ләйлі де оған ғашық. Екеуі айлы түнде ауыл сыртындағы өзенді сайда кезігеді. Сырласады. Ләйлі жылап жібереді. Бетін жігіт төсіне басады. Әкесі мұны хан тұқымына бермек екен. Соны айтады. Сауран: «Қашайық!» дейді. «Қайда?» «Қырғызға. Нағашыма!» дейді Сауран. Тілеулес апа-жеңге, досжолдастың көмегімен екеуі Көтенүзбе асуынан асып, Сусамырға бет алады.

Хош, сонымен екі ғашық қырғыз елін паналап, жүріп жатсын. Со кезде Аркада серпінді дүбір басталған еді. Орта жүз ығысып келіп, Ұлы жүзбен тізе қосты.

Бір отырғанда-ақ романның бір тарауы жазылып қалған. Дәптердің он екі парағы түгел таусылып, жаңа дәптер табылмай қалмаса, екінші тарау да еңсерілетін. Жазғанын оқып еді. Ұнады. Көзі бал-бұл жанып, өз-өзінен күлімдеп қараңғы далаға шықты.

* * *

Көзін жұмса, көретіні Ләйлі. Көзін ашса, көңіліне Ләйлі деген сөз оралады. Кітап бетін ашса, барлық сөз тұтасып келіп Ләйлі деген сөз құрайды. Қара партаның беті теңбіл-теңбіл: «Ләйлі, Ләйлі» деп жаза беріпті, оны өзі де аңғармайды.

Ләйлі болса ауылдағы бозбаланы түгел «дертті» қылды. Түгел есінен адастырып, мәңгіртіп жіберді. Күн батса жоғары класс оқушылары мектепке жиналады. 8-март, әйелдер күніне арналған ойын-сауық кешін өткізбек. Соған әзірлік. Бұрын репетиция десе, ат-тонын ала қашатын жігіттер енді айналшықтап, мектептен шықпайды. Сегізінші класс кең. Сонда жиналады. Парталарды қабырғаларға тақап қойып, ортадан ашық алаң ашады. Өнерсіз деген жігіттің өзі қолына домбыра алған. Мирас аккордеон тартады. Ән айтады.

Бір-біріне ештеңе демесе де жігіттердің бәрінің күтер шағы біреу. Ләйлінің келуі. Ләйлінің ортаға шығып билеуі. Ләйлі «нөкерлерін» ертіп келеді. Отырады. Оркестр бір-екі күй тартады. Сосын Ләйлі шығады. Тайсалмайды. Билей жөнеледі. Сол кезде жігіттердің көзін көрсең.

Ол уақытта мектептерде оқушылар аз болушы еді. Қыз балалар тым сирек кездесетін. Бесінші-алтыншы бітіре ме, бітірмей ме, «орнын тауып» кететін. Жоғарғы класс оқушыларының көбі ересек. Қоран мен Ханмәлік жиырмадан асқан, кексе. Ләйлі келгелі жігіттер екі топқа бөлінген де, екі топтың басында сол екеуі. Ләйліге негізгі үміткер де сол екеуі. Ханмәлік мектеп комсомол комитетінің хатшысы. Қоран оқушылар комитетінің төрағасы. Ханмәлік кавказдық тәрізді: шашы, қасы қалың, мұрны үлкен, бадырақ көзді, ірі, қайратты жігіт. Қоран — нәзіктеу, жұқа. Толқынды қара шашты, күлім қаққан сүйкімді. Ханмәлік — өр, ашық айқайдың адамы да, Қоран — қулау, жатып-атар.

Мирас бұлардың екі тобында да жоқ. Мирас бұлардың есебінде жоқ. Ол әлі бала. Он алтыдан жаңа ғана асқан. Өзі жіп-жіңішке, нәзік, сидиған. Бұдан жас шағында пысық, бұзық, шақар-тын. Оныншы класқа өткелі ұяң. Жұртқа көп жоламайды. Ертелі-кеш үйінде жатып алады. Өлең айтқанда, аккордеон тартқанда қызарақтап көзі жасаурай береді. Мирас екі топтың да есебінде жоқ. Өзімен-өзі. Өз сезімімен өзі. Билеп жүріп немесе жайшылықта жанынан жанай өте беріп Ләйлі тұңғиық көздерімен беріле қарайтын. Мирас соған мәз. Жұрттың бәріне Ләйлінің солай қарайтынын Мирас білмейтін. Сезбейтін. Көрмейтін. Бір рет, репитициядан соң, жігіттер далада тұрып көп күжілдесті. Аккордеонын үйіне әкеп тастап, Мирас сыртқа шыққан. Жігіттер әлі күжілдесіп тұр екен. Бұл жақындай бергенде сарт та сұрт төбелес басталып кетті. Бір тобы қаша соғысты, бір тобы қуа соғысты. Мектептің арғы жағындағы қалың ағаштың іші тасыр да тұсыр, айғай, балағатқа толып кетті. Бұрында мұндайды өзі ұйымдастырып жүретін Мирас селт еткен жоқ. Көшеде жалғыз өзі тұрды-тұрды да, үйге қайтты. Ертеңіне балалардың көбінің көзі-басы көгеріп шыға келіпті. Мирас: «Неге?» деп ешкімнен сұрамады. Екі топ қырқысып, Қоран қолы жеңіліп, «бұдан былай Ләйліге қарай аяғын қия баспауға серт беріп» тынғанын Мирас білмеді. Ләйлінің бейнесі жетелеп, тараудан тарауға, қырдан қырға асыра берді. Роман қалыңдай түсті. Он дәптер лық толды.

* * *

Бүгін де кеш жатқан, сонда да көпке дейін ұйықтай алмады. Дөңбекшіп көп күрсінді, түн ортасында тұрып, шам жақты, өлең жазды.

Талықсып ұйықтаған. Түс көріпті. Көргені сол Ләйлі. Мөлиіп қарайды. Сырт жағы түнек қараңғы екен дейді. Соған шегініп барады. Мирасқа қол созады. Жігіт жүрегі елжіреп, езіліп жыларман халге келген.

Ерте оянды. Ұйқы шала. Далаға шықты. Таң жаңа атқан. Шығыс жақ өртеніп тұр екен. Колхоз кеңсесінің алдындағы қара құлақ радио Қазақ Республикасының Гимнін ойнап тұр. Гимнді естіген сайын Мирастың көз алдында өзі көрмеген алыс шығыстағы тістей аппақ Алтайдың ақ шыңдары елестейтін. Қазақстанның күні сол арадан көтерілетін тәрізді.

Мирас көшеден өтіп, мектеп алдындағы көсемдер мүсіні бар алаңнан өтіп, қалың ағашты баудың арасынан өтіп, арғы бетке шықты. Ол жақта «алпыс гектар» деп аталатын қызылша егілетін теп-тегіс дала бар. Бақ арасын шағын сулы тоған бөліп жатыр. Мирас майкісін шешіп, белуарына шейін жуынып алды.

Темір жол астындағы ұшы-қиырсыз жазық жазира да, қыстан қалған шөп маялар да, Қырғызстан жақтан көрінген «шолақ поез» да мұнартып, оңтүстіктегі тау шыңдарына күн нұры түсіпті. Ақ шыңға шағылысқан күн нұрымен бар дүние құлпырып сала берген.

Түнде жазғаны шалбарының қалтасында екен. Алып оқыды. Және оқыды. «Неге сен мұңаясың, елес беріп». Мына ғажайып таңда, кеудесі толған күмбірлеген күй-сезімнің қасында мына жол, мынау өлең шынар мен шыңдардың көлеңкесі іспетті аңғарылды. Сыр құйылған ақ қағаз сол арада парша-парша болды.

Сонау қарауытқан кең шатқал Ойранды аталады. Жігіт соған қарап біраз тұрды. Тұрды тұрды да, орнынан ұмтыла қозғалып, үйіне қарай ентелей жөнелді. Романның келесі тарауы «Ойранды» аталмақ. Бұлар паналап жүрген қырғыз ауылын кеше қазақтар шауып кеткен. Бетке ұстар қыз-жігітті байлап-матап алып кеткен. Солардың ішінде Сауран да бар. Ләйлі аулақта еді. Болған сұмдықты есіте сала атқа мінді. Көтенүзбеден қайта асты. Арыды, шалдықты. Алатаудың қазақ жағындағы күнгей шатқалға жетті. Хан ордасын осы арадан тапты.

Көсілген алаңда елу-алпыс ақ үй тігіліпті. Маңайдағы қырғыз-қазақ түгел жиналыпты. Алаңқайда аяқ-қолдары кісендеулі жүз жігіт, өрімдей жүз жігіт тізерлеп отыр, шыжыған күн астында. Төбе басына тақ қойып ханның өзі жайғасыпты, нөкер-уәзірлерінің ортасында. Арасында Ләйлінің әкесі бар. Тізерлеген жүз тұтқынның бірі — Сауран. Хан інісі қынабынан қылышын суырды. Содан әрі дәті шыдап жаза алмай, Мирас далаға шығып кетті. Сәске болған екен. Есік алдындағы көлеңкеде мамасы отырыпты. Алдында түрегеп тұрған Молдашқа:

— Мирас ұйықтап жатыр. Оятпай-ақ қой, — дей беріпті. Мирасты көріп, Молдаш қуанып кетті.

— Міне, шықты ғой! — деп бұған қарай тұра ұмтылды.

Молдаш — жетім жігіт. Диірменші Ақмырза асырап алған, Ләйлілерге жақынсымақ. Қиық көз, тыртық маңдай, жұқа жігіт. Балалар оны «жылауық» дейді. Жылы сөз ай-

тып, тамақ берген үйдің қызметін тындырып, қона кететін әдеті бар. Ас-суы мол, әкесі колхоз бастық Мирастың үйіне үйірсек. Іші-бауырына кіріп, Мирастың айналасынан шықпайтын. Сол Молдашқа Мирастың көңілі бүгін ерекше түсті. Бөлмесіне ертіп кіріп, жан баласына білдірмей жүрген сырын ашты – он бір дәптер романның қолжазбасын көрсетті. Бірнеше сағат отырып, ерінбей-жалықпай оқып берді.

Өздігінен өмірі кітап оқып көрмеген Молдаштың сығыр көзі жылтырап кетті:

– Жүдә тегі, мынауың сұмдық екен! – деді. Таңдайын тақ-тақ қағып, басын шайқап көп отырған. Сосын үйіне кеткен, біраздан соң қайтып оралды. Жерден жеті қоян тапқандай қуанышты, еліріп алған.

– Жүр тез, жүдә тегі! – дейді.

– Е-е, қайда?

– Біздің үйге! Талғат көкеме айтып ем, жүдә тегі, әкелсін, маған оқысын деді, – дейді

«Талғат көкесі» диірменші Ақмырзаның кіші ұлы. Физика мұғалімі. Ақмырзаның өзі тау бөктеріндегі диірменнің басында тұратын да, осы ауылдағы жапа-жалғыз шатырлы үйде Талғат тұратын. Ләйлі қазір соның қолында.

Молдаштың мына қылығына қысылып ыза болса да, Ләйліні бір көру бақыт, сол үшін келісті. Дәптерлерін қолтығына қысып, Молдаштың соңынан ерді.

* * *

Осы жерге көше салдырып, колхоз ұйымдастырған Ақмырзаның үлкен ұлы Бекзат, Ләйлінің әкесі. Жұрт оны аузынан тастамайды. «Лаулап тұрған от-жалын еді» деседі. Өр, өжет жігіт болған екен. Ләйлі дүниеге келген жылы ұшты-күйлі жоғалыпты. Содан соғыс басталды, соғыс бітті, одан хабар-ошар жоқ. Ауылдағы үш көше, еңселі мектеп, бітпей қалған артезиан құдығын «Бекзаттың көзі ғой!» деп, кемсеңдеп отырған кемпірлерді Мирас талай көрген. Сондықтан да Бекзаттың шатырлы үйіне Мирас құрметпен қарайтын. Енді міне, сол үйге бармақ. Мұғалім Талғатқа қолжазбасын оқымақ. Әбес. Әбестік. Ұят іс. Бірақ түсініксіз бір күш бұны жетектей жөнелді. Дедектетіп Талғаттың алдына алып келді. Күн кешкіріп қалған кез еді. Бекзат үйінің алдында бір кәрі кемпір от жағып отыр екен. Мирастың бетіне сығырая қарап алды да:

– Бұл қай бала? – деп сұрады.

— Апа, бұл колхоз бастығының баласы ғой! — деді Молдаш.

— Е-е, айналайын, кел, кел, — деді кемпір. Сөйдеді де күрсініп қалып: — Бекзатым тірі болса, көнеки! — деді. Мирас қысылып қалды. «Бекзатым тірі болса, сенің әкең бұл колхозға бастық болар ма еді!» дегісі келгенін аңғарды. Сөйтіп күйзеліп тұрғанда:

— А-а, Құлдыбаев! — деген үн естіп, жалт бұрылды. Талғат мұғалім екен. Үйден шығып, биік текпішекте тұрыпты. Соғыстан бір аяғы кем. Қос балдаққа сүйеніп жүреді. Мирас, тез бұрылып, мұғалімнің қасына тез таяна беріп, абыржып тұрып қалды. Талғат бұған тесіле, сынап қараған. Өңі өзгеріп кетіпті. «Осы сенсің бе, сен емессің бе?» дейтіндей. Солай бір сәт тұрды да:

— Ал, жүр! — деп өзі үйге қайта кірді.

— Жүр! — деді Молдаш та.

Бекзат үйінің бөлмелері көп еді. Соның біріне жайғасып отырып алып, үшеуі қолжазба оқыды Мирас шабыттанып, қызынып оқыды. Талғат пен Молдаш үн-түнсіз қызығып тыңдады. Бұлар романды оқуды аяқтағанда түн ортасы болған. Талғат, бұйра шаштары дүрдиіп, көздері қызарып, шатынап кеткен, балдақтарына сүйеніп, орнынан тұрды.

— Ә-ә? — деп біраз ойланған қалып көрсетті. Романда ханның қалың қолы Көкемаран өзенінен, шет-шетіне жұқа мұз қатып, өте алмай іркіліп қалатын кезең бар-ды. Сонда ханның өзі бірінші боп ағысы қатты долы өзенге қойып кетеді. Жалдап барып өтіп шығады. Ханның бұл өжеттігінен ұялған қол мұзды суға лап қояды. Көп адам суға кетеді. Сол арада Мирас ханның қалың қабағын, тайсалмас мінезін сүйсініп суреттейтін. Талғат соған шүйілді.

— Ә-ә? Көкемаранға ханның өзі бірінші боп түсті, ә? Батыр екен ғой! Ім-м. Ханның қылығына сен де сүйсінесің, ә? — деді. Сөйдеді де бұрышта тұрған жаланаш столды оң қолындағы балдақпен періп жіберді. Періп жіберді де айғай салды:

— Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? А-а?

Мирас шошып кетіп, орнынан қарғып тұрған. Талғат: «Отыр! Кәні отыр!» деп ақырып жіберді де, жаланаш столды балдағымен тағы да қойып қалды. Балдақ екі бөлінді. «Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? Кәні, айт!»

Мирас мұғалімнің түсіне енді айқындай қарап еді. Кісі шошырлық екен. Бұрқырап терлеп салыпты. Көзі құтырынып кеткен. Мирас пен Молдашты көрмейтін болар.

— Солай, ә? — деп мысқылдай күлді де қасындағы орындыққа отыра кетті. Үн-түнсіз біраз отырды да Молдашқа қарап:

— Мынаны апарып кішкентай бөлмеге жатқыз, — деді. «Мынау» дегені Мирас. Жекіп айтты. Мирас түк түсінбей саса түскен, «не десең де көндім» дегендей орнынан тұра берді. «Неге мен бұл үйде қонуым керек? Үйге қайтпаймын ба?» деп ойлауға Мирастың мұршасы келмепті Көне беріпті. Молдаш «кішкентай бөлмеге» шам жағып, төсек салыпты.

— Ал, жата бер. Көкемнің бұнысына көңіл бөлме. О кісі білесің, отырып келген, — деп шығып кетіпті. Мирас шешініп, жатыпты. Сонда барып, «мен мұнда неге жатырмын? Бұл не боп кетті, өзі?» деген ой бір-ақ келген.

* * *

Сол жылы көктемде Мирас мәңгіріп кетті. Не істеп, не қойғанын өзі де білмейді. Бір күні сабақтан соң Талғат оңаша алып қалып, бетіне тесіле қарап көп отырды. Отырды-отырды да, балдағына сүйеніп тұрып кетті. Күрсінді. Сосын:

— Ханның өзін батыр, қайсар ғып көрсетесің, ә? — деді. Мирас не айтсын. Үндеген жоқ.

— Сенің талантың бар! — деді Талғат. — Бірақ әлі баласың. Түк білмейсің. Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? Білмейсің.

Мирас жауап бермек еді. Талғат балдағын тықылдатып, тез-тез басып қасына жетіп келді де, жігіттің үстіне төніп тұрып:

— Ойланба да! Жауап берме де! Саған бұл сұрақты бергізбесін! Менің саған тілегім сол! — деді. Мирас таңырқап, мұғалімнің бетіне қараған. Пора-пора терлеп кетіпті. Жаңа әзірде ғана тап-таза, ап-айқын үлкен қара көздері қанталап, құтырып тұр. Мирас көзін тайқытып әкетті.

Талғат қос балдақпен еденді нұқылап ары-бері жүрді де, кенет тоқтай қалып ақырып жіберді.

— Таста! Құрт анау қолжазбаңды. Сен маған оқыған жоқсың, мен тыңдағам жоқ, білдің бе?!

Содан бес-алты күн өткенде «Сусамырдың» қолжазбасы жоғалып кетті. Мирастың үйіне Молдаштан басқа

ешкім бұл аралықта келген жоқ-тын. Мирас Молдашты қысты. «Сен алдың! Қайыр!» деді. Молдаш ант-су ішті, нан жеді, бет бақтырмады. Мирастан қашатынды шығарды. Жоламай кетті. Мирас бір рет бақтың ішінде оны қолға түсірді. «Сенен басқа ешкім алған жоқ! Адал болсаң, неге қашасың! Тап, кәні!» деп алып ұрып, соққыға жықты. Молдаш талып қалып, есін жиғанда еңіреп жыласын кеп.

— Анда барсам, Ханмәліктен көрем, мұнда келсем, сенен көрем! Енді мен қайда барамын?! — деп зарлап қоя берді. Мирас, байғұс жігітті зәбірлегеніне өкініп, жаны ашып, жылярман халге келіп, кетіп қалды.

Содан және бес алты күн өткенде Мирастың папасы ауданға барып қайтты. Түнеріп қайтты. Келе өз бөлмесінде сабақ әзірлеп отырған Мирастың үстіне кірді.

— Қалқам, тыныш жүр! Талантың тасып бара жатса, алтын медаль алуға тырыс! — деді де шығып кетті. Жекіген жоқ. Жай айтты. Мирас мүлде мәңгіріп кетті. Сезімнің бар нәрін бұрын «роман» деп атаған дәптерлердің бетіне төгетін. Енді одан айрылған соң сезім дерті бала жігітті біржола мендеп алды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалған. Мектепке баратын сияқты, сабақ тыңдайтын сияқты. Бірақ соның бәрі шошып оянар алдындағы түс сияқты: селдір бірдеңе. Қағазға Ләйлінің атын жазады, жазады да, жыртып тастайды. Үйіне келсе, оңаша бөлмеге тығылып алып, тон жамылып жатқаны бүрісіп. Мектептегі мандай алды оқушы еді, құлдырап, төмендеп кетті, пысық қана, шапшаң ғана жігіт еді, енді болбырап, жүнжіп кетті. Кім не десе, соған көнеді, әркімнің жетегінде кете барады.

Ханмәлік Ләйлінің соңынан жақын бір жеңгесін салады. Ләйлі маңайлатпайды. Ханмәлік талай-талай хат жолдайды. Ләйлі ол хаттардың бірін де оқымайды, апарған жеңгетайдың көзінше жыртып тастайды. «Қыз көңілі колхоздың («колхоз бастық» дегенді «колхоз» дей салатын) баласында болса керек, соны сұрай береді» депті Жамал деген пысық келіншек. Мұны естіп, Ханмәлік жаңа бір қулық ойлайды. Мирас бұның бәрінен бейхабар, бей-жай жүргенде Ханмәлік оны үйіне қонаққа шақырды.

Ханмәлік жесір әйелдің жалғыз баласы, кішкентай ғана екі бөлмелі үйде тұратын. Үй мүлкі де жұпыны, жадау. Жер еденге киіз төселіп, киіз үстіне құрақ көрпелер жайылған, жастықтар тасталыныпты; «Ханмәлік тобы» деген

топтағы алты жігіт осында түгел екен. Мирасқа ерекше ілтифат көрсетіліп, төрден орын берілді. Оны-мұны айтысып біраз отырған соң ет келді. Ет алдында Ханмәлік жүрелеп отыра қалып, кәдімгі ақсақал адамдарша шешенсіп сөйлеп кетті. Бұл өмірдің адамға бір-ақ рет берілетінін айтты. Бұл өмірге адам қонақ екен. Сондықтан бұл өмірде адамдар бірін-бірі сыйлап өтсе, одан артық, одан ғанибет не болсын. Мирас болса Ханмәлікпен құлың-тайдай тебісіп бірге өскен жолдасы. Осы ауылдағы бетке ұстар жастардың бірі. Ханмәлік оны жанындай жақсы көреді екен. Болашағынан үлкен үміт күтеді екен. Көптен бері төс түйістіріп, нан жесісіп дос болғысы келеді екен. Соның ыңғайы бүгін ғана табылыпты. Мына жолдастарын куә деп әдейі шақырыпты. Енді, міне, Мирасқа: «Дос болайық!» деген адал ниетін білдіріп отыр.

Ханмәлік соны айтты.

Ханмәлік бір тізерлеп отырған қалпы, ентелей кеп, Мирасқа жақындай түсті. Көзіне жас та жиналып қалған екен. Мирас та елжірей кетті.

— Ниетіңе құлдық, дос болсақ, болайық! — деді. Екеуі орындарынан тұрысып, кеуделерін ашып, төс түйістіріп құшақтасты. «Өле-өлгенше адал доспын!» деп анттасып, нан жеді. Бұны көріп, Ханмәліктің шешесі жылап жіберді.

* * *

Сол жылы ақпан айының аяқ кезінде күн ысыды-ай кеп, ысыды, ауыл адамдары қолапайсыз киімдерін тастап, лезде түлеп шыға келді; дала да күрт өзгеріп көгере бастаған, тау бөктерін қос трактор лезде қопарып қап-қара ғып тастады да, жер қыртысынан аңқып шыққан көктем иісі ауыл адамдарын есеңгіретіп тастады. Өзі мәңгіріп жүрген Мирас мүлде жүнжіп барады, не істеп, не қойғанын біле бермейтін тәрізді. Күндіз-түні ойлағаны Ләйлі. Сонда «мен ғашықпын-ау осы, енді сол Ләйлі менікі болса, онымен өмірлік серік болсам» деген сияқты ой жігіт басына бір рет келсейші! Бұлар дос болған күннің ертесіне-ақ Ханмәлік оңашада Мирасқа сырын айтты. «Ләйліге ғашықпын. Онсыз енді маған өмір жоқ. Мен оны алуым керек» деді. «Алғың келсе, алғаның дұрыс» деді Мирас. «Тек сен мешайт етпесең болғаны!» деді Ханмәлік. Ол Мирасты құшақтап:

— Қайран досым-ай! — деп жылап жібере жаздады. — Сен өзіннің кім екенінді білмейсің!

Ханмәлік жалынған соң Мирас түнімен отырып, Ханмәліктің атынан Ләйліге өлең жазды. Бар дүниені ұмытып, өз сезімін төккен. Тәп-тәуір шығыпты. Ханмәлік оқып болған соң, оңаша кластың ішінде «ас-са!» — лап шешенше билеп-билеп алды да, Мирастың маңдайынан сүйді. Сосын асықпай отырып, өлеңді өз қолымен тазалап көшіріп, конверт сыртына «лети с приветом, вернись с ответом!» деп үлкен әріптермен жазды. Сәл ойланып тұрып, хатты Мирасқа ұстатты.

— Енді, шын дос болсаң, осы хатты өз қолыңмен Ләйліге жеткіз! — деді.

Келесі күні Мирас таң сәріде оянып, жеңіл ғана киініп, өз шарбақтарының шетіне барып тұрды. Сол арада шарбақты жалғыз аяқ жол кесіп өтеді, сол жолмен Ләйлі күнде мектепке келеді.

Таң сап-сары боп атқан екен. Аспан да, тұтасқан жұпжұқа бұйра бұлт та сап-сары. Шіріген шөптің иісі — жер қыртысынан шыққан көктем иісі қолқаны алады. Мирас аспанға қарап тұрғанда шарбақтың «ойығынан» қызыл көйлекті Ләйлі шыға келді де, сасқаны болар, «Сәламатсыз!» деп ернін болар-болмас жыбыр еткізіп, тез-тез басып өте берді. Мирас та жалма-жан:

— Ләйлі, тоқташы! — деп қалды. Қыз тоқтай қалып, жалт бұрылды.

— Не дейсіз? — О да абыржыған, үні қалтырап, үздік-үздік шықты. Мирастың басы шыңылдап кетті, бұл не, анау не дегенін өзі де анық біле бермейді.

— Ләйлі, мынаны саған! — деген болар бұл.

— Ол не? — деген болар анау.

— Хат еді, — деген болар бұл.

— Енді сіз де маған хат жаздыңыз ба! Сіз де солар сияқты ма едіңіз! — деген тәрізді анау.

— Алып, оқып шықсаң, көресің! — деген болар бұл.

Қыз хатты алып, тұра жүгіріпті. Жігіт тұрған жерінде аңырып тұрып қалыпты Содан өз-өзіне келгенде аңғарғаны: бүкіл әлем қып-қызыл екен. Жұқа ғана бұйра бұлттар ауыл аспанына жаба салған қызыл шәлідей толқып, бұлдырап тұр екен. Көктем иісі қолқаны алып, мұрынды жарып жіберердей, дем алудың өзі қиындап кетіпті.

* * *

Кешке жақын Мирастың үйіне Молдаш келді, көзі сығырайып, өзінен-өзі мәз боп күліп келді.

Мирас, әнеугі өкпесі бар, жақтырмай қабақ шытып, отырған орнында отыра берген. Молдаш, жымың-жымың етіп кеп, бір қағаз ұстата салды

— Оқы! — деді.

Мирас ештеңеге мән бермей, қағазды ашып қалып еді, әдемі әріптермен тізіліп: «Ханмәлік! Сіз осыныңызды қоймадыңыз-ау! Жетер енді. Мына өлеңнің түп нұсқасын иесіне қайтарып беріңіз» деп жазылыпты. Мирас бұған да мән берген жоқ.

— Бұны маған неге көрсеттің! — деп ашуланып, қағазды Молдашқа қайтып берді. Молдаш:

— Ә-әй! Осы сен түк түсінбейсің! — деді де, қолын бір сілтеп, үйден шығып кеткен. Біраздан кейін Мирас интернатқа барса, ересек балалар жататын бөлменің есігі іштен ілулі екен. Ар жақтан көп адамның қосыла шыққан күлкісі естілді: біреулер бар көрінеді. Мирас есік қақса, іштегілер тына қалады да, бір сәт үндемей тыңдай қалса, гүжілдесе бастайды. Мирас есікті қатты-қатты қағып еді, бөлме іші жым болды да, таяп келген біреу:

— Бұл кім? — деп сұрады.

— Мен ғой — Мирас.

— Ә-ә, Мирас болса аш! — деген Ханмәліктің жуан даусы естілді. Бұл бөлмеде сегіз темір төсек, ұзын-ұзын екі стол тұратын. Сол екі столды бір-біріне бүйірлестіре қойып, он шақты жігіт қоршап отырыпты. Қалжабай деген жігіт, қолында қаламы, шұқшиып қалыпты.

— Жақсы келдің, — деді Ханмәлік Мирасқа. — Анау итке анада анау иттігін кешіріп ек қой. Анау иттің өзін емес, Талғат ағайды аяп, кешіріп ек қой. Сонымыз қате болған екен. Біздің кешіруге қақымыз жоқ екен. Енді сол актыны қайта жасап жатырмыз. Куәгердің бірі өзің, жақсы келдің. Қазір бәріміз қол қойып, ол иттің тұқымын тұздай құртамыз! — Ханмәлік аз-кем үндемей қалды да: — Әй! — деді басқа біреуге, — кәні, шықшы бері өзің, не дейсің өзің?

«Анау ит» төсектің астында жатыр екен, көзі сығырайып, түсі бұзылып кеткен, көкпеңбек боп, қалш-қалш етіп, шығып келе жатыр. Бағанағы хаттың ашуын Ханмәлік енді Молдаштан алмақ, Мирас оны енді ғана түсінді.

Түсінді де қалшиып тұрып қалды.

Бөлме іші қара көлеңке, дымқыл суық. Көлеңкедей қалтылдаған Молдаш бір жерге шоғырланып, қарауытып тұрған топқа жақындады.

— Ал, кәні, не дейсің? — деп гүж етті қарауытып тұрғандардың бірі. Бұл еш жауапты қанағат тұтатын сұрақ емес, сұрала салған сұрақ.

— Не дейін?.. — Сорлының тісі-тісіне тимей қалшылдап тұр.

— Ә-ә! Не дерінді білмейсің... Онда — мә!

— Бекер ұрдың. Бұған бағанағы бақаны жегізу керек еді. Бақа қайда? — Бұл жуан дауыс Ханмәліктің даусы. Қою топтағы қою қара көлеңкелер қимылдасып кетті.

— Әй, басыңды көтер. Мына порцияңды жеп қой. Сонда саған бәрін кешіреміз!

Молдаш орнынан тұрды. Қалш-қалш етеді.

Қара көлеңкелердің бірі Молдаштың қолына бірдеңе ұстатты. Сол кезде Мирас әлдене айтқандай болып еді.

— Тоқтат! — деп айқайлап жіберіпті. Қараңғы бөлме іші жым-жырт бола қалды да, іле-шала:

— Әу, мынау сорлыға не жоқ-ей! — деген Ханмәліктің күлкісі естілді. Қарауытқан қара топ енді бұған жақындай беріп еді.

— Жігіттер, тоқтаңдар, тоқтай тұрыңдар! — деген сыбыр естілді. Ханмәліктің өзі болар. Үнінде бір ләззат бар. Әлдебір ләззатты бір сәтті күту бар. Сол ләззатты сәттің енді келгенін білген адамның үні.

— Мұны менің өзіме жіберіңдер. Мұнымен мен өзімақ есептесейін. Қазір, қазір.

Ханмәлік Мирасты айналып өтті. Бетіне үңіліп қарады, енді ұрмақ еді, Мирас бірінші боп салып жіберді. Жұдырығы онша қатты тимегенін сезді. Ханмәлік, күліп жіберіп, Мирастың бетіне бетін тақап, көзіне көзін қадады. Ханмәліктің көздері үлкен, шықшыты шығыңқы, шашы қалың екен ғой. Мирасқа қарап тілін шығарып тұр, кекеткені. Шығыңқы шықшыт ұруға тым ыңғайлы, Мирас, салып жібергісі келген, бірақ сол секундта: «Тілінді тістеп аласың ғой!» деп айқайлап үлгерді. Айқайлап үлгерді де, сол қолымен іштен ыңқ еткізіп те үлгерді.

Ханмәлік денелі болғанмен, төбелесе алмайды екен. Құлашын сермеп, қазақша ұрам дегенде Мирас көз ілеспес шапшаң қимылдап, ашық тұрған беттен тағы да, екі рет соғып жіберді. Ханмәлік екі қолымен бетін басқан күйі, тәлтіректеп тұрып қалды.

— Ойбай-ай, ойбай, мынауың нағыз хулиган ғой, ойбай, неғып тұрсыңдар?! — деп Ханмәлік жылап жіберді. Бұл төбелестен Мирастың есінде қалғаны, ең соңғы есінде

қалғаны – теңселіп құлап бара жатқан қара көлеңке. Сол сәтте өзінің басының ішінде бірдеңе жарқ етті де, сөніп қалды. Түзелтай деген қара дәу арт жағынан кеп шоқпармен шүйкеден ұрған екен.

Бұл төбелес бүкіл мектепті, бүкіл ауылды дүрліктіріп жіберді. Ханмәліктің шешесі зар жылап директорға келіпті:

– Анау Ақмырзаның қаншығы жоқ кезде ауылымыз тыныш еді! Көзін құрту керек. Балалар бір емес, екі емес, күнде сол үшін қан болады да жатады. Бұл сұмдыққа тыйым бола ма, жоқ па? – депті.

Мұғалімдер де дел-сал болыпты. Ауылда өсек гулеп кетеді. Соның бәріне ыза болған Талғат мұғалім Ләйліні диірмендегі атасының үйіне түнделетіп апарып тастапты.

* * *

– Папаң айтты: «Мирас диірменге барсын. Бидай тарттырып қайтсын деді», – дегенде Мирас таң қалды. «Маман бір жерге жұмсайды» деп еді-ау Молдаш. Қарсы болма деген. Мирас келісті. Ертеңіне таң сәріде ат жеккен арбамен тау бөктерінде, Ойрандының аузында отырған Ақмырзаның диірменіне жүріп кетті.

Ойрандының аузы ауылдан он шақты шақырым. Жеткенше өлең айтып көңілді барды. Ирелеңдеген тау жолы қызық екен. Диірменге жақындай бере үй төбесіне шығып тұрған қызыл көйлекті Ләйліні көріп қалып еді, жүрегі лүпілдеп кетті. Қыз да бұны танып қалды білем, жүгіріп барып, төбеден әрі секіріп, ғайып болды. Содан кешке дейін кезек күтіп, алып келген үш қап бидайын тартып болғанша Мирас Ләйліні көре алмады, тығылып қалса керек.

Түс кезінде Мирас диірменнің бірыңғай ызыңынан ұйқысы кеп, мүлгіп отыр еді, кішкентай бір бала келіп:

– Ей, колхоздың баласы сен бе? – деді.

– Мен, – деді Мирас.

– Сен болсаң, атам шақырып жатыр, шай ішсін деп! – деді. Мирас барды. Ақмырза дәу, көзі көк шал екен. Қонжиып малдас құрып алған.

– Кел, қарғам! – деп қасына отырғызды. Ләйлі бұнда да жоқ екен, Ақмырзаның күйеуден қайтып келген қызы Әсия шашын қырыққан, қалаша киінген, әдемі, толық келіншек Мирасқа сынай бір қарады да, шай ұсынды. Үнсіз отырып, үшеуі шай ішті.

Сосын Ақмырза:

– Қарғам, көзінде от бар екен. Адам боласың. Арманыңа жет, қарғам! – деді. «Қарғам» деген сөз Мирасқа оғаш естілді. «Бұл кісі біздің елден емес-ау шамасы...» деп ойлап қойды. Өзі:

– Талғат аға Ләйліні «келсін» деп еді, – деді. Қалай айтқанын аңғармай қалған, қызарып кетті. Әсия әкесіне қарап:

– Пусть поедет, – деді.

– Барсын, – деді Ақмырза да орысша түсінетін адамдай басын шұлғып қап.

Күн еңкейе бидайын тартып боп, Мирас жолға жиналды. Дәл жүрер шақта үйден Ләйлі шықты. Мираспен амандасқан жоқ. Төмен қараған күйі келіп, арбаның арт жағына, бетін теріс бұрып жайғасты. Соңынан шыққан Әсия:

– Завтра возвращайся! – деп қалды.

Екеуі жол бойы ләм деп тіл қатысқан жоқ. Ләйлі теріс қараған күйінен бір өзгермеді. Мирас та қызға деген түсініксіз бір ерегіс сезініп, сазарып, үндемеді. Анда-санда артына бір қарап қояды. Тау басында қара қалпақтай қалқайып тұрған жалпақ бұлт бұлардың соңынан қуып бергендей болды. Мирас атқа қамшы басты. Арба салдырлап төмен қарап құлдилай жөнелді.

Қара бұлт, ол да ауыл үстіне төмендеп, төніп келеді. Дәл осы екеуін қуып жетуге серт еткендей. Төніп келеді, төніп келеді.

Сол шапқаннан ауылға жетіп, Ләйлінің үйінің тұсына келгенде аттың басын бір-ақ тартты. Ләйлі арбадан түсті, түсті де бірдеңе айтқысы келіп, қипақтап тұрып қалды. Сосын Мирастың бетіне қарамай:

– Андағы, төсіндегі «ВЛКСМ» ба? – деді.

– Иә.

– Маған берші.

Мирас түсінбей қалды.

– Қалайша?

– Маған берші. Менде жоқ еді.

Қыз енді Мирасқа тік қарады. Мирас значокті асыпсасып төсінен жұлып берді. Сосын:

– 8-март күні концертке келесің бе? – деп сұрады.

– Жоқ, – деді Ләйлі. – Ағам мені әдейі шақыртып отыр. Жұрт өсегі басылмаса қаладағы туысқанымыздың үйіне апарып тастаймын деген, бүгін сонда әкететін шығар.

– А-а...

– Сені Алматыға кетеді дей ме?

– Иә.

– Сегіз класс бітіргендерді алатын училище деген болады екен... Соның анығын біліп, маған хат жазып жібер. Жамбыл. До востребования десең болды. Мен почтаға барып жүрем.

Сөйдеді де Ләйлі жүгіріп барып, үйге кіріп кетті. Мейрам алдында ғана әктеген аппақ үйге қызыл көйлекті қыз еніп бара жатты.

Еніп бара жатты.

ҚЫЗ ЖІБЕК

Алғаш түскен жылы жұрт бұны: «Ерке келін» дейтін. Маңдайына күн тимеген біреудің «әздегі», ә дегенде атаене, абысын-ажынның «тәк-тәгіне» көндіге алмаған. Әлдекім бетіне қарап «сен» десе, үй айнала қашып, ағыл-тегіл жылайтын. «Қор болдым, келіп алып кет!» деп ата-анасына айына бір хат жазып қоятын.

Күйеуі Сауран өзінен он шақты жас үлкен. Еркеліктің бір ұшы осында ма, қалай? Арықтау, ұзын бойлы, тәптәуір-ақ жігіт еді. Соңғы кезде қарны шығып, өңі де бұзылып барады. Енді басы кіп-кішкентай боп, аяқтары сидиып, орта-белі жұп-жуан, жараспай-ақ қалған. «Е, мейлі, еркек әрлі болмаса да, кәрлі болсын». «Қатар-құрбыдан кем болмай, ел ішінде қарайып жүрсе – со да керегі». Сауран ауыл азаматтарының бірегейі. Колхозда аға мал дәрігер. Астында сегіз орындық «Газигі». Жұрт алдында, аудан алдында беделсіз емес. Жігітке және бір сын – үй тұрмысын қалай құрғаны да. Сауран о жағынан ешкімнен кем түспейді. Үйі алты бөлмелі – стандарт. Шифермен жабылған. Верандалы. Ауласы кең. Сарайы, мал қорасы бар. Әкесі мен шешесін мәпелеп отыр. Әйелін үлде мен бүлдеге орап қойған. Іні-қарындастары орнын тапқан. «Адам боп кеткен».

Жұрт бұның өз атын енді ұмытқан. Үлкендер жағы: Қыз Жібек келін дейді. Жора-жолдас: Жібек дейді. Балашаға: Қыз Жібек жеңеше атап кеткен. Ән салғанда «ой-бүй, бетім-ау, бұның қасында Алматыдағы әртістерің жолда қалар!» «Телебизірге шығарса, бүкіл Қазақстаның аузын ашып қалар!» Ауыл жастары мейрам сайын клубта спектакль қояды. Білетіндері бір «Қыз Жібек».

Жиырма бір жасар келіншек, бейне-ажарына қарасаң, жаңа бойжеткен қыз дерсің. Бұралып тұр. Екі беті қып-қызыл. Үлкен көздерінің әдемі екенін біледі. Кісіге қарағанда, жайшылықтан да үлкейтіңкіреп қарайды.

Майысып бір сахнаға шыққанда Қыз Жібек емес деп ешкім айта алмас. Қыз Жібектің өзі. Төлегені — Саураны. Оған да құдай-тағала дауысты берген-ақ. Бұндай шырылдаған дауысты альт дей ме, тенор дей ме, әйтеуір, солай атайтын көрінеді.

Колхозда Өжет деген жігіт бар: әрі завклуб, әрі комсорг. Сауран мен Ләйліні кейде жұрт: «Өжеттің соры» деп атайды. Бір қарағанда батыр тұлғалы, түсі суық жігіт, тым момын, тым сыпайы. Сауран мен Ләйлінің соңынан қалмай, ойынға шақырып, жалынып-жалбарынып жүргені. Әсіресе Сауран «әбден итінді шығарып барып зорға көнеді-ау». Газигіне мініп ап мал аралап кетеді. Өжет байғұстың салпақтап қуып-ақ жүргені. «Ой, ағатай, ең соңғы рет болсын! Осы жолы құтқаршы, енді! Парторг жеп қояды ғой мені, жеп қояды!» деп зар жылап жүргені. Сауранға ешкім нұсқау бере алмайды. Қатысса да, қатыспаса да өз еркі. Оны қалай зорларсың.

Сауран келіссе, Ләйлінің жарасы жеңіл, көне кететін. Бұл жолы Сауранды, өлдім-талдым деп әрең мақұл дегізгенде, Ләйлі безеріп отырып алсын. «Бармаймын дегесін бармаймын! Не десең, о де! Парторг түгіл құдай айтса да бармаймын!» Өжет байғұс жата жалынсын: «Жолында өлейін, жеңешетай! Айналып кетейін, Ауылдың абыройы ғой. Қала берді, ауданның абыройы ғой!» «Мейлі, не десең о де! Маған десе республиканың абыройы де. Бармаймын. Қатыспаймын». Өжет кітапханадан шықпай қойған. Кеш болса, салпылдап Сауранның үйіне келеді. «Ағатай, айтсайшы мына жеңешеме! Өзіңіз келістіңіз, енді бұ кісі де келіссін, — деп. — Облысқа осы жолы және бір барып келейік. Сосын сіздерге ләм десем ит болайын!»

Жібек енді Сауранға да көнбеді. «Барсаң, өзің бар. Мені үгіттеме!» «Бір жолға барып келе ғой». Ауданның абыройы дейді ғой!» деген ата-ене сөзі де әсерсіз қалған. Жібімес тас.

Өжет парторгке айтуға мәжбүр, ол не істесін. Колхоз бастық екеуі Сауранға салмақ салған. «Мен көніп отырмын ғой. Анау, неғып қырсығып қалғанын! Сабармысың?!»

«Неге барғың келмейді, себебін айт» десе, айтпайды. «Бармаймын дедім, болды!» Ақыры аудандық партия

комитетінің екінші секретары Төленовтің өзі Сауранның үйіне телефон соқты. «Неменеге бұлданасың?» «Ойбай-ау, Ғазеке-ау, мен бе екем? Мен келісім бергем!» «Сонда, әйеліңе әлің жетпегені ме?» «Сабармысың енді оны!» «Саған саба деп тұрған ешкім жоқ! Үгіт-насихат қайда? Өзің коммуниссің! Әй, Сауран, жолың болғыр!»

Сауранға үгіт-насихат жұмысы оңайға түскен жоқ. Екі күнде әрең көндірді. Бірақ келіншегінің шарты бар екен.

– Бекежанның рөлін анау Мирас деген сұмырайына беретін болса бәрібір ойнамаймын. Кетіп қалам!

– Мирасы қайсы?

– Әлгі, «Жаңажолдағы» мектептің мұғалімі ше!

– Е-е. Даусы жақсы. Бекежанды жақсы ойнайтын еді ғой!

– Құрып кетсін! Қайдағы жақсы ойнаған. Бұзады. Ылғи бұзып ойнайды. Адамның жынына тиіп!

Келіннің «условиесі» Төленовке жетті. Төленов мәдениет бөлімінің бастығы Мергалиеваға телефон соқты. Аудан жастарын облыстық байқауға апаратын режиссер Елена Григорьевна Кунц, Мергалиева сонымен ақылдасты. Ол жат та туласын. «Мирастай Бекежан табылмайды!» «Табу керек». «Основной Төлеген мен Қыз Жібек қой! Бекежан нашарлау болса да түк етпес!» Кунц байғұс тулап-тулап көнеді де. Көнбеске шара жоқ. Алыстағы «Киров» колхозында бір Бекежан бар екен. Соны алдырған. Даусы да жуан, өзі де жуан жігіт екен. «Бұдан артық қандай Бекежан керек!» Бірақ Кунц мұрнын тыржыңдатып, жақтырмай-ақ қойды.

– Пробка! – деді. «Дарынсыз, талантсыз» дегенде айтатын сөзі. «Жап-жақсы ғой. Осындай Бекежан маған ұнайды» деп Ләйлі жаңа жігітті жақтай кетіп еді, Елена Григорьевна бетін қайтарып тастады. Біреуге араша түсем деп жүріп, Жібектің өзі жылап қалды.

«Жаңа Бекежан» әсіресе хордағы орыс қыздарына ұнамаған. Залда отырып алып, олар: «Пробка, пробка!» деп сыбырласып қояды.

Сөйтіп отырғанда фойе жақтан азынап шыққан ән естілді. Қуатты қоңыр дауыс «Жайықтың ақ маралы, арма, Жібек-әй!»

– Мирас! Мирас! – деп орыс қыздар шу ете қалған.

Сөйткенше болмады, сол жақ бүйірдегі есік сарт етіп ашылсын. Бірден байқап қалғаны – Мирас анадағы көргеннен өзгеріп кеткен сияқты. Тебіндетіп мұрт қойыпты. Маң-

дайына кекіл қып тастай салатын қайратты шашын, ұзартып, артына қайырған. Жағасы алқа-салқа, түсі сұп-сұр, қан-сөл жоқ. Көзі қып-қызыл. Мас. Қасында өзінен де мас үш-төрт сұмырайы бар. Кір-кір, қап-қара аяқтарына ырсиып-ырсиып кеткен босоножка киген біреулер. Шешен бе, грузин бе, әйтеуір мұрындары қолағаштай.

Орыс қыздар шуласып барып, Мирасты қоршап алды. Мирас есін білмейді. Сахнадағы Жібекке қарап қолын созып «ариялатып» тұр. «Қасында ә-ә-әлдебіреу бар ма, Жібек?! А-а-а-х-ай!» Обалы не керек, даусы дауыс-ақ! Гүмбірлеп шығады.

Елена Григорьевна:

— Бұ жүрісің не?! — деп ұрсып көріп еді, Мирас оны елеген де жоқ, көзі ешкімді көрмейтін болу керек, қолды бір сілтеді де, әнін айта берді. Елена Григорьевна: «Апарып, суық суға жуындырып, диванға жатқызыңдар. Айыққасын сөйлесерміз!» деген. Қасындағы жолдастары мен хордың қыздары у-шу боп, әке-көке, сен жақсы деп Мирасты алып кетті. «Елена Григорьевна Бекежанды мына жігітке қайта беретін болса, біз бұл ойынға қатыспайтын шығармыз!» деп Қыз Жібек пен Төлеген машиналарына отырған.

* * *

Екеуі содан дайындыққа қатыспай қойды. Біржола облысқа да бармай қалар еді, Төленов тағы телефон соққасын, ұялғанынан келісті. Мирас — Бекежан. Оған да көнген. «Бір ойнап шығармыз. Төзерміз. Сосын көрмегеніміз сол нахал болсын».

Маусымның жиырма бесінде, түн ортасы ауа, Жадыра ауданынан облыстық олимпиадаға сексен адам Алматы — Москва поезына арнайы тіркелген вагонға мініп, жол тартты.

Төленов, аудандағы комсомолдың жетекшісі Қолбай бар, Сауран, Ләйлі төртеуіне жұмсақ вагонның бір купесі тиген. Жанға тыныш, рақат болды. Тек еркектердің шылым тартатыны жаман. Терезені ашып тастаса о да түк емес. Үшеуі көрші купеден біреуді шақыртып, карта ойнады. Сауран Ләйліге қолын көрсетіп отырады. Бұ да әжептәуір біледі. «Ананы таста, мынаны бас» деп қояды. Кейде айтқаны дәл келеді. Қызық: қала берді, еркектер шампан ішеді. Ләйліге алдырады. «Шампан ішкеннің айыбы жоқ. Шампан арақ емес».

Вагондағылардың халі қалай екен, көріп келейін деп, Ләйлі бір барып еді, у-шу, билеп жатыр екен. Орталарында, жұртқа команда беріп, Мирас жүр. Соны көрді де қайта тайып тұрды. Өз вагонына келіп, Сауранға көмектесіп және біраз отырды да, жоғарғы сөреге шығып, жатып қалды. Көңілі жай. Саураны қасында. Мына келе жатқандар сыйлы адамдар. Аудан басшылары. Сауранды олар да сыйлайды. Ана вагондағылардың күні өздеріне. Шетінен Мирас сияқты. Мирас – қандай нахал. Әйелінің соры шығар. Өзінен басқаны ойламайтын жан. «Соны жұрт неге сыйлайды екен? Қызық».

Өзінің Сауранын, үйде қалған Мұратигін ойлап жатып ұйықтап кеткен. Көзі ілінді ме, ілінбеді ме, облыс орталығына келіп-ақ қапты. «Мені қарсы алады. Сол машинамен сендерді ала кетермін» деген Төленов. Жастарды күтіп тұрған екі автобусқа мінгізіп, төртеуі «Волгаға» отырған. Мирасты да күтіп тұрған «Волга» бар екен. Шашын жылмита тараған, әдемі киінген бір жігіт Мираспен құшақтаса амандасты да, құшақтаған күйі машинаға отырғызып алып кетті.

– Мына баланы қарсы алып жүрген кім?

– Со жігітті бір жерде көрген сияқтымын. Таныс сияқты,– десіп Төленов пен Сауран бір-біріне қараған. «Қарсы алған кім болса о болсын. Мейманханаға апармай, басқа жаққа ап кетсе екен өзін! Олимпиада бес-алты күнге созылады. Тым құрыса осы бес-алты күн ішінде көзге көрінбесе. «Қыз Жібекті» қоятын күні амал жоқ. Басқа күнде көрінбейақ қойса».

Мирастан құтыла алмады. Төленовтің арқасында бұларға мейманханадан жеке люкс бөлме тиген. «Сауранның беделі де». Жайғасып, жуынып, бөлмеден шықса, қарсы есікті Мирас кілттеп жатыр.

– Ә-ә! Қыз Жібек пен Төлеген! Көрші қоныппыз да! – дейді. Амал қанша. «Бұдан құтылу жоқ шығар!» Күндіз-түні бөлмесінен қонақ шықпайды. Айқай-шу, өлең-би. Талай рет мейманхана кезекшісінен ескерту естіген. Төленов те қой деген. Қоймады.

– Мейманхана – казарма емес! Ойнап-күлсе несі айып! – дейді. Төленов қайтарып-ақ жіберер еді, басқа Бекежанды қайдан табарсың! Өзіне келетін ылғи бір қыздар мен жігіттер. Орыс па, цыган ба, грек пе?!. Қала мен стансаның алаяқ қулары. Жиналып алып, этажды басына көтереді. Әйтеуір, бір тәуірі, өздері ішпейді. Магнито-

фонды қойып, өзін-өзі жұлып жейтін бір билер билейді.

Сауран жоқта Ләйлі Мирастың номеріне пышақ сұрап барған. Бекер барған екен. «Отыр, отыр» деп зорлап отырғызып алып, айтпағаны жоқ,

— Мені неге жек көретініңді білем! — деді.

— Баяғыны еске алмай-ақ қоялық. Өтті-кетті ғой. Ең қызығы со кезде, балалық қой, мен бір, өзімше роман жазғам. Сонда Ләйлі деген қызға ғашық болатын жігіттің аты Сауран еді. Сенің күйеуіңнің аты да Сауран болғанына таң қалам! Сауранның даусы — қатын дауыс! Сен болмасаң, сен оның әйелі болмасаң оған ешкім Төлегенді бермес еді! Сен ғой маған «спектакльді бұрмалайды» деп ренжисің! Енді қайтейін. Төлеген анандай қырт болғасын Бекежанды жақсы ғып көрсету керек. Бір аруға екі қырт таласып жүрсе, өнер бола ма? — деді.

— Сендердің түсініктеріңше: Бекежан — зұлым. Оның даусы гүжілдек болуы шарт. Сөйлесе, арсылдап сөйлейді. Өзі қорқақ. Төлегенді артынан кеп пышақтап өлтіреді. Өзің ойлашы — осыған қалай келісем? Бекежан ондай емес! Ер жігіт ол! Сері. Ақылды. Адал. Ал Төлегенді өлтірсе өлтіруге мәжбүр болды! — деді.

Айтпағаны жоқ. Бекер барған екен. Кешке дейін өзінеөзі ыза боп жүрді. Мирастың сөздеріне басы айналғандай. «Сауран туралы пікірін көрдің бе? Нахал! Сонда Төлеген нашар демек. Оның нашар болуы Сауранның нашарлығынан демек!»

Келіншек жарылып кете жаздаған. Мирастың сөздерін Сауранға айтты. Сауран бұлқан-талқан болды. Төленов те жат та күйінсін. «Ауданға жетейік! О жігіттің тәртібін сөз етерміз» деген.

* * *

Әнеугі, Мирасты «Волгамен» қарсы алған жігіт облыстық газет қызметкері екен. Сала-құлаш мақала жазып, Жадыра ауданының «Қыз Жібегін» мақтапты. Сөздері Мирастың аузынан түскендей. Жібектің даусы ғажап, ойыны да тамаша. «Ару Жібек бұл емес деп ешкім айта алмас». «Қойылымда көзге шоқтай басылатын жан — Бекежан. Мирастың Бекежаны — сері жігіт. Ақ көңіл, батыр адамға тән аңқаулықтан да құралақан емес. Кедей де болса намысын аяққа бастырмас. Сымбатты, тұлғалы жас жігіт».

«Төлегенге Бекежанның салқыны тиген. Пысықтау бай

баласы ма, қалай. Менмендіктен басқа бойында не қасиет бар? Тұрған тұрысы, жүрген жүрісі және де «менмін» демей ме. Тершіген мандайын, тершіген мойнын жібек орамалмен сүрте береді. Қып-қызыл боп күшеніп, қарнын шертитіп, шырылдап тұрған кісіні Төлеген деу қиын-ақ» депті.

Бұны оқып Мирасқа ішің қалай жібір. «Анау жігіт жылтыңдап қасынан шықпаушы еді. Ұйымдастырған. Әдейі жаздырған».

Төленов:

— Төлеген туралы айтқан жеріне, әрине, келісуге болмас. Бірақ, негізінен, мақала — жақсы мақала. Біздің «Қыз Жібекке» бүйтіп көңіл бөлулеріне қарағанда, бірінші орын бізге тиетін шығар! — деген.

Солай болды. Төленов балаша қуанды. Қаладағы ең үлкен «Арай» ресторанында банкет ұйымдастырды. Облыс басшыларынан бірер адам келіпті.

Ләйлі барған жоқ. Со күні жергілікті команда Ферғана футболшыларымен ойнайтын. Сауранға еріп, сонда кетіп қалған. «Банкеттің қызығын Мирас-ақ көрсін» деген.

Ойын тәмәм болып, енді жұрт есікке қарай лап қойған кезде Ләйлі Саураннан адасып қалды. Бірін-бірі таптап кетердей иін тіресіп, итерісіп, ентелесіп келе жатқан топ бұны теңізге түскен жаңқадай онда бір, бұнда бір ала жөнелді. Біреудің темірдей қатты қолы мықынға тақай аш белін қысып барады. «Бұ неткен бейбастақ!» деп артына қараса. Мирас! Ақсиып күліп тұр! Өзі қызулау ма, қалай. Ләйлі ашу шақырып үлгергенше жігіт бұның алдына түсе берді.

— Таптап кетер, бері жүр! — деп қолынан жетелеп келеді. Қолын жұлып алуы керек екені енді есіне түсіп, енді қайта ашу шақырмақ болғанда, Мирас секіріп кетті. Алдынан шұңқыр ма, шалшық су ма кездескендей. Ләйлі де аттап түскен. Өз әрекетіне өзі мән бере алған жоқ. Сол-ақ екен, Мирас жат та күлсін.

— Бері тұр, қызық көрсетем! — деп қолынан сүйреген күйі шеткерірек шығарды да:

— Ал, көр, қызық! — деді.

Жаңағы Мирас секірген жерден жұрттың бәрі, лықып келіп, секіріп өтіп жатыр екен. Мирас ішін басып тұрып, басын шайқап күледі. Бұның несі күлкі, бетіне таңырқай қараған Ләйліге:

— Аңдап қара. Әне сенің Төлегенің де секірді! — деді.

Шынында, күлгендей-ақ бар екен. Теп-тегіс асфальт. Соның өзінен жұрт секіріп кетіп жатыр. Алдағылар секіріп түседі де, арттарына қарайды. Бірін-бірі кеуделеп артта келе жатқан қалың топ дәл сол араға келе беріп, секіріп-секіріп өтеді.

— Көрдің ғой! — дейді Мирас — Міне, жолдас Қыз Жібек, өмір деген осы. Қайтер екен деп теп-тегіс жерден әдейі секіріп өтіп ем, енді арттағылардың бәрі секіріп өтіп жатыр. Арасында, әне, сенің Төлегенің де бар. Вот, жолдас Қыз Жібек, ойлан! — «Онда ойланатын не бар?» Сауранын тауып алып, келіншек кетіп қалған.

«Ойланатын ештеңе жоқ». Ештеңе ойлаған да жоқ. Түн ортасында өтетін жолаушы поезына Жадыра ауданының өнерпаздарына арналып вагон тіркеліпті. Дәл әнеугідей Төленов бар, Қолбай бар, бұлар бар — төртеуіне жұмсақ купе тиді. Дәл әнеугідей көрші купеден бір желікпені тауып алып төрт еркек преферанс ойнады. Ләйлі Сауранына көмектесіп отырған. «Ана картаны таста, мынамен бас» деп қояды. Көбінесе айтқаны дәл келеді. Қызық. Еркектер шампан ашты. Бұған да ішкізген. «Шампан арақ емес, сусын ғой, ал, қарағым!» деген Төленов. «Ойлайтын ештеңе жоқ». Ештеңе ойлаған да жоқ. Ары отырды, бері отырды. Іші пысты. Сауран жақсы, әйелінің халін тез ұқты.

— Ішің пысты ғой! — деді. — Сен анау вагонға барып келе ғой. Жастар ойын ойнап, би билеп жатқан шығар.

Жастар ойын ойнап, би билеп жатыр екен. Вагон жайдақ вагон. Трамвай сияқты, тек отырар орны ғана бар. Жастарға ыңғайлы-ақ.

Бірден көзге түскен — Мирас. Иіріліп отырған жұрттың «үстінде» тұр. Қол сілтеп, дирижер боп тұр. Вагонға кіре берген Ләйліні бірінші байқаған да Мирас.

— Тыныш, жолдастар! — деп әуеде қалқып тұрған өнді алақанының қырымен бір ұрғандай болды. Вагон жымжырт тына қалған.

— Жолдас Жібектің өзі, өз аяғымен кеп тұр! — деді Мирас. Вагон бір сәт шу ете қалып, жастар орнынан қарғып-қарғып тұрысты да, қайта жым болды. Мирас меңзеген жаңа бір ойынның белгілі шартын орындағандай. Жігіт «бұл қалжыңым» дегендей сәл жымиып, тамағын кенеп алды да, екі қолын есік жақта абыржып, сілейіп қалған Ләйліге қарай созып жіберіп: «Жайықтың ақ маралы, сұлу Жібек!» деп азынатып қоя берді. Мирастың даусы-ай. Хор-

дағы орыс қыздардың аһлап-уһлеп өліп кете жаздағанындай-ақ бар. Тынысы кең. Кеудеден күмбірлеп шыққан қоңыр үн.

Ләйлінің Жайық қызы екені рас. Өткен ғасырда аталары батыстан Сарысу бойына көшіп келген. Өзі көрмеген алыс Жайықты кейде бір ойлап сағынатыны хақ. Жайық десе, ай астында тынып ағып жатқан күміс өзен өтеді көз алдынан. Суатқа келген күміс марал, жалғыз марал, алыстан шалынған сарынға еленді деп бас көтерді. Зыта қашуға шақ тұр. Алыс сарын бойын билеп барады. Қас па, дос па? Сабыр, сабыр. Тағы да тыңдайын. Қас па, дос па? Үні қандай еді, үні! Бұл кім, бұл үн қайдан шығады? Мынау ай астында мүлгіген кең даланың өзі шырқап қоя бергендей ғой, құдайым-ау! Деуші еді, күн тимеген, жел сүймеген, қасында өлдебіреу бар ма, Жібек? «Жоқ, жоқ, қасымда ешкім жоқ. Ай астында адасып жүрген серіксіз бір жан едім. Теңім табылмас дер едім. Тең түсетін ер табылмас дер едім. Сен кімсің? Қайдан жүрген жансың! Ақ марал, сақ марал едім. Үніннен шошыр емеспін, түріннен үркер емеспін. Сөзің бал, кескінің нар, кім едің өзің? Өрге бастар ортеке сенбісің? Ендеше құз басында керіліп неге тұрсың жалғыз! Кел, жақында. Мені де көр, міне. Мен — осындаймын. Құдайым-ау, жанарың қандай терең еді! Сені, сені жаратқан табиғат пейілі қандай кең еді! Ұзағынан жарылқасын! Ұзағынан жарылқағай. Осы менің түсім бе, өңім бе? Уа, жасаған, сақтай гөр! Қатыгез тағдыр тырнағындай мына бір шеңгел жаныма батып барады ғой. Үрей. Үрей. Үрей төніп келеді жан-жағымнан. Серігім, өрге бастар ор киігім, қайдасың? О, зұлым тағдыр! Бір сәт көрген қызығымды көпсіндің бе? Осы ма еді маған жазғаның! Ендеше жай құшағынды, ай астында бұғып жатқан күміс толқын Жайығым!»

Келіншек өзін ұмытқан. Бұ дүниеде Ләйлі деген жан жоқ, тек Жібек бар екен. Мирас деп жүргені, жақтырмай жүргені Төлеген екен.

Баяғы өзінің Төлегені екен. Іздегені осы екен. Жанашыр дос, сыршыл құрбы екен. Жайдақ вагон дегені — қазақтың кең жазық даласы екен. Жігіттер мен қыздар хор екен, оркестр екен.

«Бекежан, мен бір жанмын көңілі жарым, Жан қайда тыңдайтұғын қыздың зарын, Бекежан! Өр көңілің елемей ме, ескермей ме, Әркімде өзі ойлаған арман барын, Бекежан!» дегенде қақалғандай бір сәт тұрып қалды да: — Өзі

ойлаған әркімде, Арман барын-ай. Бекежан!.. – деп үні жарықшақтанып, жылярман халге келді.

Енді Жібек, сүп-сүр боп қаны қашқан, әлі қашқан, дір-дір етіп, ашық терезеден жұлқи соққан түнгі желге бетін тосты. Жұрт дуылдап, қол соқты. Мирас та көздері бал-бұл жанып, қараңғы алысқа қарап, терезе жақтауын құшақтап қапты. Сыртта қою түнек. Алыс алқаптың тұлғабейнесі білінбейді. Тұтасқан қапас. Анда-санда жылт еткен от көрінеді. Көрінеді де баяу жылжып барып ғайып болады.

Өз жанын өзі жұлып жеп поезд келеді.

* * *

«Ойланатын ештеңе жоқ». Ештеңе ойлаған да жоқ. Сәске түсте поезд Жадыраға жетті. Биғайша мен Бәтес қарсы алуға шығыпты. Биғайша – колхоз төрағасының әйелі. Бәтес – бас бухгалтердің әйелі. Екеуі бастықтың «Волгасымен» келіпті, Мұратигін, «ай, күні» Мұратигін ала келіпті. Матрос формасын киген аққұба бала. Мұрны тәмпиіп, көзі бақырайып, папасы мен мамасының мойнына кезек асылады. Ауылға тезірек жетсем екен деп отыр. Папасы әкелген үш дөңгелек великті зырылдатып, бір айдамақ. Ләйлі көңілді болатын. Мұратигін аймалап, мауқы басылып қалған. Екі келіншек те қайдағы жоқты айтып күле береді. Ләйлінің бұл екеуіне әкеле жатқан базарлығы бар. Соны көргенше «күйіп-жанып» барады. Биғайша – шарпып сөйлейтін, шайпы ауыз қызыл келіншек.

– Атақтарыңды кәзиттен оқып, мәз болдық! – дейді.

– Ой, келіншек, сен өзің, көзің жалт-жұлт етеді, біреуге ғашық боп қалғаннан саумысың?! – дейді.

– Сен де не болса соны айтасың, ғашық деген не пәле?! – дейді Ләйлі. Сауран қарқылдап күліп артына бұрылады.

– Әй, келіншек! Қайдағы жоқты тантымай, тиыш отыр! – деп қояды

Үйге келгесін Ләйлі шамаданын ашып, екі «подружкесіне» екі көйлек базарлық ұсынды. Ана екеуі мәз-мейрам. Ләйлі де мәз. Жарқылдап сөйлеп жүр. Облыстан бір таныстары арқылы қымбат гарнитур алыпты, контейнермен енді екі-үш күнде келмек. Бұл ауылда ондай гарнитур ешкімде жоқ, бұлар бірінші болмақ. Соны айтты. Екі келіншектің іші күйіп-ақ қалған шығар, сездірмегені болмаса. Ләйлі көп сөйледі. Көп күлді. Ақыры:

— Сендер жайғасып отырындар. Мен шай қояйын, — деп далаға шыққан. Ақ самаурынға су құйып, от тұтата берген-де білегіне ып-ыстық бір тамшы тамып кетті. «Бұ не сұмдық?» деп ойлап та үлгерген жоқ, көзінен парлап жас аққанын аңғарып қалды. Ентелей басып барып сарайға кіріп кетті. Сол арада ағыл-тегіл жыласын кеп, жыласын кеп...

— Ту-у, бұ не пәле! — деп өз-өзіне күңк етті де, етегімен көзін сүртіп-сүртіп сыртқа шықты. Аулада жан жоқ екен. Самауырдың шүмегін ағытып, бетін жуды. «Бұ не пәле екенін» түсінбеген. Үйге кірді. «Подружкелеріне» жаңағы оқиғаны айтпақ боп бір оқталды да бүгіп қалды.

Бұлар шай ішіп отырғанда біреу дүсірлей шауып келіп, есік алдына тоқтағандай болған.

— Айды-күн аманшылықта шапқылап жүрген бүгім? — деп далаға атып шықса, оқыра қуған сиыр екен. Көзі шатынап, еліріп келіп көлеңкеге тығылыпты.

— Е-е, байғұс, сен екенсің ғой! — деп үйге қайта кірді. Ештеңе ойлаған жоқ.

ҚАРАБАЙ

Профессор Ардабай Жакенов сұңғақ бойлы, ақ сары кісі, мінезі жұмсақ, күліп сөйлейді, шамасына қарай қолы да ашық, жатыпатар юмордан да құралақан емес, кейде бір көңілі шалқып-тасыған кезде әңгіме айтып жұртты мәз қылатыны бар. Сонысына қарамай, профессор Жакеновке бұдан жиырма жыл бұрын «Қарабай» деген ат жабысқан. Алғашқы кезде тулады, ашуланды, кездейсоқ қадалған кесел үндемесем ұмытылып кетер деп те үміттенген. Бірақ болмады, көйлекке жұққан қара майдай кетпей қойды. Заман өткен сайын шәкірттері де өзгере береді, бірінші курсқа кеше ғана түскен бүлдіршіндей бала енді бір қарасаң, институтты бітіріп бара жатқаны, өтіп жатқан уақыт, бірін-бірі алмастырып жатқан жастар, бірақ өзгермей қалған тек қана бұның етегіне іліккен әлгі қара шөңге — «Қарабай» деген атақ. Профессор Жакенов кей-кейде күйініп ойлайтын: «Осы мені жұрт неге Қарабай дейді?» деп. Сараң болсам екен-ау, арам болсам екен-ау, надан болсам екен-ау, ең болмаса түр-түсімде, тұлға бітімімде Қарабайға ұқсастық болса екен-ау. Үш қайнаса сорпамыз қосылмайтын алшақ жандар емеспіз бе?! (Бұны айтқанда ол сахнадағы Серке Қожамқұловты көз алдына елестететін). Тіпті ұқсамаймыз ғой!» Шынында да профес-

сор Ардабай Жакенов Қарабайға еш ұқсамайтын; тек қана (бұл тағдырға не дерсің) өрімталдай боп өсіп келе жатқан қызының аты Баян еді.

Бір мақсатпен бір жерге, бір мезгілде жиналған жұрт бір организм, бір адам сияқты болып кетеді екен. Дәл қазір аудиторияда шоғырланып отырған шағын топ атасының бөркін киіп алып, ал енді атам не дер екен деп көзі бақырайып отырған бала сияқты еді. Ғылыми кеңестің тоғыз мүшесіне телміре қарап қалған он шақты жан бүгінгі диссертанттың жақын-туыс, жора-жолдастары. Диссертант жігітті сымдай тартылған сымбатына қарап киноактер дерсің, күмбірлеген даусына қарап, диктор дерсің. Өзіне-өзінің сенімі сондай, «мынау отырған ғалымдардан қауіп бар-ау, бірі болмаса бірі іштен шалып құлатар-ау» деген ой қаперінде жоқ. Бар айтарын айтып болып, «ал енді маған қайсың шығасың белдесуге?» деп тұрғандай. Жанашыр жақындардың (әлгі, атасының бөркін киген баланың) ғана өңінде үрей бар: не болар екен? Ұзақ үнсіздік аудиторияның еңсесін езіп, күткен қауымның жігерін құм етіп барады, соны сезер диссертант жоқ, «келсең-кел!» деп қасқиып тұр.

«Менмен жігіт екен, сөз жоқ, құлату керек,– деп шешті Жакенов. – Әбділмахмұт Әбділмахаметовичті осы арада бір сүріндіруге болар. Сонымен ұпай екі де нөл бола тұрар. Мүмкін мәселесін партком алдына немесе Үлкен ғылыми кеңестің алдына қоятын кез тақап қалған шығар. Екі шәкіртінің бірінен соң бірі құлауы Әлекеңе оңай тимес. Бұл – до-оррес».

Салалы саусақтарымен стол үстінде марш ойнап кеткенін Жакенов өзі де байқамай қалды. Оның бұл барабаны онсыз да естері кетіп отырған жанашыр жақынның басына әңгір-таяқ ойнатқандай болған.

– Кімде қандай сұрақ бар, жолдастар? Кімде қандай? – деп Қожакең сарнап отыр. «Бұл кісінің Әлекеңмен кіндігі бір. Маған сездірмеген болады. Білмейді деп ойлайды. Тапқан екен аңқауды. Менің күшейіп кетуім – Қожакеңе қауіп, меңгерушілік орнын тартып алып қоямын ғой. Сезеді. Сондықтан Әлекеңді құлатпай, сүйемелдеп маған қарсы «Қытай қорғаны» ғып ұстамақ, көреміз». Жакенов «барабанын» тыя қойды да, Сәкеңе қарады, «сөйле!» деп ишарат білдіргені. Садуақас Сәлменович ешбір топқа қосылмайтын, өзімен-өзі жүрген турашыл жан, оны сыртынан жұрт «принсыпал» деп кекететін. Сол «принсыпал» болып жүріп-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00046869

ақ, аңдамай талайларға зиянын тигізіп, талайларға пайдасын тигізіп бағатын. «Бүгін бұл менің жағыма шығуы да ықтимал. Аузын ашсын, аңысын аңдиын».

Садуақас Сәлменовичтің ұшқалақ мінезі мәлім, өзі бір қимыл жасағанда қолдары, беттері, көздері, еріндері он шақты түрлі «қозғалыс» жасап үлгереді. Еріндері ыржиып-тыржияды, көздері аландап, сығыраяды, қолдары ербеңдейді, сосын барып сөйлеп кетеді. Сөйлегенде даусы да шырылдайды, бажылдайды, ара-арасында еңкілдеп, қарқылдап, шіңкілдеп күліп-күліп алады.

— Ал, дұрыс делік! — деді диссертант жігітке тесірейе қарап (қарап емес-ау, қадалып тұрып). — Дұрыс делік. Егер мен сізді анық ұққан болсам, сіздің айтпағыңыз Қазақстанның оңтүстігі ыстық, солтүстігі суық, демек, тұрғын үй салғанда сол ерекшеліктерді ескеру шарт. Және сіз оңтүстік облыстар үшін салынатын үйлердің жаңа конструкциясын ұсынасыз. Солай ғой?

— Түсініпсіз! — деді диссертант кекірейе тұрып.

«Мынаның кекірейісін! — деп қойды Жакенов. — Өлер бала молаға қарай жүгіреді. Ырит шу, айда, ажалыңа қарай! Бүйте берсең Сәкеңнің өзі-ақ быт-шытыңды шығарар. Мен, мүмкін, үндемей де қалармын. Сөзінді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма!» Диссертант жігіттің үніндегі кекесін сарынды Садуақас Сәлменович түсінген болар, көздері ежірейіп кетті. Жакенов Сәкеңе бір қарады. «Көрдің бе нахалын, енді аянба!» дегенді анық ұқтырды.

— Түсіндім, әрине! — деді Сәкең. — Доктор деген атақты тегін алып жүрмеген болармыз! — Содан, тұтығып, шашалып, жөтеліп ала жөнелді. Шайнап тастайтын еді, Қожакең қақпайлап тоқтатты.

— Сіз, Сәке, сұрақ беремін деп бастап сөйлеп кеттіңіз ғой! Сәл шыдаңыз. Алдымен сұрақтар қойылсын, содан соң сөйлерміз. Сөйлерміз бәріміз де.

Сәкең сөлып қалғандай еді, «қап, мына шалдың тауын қайтарып тастады-ау, мұқалып қалды-ау, оңай мұқалатын жарықтық, енді үйелеген тоқтыдай тыпырлайды да қалады, енді бұның сөзінде жүйе болмайды. Сенген бір семсерімнің жүзі қайтты, — деп күйінді Жакенов, — ақырғы үмітім Әділғазы».

Әділғазы — мына Жакеновтың ең сүйікті шәкірті, — диссертанттың жақын-жанашырының арасында елеусіз ғана отырған.

— Менде бір сұрақ бар! — деп орнынан көтерілді. Ауыл архитектурасы кафедрасының аспиранты екенін айтты да сұрақты жаудырды. Қағазға түсіріп алған он бір сұрағы бар екен, он бірі де бірінен-бірі өткен сұрқия сұрақтар екен, тәкаппар диссертант есеңгіреп қалды, соққыны көп жеген боксер тәрізді тәлтіректеп, электр тогымен ұрған бұқадай аяқтары бүгіліп, көздері шатынап тұрғанда Садуақас Сәлменович сөйлеп кетті, Қожакеңнің тұра тұрыңыз, кезек күтіңіз дегеніне қарамаған жоқ, соқты-кетті, соқты-кетті, нокаут түсірді.

Жакеновтың айызы бір қанды.

Киноактердай сымбатты, диктордай үнді жігіт күйген терідей бүрісті де қалды, қақпанға түскен саршұнақтай шаңқылдады да қалды, ақырында, тоғыз төрешінің алтауы қарсы шығып шоңқиды да қалды. Оның шоңқиғаны — Әбілмахмұттың омақасқаны, Қожакеңнің сүрінгені, Қожакеңнің сүрінгені — ол отырған биіктің бұрандалары босап шайқала бастағаны, аласара бастағаны, оның тағы құласа — Жакеновтің бағы жанғаны. Жакенов іштей мәз, бірақ сыр берсін бе, құлаған шәкірт пен құлаған ұстазға жанашыр сөздер айтып, әлі де болса үміт үзбеу керек екенін айтып, үйіне қайтты, шалқып қайтты. Соңынан Әділғазының қуып жететінін біліп қайтты. Әрнені айтпай түсінетін Әділғазының машығы, әлгі он бір сұрақ та ұстазының көкірегіндегі көмбе екенін ол білген, жиын тараған соң Ардакең үйіне барып отырып қайту, Ақжеңгенің (Алтынкүл жеңгейді ол солай атайтын) қолынан қаймақ қатқан қою шай ішіп қайту шарт екенін де білетін. Ол ұстазын екі көше өткенде қуып жетті.

— Сен әлгі байғұсты құлатып қана қойған жоқсың, сен өзіннің білімдар екеніндi көрсеттің! — деді Ардабай. Ұстаз ықыласы шәкірт жігітке біржола құлаған. «Өзіме тартқан! — деп түйді ол. — Бұдан үлкен ғалым шығады. Алғыр, өтімді. Бұған кандидаттық қорғатып алсам, әлгідей талайлардың көзінен сорасын ағызармын!»

Профессордың көңілі солай семіре түссін, солай таси түссін, сол семіру, сол тасумен екеуі үйге келсін, Ақжеңгенің аққұлақ шайын ішсін, екеуі «аздап қана, жүзден ғана» тартып алсын.

Сөйтіп, үлкенді-кішілі болып лепіріп отырғанда екеуінің де көңіліне қаяу түсті. Қасында Айбол деген жігіт бар, үйге Баян кіріп келді.

Екеуі бірге оқыған соң үйренісіп кеткен де. Бірақ жа-

ман айтпай, жақсы жоқ, бұлардың «дружбасы» асқынып кетіп, бір күні: «Папа, мама, біз солай шештік» деп келіп тұрмасына кім кепіл! Рас, бұның әке-шешесі Алматыдағы белгілі әулеттен. Біздерден кем емес, дегенмен, олардан маған не пайда? Ал, жарайды, құда болдық, ал жарайды, олар болып, біз болып, жастарға үй алып бердік, ал жарайды, мебіл-себілдерін жасап бердік, астанада қалдырдық, қызмет тауып бердік. Ал сонда не болды? Екеуінде де өсетін адамның сиқы білінбейді. Біреу-міреу бетіне тік қарап қойса, «папа!» деп анау әкесіне жүгірер, «папуля!» деп мынау маған жүгірер. Сонымен өмір бола ма?.

Бұралаң ойдың түйіні соған келіп тірелгендей-ақ профессор өзінің оң жағында жардай жалпайып, тастай қатып отырған Әділғазыға қарады. «Бұның жөні бөлек, — деп түйді ол. — Бұған көмектің керегі жоқ, бұған демеу ғана керек, арғы жағын өзі-ақ алып кетеді, ылғи да қойып кеткен жеріннен табылады бұл сабаз. Тірінде сарбазың, өлгенде жалғасың емес пе бұндайлар».

Соңғы жылдары өлім туралы ойдан қызыл түлкідей қашатынды шығарған, әлгінде, өзі байқамай қалып, «өлгенде» деген сөзді айтып қалып еді, профессордың көңілі әлем-жәлем болып кетті, өсімдігі жайқалып өсіп тұрған жасыл алқабын бұршақ соғып кетті, тұнып тұрған айдын көлінің суын бейбастақ көршінің қалың жылқысы ылайлап кетті, самғау биікте самғап бара жатқан самолетке дұшпан ракетасы дөп тиді. Бұндайда ол ештеңені де, ешкімді де аямайтын.

Келесі жексенбі күні таңертең профессор Жакеновтің ескі маркалы жаңа «Волгасы» Алатауды бөктерлеп шығысқа қарай тартып бара жатты. Машина айдағанда Жакенов рөлді ешкімге бермейтін, өзі отыр, екі көзі алдағы жолға бір түссе, маңдайдағы айнаға екі түседі, артқы орынға жайғасқан Баян мен Айболдың әрбір қыбыр-жыбырын қалт жіберер емес. Өзінің Баяны да, «мына бүгінгінің Қозысы» да профессорға ұнап келе жатқан жоқ. «Бұлар немене сонша ыржаң-ыржаң етеді? Несіне мәз?» Бірі тілін көрсетсе, бірі сықылықтап күледі, бірі көзін қысса, бірі басын изеп, көздерін ойнақшытып шыға келеді, екеуі мылқаулар мектебінің шәкірттері тәрізді. «Баяғыда деп сөйлеу әдетіміз ғой, — Ардекең ой шылбырын асықпай есіп келеді, — он үш деп айтпаймын, он сегіздегі қыз «отырып қалған» аталушы еді, менің балам биыл жиырмаға толады, үшінші курс бітіреді. Өңіне қарасаң да, мінез-болмысына қарасаң да мектеп

оқушысы дерсің. Ақыл-есі әлі толықпаған. Бұндайда алданып қалу оңай».

Алматыдан Нарынқолға апаратын оқтай түзу трассаға түспей, тау бөктерлеп шұбатылған ирелең-қираланы, ойқыры көп осы жолды қалаған өзі еді, енді сол шұбаланқы жол шұбыртпалы оймен егіз қатар келе жатыр, жол әлі ұзақ, профессор да түйін түюге асығар емес. «Алданып қалу оңай дегенің дұрыс емес! – дейді ол өзін-өзі түзетіп, – мына шілтиген жігітсымақтың ойында алдау болмас, әрине».

Қаладан ұзаған сайын сол жақтағы шексіз жазық пен оң жақтағы заңғар таулар жолаушыларды өз ырқына көндіріп, көңіл күйін билеп алған, төртеуі де ой құшағына еніп, төртеуі де үнсіз қалған.

Баян папасы туралы ойлап келеді, папасын жақсы көреді, бірақ кей-кейде еркінен тыс іштей ғана «чудак!» деп қалатыны бар, ол сөз әр сәтте әр түрлі мағынада айтылады, кейде сүйсініп айтса, кейде күйініп айтады, әйткенмен, еш уақытта жек көріп айтқан емес-ті. Баянның әкеге деген көзқарасы баланың әкеге деген көзқарасынан бөлек, керісінше, бұл әкесін еркелетіп сөйлейтін, оның бар ісіне жас баланың ісіндей менсінбей қарайтын.

Папасы бұған тынымсыз қамқорлық жасап жүреді, ол қамқорлықтың бұған қажетсіз екенін білмейді, ол бұған ылғи ақыл айтумен болады, ол ақылының қыз зердесіне жетпейтінін түсінбейді, сондықтан да қыз әкесі жайлы арқадан қаққандай ғана «қызық өзі» деп қояды.

Бүгін де ол әкесінің мына қылығын түсініп келе жатқан жоқ, күн жексенбі, баратын жерлер бар еді, кездесетін құрбылар бар еді. Айбол екеуін қыруар шаруадан қалдырып, қоярда-қоймай, қайдағы бір орманшы досының үйіне қонаққа алып барады.

Қыз ойлап келе жатты: «Бізге онда не бар?» деп, табиғаты Медеуден артық емес шығар. Ауа жұтамыз деді. Біз Алматыда у жұтып жүрміз бе сонда? Шашлық дейді. Орманшының шашлығы Медеудегі шашлықтан дәмдірек пе екен? Зато, Медеуде біз сырғанақ тебетін едік. Папа, қызық, мына бір дәу қарасын қасынан тастамайды».

Дәу қара – Әділғазы ойлап келе жатты: «Біздің шал данышпан ғой! – деп. – Өзінің бір білгені бар шығар. Демалыс күнін қиып, орманшының үйіне тегін келе жатпаған болар. Осы төртеуіміздің жеке шығуымызда бір гәп бар шығар. Бұл данышпан шалдың діттеген мақсатын дөп

түсіне алсам құба-құп, түсіне алмасам, құдайдың ұрғаны да. Емеуірін білдірсе, кәнеки!»

Шидиген ұзын да арық, қыз өңдес әдемі жігіт Айбол ғана ештеңе ойлап келе жатқан жоқ, ол табиғат әсеріне елігіп алған, бұл өңірдің келбетіне келісе қоймайтын, өзі соңғы кезде елтіп жүрген алыстағы бөтен ел әуендерінің бірін баяу ғана ысқырып келеді. Алдында, қапылыста күткен қатер бар-ау деген ой оның қаперіне кірсін бе, орманшының үйіне жеткенше ысқырды да отырды.

Орманшының мекені Алатаудың кең де терең бір қолтығында, жан-жақтан төніп келген қалың қарағайдың ортасында қысылып қалған алақандай аланқай екен. Қолтыққа ене бергенде жолаушылардың басы айнала бастаған еді, сұғына кіріп, шатқал төріндегі жалғыз үйдің алдына келіп машинадан түскенде жолаушылар есеңгіреп қалған. Үйреншікті ортасында жүргенде гүмпиіп өзін бір төбеге балап жүретін, өз алдына бір таумын деп жүретін төрт адам лезде кішірейіп, әрқайсысы өзін алып микроскоптың астында жаншылып қалғандай сезінген, сондықтан да машинадан шыға салысымен қақ алдында күтіп тұрған орманшыға қарай жүрмей, машинаны айналшықтап, сол жақта күркіреп жатқан өзенге қарай ілбіп-сілбіп бет алды.

Орманшы Құттыбай деген қорбиған сары кісі, елулердегі жасына қарамай желп-желп етіп, желіп жүр.

— О-о, келгенің қандай жақсы болды, қожайын! — деді желіп жүріп, Ардабайдан күлімдеген көзін тез тайдырып. — И-и, Баян деген қызым сен екенсің ғой! — деп Баянды бір шолып шықты. — Сен екеуің де бөтенім емессің, үйге кіріңдер! — деп Әділғазы мен Айболға жол сілтеді.

Төрт бөлмелі ағаш үй қонақ күтіп отырған үйге ұқсамайды, бөлмелерінің есігі аңғал-саңғал, шашылып жатқан дүние, кісі келгенін пайдаланып, еліріп кеткен балалар бірінбірі ұрып жылатып, әлденеге таласып, асыр салып, басқа шығып кетті.

— Осының бәрі электр жарығының жоқтығынан! — деп ырқ-ырқ күледі Құттыбай. Бұл қалжыңым жастарға ұнамас деп ойламайды.

Жастар жағы қабақтарын тыржыңдата берген соң, Ардабай ұсыныс айтты.

— Әй, құрдас! Біз қаладан, осындай төрт қабырғадан қашып келіп отырмыз, ендеше сен былай ет! — деді де, жаман үйдің қонағы билейдінің керіне басты. — Ошақты

өзен басынан қаз, – деді, – соятын малыңды сонда сой, – деді, – дастарқанды сонда жай, дастарқан болғанда, қаладан келген мына сыпайыларға киіз-текемет үстінде аунап-қунау таңсық, – деді.

Баян мен Айбол «уралап» далаға атып шықты. Өзен жағасынан «жайлау» таңдалды, әркім әр түрлі ұсыныс айтты; ақыры топ қарағай түбіне «ел қонды», алаша, киіз, текемет төселді, көрпе-жастық тасталды, сол маңайдан ошақ қазылды, сол маңайда марқа қозы сойылды, тапалтақ келген жуантық қара қатын тамақ қамына кірісті, арақ-шараптарын арқалап, Құттыбай жетті.

– Айналайын, қонақтарым, ішіңдер! – дейді.

Қонақтар ішкен де жоқ, «тамақ пісуін күтеміз» деді.

Құттыбайдың көзінің қанталап тұрғанын Баян байқап қалыпты, оңашада соны әкесіне айтып еді, Ардабай қыдырған болып жастарды тоғай ішіне ертіп барып, бір сыр айтты.

Құттыбай кезінде қатты ішіпті, ішкенде де ес-түсін білмей қалатын көрінеді. Аузына арақ тисе, аң болып кетеді екен. Бір рет мас болып, өз үйін өртеп жіберіпті. Бір рет үйіне келген қонаққа пышақ салыпты. Енді бірде қатын-баласын түгелдей балтамен шауып тастай жаздапты. Содан тәубесіне келіп, қойған. Енді татып алмайды. Көзі қызарып тұратыны: жайшылықтың өзінде қаны тасып, басына шабады, сау жүргеннің өзінде мас сияқты жүретіні сол.

– Сондықтан, – деді Ардакең, – сендерден өтінішім, бұл кісіге ішкілік ұсына көрмеңдер. Бәлесінен аулақ. Біреуімізді атып тастаудан тайынбас.

– Онда бекер келіппіз ғой! – деп Баянның зәресі ұшты.

– Ой, құдай-ай!

– Подумаешь! – деп екі жігіт мырс-мырс күлді.

– Ең дұрысы, жатқан жыланның құйрығын баспау, бұған іш деп айтпау, – деп түйді әңгімені Ардабай. – Келістік қой?

– Келістік.

Келісімді қонақтар жағы бұзған жоқ еді, былқып марқа келді, аққөңіл шампан ақтарылды, сырын ішіне бүгіп, «ақаң» тұрды момақансып, бірақ ешкім жарытып ішпеді, аздап-аздап ұрттады да қойды. Баян мүлде татпаған.

– Ендігәрі тек сіздерді шақырамын, ішпейтін-жемейтін арзан қонақ екенсіздер! – деп Құттыбай ырқ-ырқ күліп алды да: – Мүмкін сіздер үй иесі ішпейді деп қысылып отырған шығарсыздар?

— Жоқ!

— Жоқ! — деп қонақтар шу ете қалды. Баянның көзі бақырайып кетті.

— Ішпеңіз, аға, ішпеңіз! — деп зар-зар етеді.

Құттыбай Баянның үрейі ұшқанға мәз сияқты, «баламысың» дегендей бетіне қарап күліп жіберді де, және ойнай түскісі келгендей, алдындағы қырлы стаканға арақ толтырды. «Қалжыңым ғой!» дегендей және бір күліп жіберді де, көзі сәл қылиланып кетіп, күтпеген жерде стаканды аузына бір-ақ төңкерді. Тым болмаса ашырқанып, бетін де тыржитпады-ау, түк болмағандай.

— Бекер іштің! — деді Ардабай.

— Өзім де солай ойлаймын! — деді Құттыбай. Деді де, орнынан тұрып үйіне қарай беттеді. — Мен демалып алайын!

Құттыбай кеткен соң қонақтардың көңілі жайлана бастаған, қолдарын жуып, қайтып келіп, әркім әр жерге жантайып жатып, маужырап бара жатқан. Табиғат деп аталатын алып бесік ақырын ғана тербетіп, жай ғана әлдилеп, қаладан келген, өгейсіп қалған перзенттерін өз бауырына тарта берген. Дәл сол кезде, кенет:

— Кәне, тұрыңдар! — деген зәрлі үн естілді. Қалалықтар керіліп-созылып, еріне көздерін ашқанда, қолында қосауыз мылтық, қызыл көздері ежірейіп кеткен Құттыбайды көрді.

— Қане, мырзалар, тұрыңдар! — деді Құттыбай мылтығын Баянға қарай кезеніп.

Қонақтар үрпиісіп-үрпиісіп тұра беріскен.

— Қане, бикеш, ал анау стақанды қолыңа, ал да, демалмай тартып жібер, әйтпесе табанда жайратамын!

Құттыбай Баянға тақала бергенде есі қалмай сүп-сұр болған Айбол:

— Ағай! — деп қалды. Құттыбай оған жалт қарады.

— А-а-а, балақай, қыз қорғайтын ерім сен екенсің ғой! Ал, ендеше, Баян үшін жан тапсырасың!

Мылтықтың тажал ұңғысы үңірейіп, Айболдың кеуде тұсына тірелді, сол сәтте, сол бір сор сәтінде Айбол, бақырып жіберіп, тұра қашты, қаша беріп құлап түсті, құлап түсті де, жер бауырлап, ыңырсып, Құттыбайға қарай еңбектеп жылжи бастады, еңбектеп жылжып келіп Құттыбайдың керзі етігін құшақтай алды.

— Ағатай!

— Ой, ынжық неме, саған оғымды қор қылмаспын! —

деп Құттыбай аяғын әрең босатып алды да, Баянға қайта кезенді.

— Ал, қане!

Осы кезде алпамсадай Әділғазы қорбаңдап барып Баянның алдына көлденең тұра қалды.

— Ат, мені ат!

— Атсам, атам!

— Ат!

— Атам!

Енді Әділғазы өзіне қарай кезелген тажалдың үңірейген көзіне қарай өзі жүрді.

— Ат, кәне!

— Атсам, атам!

— Ат!

— Атса, несі бар?

Құттыбайдың үні жұмсара берген. Сол мезетті пайдаланып, Әділғазы жолбарыстай атылды да, Құттыбайды құлата-мұлата мылтыққа жармасты.

Мылтық гүрс етті, тау іші жаңғырып барып, тып-тыныш бола қалды, ақыреттің тыныштығында Құттыбайдың ырқ-ырқ еткен күлкісі естілді.

— Ой, зәрелерінді алдым-ау! Қатырдым-ау өздерінді! Бұдан артық іспектакіл көріп пе едіндер!

Ешкім күлген жоқ. Бұдан ары қонақтардың берекесі болмады. Құттыбай әлгінде арақ деп су ішкенін айтты. Шыныдағы суды әркімге иіскетіп көрді, мылтық құр дәрімен оқталғанын айтты, «сенбесеңдер» деп екінші оқты жерге атып көрсетті. Сонда да ешкімнің қабағы жадырай қоймады.

Кешке қарай Жакеновтің ескі маркалы жаңа «Волгасы» Алатауды бөктерлей батыс қайдасың деп безіп келе жатты. Машинада отырған төрт адам қилы-қилы жағдайда еді. Баян болса кеудесі қаңырап бос қалғанын сезіп келеді, енді қыз кеудесін балапандары ұшып кеткен қарлығаштың ескі ұясы дерсің. Айбол болса табан тірер тепкішегінен тайып кетіп, құзға құлаған альпинист тәрізді еді, альпинистен бұның айырмасы бұл әлі құлдырап құлап барады, құлап барады. Әділғазы болса ажал оғынан қаймықпағанына риза, өзінөзі сыйлай бастаған. Тек қана Құттыбай соңынан «қалжыңдап едім» демегенде ғой!. «Әлі де болса кеш емес, мен құл емес екенмін, менің де қолымнан бірдеңе келеді екен?» деп келеді.

Тап жүрер жерде Баян:

– Папа, мен сенің қасыңа отырамын! – деген.

Соны ойлап, Жакенов іштей күліп қойды. «Операцияның бірінші кезеңі бітті. Ойдағыдай бітті. Енді екінші кезеңі бар. Оған асықпау керек. Өртенген шөптің орны қалың шығатын!» деп қорытты.

Бүгінгі «іспектакілдің» авторы профессор Жакенов екенін өзінен басқа ешкім білмейді, бұл соған риза.

Жеті қабат көк аспанмен тістесіп қалған көгілдір тауларды бөктерлеп ескі маркалы жаңа «Волга» зымырап бара жатты.

КҮМІС ҚАНАТ

* * *

Шырқау биіктен көз салсаң, Мойынқұм Бетпақдала төсіне қадала жармасып қатып қалған өлі крокодил сияқты шығар-ау. Жотасы шодыр-шодыр, ұп-ұзын, шұбар ала боп созылып жатыр ғой. Еселі – құмдағы көп құдықтың бірі. Қазансай аталатын жан-жағы жал-жал, тостаған тәріздес терең аумақты ойпаңның күн шығар жиегінде, ықта. Суы мол. Еселі Қазансайда қалың жыңғыл, үйірім-үйірім шеңгел өседі. Шөбі бойшаң, сояу-сояу, ит тұмсығы өтпейді дейтіннің өзі. Құдықты ортаға ала, бір-бірінен алшақтау орналасқан екі қора; екеуі де жыңғыл мен шеңгелден өрген, көне, қарайып кеткен, қора сайын киіз үй; екеуі де бес қанат, қоңыр. Әкелі-балалы Танабай – Тұрардың отарлары бұл. Айнала төңіректе ел жоқ. Жым-жырт жатқан ауыл. Көктем нышаны әлі білінер емес. Апта бойы аспан ашылмады. Сұр бұлт биікте тұтасып тұрып алған. Жылжымайды. Көк шаңырағын көк қаңылтырмен қаптап тастаған десе болғандай. Жал-жал құмның ар жағынан ауық-ауық іртік-іртік қара бұлт шыға келеді де, Қазансай үстінен жосылып өтеді. Қаңылтыр шаңырақтан көп төмен, пәс өтеді. Осындайда бір болар-болмас жаңбыр иісі келгендей-ақ болса да, артынша өңменнен өткен ызғырық жел ышқына соғып, берекенді қашырады. Көкек емес, желтоқсан дерсің, түге!

Түнімен екі қора арасында сарсылып, мезгіл-мезгіл мылтық атып, сес білдіріп айғайлап, Майлыаяқ, Құттыаяқ, Сырттан, Алыпсоқтардың атын атап, айтақтап дамыл таппаған Тұрар таң анық атқан шақта ғана жастыққа бас қойған. Май салып, нан турап әзірлеп отырған ыстық сүтті

ұрттап алған да жоқ. Қисая бере қор етті. Жауһаз: «Шаршапсың-ау, байғұс-ай!» дегендей ерінің ұйқылы қара жылтыр жүзіне біраз қарап тұрды да, үстіне қалыңдап қос көрпе жауып, аяқ-басын қымтап, ошақ астындағы отты су сеуіп сөндіріп, жаңа әзір жуып қойған кір-қоланын құшақтай далаға шықты.

Жел қатая түскен. Қора-қопсы, қу жыңғыл, қу шеңгел бәрі үн қосып уілдеп жылап тұр. Келіншек есік алдындағы еңселі екі діңгекке тартылған жіңішке мақта жіпке аппақ лыпаларын жайып шықты. Үй түндігін бекем жауып, туырлығын қатты тартып, шандып тастап, есікті де мұқият тұмшалап, үлкен үйге бет алды. Жылы киінген: түбіт орамал, тозық күпәйке, қою қызғылт шолақтау юбке, толықша келген әдемі балтырына тарлау, қысқа қонышты қызыл етік. Бірде баяу, бірде екпінді суық желдің өтіне бетін беріп асықпай кетіп барады. Екі қолы қалтасында. Қой қораның бұрышынан өрбитін жалғыз аяқ жол құдық үстін басып өтіп, үлкен үйге апарады. Құдық басында қатар жатқан екі ағаш астау бар-тын. Жабағысы үрпиген, қысқа сирақ, қысқа мойын, жатаған ат Танабайторы мен өзі қалақтай, мінез-жүрісі шапшаң Тордөнен астауды иіскелеп, айналшықтап жүр екен. Жауһаз оларға су тартып берді. Екі ат көңілімізді таптың, рақмет дегендей бастарын шұлғып біраз тұрды да, қалың жыңғылды беттеп, ұзап кетті. Үлкен үйден арырақ, құм жиегінде Бақырауық шал есімді кәрі қара бура мен Аққыз, Сары қыз, Ынжықбике дейтін үш інген жайылып жүр. «Жарықтықтар, суға келмегелі талай болып еді. Айдап келіп суарса да болар ма» деп ойлап қойды келіншек.

Танабай карт — ірі қазақ. Отырғанда шөккен нар тәрізді. Қоңқақ мұрын. Қалың қабақ. Үлкен көздерінің нұры таймаған. Тік қарайды. Басында тер сіңген қара тақия. Үстінде қара шибарқыт бешпет-шалбар. Жағасыз ақ көйлегінің омырауы ашық. Аяғында жүн шұлық. Малдас құрынып, нық жайғасқан. Скиф сақалын екі қолымен кезек-кезек салалап отыратын әдеті. Алдында дастарқан. Он шақты тілім нан, он шақты шақпақ қант жатыр. Май, құрт және бар.

Қызтумас кемпір кіп-кішкентай. Шып-ширақ. Тілге де, іске де жылдам. Қушық бет, шегір көз. Нақышты кимешек, күміс түймелі, күміс тиынды қара барқыт қамзол, кір көтерімді қалың бомазидан салпетек көйлек, жылтыр қара мәсі киіп жүреді. Бір сәт тыныш отыра алмайды. Әдеті.

Үй ортасындағы үш аяқ ошақта қара шәйнек асулы. Отындары сексеуіл мен қу жыңғыл. Қара шәйнекті жалын жалайды. Енесіне жамыраған қызыл бұзаудай десе келісер. Үй жылы, киізі бүтін. Іш жағынан керегеге айнала-тұтас алаша ұсталған. Табанға ши төселген, үстемелетіп қамыс бойра төселген. Оюлы қалың киіз. Көрпе. Түндіктің бір шеті ашық болса да түтін мен ыс иісі кетпейді.

Жауһаз есік алдында тұрып, екі қолын кезек айқастырып, сәл иіліп сәлем берді. Әрдайымғы әдеті. «Ғұмырлы бол, шырағым!» деп күбір етті қарт. Кемпір ошаққа таяу пәкене орындықта отырып, отқа қозғау салып қояды. Келіншек күпәйкесін шешіп, кереге басына ілді де, ақ кофталы, ақ орамалды қалпы, енесінің қолынан көсеуін алып, шоқты түртіп-түртіп қалды. Іске енді мен кірістім деген белгі, ниеті сияқты бұл.

— Ұйықтады ма? — дейді Қызтумас сыбырлай сұрап. Жауһаз басын изейді.

— Аспан жарықтық түнімен ұлыды да тұрды ғой, түге! — дейді кемпір тағы да.

Ендігі жерде ешқайсысы үндемейді. Келін шайға ыдыс әзірлейді. Енесі дастарқанға тағы бірдеңелер қойып, молайтады. Әрі-беріден соң аталы-енелі — келіні болып, асықпай-саспай, сүт қатқан қою шайды сораптай ішіп, қас-қабақпен түсінісіп, ұзақ отырысады. Соңғы пияласын төңкеріп, біраз демін алады да, қарт орнынан тұрады. Келіні де жалма-жан ұшып тұрып, иіліп тағзым білдіреді, жол береді. Қарттың бойы сұңғақ. Тіп-тік. Саптамасын киіп, сары тонының белін күміс кісемен мықтап тартып, түлкі тымағының қос құлағын түре байлап, далаға беттейді. Енелі-келінді екеу дастарқан жинастырып, ыдыс-аяқты жуған соң, мал қамына бұлар да кіріседі.

Бұл маңай ық. Әйтсе де құм-жалдың өркеш-өркешінің арасынан анда-санда ұйтқи соғып өтетін суық жел бар. Белдің астында құдіретті біреулер отырып алып, көп жүнді түтіп-түтіп, әдейі, желге ұшырып отырғандай: Қазансай үстінен төмендей зымырап, жыртылып-айрылып өтіп жатқан суық бұлттың сиқы солай.

Қарт Танабайторысын ерттеп мініп, құм жонды асып, қой жайып кетті. Жауһаз да өз отарын бір мезгіл өргізіп алмақ. Бірақ алысқа ұзамас. Мал үй маңайында жүр.

Соңғы бес-алты күн ішінде әкелі-балалы бұл ауыл мазасыз. Жегідей жеген бір ой, қауіп бар. Ол жайлы ешкім тіс жармайды. Айтпаса да түсінікті. Әне-міне дегенше қой

қоздай бастар. Көп болса үш-төрт күн қалған шығар-ау. Күннің көзі мынау. Күндіз-түні қатер. Жылы қораға жетіп алу керек. Бригат Қонысбай келіп қалар. «Көш» дер шақ жақын. Жер қарада Көделідегі жылы қораға жетіп алмаса болмас. Көктем ғой, күн жаумай тұрмайды. Қар жауар, жаңбыр жауар. Тез көшу шарт. Жылы қораға жетіп алу шарт. Әйтпесе төл қырылады.

Сай-сайды қуалап жайылып жүрген көп қойға Құмтөбенің басынан ат үстінен қарап тұрған Танабай қарттың ойында – сол; жыңғыл арасындағы үйреншікті жолдармен үздік-создық шұбырып жайылған іші салбыраңқы саулықтардың соңынан үнсіз келе жатқан Жауһаздың ойында да – сол, үй маңайында күйбеңдеп жүрген Қызтумас кемпірдің көкейінде де – сол: мал қамы, келер екіүш күн қалай болмақ, сол туралы ой.

Кіші бесін кезінде жел мүлде қатайып, дымқыл тозаң бүрке бастаған соң аталы-келінді екеуі де отарларын қораға қамап, үйлеріне енді беттеген еді. Түстік беткейден асып, түсіп келе жатқан қос атты жолаушы көрінді. Қарт бірденақ «Қонысбай» деп жорыған. Сол екен. Қасында қара қасқа дөнен мінген жас жігіт. Екеуі де тон киген. Қоржындары бар.

Бұлар таяу тақалып келгенше Танабай қарт есік алдында күтіп тұрған. Алдарынан шықты. Қонақтар қосарласа амандасып, қорбаңдасып, аттарынан түсті. Қонысбай – денелі, көккөз, сары, жирен шаш. Жалпақ жонды шұбар атын кермеге байлай беріп, дабырлай сөйлеп, қалжыңдаса амандасып жатыр.

– Шал, қалың қалай, шал! Мал-жан аман ба? Мені сағынып, құлағың қышыған шығар әбден! Құлағыңнан тартайын деп келдім. Әпкем қайда? Балалар қайда?

Әпке дегені Қызтумас кемпір.

– Ой, айналып кетейін! Келдің бе? Бүгін келер-ақ, деп ойлағам өзім де! – деп дабдырлап, үйдің есігін түріп жатыр.

– Бәсе, түс көрген шығарсың, «көріп кел, біліп келің» бар еді ғой сенің! – деп қарты да бір езуінен мысқылдай күледі. Қонысбайдың балалар дегені Тұрар мен Жауһаз. Жауһаз ошақ басында тұрып, нағашы қайнағаға екі қолын кезек айқастырып, иіліп, сәлем берді. Қонысбаймен келген жас жігіт күрек тісінің бірі кем, кетік екен. Өзінен-өзі ыржиып күліп тұр.

Қонақтар үйге кірді. Шешінісіп, төрге жайғасты.

Біраздан соң маң-маң басып Тұрар келді. Ұйқылы көздері қып-қызыл, кіртиген. Бетінен жаңа ғана жуынған су иісі аңқиды. Күпәйке-шалбарлы, жап-жас басымен кигені – үйсін бөрік.

– Салаумаликім, нағашы! Е, бәсе кепсіз де, әйтеуір! Көрінбей кетіп едіңіз! – дей беріп, сол арада әйеліне жекіп қояды: – Анау жапқыштарынды жинап алмадың ба, салпылдап, адамды ұйықтатпады ғой!

Қонысбайдың қоржынында бес-алты шыны арағы бар екен. Жиеніне әдейі әкепті. Босаға жақта қатар тізілген көкмойындарды көргенде Танабай қарт бір езуінен мырс етті:

– Біздің Тұрардың жаны кіріп қалатын болды-ау! Қыстай таңдайына түк тимей қаңсып жүр еді!

Шай қайнады. Сүр асылды. Нағашылы-жиенді боп екеуі қырлы стақанды шықырлата түйістіріп, денсаулық үшін, амандық үшін алып-алып қойысты. Тұрардың аңсап жүргені рас екен, маңдайы бұрқ-бұрқ терлеп, бейжай боп рақаттанып қалды. Дастарқан жиылысымен нағашылы-жиенді екеуі ұзақ отырып карта ойнады.

– Арақ ішпейтін, карта ойнамайтын өзің бір таптырмас бала екенсің! – деп Танабай қарт кетік жігітке назар аударып еді, Қонысбай бірге келген серігі енді есіне түскендей:

– Айтпақшы! «Көмөшник, көмөшник» деп зарлап қоймаушы едің, жезде. Мына бала сенің жәрдемшің болады. Өзі қаладан. Жетімектер үйінде өскен екен. Бұның да аты Танабай. Ал жетістіндер, ендеше! – деді, қарқылдай күліп. Танабай қарт балаға шола, болжай қарады да, ризалық білдіргендей:

– Бәрекелді, бәрекелді! – деп қойды. – Келгенің жақсы, айналайын, Тағы бір ұлды болдым да! Бүгін жатып дем ал. Жол соққан шығар!

Кетік жігіттің:

– Жоқ, шаршағам жоқ, – дегеніне қарт қарамады. Қалың тонын, тымағын, саптамасын киіп, қосауызын қолына алып, қораларға кетті.

«Жетімектер үйінде өскен екен» дегенде, үйдегі әйел затты екеуі де балаға мүсіркей қарап қалған. Қызтумас кемпір күйбеңдеп жүріп:

– Демал, айналайын! Жұмысты әлі істерсің! Қайда қашушы ед, түге! – деп сөйлей жүріп, киіз үстіне астыүстін қалыңдап төсек салып берді. Қос көрпе сыртынан тон жапты.

Дала ішін тартып, тына қалып, оқыс күрсініп, өксіп-өксіп қояды. Тағы да арақ ішіп, тағы да карта ойнап, әбден айызы қанған Тұрар түннің бір мезгілінде ыңылдап өлең айтып, үйіне оралған. Ас ішіліп, ыдыс жиналған соң келіп жатып қалған Жауһаз қатты ұйқыда екен, ояна қоймады. Көңілді Тұрар төсегін жобалап тауып келіп, шешінді де:

— Әрі жатшы! — деп, әйелін мықынға түртіп қалып, жылы көрпе астына кіре берді.

* * *

Тұрар кетіп, Қонысбай жатқанша ұйықтай алмады. Күбір-күбір, шық-шық. Қонысбай жатқан соң берекесі тіптен кетті. Қорылдап ұйықтайды екен құрғыр! Жел үілдеп, Қонысбай қорылдап, анда-санда ит үріп, қарт шопан айтақтап, айғайлап, мезгіл-мезгіл мылтық атып, ұйқы бермеді. «Масқара боп ұйықтап қалармын! Бірінші күн, ұят қой» деп жатқан. Түн ортасы ауған кезде: «Енді ұйқы болмас, ұйықтамай-ақ қояйын» деген. Ұйықтап кетіпті.

Тоңып оянды. Иығынан төмен бар денесі жып-жылы, үстіне тағы да қалың-қалың көрпелер жабылыпты. Бірақ далада жатыр. Төбеде жосылып өтіп жатқан суық бұлт. Сүтке тиген күшіктей сүмелек жел жаланаш жатқан басы-бетін жалап-жұқтап, қымталмай қалған жері жоқ па дегендей, айнала тіміскілеп жүр екен.

Жігіт аң-таң. Ауыл бұны жұртқа тастап, көшіп кеткен сияқты.

Ыңыранған түйе үні естілді. Жігіт басын көтере берді.

Таң жаңа білінген. Күңгірт. Күңгірт те болса, айнала айқын көрінеді. Екі үй де жығылып, жиналыпты. Анадай жерде шөгіп жатқан төрт түйеге теңделіп те үлгерген. Үй иелері сол маңда жүр. Құдық басында айқастырып байлаған үш ат тұр. Үшеуі де ерттеулі. Бірі — өзінің қара қасқа дөнені.

«Масқара боппын-ау!» дей беріп, қарғып тұрды. Жалмажан киініп жатқан.

— И-и, айналайын, тұрдың ба, қалқам! Үйренгенше сөйтесің, түге! — деп сампылдап сөйлеп, аяқ жақтан Қызтумас кемпір жақындап келеді екен. Жігіт жалт бұрылып кетіп, күпәйкесінің салулы түймелерін қайта ағытып, қайта салып, қипақтады да қалды. Екі беті ду етіп, көзі жасаурап кеткен. Басын тұқшитып, жерге қарап, айналшақтай беріпті. Қызтумас кемпір, жарықтық, айналып-үйіріліп, езіліп тұр.

– Құдық басына барып жуынып келе ғой, қалқам, – дейді.

– Қайтып кеп мына ыстық сүтті ішіп ал, – дейді.

– Әлі-ақ шынығып кетесің, түге! – дейді.

– Бүгін Қосқұдыққа қонсақ, үш-төрт күнде Көделіге де жетіп қалар ек! – дейді.

– Мал жарықтық осы ғой, әуресі көп, түге! – дейді.

Аспан әлі сол. Жұлым-жұлым қоңыр бұлттар Қазансай үстінен жосылып өтіп жатыр әлі. Әлі сол мазасыз жел.

Күйбеңдеп жүріп көш кеш қозғалды. Күн көтерілсе керек, шығыс беті қызыл алау, батыс беті қара күрең топ-топ бұлт, үрлеп ұшырған оттың шоғы десе болғандай екен.

Қарауытып Қазансай қала берді артта. Үкінің көзіндей бақырайған екі ақшыл дөңгелек таңбасы бар. Екі үйдің жұрты ол. «Енді мен нағыз қазақпын!» деп ойлаған Танабай. Көш соңына ілбіп еріп келеді. Іске қалай араласудың ебін табар емес. Мал, кейде, іркіліп топтасып қалып, шұбатылып сусылдай жөнеліп, еркін кетіп барады: көктемгі қара су іспетті, сала-саладан ағып шығар жол іздейді.

Ұйқының шалалығы енді-енді сезілді. Денесі құрысып шапшаң қимыл тілеп келеді. Шаба жөнелгісі бар. Көш соңында ұзақ-ұзақ қалып қойып, құйылжытып қуып жетсе, ойқастатып алға өтіп кетсе.

Мал аяғы ауыр ғой, әйтпесе, тырқырата қуалап, Көделісіне бүгін-ақ жеткізер еді, шіркін.

Тәк-тәк деп өзін қаншама сабырлы ұстамақ болса да, жігіт көпке шыдай алмады. Ер-тоқым тартпасын әдейі босатып жіберіп, соны қайта тартқансып дөненінен түсті де, бір құм төбенің қалтарысында қалып қойды.

Ілбіп жүріп отырып-ақ түс мезгілінде мал көш құмнан шығып кетті. Теп-тегіс, жап-жазық дала. Мұхиттай көгілдір, мұхиттай тұңғиық аспан. Оқшау-оқшау қалқыған жардай-жардай ақшыл бұлт. Мұхитта жүзген айсберг сияқты. Далада шек жоқ. Жүре берсең, жүре бересің, жүрісің өнбейді. Талай жер өткендейсің, талай уақыт өткендей, енді айналып қарасаң, әлі сол орныңнан ұзай алмапсың! Дала...

* * *

Мал аяғы ауыр, кібіртіктеп жүре алмаған соң, әкелібалалы екеуі мал соңына түсті де, басқалар жеделдей

жүріп, озып кетті. Қосқұдыққа ертерек жетіп, құдық-қораны тазалап, ас-су әзірлей бермек. Танабай қарттың бұйрығы сол.

Келіні мен енесі екі түйеде, қара бура — Бақырауықшалды жетекке алып, жігіт тартып берді. Көңілі тасып, шалқып келеді. Әжетке жарағанына қуанады. «Енді мен нағыз қазақпын, енді мен нағыз қазақпын!» дей береді.

Қызтумас кемпір сөзуар екен. Өткен-кеткенді айтып, аузы бір тынбады. Ақырында, оны-мұны сұрағыштап, жігітті де сөзге араластырды. Жігіт бөсіп ала жөнелді. Кейде сөйтетіні бар. Соры ашылмаған сорлы жетім боп шықты. Кімнен, қайда туғанын білмейді екен. Кейбіреулердің айтысына қарағанда, Сыр бойында, Қармақшы маңайында тусам керек дейді. Анығын кім білсін. «Бұ дүниеде ешкімім жоқ, қу тақыр жетіммін. Жетім өстім. Қорлықты көп көрдім» деп қойды. Бірте-бірте әңгіменің қызығына беріліп, өзі туралы, өмір туралы қиял тізгінін жіберіп алды. Көрмегені де жоқ екен, білмейтіні де жоқ екен. Енелі-келінді екеуі де аузын ашып қалыпты.

— Алда байғұс-ай, ә! Соры ашылмаған сорлы-ай, ә! Е-е, шырағым-ай. Қорлықты көп көрген екенсің-ау! — деп, кемпір таңдайын қағып, басын шайқай береді. Жаны ашып келеді. Жігіттің өзінің де өзіне жаны ашып кетті. Жыларман болды.

— Е-ей, апай-ай, несін айтасыз! Жалғыздық қиын екен! Ата-ана мейірімін аңсаймын! Жалғыздық қиын екен! — деп тоқтағанда, кемпірдің шегір көздеріне жас үйіріліпті, Жауһаз да күйзеліп қалыпты. Танадай көздеріне мұң ұялап, жігітке ерекше мүсіркей қарап тұр. Жігіт күрсініп қойып, атқа қамшы басты.

Күн кешкіре көш Қосқұдыққа жетті. Қосқұдық дегені айдалада қаңырап тұрған қамыс қора екен. Есік-терезеден жұрдай, жатаған тамы бар қасында. Сонда тоқтады. Енелі-келінді екеуі тамның ішін тазалап, есік-терезелеріне шілтер ұстап, ұядай қып қойды. Жігіт шиден сыпырғыш жасап алып, қораның ішін сыпырды. Ә дегенде қарқыны жақсы еді, «енді мен нағыз қазақпын, нағыз қазақпын» деп мәз бола жүріп сыпырып еді, үлкен қораның жартысынан аспай-ақ діңкесі құрып, дел-сал болды да қалды. Шаршағандықтан емес, әрине, соқталдай жігітке қора сыпыру да сөз бе екен, шаршағандықтан емес.

Шалағайлықтан. «Қой, бұның несі қызық. Бұнда қан-

дай романтика бар? Шаң-тозаң, қи-құмалақ сыпыруда не қызық болушы еді» дейді.

Қораны әрең тазартып шықты.

— Ой, айналайын! Өркенің өссін! Қораны айнадай қып қойыпсың ғой, түге! — деп Қызтумас шешей шұбырта жөнелген, әрине. Ескі жер ошақтың басында күйбеңдеп жүр. Жауһаз құдықтан су әкелді. Кемпір қазанды бір шайып тастап, су құйып, сүр ет салды.

Құлазыған дала әсер етті ме, қарауыта бастаған күңгірт аспан әсер етті ме, аңыраған қора мен там әсер етті ме, әлде анадайда маңқиып жатқан бура мен інгендер әсер етті ме, әйтеуір жігіттің көңілі кілт құлазып, қиналып кетті. Мұндайда қабағы шытылып, тістеніп алатын: кемпір оған бірдеңе айтып еді, естімеді. Естігісі де келмеді. Тұрған жері ошақ басы еді, тік бұрылды да, түзге беттеді. Кеудесі қаңырап бос қалыпты. Себепсізден себепсіз жылағысы келеді. Ымырт жабылды. Қас қарайды. Жігіт қорадан ұзап кетіпті.

Меңіреу далада жалғыз келеді. Дала бар да ол бар. Дала жоқ, ол бар. Түнек түн бар да ол бар. Түнек түн жоқ, ол бар, ол ғана бар. Жалғыз келеді. Жер басып келеді. Жоқ, жер басып келе жатқан жоқ. Мәңгілік пен түпсіз түнектің құшағында қалқып келеді. Не ойлады екен сонда? Әйтеуір көп ойланды. Адасып кете жаздап, қораға әрең оралды. Алыстан жылтылдаған от қана себепші болды.

Түннің бір мезгілі екен. Әкелі-балалы екеуі малды әлдеқашан айдап келіп, қораға қамапты. Енді үйелмен болып, далада от жағып, от басында отыр. Жігітті күтіп отырған сыңайы бар. Алыстан-ақ абалаған иттерге қойшының «жат!» деп бір-ақ жекуі мұң екен, жым болды. Жігітті көріп, орнынан қарғып тұрған кемпір:

— Онысы несі, түге, балам-ау, адасып кетсең, не бетімді айтамын! О несі, түге, даламен ойнап! — деп дабдырлап тұр. Жігіт ыржиып күле берді. Танабай карт, жігіттің намысына тимейін деген болу керек, кемпіріне, «жә» деп кейіп қалды да, сабырмен сөйлеп:

— Е, ер жігітке дала сөз бе екен?! Адасып қайда барушы еді, сен қызықсың, кемпір! — деді.

Олар мұны күтіп, кешкі астарын ішпей отыр екен. Там іші таза жиналып, киіз төселіп, дастарқан жайылыпты. Ас үстінде артық сөз болған жоқ. Ас соңынан жігіт қалың киініп, қосауызды алып, қора күзетуге кетті. «Қой, мен-ақ күзетемін. Сен дем ал!» деген Тұрар сөзіне де, «әлі талай күзетерсің, бүгін қоя ғой!» деген карт сөзіне де құлақ

асқан жоқ. Жалынып-жалбарынғандай көндірді оларды. Қаладан ала келген қалта шамы бар, соны анда-санда жарқ еткізіп қалып, қораны айналып жүр. Жым-жырт. Қойлардың дем алғаны ғана естіледі. Кейде мүйіздер сарт-сүрт ете қалып, қойдың бір шеті дүр етіп қозғалады да тына қалады. Қошқар сүзісіп қалады-ау, шамасы. Тұрар мен Жауһаз келіп кетті. Екеуі де тон жамылып алған. Оны-мұны айтып, жігіттің қасында біраз жүрді. Ата-енесі жоқ жерде Жауһаз еркін сөйлеп, еркін күледі екен. Сөзге араласып, сыңғырлай түседі, көңілінде көлеңке жоқ. Әңгіме қасқыр туралы, иттер туралы, сол маңайдағы қойшы ауылдардың тұрмыс-болмысы туралы. Танабай қала өмірінен хикаяттар айтып, өзін араластыра, өзін бас кейіпкер қып суреттеп, біраз бөсіп алды. Тұрар мен Жауһаз түн ортасы ауа қайтты. Іші пыспасын деп, жігітке ермек болуға келіпті. Олар кетісімен қора маңы қайтадан жым-жырт бола қалды. Қойлардың жиі-жиі дем алған пысылы мен анда-санда дүрдүр етіп шошынғаны ғана естіледі. Жігіт қораны айнала берді, айнала берді. Өмірінде бірінші рет түнгі ұйқысынан қалғаны, бірақ әлі сергек. Қасқыр келуін күтіп жүр. Мылтығы оқтаулы, қолында. Келе қалса, қасқырды оп-оңай атып алмақ.

Далада адам көп ойланады екен. Қай-қайдағы есіне түседі. Нгуен дин Дьем, Гималай, Селинджер, Апдайк, Шыңғысхан, Гагарин, Эйнштейн, Құлагер. Қай-қайдағы ойына келеді екен.

Денесі құрысып, маужырай бастап еді, кенет көтерілген салқын жел бойын сергітіп жіберді. Қораны енді бір айнала бергенде ық жақтағы көп жыртықтың бірінен бір қара көлеңке көлбең ете қалғандай болып еді, мылтықты оңтайлап ұмтыла беріп, тоқтай қалды. Елес екен. Солай деп қойған. Енді тағы қораны айнала берді. «Мен нағыз қазақпын!» дейді өзіне-өзі. Қораны айнала берді, айнала берді. Денесі тағы да құрыса бастады. Сәл ғана демалып алайын деп, қораның жел жағына сүйеніп, жамбастап отыра кетті.

Енді-енді таң атып қалар деген. Аспан жаланаштанып, жұлдыздар жарқырап тұр. Көкке қарап отырып тағы да ойға кетті. Солтүстік жақта бір топ жұлдыз бомба тастайтын алып самолетке ұқсайды екен. Соны көргенде жүрегі дір ете қалды. Тесіліп қарады, зерделей қарады. Қараған сайын жұлдыздар айқындала берді, айқындала берді. Бір қанаты сәл көтеріңкі, бір қанаты салбыраңқы, қиялап

төніп келеді. «Дыбыстан жылдам ұшақтардың қанаты осындай жалпақ болушы еді». Бомба тастауға келеді. Бомба... Жақындап қалды. Енді, гүрілдеген үрейлі даусы да естіліп қалар. Сол сәтте анау жел улеген жұрдай үйде ұйықтап жатқан өзімен аттас қарт есіне түсті. Шалдың ұлы, шалдың келіні, сөйлеуік кемпір... «Сорлы-ай, сорлы-ай, сорлы-ай!» деп отырып көзі ілініп кетті.

— Ә,-ә, бәрекелді! Мықтымның өзі мұнда отыр ғой! — деген Тұрардың даусын естіп, бір-ақ оянды. Анадай жерде, аяғын алшаң жіберіп, тон киген Тұрар тұр. Үнінде кекесін бар. Танабай жалма-жан қарғып тұрып, ыржалақтап күліп, Тұрарға қарай жүре беріп еді, анау:

— Ой, мықтым! — деп тағы да мырс етті де, ары бұрылып кетті. — Айда, көрсетейін, не істегенінді!

Кінәлі адамдай қалбалақтап соңына ерді. Өзінен-өзі ыржалақтап күле береді. Сасқаны!

Қорадан мал тегіс шығарылыпты. Әудем жерде, далада шоғырланып тұр. Қамыс қораның ық жағында Танабай қарт, Қызтумас кемпір, Жауһаз үшеуі, шарт буынып киініп алған, жерге шұқшия қарасып қалыпты. Жете беріп жігіттің байқағаны: үш саулықты қасқыр жарып кетіпті. Үшеуі қораның үш бұрышында, іштері қампиып, қатып жатыр. Өзіне тақау біреуінің көзі қып-қызыл боп шарасынан шығып кеткен екен. Қампиған іші қыбыр ете қалғандай болды. Жігіт, жынды адамдай ыржиған қалпы жалт бұрыла бергенде, көзі Танабай қарттың көздерімен ұшыраса кетті. Сұп-суық. Қарттың қолында кішкентай ғана шыбығы бар екен, соны жерге лақтырып жіберді де, жай бұрылып, аяндап жүре берді. Жігіт масқара болғанын сонда білді.

* * *

Теп-тегіс, жап-жазық дала. Мұхиттай көгілдір, мұхиттай тұңғиық аспан. Оқшау-оқшау қалқыған жардай-жардай ақшыл бұлт; мұхитта жүзген айсберг сияқты. Далада шек жоқ. Жүре берсең, жүре бересің. Жүрісің өнбейді. Талай жер өткендейсің, талай уақыт өткендей, енді айналып қарасаң, әлі сол орыннан ұзай алмапсың. Дала. Таптаза. Суық таза. Рокуэлл Кенттің қылқаламынан шыққандай.

Әкелі-балалы Танабай — Тұрардың малды көші Көделідегі жылы қорасына төрт күн дегенде әрең жетті. Күн жауып кету, қар жауып кету қаупі сағат сайын төнді

де тұрды. Жолшыбай малдың алды бірен-саран төлдей де бастаған. Көш жіті жүріп келеді. Үйлердің жүгін Бақырауықшал мен Аққызға бөліп теңдеп, Сарықыз бен Ынжықбикені босатып алған. Солардың үстіне жылы киізден қуыс қом тартып, жас төлді сонда артып келеді. Төрт күн бойғы жолда үйелмен бір-біріне ләм деп тіл қатудан қалған. Барлық бұйрық, өтініш қас-қабақпен айтылып, үнсіз істеледі. Бәрі жаттаулы, бәрі түсінікті. Жігіт Танабай да іске араласқысы келеді. Араласып та қалады. Түйе жетектейді. Төл алысатын сияқты. Үйелмен бұған салқын ба, қалай. Бармысың, жоқпысың демейтін сияқты. Тек ертенді-кеш ас үстінде ғана, «ал, же, іш» дегендей ілтифат білдіріседі. Жігіт қысылып, булығып жүрді де, үшінші күні кеш алдында, көш соңында малмен келе жатқан Танабай картқа бұрылып келіп, шешімін айтты. Құйрық-жалы келте, аяқ-мойны, бар бітімі келте, доғал Танабайторымен аяндап келе жатқан қарттың еңселі сұрқы тым суықтау екен. Жігіт жанаса беріп, үндемей қалды да, біраз қатар жүріп келіп, сөз бастады.

– Ата, – деп бір тоқтады ол. Қарт үндеген жоқ. Бұрылып қараған да жоқ. Жігіт: – Менің сізге айтар сырым бар еді, – деді. Қоңырқай дауыспен ұстамды сөйледі. Өз шамасына қарай картпен карттарша, қазақтың мақалды, мәтелді тілімен сөйлеспек. Сондағы айтқаны: «Ата, менің сізге айтар бір сырым бар еді. Сырымды айтпас бұрын, шынымды айтайын! Мен сізге ә дегеннен жалған айта келіп ем. «Мен жетіммін, сізге қолқанат болам, ұлыңыздай ұл болам» деп ем. Мен жетім емес едім, мен бір қызық қуған қу едім... Азын-аулақ дәмдес болдық... – Жігіттің қызыл сөзі осымен таусылып, біраз аңырып қалды да, сөз түйінін келте қайырды. – Вообщем, бір сөзбен айтқанда, мен Сізге жарамаймын, сондықтан кетемін!» – деді. Қарт үндеген жоқ. Жай бұрылып жігітке бір сынай қарады да, ештеңе айтпады. Жігіт қипақтап біраз ілесті де, «ал, жақсы!» деп атын тебініп қалды.

Жігіттің шешімін Тұрар да, Қызтумас та, Жауһаз да таңырқаса қарсы алды. Тұрар, бір мырс етіп: «Өзің қызық жігіт екенсің ғой! Қой, ондайды!» деген, кемпір күйіп-пісіп шырылдады да қалды. «О несі, түге, қайдағы жоқты айтып! Жараспаймын, жарамаймын!» деген не сұмдық, тағы! Анасынан қойшы боп туған кімді көріп ең, түге?!» деп жатыр. Жауһаз қой соңында қозы алып жүрген. Танабай: «Ал, Жауһаз, хош бол, мен кетіп барамын!» дегенде келіншек бұ

сөзді қалжың деп ұғып: «Е, барсаң жолың болсын!» деген. Соңынан шын екеніне көзі жеткенде, не дерін білмей, аңырып тұрып қалды.

– Сондай да бола ма екен! – деп жігітке қимастай қарап біраз тұрды да: – Тым құрымаса, айтып кетсеңші: қайда барасың? – деді.

Жігіт: «Өзім де білмеймін!» дегенде, Жауһаз жылап жібере жаздады.

– Сондай да бола ма екен! Сондай да бола ма екен!

Жігіт те кенет толқып кетіп, беті ауған жаққа желе жөнелді.

Не болғанын білмеді. Былай шыға қасқа дөненге қамшы басты кеп, басты кеп. Ұшқыр дөнен ышқына шауып жүйткіп берді. Не жазығым бар еді, шап десең, ал шабайын, сонда не болды дегендей, көзі шатынап, жөнсіз-жосықсыз шаба берді, шаба берді.

Көп жыласа керек. Неге екенін білмейді. Кебе бастаған көз жасының жолақтары бетін айқыш-ұйқыш жыбырлатып барады. Қолының сыртымен көзін уқалап тұр. Тас түнек түн екен. Қасқа дөнені тоқтап қалыпты. Ыңқ-ыңқ етеді. Тердің лебі келеді. Бұ қай жер? Қалта фонарын жағып көріп еді, тас қораның алдында тұр. Жаңа қора болса керек, кішкентай-кішкентай терезелерінің жақтауы аппақ, жаңа жонылған. Үп-ұзын, шифермен жабылған. Анадайда қойшыға арналған ағаш үй тұр. Иесіз үй сияқты. Жақтаусыз үш терезесі үңірейіп қарауытады. Есігі жаңа жонылған, аппақ. Сыртынан сымтемірмен іле салыпты. Қасқа дөненді қаңтарып қойып, жігіт үйге кірді. Екі бөлмелі екен. Қаңырап бос тұр. Едені де жаңа жонылған, аппақ. Бұрышқа отыра кетті.

Қалғып кеткен екен, қасқа құнан кісінеп оятып жіберді. Жер солқылдап барады. Үйдің дәл асты солқылдап барады. «Бұ не сұмдық?» деп атып тұрып, терезеге ұмтылды. Тұра қашпақ болса керек. Жалма-жан, қалтасынан фонарын алып, жағып қалып еді – зәресі ұшты. Мыңдаған бір көгілдір от шоғыры жарқ-жұрқ ете қалды. Жер астынан шыққан гүріл, енді тап қасынан шықты. Жылқы екен. Фонарь отынан шошынып, осқырынып, пыскырынып, кісінеп қалып дүркірей шапты. Көп екен, дүркірей шауып өтіп кетті. Ең соңынан өткен жылқышы қора жаққа бұрылып қараған да жоқ. Бұ неғылған от, иесіз қорада жалғыз жүрген кім деп таң қалмай ма!

Енді жүрегі орнығып, жылы бұрышына енді жайғаса

бергенінде інген түйенің мыңқ-мыңқ ете қалғаны естілді. Тағы біреулер келе жатқанын біліп, далаға шықты. Жауһаз екен. Жігітті көріп ол да таң қалған жоқ.

— Жылқыға фонарь жаққан сен екеніңді біліп ем, — деді де қойды. Сүйтті де үндемей жүріп түйелерін шөгерді. Қозыларды әкелген екен. Соларын тасып үйге кіргізді. Танабай жарық түсіріп тұрды.

— Атам... Бүгін түнде қар жауады деген соң, жас төлді осында әкелдім. Күн суып барады, озып жүре бер!.. Қораға жетіп, от жағып, таң атқанша жылытып отыр, — деді атам...

Екеуі от жақты. Жауһаз екі-үш тезекті қалап орындық жасап алыпты. Пештің алдында отыр. Пештегі оттың сәулесі жүзінде ойнайды. Үй жылына бастаған. Жауһаз күпәйкесін, түбіт орамалын шешті. Кеудесін қысқан тар қара барқыт көкірекшесі бар екен. Белін қынап тұр. Юбкесі отырғанда тартылып, ақ жұмыр әдемі тізесін көрсетеді екен. Қонышы тар қара етік, толықша келген әдемі балтыр. Көз анау — көк жалын лапылдап ойнап тұрған. Шаш анау — қобырап шашылып, ақ бетін көлеңкелеп тұрған. Ерін анау, оттың алауына алаулап, ашыла түсіп, ақ тістерді жалаңаштап тұрған! Үй мынау — оңаша. Кенет бір ой келіп, жігіт жүрегі лүпілдеп кетті. Тесіле қарап қалған, келіншек қымсынып, сәл көлденеңдеп бұрылып отырды. Танабай да қысылып, далаға шығып кетті. Бірақ мазасы қалмады. Өзін-өзі жұбатпақ болып еді, қайда! Көңіл жүйрік қой, бағана қоштасарда Жауһаздың жыларман боп қалғаны есіне сап ете түсті. «Ол маған ғашық! Ол маған ғашық боп қалған ғой!» деп түйді ол. Түйді де, үйге кірді. Кірді де, Жауһазға қайта жұтына қарады. Отыр. Сол қалпы. От алдында албырап отыр. Көз — анау, шаш — анау, ерін — анау, тізе, балтыр — анау!

— Түн ұзақ қой, сен ұйықтай бер, — деді келіншек. Жігіт үндемеді.

— Ерте кетіп ең, көп ұзамапсың ғой, — деді келіншек. Жігіт үндемеді. «Шіркін, — деп ойлады ол, — Жауһаз қалада болар ма еді, джаз ойнап тұрса, биге шақырсам... бұралып шықса... төсіне төсті тақап... Оңай болар еді!»

— Жауһаз, — деді ол.

— Ау...

— Билей білесің бе?

— Ол не?

— Билейікші!

Жауһаз мырс күлді де қойды.

– Билейікші деймін!

Тұрып, қасына барып еді, үндемеді.

– Шын айтам, билейікші! – дей беріп, еңкейіп кеп жыпжылы қолтығының астына қол салды. Жауһазда үн жоқ. «Е, болды ендеше», деп ойлап та үлгерді жігіт, қолы да сүйреленде деп төмен жылжи берді. Жауһаз сұп-сұр боп кетті. Үндемеуі мен сұрлануын жігіт өзінше жорыды. Жорыды да: «Бітті, ендеше!» деді. Дәл со кезде келіншек жігіттің қолын сарт еткізіп қағып жіберіп, ұшып тұрды. Бұндайды жігіт күткен жоқ еді, абыржып қалды. Жауһаз белі сәл бүгіліңкіреп кеткен, көзін сығырайта қарап, кекесін күлкімен мырс етті де:

– О-ой, сор-лы! – деді. Бар айтқаны сол. Жігіт далаға шықты да, қасқа дөненіне мініп, жүріп кетті.

Енді ол ашуланған да жоқ. Кешегідей шапқан да жоқ. Өзін кінәлап, ұрысқан да жоқ. Асықпай ілбіп келеді. Қасқа дөнені әбден болдырыпты. Аяғын әрең алады. Ақ көбік термен ұйысып, жүні қатып, бұйраланып, мүйізденіп қалыпты. Соны алақанымен сипап, тегістеп келеді. Бір кезде аспанға көзі түсіп еді, ап-ашық екен. Жұлдыздар самсап тұр. «Қар жауады деп, шалым қателескен екен ғой» деп ойлап қойды. Аспаннан әнеугі алып бомбалағыш ұшақ сияқты жұлдыз шоғырын іздеді. Таба алмады. Әбден іздеді. Таба алмады. Аттың ұйысқан жалын тарауға кірісті. Құнанның жалы жүйесімен жатты ма екен, көрейін деп, қалта фонарын жаға беріп, аңырып тұрып қалды. Жаңа әзірде ғана қара көк аспанның лезде құты қашып, бозарып сала берді де, бір емес, аспанның бірнеше жерінен қым-қиғаш ұшып бара жатқан үлкенді-кішілі бомбалағыш ұшақтар шыға келді. Жұлдыз шоғырларынан құралған күміс қанат бомбалағыш ұшақтар. Түстері суық. Құпия сырлы. Қуқыл аспан безеріп тұр. «Бомбалағыш ұшақтар, нағыз бомбалағыш ұшақтар!» деп ойлады жігіт. Оның есіне Танабай карт түсті.

Таң алдында алдынан тағы бір қора кездесіп, соған қонған. Күн шыға оянды. Далаға шықты. Аспан ашық, жайнап тұр. Көктем иісі аңқиды. Алыста, түстік жақта түйелі көш кетіп барады екен. Жігіт Танабай үйелменін таныды. Көш соңынан ұзақ қарап тұрып қалды.

Сол күні кешке тобықтан қар жауды.

КЕЛІН

Бұрын мұндайды білмейтін. Күндері көңілді-ақ өтуші еді. Таң сәріден жата-жатқанша тіршілік қамы, ойлануға мұрша да жоқ-тын. Сиыр сауып, қаз, үйрекке жем шашудан басталып, шай қайнату, қора-жай тазарту, тағы да шай қайнату, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ күйбеңімен жалғасып барып, кеште тағы да мал қамы, қора-қопсы, шай қайнату, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ күйбеңімен бітетін күндер шұбырып өтіп жататын. Күйеуі аудан, қалаға кеткен мезетте дүкенге де өзі ие. Сауда-саттыққа тап-тұйнақтай, түбін түсіреді. «Айналайын келін, ананы бере тұр, мынаны бере тұр, ақшасын кейін аларсың» дейтін несиеге аяғын аттап баспайды, қазақшылыққа қаны қас. Ашуланса, орысшалап жіберетіні бар. Сондықтан жұрт оны «орыс келін», «особый келін» атап кеткен.

Мал соңында өткен бейнетті жыл әбден мезі қылған. Үлкен ауылға көшіп келгелі жаны жай тапты. Үйлері бес бөлмелі, шифер төбелі. Ауылдың шығыс шетінде. Сұлтанның үйінен кейінгі екінші үй. Өзен жағасында. Қаз-үйрек, ұсақ малға маза. Шарбақтары кең. Жоңышқа еккен. Үш жылдық дөнен теректер самсап тұр. Рақат.

Бұрын мұндайды білмейтін. Соңғы күндері кеш батса көңілі құлазитынды шығарды. Үйрек-қазды айдап келем деп желеулетіп, өзен жағасына кетіп қалады. Ауылдың батысында тау, қарасаң, көңілің тұйыққа тірелгендей болады; ауылдың шығысында, өзеннің арғы беті — дала. Қызылша егілген тақтайдан тегіс алқап. Одан әрі тас жол, темір жол. Дала белін қос белбеулеп буып тастаған сияқты. Одан әрі тағы да дала. Кете береді, кете береді. Жүре берсең, жүре берсең — құм. Мойынқұм. Одан әрі Бетпаққа шығып кетесің.

Күн батарда ең алдымен шығыс жақ шаңытып қарауытады. Сосын көлеңкелер ұзара береді, ұзара береді. Еңкейіп барып су ішіп жатқан әлдекімнің қара сүлдері тәрізді. Толқынға ілесіп, кейде қалтылдап кете ме, қалай.

Шілде сілемі, су әбден тартылған кез. Өзенді кешіп өтсең, кеуденнен сәл-ақ асар еді. Қызылшаны аралап барып, түу сонау далаға шығып кеткің келеді. Кете берсе, кете берсе. Өйтуге болмайды. Үйге қайту керек. Қайтуға зауқы жоқ. Жарқабақта әлі де болса тұра тұрады. Көлеңкесіне қарады. Ұзара түскен. Өзеннің арғы жиегіне жетіпті. Ендігі бір әзірде сынып-сынып, қара жыландай

ирелендеп барып қарсы қабаққа шығады. Шығады да, ғайып болады. Күн біржолата батқаны.

Күн батысымен ауыл жақ ыңғ-жыңғ шуға толады: мөңіреген, маңыраған, боздаған мал үні, үрген ит, шулаған бала-шаға, қатын-қалаш, клуб маңында сампылдаған радио. Қараңғы түсіп, көше-көше бойындағы шамдар самсап жанған, салқын самал еседі. Сызылып шығып аккордеон үні келеді құлаққа. Көңіл құлази түседі. Жүрегің ісініп, кеудеге сыймай кетеді. Өзеннің арғы бетіне шығып, жүре берсе, жүре берсе. Өйтуге болмайды. Үйге қайту керек.

Жауһаз күрсінді. Кешкі елең-аланда ауыл ми далада адасып қалған сәби іспетті, келіншектің жаны ашиды.

Ауыл жақтан оқыс үн естілді. Айқай-шу. Еркектер үні екен. Боқтаса ма, қалай. Жауһаз елең етті. Айқай-шу жақындай берді де, тына қалды. Әлдебіреулер күңкілдеп, гүж-гүж етеді. Ерегісе ме, басу айта ма екен.

Жауһаз ауылға қарай жүгірді. Өз үйінің маңдайшасындағы шам жанды, үйге біреу келгені ғой. Тұрар шығар. Ата-енесі Көделіде, олар келе қоймаған болар. Үй маңында біреулер дабырласып жүр. Дарбаза ашық тұр екен. Ауладан:

— Ойбай құдай! Не сұмдыққа тап қылдың, құдай! — деген зар естіліп қалды. «Бұ не тағы!» деп Жауһаз ентелей жүгірді.

Зарлап жүрген енесі Қызтумас екен. Жауһазды көре сала:

— Жаңа ғана келіп ем, бұ не сұмдық, ойбай! Айлы-күн аманшылықта, ойбай, бұ не сұмдық, ойбай! — деп еңіреп келініне қарай тұра ұмтылды. — Қайда жүрсің қаңғырып, ойбай, мына сорлыны өлтіріпті ғой, ойбай! — деп әндетіп жылайды.

Бес-алты еркек жан-жағынан қаумалап, сүйемелдеп, Тұрарды машинаға мінгізіп жатыр. Тұрардың басы таңулы. Сол қолымен кеудесін басып:

— Уһ, уһ! — дей береді.

Жауһаз шошып кетті. Сасқаны болар:

— Бұ не сұмдық! — деп күйеуіне қарай ұмтыла түсіп еді:

— Кәні, келін қарағым, былайырақ тұр! — деп еркектердің бірі шынтағымен қағып, шегіндіріп тастады. Қызтумас зарлап тұр.

— Жеткізе көріндер, ойбай. Айлы-күн аманшылықта, ойбай, бұ не сұмдық, ойбай!

– Жә, апа, қойсаңызшы енді. Ештеңе жоқ. Ер жігіт... Не етер дейсіз. Қалаға апарып, басын дәрілетіп, жөндеп таңдырып, қайтып әкелеміз. Жә, бұнысы несі, зарлап! – деп еркектердің бірі кемпірге жекіп тастады.

Кемпір тыйылып қалған.

* * *

«Басын дәрілетіп, жөндеп таңдырып, қайтып әкелеміз» деген Тұрар қаладағы ауруханада он шақты күн жатып қалды. Басы жарылыпты. Кеуде сүйектеріне де зақым келіпті. Өкпесі қысылып, алқынып қала беретін көрінеді. Жауһаз барып жолығып еді, соқталдай, тіп-тік жүретін өр көкірек мінез жігіт, сұп-сұр боп, көзі шұңірейіп, белі бүгіліп қалыпты. Аурухана қорасындағы көлеңкеде көк халат киіп отыр екен. Келіншектің жаны ашып, жүрегі елжіреп қайтқан. Бірақ жүрек сыздатқан және бір күңгірт сезім де тапқан. Ол не, алғаш айқын аңғара алмаған.

– Жұрт сан саққа жүгіртіп жүр ғой. Қалай болды өзі, айтшы, – деп еді келіншек.

– Не болушы еді! Өзі бір ит екен! – деді Тұрар. Сөйседі де ашудан булығып біраз отырып барып, әйеліне болған істі баяндап берді: Концертке әзірленеміз деп шақыртқан соң барсам... Бұрыннан естіп жүргем, біз туралы пьеса қойып жатыр деп. Ыза боп жүргем. Біздің малды тастап, дүкен ұстағанымызды, «Волга» сатып алғанымызды мазақтайтын көрінеді... Соныңды қой, тыйыл деп айтым ем...

– Сен өзің бірінші ұрыпсың ғой...

– Өй, ұрғам жоқ. Ұмтыла бергем...

– Бір ұрғанда еденге құлап түскенің рас па?

– Рас. Жүлік екен. Детдомда өскен жетім... Оның ондай боксер екенін кім білген.

– Мейлі, құрысыншы... Апам айтады, ұрғаны рас деп іспрәвке ала келсін дейді. – Жауһаз сәл сұрланып кетті де: – Соттау керек ол итті! – деді. Деді де өзі қысылып қалды. Бұл – оның өзі емес, ата-ененің де сөзі емес, жанашыр туыстардың сөзі.

Тұрармен жолыққан соң іші әлем-жәлем болып қайтқан. Үйге келген соң, күні бойы іштей «атам аттас жігітті» қарғап-сілеп жүрді. «Бұзақы, жалаң аяқ» деп қояды, «көзіме бір түссе екен, бетін тырнап алар ем» деп қояды.

Сері Сұлтан бұлардың көршісі. Танабай соның үйінде жүреді. «Үйіне барсам ба екен. Неге өйттің. Не деген бұзықсың» деп айтсам ба екен деп талай толғанды. Бірақ барма-

ды. Күн бата, ел орынға отыра сырнай тартатын Танабайдың әдеті. Бүгін де сызылтып бастап, «Зәурешті» қайтақайта ойнай берді. Жауһаз үйде жалғыз еді. Енесі Көделіге кеткен. «Ә, бәле, ұялмай, музыкалауын қарашы!» деп кіжініп біраз тұрды да, үйге кірді. Қараңғы бөлмеде терезе алдына стол қойып, сері Сұлтанның үйі жағына қарап қапты.

Сұлтанның есік алды жаланаш. Кірпіштен тақ жасап алып, Танабай сонда жайғасқан. Сырнайын аямай созғылап безілдетіп, балқып отыр. «Ө-ө, пәле! Безілдеуін!» «Зәурештен» кейін Огинскийдің «Полонезін» тартады. Сосын «Қарлығаш». Жауһаз оның не тартатынын біледі. Бірақ әр әнді әр күні әр түрлі ғып, алуан-алуан құбылтып тартады. Жауһаз өзін ұмытады. Сол қылығына өзі мән бере бермейді де. Бүгін сиыр сауусыз, қой-қозы бөлусіз, дарбаза ашық қалған. Түннің бір мезгіліне дейін осылай қараңғы бөлмеде сүттей жарық далаға қарап, сызылған әнге елтіп отырды. Тағы да көңілі құлази түсті. Ай нұры көгілдір, дала аппақ күмістей. Сонау жазираға шығып кетер ме еді. Жүре берсе, жүре берсе.

Өйтуге болмайды. Жату керек. Таңертең ерте тұру керек. Сағат он екі бопты. «Дәу атамның көк есегі ақырды ғой. Жануар сағат десе болғандай, қателеспейді. Енді әзірде Танабай да қояды. Талып, шаршап қоятын шығар. Жату керек. Жату керек».

Жауһаз жатып қалды. Танабайдың үйіне барып, «Бұзақы, жалаң аяқ!» деп айтпақ еді. Бетін тырнап алмақ еді. Ұмытып кетті. Огинскийдің «Полонезін» көңілінде қайталап жатып, ұйықтап кетті.

Келесі күні тағы да таң сәріден тұру, сиыр сауу, мал өргізу, үйрек-қазға жем себу, шай қайнату, дүкен ашу, қора-қопсыны тазалау, малды қарсы алу. «Бәлем, сені ме, кешке болсын. Үйіңе барып, бетіңді тырнайтын шығармын» деп жүрген. «Сырнайын құшақтап есік алдына шықсын, сонда барармын» деген. Бірақ жігіт бүгін далаға шықпады. Сырнай тартпады. Сері Сұлтанның үйінде бүгін шам да жанбады. Қараңғы бөлмеде, терезе алдына отырып алып, Жауһаз оны күтті. Ары отырды, бері отырды. Жігіт шықпады, сөйтіп отырғанда Дәу атаның көк есегі ақырды. Түн жарымы. Жату керек. Ертең болсын.

Ертеңіне, «Ойбай, не дейсің, дарақы Қонысбай әлгі жетімек жігітті айырлап тастапты. Жиені үшін кек алғаны болар. Анау да Қонысбайды оңдырмапты. Бөкістеп-

бөкістеп итін шығарыпты. Екеуі де бәлнисаға түсіпті» деген хабар дүңк ете қалған. Рас екен. Қонысбайды қалаға ауруханаға әкетіпті. Танабай ешқайда бармай, үйінде жатып қалыпты. Қабырғасын айыр тесіп кеткен көрінеді.

Бірнеше күн өтті. Жауһаз үйде отыра алмады. Кеш болса малды жайғастырып, өзен бойын жағалап жүргені. Көңілі алаң. Ұшы-қиырсыз даладан, көкжиектен көз алмайды. Түн қапасына батып бара жатқан ауылға қараса, жаны ашиды. Айдалада, түнекте адасып қалған сәбиге ұқсатады.

Сөйтіп жүргенде бір күні кешқұрым Жауһаз өзен бойлап ауылдан аса бір алыстап кеткен кез еді, кенет құлағына Огинскийдің «Полонезі» шалынды. Жақын бір маңайда әлдекім ысқырық салып отырса керек. Ә дегенде шошып қалған. Сөйтсе жарқабақтың астында Танабай отырыпты. Екі тізесін құшақтап алған. Бар дүниені ұмытқан. Өзімен-өзі.

«Әй, шіркіннің отырысын қара!» Әнеукүнгі ашуы Жауһаздың есіне түсті. Бойы қалтырап кеткен.

— Өй шіркіннің отырысын! — деп қалды. Жігіт жалт бұрылды. Таң қалған жоқ.

— Е, отырса несі бар?

«Рас-ау, отырса несі бар? — деп ойлады келіншек, — мен де қызықпын». Солай ойлауын ойлағанмен:

— Өзің бір бұзақы екенсің! — деген сөздің аузынан шығып кеткенін өзі де байқамай қалған-тұғын.

Танабай жатып кеп күлсін. Ішек-сілесі қатқанша күлсін кеп. Отырған жерінде аунап түсіп, ішін басып күлсін кеп.

Жауһаз сасып тұр.

— Ойбай. Онысы несі екен? Несіне күледі? — дей береді. Танабай күліп болып, көзін сүртті де:

— Жауһаз-ай, саған ондай болу жараспайды! — деді.— Отыршы өзің.

Келіншек отыра кетті.

— Қандай болу жараспайды?

Жігіт жауап бермеді. Біраз үнсіз отырды да:

— Сен ондай адам емессің ғой, — деді. Үнінде бір жылылық бар, өзімсіну бар. — Одан да алақанынды әкел. Мен саған бал ашып берейін!

Бұл сөз, бұл қылық Жауһаз күтпеген сөз, Жауһаз күтпеген қылық. Сондықтан да абыржып қалған келіншек:

— Онысы несі? — деп алақанын соза берді.

Танабай көңілді екен. Мінезі ойнақы. Қараңғы түсе

бастаған шақ болса да күлімдеген көзі анық байқалады. Алақаны кіп-кішкентай. Саусақтары сүйріктей. Жігіт:

– Бал ашып берейін, кәне! – деп қояды. Келіншектің көзіне бір қарап, алақанына бір қарап қутыңдап отырды да:

– М... м... Сен орыс арасында өсіпсің, рас па? – деді.

– Рас. Оны қайдан білдің?

– Білем ғой. М...м... Сен әке-шешеден ерте айрылыпсың рас па?

– Рас. Оны қайдан білдің?

– Алақаның айтат та... М...м... Сен жақын ағайынның... Тоқта, тоқта... тіпті, өз ағаң ба екен, әлде соның қолында өсіпсің, рас па?

– Рас.

– М...м... Жеңгеңмен бірде тату, бірде араз жүріпсің, рас па?

– Рас.

– М...м... Сен оныншы бітіре алмай... бітірмей... Техникумда ма, әлде училищеде ме оқыпсың, рас па?

– Рас. Педучилищеде оқыған...

– М... м... Бірақ оны да бітірмепсің ғой. Рас па?

– Рас.

Жігіт қарқылдап күліп жіберді.

– Осыған дейін бәрін жобамен айтып отырмын. Қалай дәл шығады, ә! – Тағы да қарқылдай күлді. Күлкісі әдемі екен. Тістері аппақ. Ірі-ірі. Еріндері қандай? Беті жыпжылмағай. Қысқа кекілін маңдайына қиғаш тастапты. Көзі күлімдеп тұр. «Бір бәле бала екен» деп ойлап қойды Жауһаз. Жігіт әлі бал ашып отыр.

– Сен жас күнінде кітапты көп оқыпсың... «Евгений Онегинді» құдай ақына, жатқа білесің... Рас па?

– Жоқ. Оқыганым рас. Жатқа білмеймін, бірақ...

– Шіркін, Онегиндей жігітім болса деп қой, талай армандадың... Рас па?

– Рас. Оны қайдан білдің? – Келіншек төмен қарады. Мойындағаны. Танабай оның қолын жібере салды.

– Оның несін жасырасың, – деді. Үні шыншыл. Сабырлы. Әлгідегі ойнақылық жоқ. – Сен бар ғой.... Осы өмірден бақыт таппайсың...

Келіншек шошып кетті.

– Неге олай дейсің?

– Өзіме қарап айтам... Мен де қиялшылмын. Көп ойланам. Ондай адам бақытты болмайды.

Жауһаз сылқылдап күлді.

— Қызық екенсің ғой!..

— Күл. Күле бер, Генералыңның дүниеқоңыз екеніне әлі-ақ көзің жетер...

— Қызық бала екенсің өзің...

Екеуі көп сырласты. Танабай өз өмірін, ертегідей құлпыртып айтып берді. Қосыңқырап та жібере ме, қалай. Жауһаздың ішек-сілесін қатырды. Өзі Алдардай қу да боп шықты, Алпамыстай ер де боп шықты, біреулерді аңқау бола қалып соғады екен, әлсіз бола қалып қан қақсатады екен. Қосыңқырап жібере ме, әйтеуір, келіншектің ішек-сілесін қатырды да отырды. Келіншек те там-тұмдап өз өмірінен кей қызық сәттерін айтқан. Қырық төртінші жылы жеті жасында бірінші класқа барыпты. Алыстағы бір стансаға қатынап оқыпты. Үй мен мектеп арасы үш шақырым екен. Ол кезде жер түбі боп көрінген. «Әкем марқұм аяғы сал боп қалған. Домбыра тартып, төрде отырушы еді. Мектепте әр оқушыға екі жүз грамм нан беретін. Соның шетіне тимей үйге алып келетінмін. Сонда әкем марқұм, домбырасын қоя сап: «Өзің неге жемейсің, күнім, үйге тасып қайтесің!» деп мандайымнан иіскеп жылап жіберуші еді. «Өзің же, өзің же» дейтін. Сонда да мен күндегісін күнде шетін мүжімей үйге әкелетінмін». Жігіт келіншектің қолын ұстап алған. Оны өзі де байқамайды. Келіншек те байқамайды. Сөйтіп отырғанда есек ақырды.

— Ойбүй, бетім-ай. Дәу атамның көк сағаты ғой мынау. Он екі бопты ғой! — деп Жауһаз орнынан қарғып тұрды. Танабай көгалда шалқасынан жатыр еді. Келіншектің қолын жібермеді.

— Ой, қойшы! — деді. — Асығып қайда барасың? Бәрібір үйде жалғызсың ғой.

«Рас-ау,— деп ойлады Жауһаз.— Асығып қайда барамын. Отырсам, отырайын».

Қайта отырды. Ойында ештеңе жоқ. Жігітке қарап қапты. Ай тым жарық. Күндізгідей. Жігіт жымиып күлді. Бұл да күлді. Жым-жырт. Бүкіл дүние жым-жырт. Тек бақалар үні ғана естіледі.

Жігіт тағы жымиып қойды.

— Бақалардың неге құрылдайтынын білемісің?

Келіншек күліп, басын шайқады.

— Бақалар, — деді жігіт, — батпақты жерді, лай суды мекендейді. Ал айлы жарық түні ауа сонша мөлдір, сонша таза болады. Сол тазалықты, сол мөлдірді жақтырмай,

шыдай алмай, жарылып кете жаздайды. Бақалар сондықтан бақылдайды!

Келіншек мырс етіп күлді де қойды. Солай-ақ болсын дейтіндей. Жігіт, мойны жаралы болар, мойнын ақ бинтпен байлаған, бәйгеге қосқан құнан сияқты ма, қалай.

Енді екеуі үнсіз қалды. Дүние жым-жырт. Сол тыныштықты өзен гүрілі айқындай түскен. Әр жер, әр жерден гүр-гүр, қор-қор етіп су тартып жатқан оппалар бар. Үні үрейлі. Жарқабақтың көлеңкесі қою, қап-қара боп жылжып, бұларға таяп келеді. Екеуі қатар жатыр. Шалқасынан. Ай тым жарық. Тым төмен. Топ-толық. Қасында бір жұлдыз бар. Әлдебір сұлу келіншектің көз астындағы қара мең сияқты.

– Менің мамам, құдай біледі, сен сияқты болған шығар-ау! – деді Танабай. Үні толғанып тарғыл-тарғыл шықты. Келіншек мырс етті.

– Көрген емеспін деп ең ғой...

– Соны айтам...

Екеуі тағы да үнсіз қалған. Бір кезде келіншек басын көтерді. Жігітке қарап отырды. Отырды-отырды да, мырс етті.

– О, не?

– Қызық! – деді Жауһаз күле түсіп, – Сен бар ғой сондай бір жақын адамым сияқтысың. Тегі... Күйеуім сияқтысың...

Танабай да басын көтере берген. Екеуі бетпе-бет кеп қалды. Екеуінің ыстық демі шарпысып, кенет ұйтқып соққан оқыс сезім құйыны өзге әлемді қаран қылып, екеуін лезде көтеріп кеткендей болды. «Не, бұл не, қалай болғаны сонда?» деп ойланып жатпады.

Екеуі де сөзден қалған.

... Таң қараңғылығында екеуі қол ұстасып үйге бірге қайтты. Біреу көріп қояр-ау, сезіп қояр-ау, бұл не істедік деген екеуінің де ойына кіріп шығар емес. Үйінің қасына келгесін келіншек жігіттің иығына бетін басып бір сәт тұрып қалды да, күрсіне беріп:

– Айналайын! – деді. Деді де, жүгіре барып, ашық дарбазаға кіріп кетті.

Енді ұйықтаудың жөні жоқ. Қазір таң атады. Жауһаз шаруа қамына кірісті. «Апыр-ау, не істеп қойдық! Бұл қалай болғаны?» деген ойында бір толқу болсайшы. Осының бәрі заңды сияқты. Осылай болуға тиісті сияқты. Танабайды есіне алып, қайта-қайта жүрегі елжіреп кетеді. «Айналайын, айналайын» дей береді.

Кемпірдің ойында да түк жоқ, сиырын сауып, қазан астына тезек қалап, үйге беттегені сол еді. Веранда тепкішегінде келінімен қақтығысып қалды. Кемпір: «Үйің күйгір!» деп күңк етті де, шошып кетті. Келінде өң-түс жоқ, күп-ку, қолында қара шабадан, қалшиыпты да қалыпты. Кейін шегіне қашпақтай болған, бірақ жылжуға шамасы келмей, әл-қуаты кетіп, енді біттім, енді құрыдым дегендей, көзі шатынап үркіп тұр. Кемпір де сасып қалып, шегіне берген. Келінінің мына ұсқыны тым оғаш. Бір киер ақ капрон кофтасын, жұқа қара юбкасын, биік өкше туфлиін киіпті. Жолға шыққан сиқы бар. Кемпірдің:

— Өй, үйің күйгір, мұның не? — деуге ғана шамасы келді. Не айтқанын өзі де сезіп тұрған жоқ, тепкішектен түсіп, шегініп барады. Оны да өзі сезбейді. Келінде де үн жоқ, қалшиып әлі тұр. Бір сәт ол жел ұрған жас құрақтай майысып, иіліп, қалтырап кетті. Қолындағы ауыр қара шабадан тепкішекке бір қырымен сарт етті де, екінші қырымен жерге шаншыла түсті. Шабаданның аузы ашылып, киімкешегі шашылып қалғанын көріп, келіншек: «Oh!» дегендей үн шығарды, үн шығарды да ұмтыла беріп, тізерлей құлады. Жалма-жан тұра бермек болып еді, буындары босап, қайта құлады. Екі қолымен жер тіреп, еңбектеп қалды. «Ой! Ой!» деп әлсіз ғана ыңырси береді. Қайта тұрмақ боп, қайта құлады. Кемпір, әлі де түк түсінбеген қалпы:

— Ой, сорлы, өлді-ау, сорлы! — деп мүсіркей шырылдап, келініне көмекке ұмтылды. Онсыз да үлкен көздері шарасынан шығардай, пісте мұрнының танауы делдиіп кеткен. Келінінің қолтығынан демей берді.

— Бұл не пәле? Тағы не пәле? — деп күңкілдеп сөйлейді. Келіні бойын түзеп, тұра берді де, кенет екі алақанымен бетін басып:

— Ой, апатай-ай! — деп зарлы бір үн қатып, солқылдап жылап жіберді. «Апатай-ай» деген үнде соншалықты өзімсіну, іш тарту сияқты сезімнің нышанын аңғарған кемпірде жан қалмады:

— Қалқам-ай, шырағым-ай, не боп қалып еді? Ауырып қалдың ба? Кәне, кірші үйге, жатшы, төсек салып берейін! — деп келінін айналып-толғанып, үйіріле түсті. Енелі-келінді екеуінің бір-біріне жылы сөз айтысқаны да, бір-бірін жақын сезінгені де осы жолы еді. Осы бір сәт қана еді.

Келіншек кеудесін ұстап, алқынып тұрды да, кенет жылауын тыйып:

– Тоқташы, апа, жіберші! Өзім әшейін... – деді көзін қолының сыртымен сүртіп жатып. Сасқаны ма, әлде ұялғаны ма: – Түу, тағы маған не боп кетті?! – деп қызара күліп жіберді. Ұзын кірпіктерінің арасы әлі су-су, ақ көңіл адамға тән жарқын жүзі нұрланып кетті.

– Әшейін, апатай, әшейін! – деп сипақтап тұрды да, күтпеген жерден, жұмсақ үнмен, еркелей сөйлеп: – Кетем, апа! Болды, кетем! – деп салды. Кемпір алғаш түсінбей қалып:

– Кеткені несі? Тәйт әрі, сандалмай! Кір үйге! – деп еді, келіні, түсі бұзылып кеткен:

– Жібер, жібер, кетем! – деп жұлқынып қалып, көшеге қарай тұра жүгірді. Кемпір сасқалақтап, не дерін білмей тұрып қалды. Енді бір сәтте:

– О, қасиетсіз неме! Мынау не дейді? Кеткені несі? Қайда кетеді? О, қасиетсіз неме! – деп келінінің артынан тұра жүгірді. Келіні кемпірдің үнін естіген бойы артына жалт қарады да, тұра қашты. Бірі қашып, бірі қуып, бірі бажылдап айқайлап, бірі жылап, екеуі көрші Сері Сұлтанның үйіне қойып кетті.

Сері Сұлтанның үйінде жан жоқ екен. Келіншек, ашу қысқаннан ба, әлде не істерін білмей сасқаны болар, ай жоқ, шай жоқ, кінәсіз кемпірді үйге кіргізбей кеудесінен итермелеп:

– Кет, кет! Мен саған енді келін болмаймын! Кетші, ойбай! – деп бетпақтанып жылай берді. Жайшылықтағы момын кемпір оқыс бір қимыл жасап, қос бұрымын білегіне орап, тартып, келінін үйіне қарай сүйрей жөнелді.

– Жаман неме! Жексұрын! Қара мұны, көрсетейін мен саған! Келсін ана байың! Қара мұның өнер шығарып!.. Қайда кетпекшісің сонда? Отырған жеріннен су шыққандай, ой, жаман неме! – деп жайшылықта айтпайтын сөздерді айтып жатыр.

Жұрт жиналып қалған.

– Бұларға не болған?

– Жә, қойындар! – деп ажыратпақ болып еді. Кемпір долданып алған, келінін ойбайлатып сүйреген бойы үйіне алып кетті.

Содан келіні ішкі үйдегі құрақ көрпеше үстіне бүк түсіп жатып алып, жыласын кеп, жыласын кеп. Солқ-солқ етеді. Ішегін тартып, жас балаша өксіп-өксіп жылайды.

Кемпір, жау қайтарғандай-ақ ентігіп келіп, терезе алдында орындыққа отыра кеткен. Демін басар-баспастан:

— Ал, кәне, айтшы, бұ не? Қайда қашпақ болдың? — деген. Келіні жауап бермеді. Өксіп-өксіп жылай берді. Кемпір түсінсе бұйырмасын.

— Ау, айтсайшы, тілің байланып қалған ба?

Келіншек бір кезде жылауын қойып, басын көтеріп отырды. Есеңгіреп қалған сияқты.

— Уһ! — деп, кеудесін жара бір күрсінді де, енесіне қарады. Енесіне қарап біраз отырды да:

— Апатай-ай! — деді. — Сізде нем бар?.. Сіз кінәлі емессіз ғой. Баланызды айтам... Мен оны сүймеймін... Сүйген де емеспін... Кетемін, апатай, маған ренжімеңіз!

— Әу, соры қайнаған сорлы-ау, сонда қайда бармақсың? — Кемпір өз сөзіне есеп беріп отырған жоқ. Сұрай салды.

— Сізден несін жасырайын, апатай, мен атам аттас балаға кетем, соны сүйем! — деді келіншек. Кемпір есі кетіп, отырып қалды. Бұл — күтпеген сұмдық. Күтпеген пәле. «Сүйем деген пәле қайдан шығып еді? Ол несі тағы! Құдайым-ау!» Кемпір орындықтан тұра беріп, жоқтау айтқандай, дауыстап қоя берсін. Сұңқылдап кеп жыласын. Өлеңдетіп жыласын.

— Қурап қалған, қу құдай, ойбай! Мына қар не дейді, ойбай?! Сүйдім деген не пәле, ойбай! Масқара болған, құдайым-ау! Масқара қылардай не жазып ем, ойбай!

Кемпір сахнада ойнап тұрған сияқты, лезде жылауын тыя қойып, Сері Сұлтанның үйіне барды. Сыр бермеді. Сері Сұлтан жұмыстан жаңа қайтқан екен. Атын сұрап алды. «Отарға барып келе қояйын деп ем» деді. Түнделетіп Көделіге жүріп кетті. Отар алыс емес, бес-алты-ақ шақырым жер.

Танабай қарт кемпірдің мына жүрісіне таң қалып:

— Иә, неғып жүрсің түнделетіп? — деп еді, Қызтумас жай бір өсек айтқан әйелдей, сыбырлай сөйлеп, келінінің қылығын баяндап берді.

— Сүйдім дей ме, күйдім дей ме! Қайдағы бір пәлені шығарып жатыр.

Танабай қарт кемпіріне сыр берген жоқ. Не сұмдықтың болғанын сезді. Бірақ сабыр сақтай білді.

— Е, е, тәйірі, бала ғой әлі. Көңіліне бірдеңе келген шығар. Жә, дабырламай, үйге қайт. Жас адам, ойына тағы бірдеме кеп, тағы бірдеңе шығарып жүрер... Үйге жалғыз

тастап кеткені несі? Бар, – деді. – Таң атсын, сөйлесерміз.

* * *

Әнеукүні баласын сабап тастапты. «Енді шығарғаны мынау: қап, мына жетімекті-ай!» деп Танабай қарт қатты күйінді. Бірақ сыр бермейді. Аспайды-саспайды. Атына мініп аяндап ауылға келді. Ақсақалдарды жинап, ақылдасты.

Сол жылғы колхоз бастығы Асылбеков деген әпербақандау кісі еді. Шалдар жиналып соған келді. Апандай қабинетінде кепкасын баса киіп отыр екен.

– Е-е, бұл жүрістеріңізге жол болсын. Делегация ма, бұ не? – деп ежірейе қарсы алған. Шалдар жайғасып отырысып, араларындағы ең сыйлы, ең қарты Есейге сөз берісті.

– Қарағым басқарма! – деп бастады Есей. – Себебін сен сұрама, біз айтпалық! Анау Сері Сұлтанның қолындағы жетім жігітті шақыр. Сөйлес. Кетсін. Біздің ауылдан!

– Иә? Бұл не? Ультиматум ба?

Есей басын кекірейтіп ұстайтын, ұзын, арық шал еді. Мына сөзге тағы да кекірейе түсті.

– Қарағым басқарма! – деді әр сөзін нық-нық айтып. – Біздің ауылда сенен бұрын да талай бастық болған. Сен ең соңғысы емессің. Өйтіп үлтім-сүлтіміңді қой, қалқам. Жөндеп сөйлес.

Асылбеков қызарақтап қалды.

– Е, мен не істеппін сіздерге!

Шалдар кезек-кезек, баппен сөйлей отырып, Асылбековке мән-жайды түсіндірді. Танабайдың Тұрары жараланғанын айтты. Басқасын Танабай қарт бұларға да айтпаған-тын. Жетім жігіт бұл ауылдан кетсін. Қалай кетсе өз еркі. Мейлі, қимайды екен, Сұлтан бірге көшсін. Әйтпесе, бөлек, жалғыз кетсін. Болмайды екен, бала сотқа беріледі. Обал. Сондықтан жөнін тапсын.

Сыртын торлаған әңгімені Танабай сезген жоқ. Күндіз қызылша басында, кешкілік клубта жүріп жатты.

Жауһаздың халі басқа еді. Ол үйден қашқан күннің ертеңінде Тұрар ауруханадан қайтқан. Қызтумас кемпір қипалақтап отырып, ұлына болған жайды жеткізді.

– Жын қаққан болар... «Кетем-ші, кетем!» деп көшеге тұра қашып... Сүймеймін дей ме, әйтеуір қайдағы бір пәлені айтады. Қандай кесел келгенін... Масқара қылған-

да, әлгі жетімекке барам, «қалағаным сол!» деп без-без етті емес пе!

Бұл әңгіме ауладағы ағаш сөренің үстінде, оңашада айтылған. Тұрар қайнап кетті. Бірақ ашуын анасынан жасырды.

— Қызық екен! — деп езу тартты да қойды. Күн батар кез еді. Бұл кезде Жауһаз ішкі бөлмеде, сол кешегі құрақ көрпе үстінде әлі тұрмай жатқан. «Сені ме» деп Тұрар ширығып кіріп келген. Бөлме қараңғы екен. Шам жағып жіберді. Төрде Жауһаз жатыр. Ұйықтап жатыр. Шалқасынан. Ерні қып-қызыл, албырап кеткен. Жүзі күлімсіреп жатыр. Қара юбкасы түріліп кеткен. Тұрар абыржып қалды.

— Қап ит-ай! — деп күңк етті де, шамды өшіре салды. Жүрегі тулап, тынысы жиілеп кетті. Шыға жөнелмек еді, тұрып қалды. Терезеге жақындап келіп, аулаға көз тастап еді, шешесін көре алмады. Малды қарсы алуға кеткен тәрізді. Жігіттің екі құлағы шыңылдап барады. Қалай барып, есікті қалай ілгенін өзі байқамаған. Келіншегінің жанына ақырын кеп жамбастай кетті. Оны да өзі байқаған жоқ. Жауһаздың денесі ып-ыстық. Үй де жанып барады. Жігіт келіншегін құшақтап, мойнынан сүйіп еді, келіншегі ыңыранып, кеудесін кере беріп, бұның мойнынан құшақтай алды. Тұрарда ес қалмады. «Апам да қайдағы жоқты быңсытып жүреді!»

Жауһаз оянып кетті. Жұлқынып қалып, сытылып шықты да, анадай жерге тізерлеп барып, шоқиып отырды. Үріккен танадай. Көзі шатынап: «Бұ кім? Не сұмдық?» дегендей.

— Өй, мен ғой! Өзім ғой! — деп Тұрар қайта ұмтыла түскен. Жалынды. Жалбарынды. Жауһаз маңайлатар емес. «Жоқ, жоқ! Аулақ, аулақ!» дей береді. Алысты. Ала алмады. Сосын, қанына қарайып кетті. Манағы шешесі айтқан сыр ойына сап ете қалды.

— А-а, солай ма, қаншық! Басқа бай тапқан екенсің ғой!

Өлімші ғып сабап тастады. Жауһаз ыңыранып, сүйретіліп барып, жүк ағаш пен кереуеттің бұрышына тығылды. Бәтеңке тиген бүйірін екі қолымен басып алған. Ыңырси береді. Әлсіз ғана ыңырси береді. Ештеңе айтпайды. Жалынбайды. Қорғанбайды. Осылай болуға тиісті сияқты-ақ. Шытырлап, шашы жұлынса да, бүйірін баса береді. Тепсе, ыңқ ете қалады. Үн шығармайды. Алдынан

ұрса шалқасынан құлайды. Қайта тұрып алып, еңкейіп, бүйірін баса береді.

Қызтумас кемпір бір сойқан болар-ақ деп, көрші Сұлтан Серінің үйіне кетіп қалған-тын. Жақтасар, араша түсер ешкім болмады; Тұрар әйелі қанға малынып, талып қалғанда бірақ тоқтады. Ішкі бөлмесінің сыртынан құлып салды да, клуб жаққа кетті.

Танабай болса еш нәрседен хабарсыз. Асылбеков Сері Сұлтанды шақырып сөйлескен. Бірақ ауылдан көш деп айтқан жоқ. Танабайды колхоз атынан оқуға жіберелік деген де қойған. Сері Сұлтан оңашада күйіп-пісіп алып, бұл жайды Танабайға айтқанда жігіт: «Е, жарайды, барсам барайын!» деп келісе салды.

Тұрар түннің бір мезгілінде мас боп келді. Келіншегін тағы ұратын еді.

— Қайда әлгі қаншық? — деп келген. Қызтумас кемпір жібермеді. «Әке-көке, сен жақсы, сабыр қыл, айналайын! Таң атсын. Ұйықта» деп әзер басып, ұйықтатып тастады.

Кемпір таң сәріден тұрып ап, Көделіге тартты. «Сұлтанның анау пәлесі тезірек кетсін енді ауылдан, көзге күйік болмай. Тұраржан күйініп өлетін болды. Түнде өлердей мас боп келді. Келінді де өлтірер. Өзі де өлер» деп шалына жалына келді.

Танабай қарт аспай-саспай, атқа мініп, аяндап, ауылға келді. Өлермен болған келінін көріп баласына ұрсып тастады. «Адамның баласы ғой, обал емес пе?!» деді. Келініне жуынып, киімін ауыстыруға кеңес берді. Ақырын аяндап Есейдің үйіне барды. Қымыз ішті. Аталас қарияларды шақыртып алды. Кеңесті. «Сұлтан болса өз адамымыз ғой. Осы елге сіңіп кетті ғой. Танабай бала өзі кетсін. Оқуға кетсін. Асылбеков жетім жігітті осы бір-екі күннің ішінде оқуға жіберсін». Бұл — қарияларды «бюросының» қаулысы. Солай болды да. Колхоз мың сом ақша бөлді. Сұлтан кішкене ғана «домалақ» той жасап, сыр бермей, жыламай-сықтамай жігітті Алматыға аттандырып жіберді.

Танабаймен қоштасуға Тұрар, әрине, барған жоқ. Дүкенін жабар алдында келген біреулермен арақты ішіп-ішіп үйіне мас боп келді. Жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен қызулығы сезілмейді. Бірақ көзі қып-қызыл.

Үйіне келді. Шешесімен отырып шай ішті.

— Ананы шақырсаңшы. Үш күн нәр татпады ғой! — деді шешесі құлыптаулы ішкі үй жаққа иегін көтеріп. Тұрар үндемеді.

— Енді тимей-ақ қой, обал-дағы! — деді шешесі. — Ит те болса, өз жарың ғой. Жастықта не болмайды?

Тұрар ләм демеді. Шай ішіп болып, кесесін төңкерді. Жайлап тұрып барып, ішкі үйдің құлпын ашты. Есікті ішінен іліп алды. Шам жақты.

Терезе алдында бүрісіп отырған Жауһазды көрді. Кеудесінен ғана бір бүрген, кең-мол өзбекше тігілген сары шәйі көйлегі бар-тын. Соны киіпті. Тұрар «ә, не айтасың?» дегендей сынай қарап біраз тұрды. «Иә, сен өзің не айтасың?» дегендей келіншек те тайсалмай біраз қарады да, теріс бұрылып отырды. «Қарашы ей, бұны, теріс қарайды еще!» — деп ойлады Тұрар. Әйелінің қасына барды. Алдына шығып, талтайып тұрды. — Қара бұны, момақансынуын, екі беті аршыған жұмыртқадай боп!» Келіншек тағы бұрыла бермек еді, Тұрар иегін көтеріп, бетін өзіне бұрды. Екі көзі толған ыза: «Өлтірсең де жек көрем. Ал қайтесің!» деп тұр екен. Қаны қайнап кетті, момақан бетті быт-шыт қылмақ боп бір тұрған. Жаны ашыды. Байғұстың ұратын жері қалмаған екен!

— Болғаны рас па? — деді, тістене тұрып сұрады. Келіншекте үн жоқ. Жігіт қайта сұрады.

— Болсын, болмасын, сенің енді онда шаруаң жоқ! — деді Жауһаз. Үш күннен бері тіл қатқаны осы. Тұрар, абыржып, не дерін білмей қалды.

— Неге шаруам жоқ? — дей бергенде, Жауһаз жұлып алғандай:

— Мен сені сүймеймін! Сүйген де емеспін! — деді.

— Сонда сүйгенің кім?

— Ол енді сенің шаруаң емес.

— Неге?

— Сол.

— Сүйгенің анау ма сонда?

— Анау бола ма, басқа ма, ол сенің ісің емес.

— Ойдойт! Мойныңды жұлып алайын ба? Мына ырғайдай мойныңды. — Тұрар келіншегінің ұзын мойнына қол салды.

— Мейлің. Өлтірсең де мейлің.

Тұрар ойланып біраз тұрып қалды. Сосын, мырс етіп күліп қойды.

— Ақымақ! — деді. — Сен мұнда «өлтірсең, өлтір!» деп жаныңды қиып отырсың. Ол болса кетті. Енді ол саған пысқырмас!

Сабырлы үнмен жай ғана айтылған бұл сөз Жауһазға

соққыдай тиді. Өзінің қазіргі мүшкіл халін, алдында тұрған ызалы күйеуін ұмытқандай еді.

– Ол қайда кетті? – деп сұрады. Екеуінің ендігі қалпы жайшылықта бір сөйлесіп отырғандай-ақ.

– Кеткен жоқ. Сағат кешкі ондағы поезбен кетеді.

Жауһаз сұлық отырып қалған. Онсыз да қуқыл беті ұн жаққандай ағарып, түтігіп кетті. Бар бейнесі – жансыз. Көздері де әйнектей – жансыз. Бір кезде қағусыз қалған жансыз екі көздің астынан іркіліп-іркіліп шығып, екі тамшы төмен жылжи бастады. Соңғы екі күн бойы шыққан жас осы ғана. Әлден соң ұзын кірпіктері жыпылықтап кетті де, келіншек, кенет, алдында талтайып тұрған күйеуінің екі санын құшақтай алып, ағыл-тегіл жыласын кеп. Бетін күйеуінің оң жақ санына басып алған.

Ал кеп жыла, ал кеп жыла.

– Айналайын, ағатай! Өмір бойы күңің боп өтейін!.. Табанынды жалап өтейін!.. Сен не десең, сол болсын... Өмір бойы қарыздар болайын! Күңің болайын... Сүйіп өтейін сені!.. Бір айтқанымды істеші. Қазір мені жіберші. Станса басына барайын. Көзімнің қиығымен ғана бір көріп қалайын... Айналайын ағатай, садағаң кетейін... Осы тілегімді орындасаң, өмір бойы күңің боп өтейін... Өмір бойы бір сені сүйіп өтейін... Не жаның қалды, ағатай енді!.. – деп зарлап қоя берді. Тұрар бұлай болар деп ойламаған. Не дерін білмей дел-сал. Жауһаздың қолдарын ажыратып тастап, үйден шығып кетпекші болып еді, келіншек сүйретіліп келіп екі аяғынан құшақтай алды. Жалынып жатыр, жалынып жатыр. Ағыл-тегіл жылайды кеп. Еріндері дір-дір етеді. Қолдары дір-дір етеді.

– Күңің болайын, осы бір тілегімді берші! – деп келіп, бәтеңкесінің үстінен сүйіп-сүйіп алғанда Тұрар шыдай алмады.

– Ал жарайды, жүр. Апарамын. Алыстан көресің де қайтасың! – деді. – Егер, бар ғой, станса басында бірдеңе шығарсаң, табанда бауыздап тастаймын!

Тұрардың да халі хал емес. Өз келіншегін «Волгаға» мінгізіп алып, қалаға, вокзал басына апарды. Не істеп, не қойғанын өзі де біле бермейді. Қызу. Асфальтқа шыққан соң газды басты кеп. Ұшырып келеді. Бірнеше рет қарсы келіп қалған «МАЗ»-дардың астына қарай машинасын бұра салғысы келген. Аянбас еді. Өмір мен өлімнің ортасындағы бір халде отырған.

Екеуі вокзалға келді. Тұрар машинада қалды. Тіпті еріп

кетсе де мейлі дегендей. Қан-сөл жоқ. Баранканы қос қолдап ұстап, сығымдай берді. Жауһаз перронға шықты. Таяп барып Танабайды көрді. Шығарып салушы жора-жолдастарының арасында, сегізінші вагонның алдында тұр екен. «Жолың болсын!» деді келіншек іштей ғана.

Бұл кезде Танабай болса, ойында ештеңе жоқ жолдастарына жымия күліп:

— Сөйтіп, Танабай батыр болашаққа жол тартты! — деп өзін-өзі кекете қалжыңдап тұрған.

Поездың жүруін күтпей Жауһаз машинаға қайта оралды. Түк болмағандай. Келді де күйеуінің қасына отырды.

— Енді мен сенің күнінмін. Рақмет түсінгеніңе! — деп мұрнын тартып қойды.

Қорғасын түстес жаңа «Волга» орнынан атқып кетті.

АУЫЛ ШЕТІНДЕГІ ҮЙ

Жұрт оны бұрын қара қайыс Сұлтан деуші еді. Енді лақабы — Жаман Сұлтан. Көзінше Сері Сұлтан дейді. Өзі естіген күні қатты күйініп, жыларман болған. Келе-келе ақыл тоқтатып, ойлап қараса — жаман аталғанындай-ақ бар екен. «Жұрттікі жөн. Ел аузына қақпақ болармысың. Мейлі» деп жорыды.

Еркебұланмен айтысып, ақыры, өзі жеңіліп тынды. Анау өсіп кетті, қазір колхоз бастығының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары. Шіреп жүр. Бұл болса, құлдилап, сушылықтан бір-ақ шықты. Одан бір көтерілгендей болған, ауылда дүкенге сатушы қойып еді. Екі ай істеді ме, істемеді ме, босап қалды. Ендігі тірлігі сушылық, Қызылша суғарады. Күн-түні ұйқы жоқ. Әлек.

Жұрт сүйгендей қылығы болсайшы. Оны өзі біледі. Көктемде «Сұлтан арақтан өліпті» деп жұртты бір дүрліктіріп, ақыры, өзі күлкі болды. Басқа ауылдың қазақтары бұның «өліп-тірілген» күні: «Әй, иттің қатыны, сөмкем қайда?» дегенін екі жиынның бірінде айтатын көрінеді.

Әкесі Дулат карт: «Ынжықсың!» деп ренжіп, қасына бір жәрдемші бала алып, колхоздың қойын бағып, ол кетті бөлініп. Жалғыз әкесін асырай алмағаны ғой сонда. Бұдан өткен қорлық бар ма?! «Көкөзек» үш жүзден аса түтін екен. Соның бәрі түгел, бірі қалмай шатырлы, әдемі үйлер салып алған. Жатаған ескі үйде отырған жападан-жалғыз Сұлтан ғана. Заман түзу, ақ түйенің қарны жарылып

жатқанда жөнді жай салып ала алмағаны жамандығы емей не?

Осының бәрін ойлап-ойлап, Сұлтан қатты қапа болды. Өзіне қапа болды.

Аспан – тұтасқан бұлт. Айдалада, тоған басында, байламаның суық цементінің үстінде Сұлтан жалғыздан-жалғыз отыр. Ашқарақ маса денесінің ашық жерін тызылдатып талап жеп барады. Мұндайда адам көңілді болушы ма еді. Мұндайда адам өзіне-өзі сүмірейіп көрінеді де.

Мана күн батар алдында өзінің «пөмешнигі» Батырхан деген тоғызыншы бітірген бала екеуі ауылдан он шақты шақырым темір жол астындағы Өгізөлген деген ойпаңдағы отыз гектар қызылшаны суғаруға келген. Атың өшкір, мына каналдан су бұратын темір қақпаның көтеретін бұрандасы тас болып қатып қалыпты. Екі адамға бой беретін емес. Бес-алты жігіт суға түсіп, астынан көтеріп, екі-үш жігіт үстіндегі бұранданы бұрамаса көнбес. Соны колхоз бастыққа айт, адам жіберсін деп Сұлтан торыға мінгізіп, Батырханды ауылға жөнелткен. Сағат он бірлер боп қалды. Батырханнан әлі хабар жоқ.

Жаңа бір әзірде ғана самсап тұрған ауыл оттары селдіреп, қаусап барады. Ел жатар кезде кім келуші еді. Колхоз бастық ауылда болса жақсы, жоқ болса ше. Батырханға кім көнсін. Сұлтанға көмек береміз деп жұлқынып тұрған жан бар ма екен. «Тағы бір сағаттай күтейін, тым құрыса Батырханның өзі келер. Келмесе – кетермін. Өлем бе, түге» деп жорыған.

Түн тымырсық. Қапырық. Масасы құрғыр да талап барады. Аузы-басы, білектері көнектей болған шығар.

«Көнек демекші» деп Сұлтан күбір ете қалды. Табанда көңілі тоза түсіп, жыларман халге келді. Ендігі дерті – қарындасы. Бет-аузы көнектей. Аяқ-қолы добалдай. Жиырмасына дейін үйде отырды. Әке-көке деп, темір жолда істейтін бір жігітке ұзатып еді, тұрақтамады. Жыл жетпей қайтып келді. Екі айдан бері үйде отыр. Қорлық емей, не бұл? Оның тағдыры не болмақ. Көзге шыққан сүйелдей о да бір азап.

Оты жарқылдап, ауылдан бір машина шықты. «Бастық ауылда екен. Көмек жіберген ғой». Сұлтан қуанып тұрып кетті. Бұл – бастықтың Сұлтанды елегені де. Адам деп, қажетті, маңызды деп мән беріп, көмек жібергені де. Елегені. «Әй біздің жаңа бастық жақсы адам өзі. Іскер.

Жағымпаздар жолдан тайдырып жібермесе, тәуір болатын түрі бар» деп бір түйді Сұлтан.

Машина қызылшаны жиектей келіп, тоған басына тоқтады. Әбудің автобусы екен. Екінші бригадаға тіркелген көлік.

Автобуспен төрт-ақ жігіт келіпті. Болыс, Ақбар, Танабай, шофер Әбудің өзі.

Шақыруға кеткен Батырхан қалып қойыпты. Үйлеріне кісі келген екен, әкесі жібермей алып қалыпты. Қуақы тілді Болыс қалжыңдап, кекете келді.

— Сені жұрт Жаман Сұлтан деуші еді, енді мен оған мұртымды кесіп алсаң да сенбеймін. Сен қасиетті екенсіңей. Қатындарымыздың ыстық қойнынан жұлып-жұлып алып, «Сұлтанға көмекке барасың!» деп жіберді-ау! Не деген күш десеңші!

Тоңмойын, бұқакөз Ақбар ызалы екен. Бастықтан қорыққанынан келсе керек.

— Күштінің арты диірмен тартады. Ал, біз саған бағынамыз, не бұйырасың, мықты! — дейді.

Сұлтан машинаның жарығында ыржиып күліп тұр. Не десе, о десін, көмектерін берсе болғаны. Көмекке келген жігіттер құр кетуші ме еді деп, Батырханға екі шыны араақтың ақшасын беріп жіберген.

— Батырхан сендерге ештеңе деген жоқ па? — деп аңдап қана сұрап көріп еді, Танабай шалбарының қалтасынан екі шыныны суырып алды.

— Сұрап тұрғаныңыз мынау болар.

Тоғанның жағасына жайғасып отырып, бесеуі екі шыны араақты бөліп ішті. Даудырлап сөйлеп, қыза бастаған. Сұлтанның өз есебі өзінде. Тез-тез шешінді де байламаның түбіне, суға секіріп түсті.

Түнгі су салқын. Аласа жігіттің алқымынан келеді.

Бірден қалтыратып, тоңдырып жіберді. Сүйте тұрып, көңілді дауыспен жар салып тұр.

— О-ой, шіркін, су қандай жылы-ей! Ыстық па деймін! — деп қояды. Сондағы ойы қызу жігіттер суға тез түссе, байламаны тез ағытып, жұмысын тындырып алса.

Қу жігіттер оның бұл қулығын аңғармасын ба.

— Жаның шықсын, жаның шыққырдың қулығын қарай ғой! — деп Болыс күліп жіберді.

— Сенбесеңдер, міне-міне! — деп Сұлтан сүңгіп-сүңгіп шығады. Сұлтанның көмек бермей кетіп қала ма деп қипақтауы жігіттерге де әсер етіп, ниеттері бұзылып тұр.

Су суық. Түн ортасы. Ішер арағын ішіп алды. Сұлтанның енді берері, сірә, жоқ. Тайып отырса, бастық көп болса ұрсар, ұрсар да қояр.

Танабай:

— Әй, жігіттер, әдейі келген соң, көмектесейік, — деп өзі бірінші шешініп, суға түспесе, басқалар кетіп-ақ қалатындай еді. Басқалар да амалсыз шешіністі. Темір тосқауылды көтеру онша қиын емес екен. Он-он бес минутта іс тынды.

— Сенен жартылық ішетін болдық! — десіп қайтып кетті. Сұлтанның қасында Танабай қалды.

— Ең құрығанда сізге ермек болуға жарармын, — дейді кетие күліп. Сұлтанның іші жылып сала берді. «Осы жігіт — адам болатын жігіт» деп жорыды. Су мол екен. Екеулеп күн шыққанша Өгізөлгенді тегіс суғарып шықты.

Сұлтанның үйі жұтаң. Бар көрпе-жастығы «бөлскай» төсегінің үстінде жиналған. Еденге киіз төсеулі. Киіз үстінен құрақ көрпе. Дастарқан жайып, екеуі шай ішіп отыр. Сұлтанның келіншегі мен қарындасы қызылшаға кеткен. Төрт қызы бақшада. Сұлтанның өзі шай қайнатқан. Өзі шай құйып отыр. Танабай әңгімешіл-ақ екен. Басын бір жағына қисайтып алып, асықпай-саспай, баптанып отырып, әңгімені өрбіткенде, тыңдаушының аузы ашылып қалады. Сұлтан ұйып тыңдайды. Бала өз өмірін сыр етіп айтып шыққан. Жетімдігін айтқан. Туыссыз, жанашырсыз қиын екендігін айтқан. Россия жақта өсіпті. Танабай деген атты өзі қойған. Паспорттағы аты Анатолий көрінеді. Соны айтқан. Ана тілін ұмытып қала жаздапты. Елге келгені өзін қазақ сезінгісі келгені екен. Соны айтқан. Көктемде Танабай картқа екі күн көмекші болып, қой бағу қолынан келмейтініне де көзі жеткен соң, ауылға қайтып, киномеханик болып жүргенін айтқан. Сұлтанның іші жыли түсті. «Қазір» деп далаға шығып кетіп, үш шыны арақ алып келді. Ойы өзі ұнатып қалған жігітті «жақсылап» сыйламақ. «Ішсін, мұндай адамнан немді аяймын» деп жорыған.

— Мына Тұрардың дүкен ұстағаны маған дұрыс болды, — деп даладан күле кірді, — жаңағы өзің айтқан Танабайдың баласын айтам да! Мына, біздің көршідегі үлкен үйді көрдің бе. Сол соның үйі ғой. Күндіз болсын, түнде болсын, барып сүйреп ап келем, арақты айтам да!

Екеуі бірінші шыныны жаңадан аша бергенде екі жігіт сау ете қалды. Бірі — бұқа көз Ақбар. Екіншісі — Еркебұлан.

— Сүйінші сұрай келдік! — деді Еркебұлан есік алдында күле тұрып. Жұтаң үйді көзімен бір шолып өтті. Бұл үйге келгенім Сұлтанға істеген жақсылығым дегендей. Еркелей еркін сөйлейді.

— Кәне жігіттер, отырыңдар, төрге шығыңдар. Келгендерің қандай, келгендерің қандай! — деп Сұлтан қалбалақтады да қалды. Әлгі әзірде ғана колхоз бастығы, ауданға бара жатып, жолшыбай Өгізөлгенге соғыпты, Сұлтанның түндегі ісін көріп, әбден риза болыпты. Қызылша тегіс, мол суарылған екен. Сұлтанды мақтапты. Өзі содан ары ауданға кеткен. Ақбар мен Еркебұлан ауылға тартыпты. Келгендері осы.

— Ал, сүйіншінді әкел! — деп жымиып отыр.

— Бәрі болады, сүйінші де болады, бәрі болады, кәні, шай алыңдар, кәні арақ алыңдар! Ниеттерің қалыс екен, ертеңгі дәмнің үстінен түстіңдер! — деп Сұлтан компаңдап, кәдімгідей қуанып қалды.

Еркебұлан мен Ақбар Сұлтанды құттықтауын құттықтап келсе де, өздерінің бұдан артық екендігін бір сәт те ұмытар емес. «Жаманмен теңеліп қаламыз ба?» деп қорыққандай. Сұлтанның «жамандығын» айтып, көзге шұқи берді, шұқи берді.

— Асырауың кем боп жүр. Әйтпесе сен адам болуың мүмкін. Әлі де асыраса, адам боп кетуің мүмкін! — деп екеуі бір-біріне қарап, ырқ-ырқ күледі. Сұлтан да ақсиып, күле береді. Енді қайтсін, өз үйінде. Қонақ не айтса да көтеру шарт.

— Әй, Сұлтеке, қалай өліп-тірілгеніңді айтшы. О дүниеде не көрдің сонда? — деседі анау екеуі. Деседі де, бір-біріне айтып, мәз боп күліседі. Сұлтан ыржия береді.

— Әй, Сұлтеке! Сіз осы күнде арыз жазуды қойыпсыз ғой. Сол рас па? — деседі.

— Сіздердің еліңіз Бетпақдаланы мекендейтін көрінеді ғой. Сіз бұ жақта неғып жүрсіз!

— Ойбай-ау бұ кісі Ертарғын ғой. Ертарғын да еліне сыймай келіп, қазақты қорғаған жоқ па еді?

— Сонда біздің қамқоршымыз Сұлтекең екен ғой! Жай Сұлтан емес, Сері Сұлтан! — деседі.

— Сұлтеке, қарындасың қайда, қарындасың?

— Қарындасыңды бордақылап, семіртіп жүрмісің? Қашан сатасың енді оны?

— Қарындасын сатып, сосын төрт қызын сатып, Сұлтекең бір байиды әлі!

— Со кезде біз сияқты мүсәпір пақырларды ұмытып кетпе. Қарайласып жүр. Қол ұшын беріп тұр.

— Қараушы ма еді. Ұмытып кетеді. Менсінбей кетеді! — деседі. Деседі де ырқылдап кеп күледі екеуі. Сұлтан ыржалақтай береді. Не десін.

— Е-е, мына екеуің бір-біріңді тауыпсыңдар ғой.

— Апырмай десеңші! Ауылдағы ең бай адам осы! Сұлтан әбден байып алғанша қарайласа тұрғаның жөн ғой!

Танабай мәдениет сарайының бір бөлмесінде жалғыз тұратын. «Ең бай адам» деп отырғандары сол. Танабай да мына екеуі келгелі сөзден тыйылып, өзін ыңғайсыз сезініп отырған. Ол да ыржиып күледі де қояды.

Анау екеуі түске дейін отырды. Айтқандары жаңағы. Үш шыны арақты тауысып, күліп-күліп кетті.

Тап жүрер алдында, Еркебұлан:

— Мына екеуің бір-біріңді дұрыс тапқан екенсіндер! — деді тағы да кекетіп.

Еркебұлан мен Ақбар кетісімен Танабай тықыршып отыра алмады. Орнынан тұрып, терезе алдына барды. Қайта отырды. Қайта тұрды. Тұрды-тұрды да, далаға шықты. Жаңағы екеуінің қылығы, әсіресе Еркебұланның соңғы сөзі бірте-бірте жігіттің намысын қоздырып, шыдатпады. Ызаға булығып, есік алдында арлы-берлі жүріп алды. Сұлтанға ештеңе демеді. Сыр бермеді. «Мыналар дәл уақтылы кетті, әйтпегенде қырғын төбелес болатын еді» деп ойлады. «Қойшы, ақымақтардың сөзі не, өзі не, көңіл бөліп, татымайды» деп өзін-өзі жұбатып та көрді. Болмады. Іші қайнай түсті. Мазақтап кетті, жерлеп кетті. Сонда бұл жаман да, олар жақсы болғаны ғой. «Қап, мына қазақтарды-ай, ә!» деп теңселіп жүріп алды.

Сұлтан: «Үйге кір, ұйықтап, дем алайық» деп еді, жігіт көнбеді. «Рақмет, кетем» деді. Сұлтан онымен ере шықты. Кеңсе жақта шаруасы бар екен.

Мәдениет сарайы ауылдың дәл ортасында. Колхоз кеңсесі соның алдында. Кеңсеге жақындаған сайын Танабайдың денесі түршігіп, тісі-тісіне тимей, қалшылдай бастады.

— Жаңағылардың тезірек кеткені жақсы болды, әйтпегенде сойқан болатын еді! — деді жігіт Сұлтанға. Сұлтан да солар жайлы ойлап келе жатса керек.

— Қайтесің сол... соларды... Қызыл көз бәле емес пе? — деп күрсініп қойды. Жігіт «үйіне» бұрылмай, кеңсеге бұрылды. «Әрине төбелесі құрысын, төбелесі құрысын» дей

берді өзіне-өзі. Табалдырықта тұрып, босоножкасының ілгектерін мықтап іліп, көйлегінің жеңін түре түсті. Өзін-өзі билей алмады.

Еркебұлан мен Ақбар есеп-қисапшының бөлмесінде екен. Танабай:

— Ағай, бері келіңізші! — деп шақырып алды. Еркебұлан жақтырыңқырамай:

— Е-е, не айтасың? — деп дәлізге шыға бергенде, Танабай:

— Жаңа не дедіңіз! — деді де, иегінің астынан қойып жіберді. Еркебұлан мұндайды күтпеген, шалқалай барып, есеп-қисапшының бөлмесіне сүріне-қабына кіріп, құлай жаздады. Денесі алпамсадай болғанымен бұқакөз Ақбарда жүрек жоқ екен, Танабай қырғидай атылып келіп, жағынан бір-екі салғанда кеңседен зыта қашты.

— Ойпыр-ай, мынау итің дүлей ғой, дүлей ғой! — дейді. Көзі шарасынан шығардай.

Еркебұлан қайратқа мініп:

— Көрсетейін мен саған! — деп тұра ұмтылып еді, Танабай ашу-ызадан көзі қарауытып кеткен, столдың үстінен пресс-попьені ала сап, Еркебұланды құлақ шекеден бір ұрып, ұшырып түсірді. Жұрт жабылып Танабайды әзер тоқтатты.

Содан екі-үш күнге дейін ауылда әңгіме осы төбелес жайлы болды.

— Апыр-ай, бойы шап-шағын болса да, өзі шақар екен!

— Құрысын, араша түспесе, Мысық мұртты өлтіріп қоятын!

— Ызақор екен!

— Еңгезердей бұқакөз Ақбардың еңкілдеп қашқанын айтсаңшы,— десті.

Бұл тарихты естігенде колхоздың бастығы езуінен күлген де қойған көрінеді, оны сан-саққа жүгіртіп: «Бастық пен орынбасарының арасы бұзыла бастаған ғой» деп жорыды сөз аңдыған пысықтар.

Соңғы кезде Сұлтанның қолы жүріп берді. Бұған екі себеп бар деп жорыды ол. Біріншісі — Танабай. Бұл кетік бала — жай бала емес, қызыр. Сонымен жанасып достасқалы Сұлтанның ісі оңға баса бастады.

Өзі еңбекқор екен. Жалықпайды. Күндіз-түні Сұлтанға көмектесіп, алты суғаратын қызылшаны тоғыз суғарды. Колхоз бастығы Сұлтанға риза, «Сұлтеке, Сұлтеке» деп іш тартып айтқанын істейді, сұрағанын береді. Екіншісі —

өзім деп жориды. Көктемде «өліп-тірілгенін» қайта-қайта айтып, жұрт келеке-тәлкек қыла берген соң Сұлтан:

– Ол тегін емес. Ата-бабаларымыз аруақты болған екен. Маған қонайын деп жүр! Жағалап келіп, айналдырып жүр. Қона алмай жүр! – дейтінді шығарған.

– Сұлтеке, аруақ сізге неге қона алмай жүр? – дегендерге, Сұлтан қулана күліп, қысық көздерін сығырайтып:

– Арақ ішіп қоям, аруаққа соным ұнамайды! – дейтін. Сол Сұлтан бүгін еліріп оянды.

– Қатын, көзіңді ашшы, мен бір түс көрдім. Соны жорылық, – деді.

Түсінде биік аспан көріпті. Көкжиекке тірелген теп-тегіс жазықта жайқалған қалың бидай көріпті. Бидайдың арасын аралап ақбоз ат мінген Сәнжанды көріпті.

– Тіптен биік, басы көкке тіреледі! – деді. Деді де түсті өзі жорыды. – Қалың бидай береке ғой. Осыдан байқа да тұр, Сәнжаннан бір жақсы хабар келер, – деді.

Екі-үш күн өткен соң, «кеңсеге келсін» дегенге барса, шақырған мысық мұрт Еркебұлан.

– Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді! – деп анау мырс етті де, Сұлтанның қолына республикалық газетті ұстата салды. Төртінші бетте Сәнжанның суреті басылыпты.

– Күнім-ау, мынау Сәнжан ғой! – деп айқайлап жіберді Сұлтан. – Бәсе, бәсе!

Сәнжан туралы «Қарызыңды қалай өтермін, елім менің» деген үлкен очерк бар екен. Сәнжан студент кезінде кандидаттық диссертация қорғап, математика саласында дүниежүзілік маңызы бар үлкен жаңалықтар ашқан, осы жақында ғана жігіт докторлық диссертация қорғапты, оны-сы шет елдерде де зор баға алыпты. Колумбия университетінде лекция оқып қайтыпты. Осы уақытқа дейін Москва түбіндегі бір ғылыми орталықта істеген. Ендігі шұғылданып жүрген тақырыбы космос теориясымен байланысты болғандықтан, Алматыдағы обсерваторияға ауыспақшы көрінеді.

– Міне, міне, айтпадым ба, айтпадым ба? – деп Сұлтанның қара өңі күрең тартып, қуанып кетті. Айқайлап жіберді.

– Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді, – деді Еркебұлан тағы да.

Мейлі, ол не десе, о десін, Сұлтанның өз есебі өзінде. Аруақ аян берді. Бұл – ақиқат.

Келесі апта бойы Сұлтан Танабайға Сәнжан туралы әңгіме айтып құлағының құрышын қандырды.

«Жақсыдан шарапат. Танабай деген бір айналайын бала боп тұр ғой» дейді Сұлтан. Танабайдың қалада Мақа деген жолдасы бар екен. Сол іздеп келіпті. Танабайдың қонақ күтер мүмкіндігі белгілі. Сұлтанның үйіне жатқызды. Жігіт – шегір көз, арық сары. Танабайдың өзіне сай. Ақ көңіл. Жұрттан жасырар сыры жоқ. Ешкімнің көңілін жықпайды. Іш десең ішеді, же десең жейді. Келген күні «ал-алдан» бас тарта алмай, қалбалақтап қызып қалды. Сырын ақтарып-ақ салды. Қарт әке-шешесінің қысымымен қыз іздей шығыпты. Сұлтанның үйінде жатып, қарындасы Гүлгауһарды жақтырып, алмақ болды. Келесі сенбі күні, кешкі сағат бесте келіп, осы ауылда тойын өткізіп, алып кетуге келісіп аттанды.

Сұлтан қарындасын ұзатарын естіп, колхоз басқармасы бір ту қой, жүз сом ақша босатыпты. Бұған Сұлтан мәз. «Елім игі ниет білдірген соң мен аянып қалам ба!» деп ол өзінің екі саулығының бірін жайратып салды. Екіншісін сатып, колхоз берген ақшамен қосып, үш жәшік арақ алды. Қант-шайын әзірлеп, дастарқанын жайып, сенбіні күтті.

Үйі тар, бес-алты адамның басы сыймайды. Есік алдын су сепкізіп сыпыртып, ши-бойра төсетіп, көрші Тұрардың үйінен көлемді-көлемді екі текемет әкелді. Ауылдың атқамінерлеріне алдын ала хабар берген. Сағат төртке шақырған. Бірсыпыра жұрт жиналып, шай ішіп, ақаңнан «бір-бір ташлап алып», күйеуді күтіп отыр.

Гүлгауһар, қызыл шәйі көйлек киіп, басына орамал салыпты. Жасанып төрде отыр. Қасында үш-төрт қызкеліншек. Бейбастау жігіттер жұрттың көзін ала беріп төргі үйге зып беріп кіріп кетеді де:

– Кетер қыздың қарызы болады. Соны беріп кет!

– Апыр-ай, енді сен кеткен соң біз қалай күн көреміз!

– Қадіріңді білмей жүр екенбіз ғой! – деп іліп-қағып, шымшып, құшақтап, қыздың мазасын алып жүр. Гүлгауһар үлкен ала көзімен жігіттерді ата қарап, үндемей отырады да, тым таяп келгендерін көлемді, тастай қатты жұдырығымен бір түйіп қалады. Қасындағы қыз-келіншек сықылықтай күліп, шуласып, жігіттерді үйден қуып шығады. Дәл сағат бесте асфальт жолдан ауылға қарай бір «Волга» бұрылды.

– Күйеу кеп қалды! – деп жұрт дүрлігіп, әйелдер абыр-

сабыр жүгірісіп қалып еді, Еркебұлан екен. Қаладан қайтыпты.

— Ит те болсаң, құрдасым ғой деп!.. Сонда да сен ит үшін емес, анау Гүлгауһардың тойы деп келдім! — дейді күліп. «Тойыңа қосқаным» деп бір жәшік шампан әкеліпті.

Танабай той дайындығын өзі басқарып, сарай алдында сәбіз турасып, қазанға ет салдырып, «сүйтейік-бүйтейік» деп, сабылып жүрген. Еркебұланның машинасы келіп тоқтап, ішінен Перизат түскенде, Танабай еріксіз аузын ашып тұрып қалды. Перизатты көруі осы еді. Ауылдық жерде бұндай ару болады деп ойламаған. «Мынау нағыз елік қой! Мынау нағыз теңіз түбінен табылатын асыл тас қой» деп әдетінше іштей сөйлеп тұр. Келіншек сүліктей денесіне тар қара кимоно киіпті. Жұп-жұмыр төсі, жіңішке белі, жұп-жуан бір өрім ұзын шашы, қара көйлек, қара туфли, қара шаш нұрландыра түскен аппақ жүзі, аппақ төсі, аппақ түзу сирақтары жігіттің қиялын динамитке жіңішке шнур бойын бойлап келетін оттай сыздатып келіп лап еткізді. Жігіт жүрегі лүп ете қалды да, тәтті бір қуаныш сезім бойын билеп алды. Келіншектің жүзіне қайта-қайта ұрланып қарай берді. Келіншек мойнына үлбірек ақ орамал байлапты. Қиғаш келген үлкен көздің астында қоңыр көленке. Қоңыр көленкені көргенде Танабай Еркебұланға қарады. Ақ тістерін ақситып, күліп тұр екен. «Екеуі, шіркін, қосылған-ақ екен! Жұп деп осыларды айт!» дегенде, Танабай амалсыз күрсініп қалды.

Күйеу бала әне келеді, міне келеді деп отырғанда күн кешкірді.

— Апыр-ау, келмеді-ау!

— Неге кешікті екен?

— Ой, ол өйтіп бәлсінетін болса, қызымызды бермейміз! — дескен қалжың-күңкіл шыға бастады. Танабай қысыла бастады. Дос бұнікі, ол кешіккен сайын, бұл қипақтай түсті. Сұлтанның да жүрегі ақырын-ақырын сыздап қояды. «Күйеу бала келмей қалып, масқара болмас па екенбіз!» деген бір ұры ой кірді көңіліне. «Не бопты! Әлі-ақ келеді» деп өзін-өзі жұбатып қояды. Күн батты. Енді жұрттың бәрі қысыла бастады. Қуақы жігіттердің бірі төргі үйге кіріп кетіп, Гүлгауһарға:

— Ой, сенің жігітің келмейді енді! Сені не қылсын, басқа сұлу тапқан ғой! — деген екен, Гүлгауһар:

— Иә, саған! — деп әлгі жігітті ұрып жығыпты.

— Ие, кеп қалар қазір-ақ. Жұрт иіріліп бос отыра ма?

Тарт табақтарды, – деп бұйырды Сұлтан. Жұрт ішіп-жеуге кірісті. Әңгіме-дүкен, күлкі-қалжың қыза-қыза жиналғандар түнгі сағат он екіге дейін отырды. Күйеу келмеді.

– Жә, енді ол келмейді, – деді біреу. Жұрт енді келмейдіге жорып, бірақ Сұлтанның көңілін қимай:

– Кеп қалар. Ертең келер, – десіп, тарасып кетті. Танабай қатты қысылды. Ешкім оғаш ештеңе демесе де, кінәні өз мойнына алып, ұялып жүр. Жұрт тарап, дастарқан жиналды.

– Келуші ме еді? Бізді ақымақ қып кеткен ғой! – деп Зара долданып шыға келді. Жасанып, төргі үйде отырған қызға жекіді.

– Шықсаңшы бері, сыланбай! Жинас мына әдіре қалған дастарқанды.

Білегін сыбанып Гүлгауһар шықты далаға. Үлкен көздері алайып, кіжініп тұр:

– Осыдан келсінші, қараңқалғыр, – дейді.

Ыдыс-аяқты жинап, сарайдың есігін құлыптап, үйге енді кіре бергенде есік алдына гүр етіп келіп бір машина тоқтай қалды. Такси екен. Машинадан Мақа түсті. Қасында қызыл жаға сержанты бар. Ештеңе демейді. Ыржиып күліп тұр.

Сұлтан да, Гүлгауһар да, Зара да не дерін, не істерін білмей сасып қалды. Танабай ғана ашуланып:

– Сені адам деп жүрген – мен ақымақпын! – деп еді, сонда ғана барып, Мақа өзінің кешіккеніне кешірім сұрады.

– Апыр-ай ә, қызық болды ғой. Енді жұртты қалай шақырамыз? – деп еді Сұлтан, Мақа қысыла күліп отырып, кешірім өтінді.

– Аға, кешіріңіз, әрине, – деді ол. – Менен иттік болды. Кешіріңіз. Кешігіп қалдым. Милицияға түсіп қалдым. Он бес сөткеге жатқызып қойды. Енді он күні қалды. Он күннен кейін, өзім кеп той жасап... Сүйтеміз енді!

Күйеу бала қасындағы қызыл жаға сержантымен бір сағаттай отырып шай ішіп, қайтып кетті. Содан айтқанындай он күн өткенде келіп, қойын сойып, шығынын өзі көтеріп, Гүлгауһарды алып кетті. Тағдырдың мұндай қырсығын талай көрген Сұлтан бұған да мойымады. Әйтеуір қарындасының орналасқанына қуанды.

Тамыз айының аяқ кезінде қызылшашылардың облыстық слеті болған. Соған «Көкөзектен» барған үш адамның бірі – озық мұрап Сұлтан. Жиын теміржолшылардың

мәдениет сарайында өтті. Бір үзіліс кезінде Сұлтан бақ ішінде сыраның кезегінде тұр еді. Мақа мен Гүлгауһар келе қалды. Серуендеп шыққан түрлері екен. Қоярда-қоймай Сұлтанды үйлеріне шақырды. Ақыры Сұлтан қазақ салтын бұзып, әлі түспеген күйеу баласының үйіне барды.

Темір жол астындағы «Екінші Шаңғарақшы» көшесінде өз алдына бір қауым құрып, қазақтың тама деген руы отыратын. Өздері ақ көңіл, қонақшыл ел екен. Құда келді деп жандары қалмады. Мақаның туған-туысқандары бірінен соң бірі шақырып, Сұлтанға үш күн ұдайы сый-құрмет көрсетті. Жүрер алдында Мақа:

— Ағатай, алыс-берісіміз әлі бола жатар. Алда ғой. Үй салуға ниетіңіз бар екен, — деп, бір үлкен үй салуға жетерлік ағаш, жабуға жетерлік шифер атады. Өзіне жүз елу сомның қымбат костюмін кигізді. Сұлтан — мәз. Шалқып қалған. Бірақ Сұлтан Сұлтандығын істемей қалсын ба? Тап жүрер алдында Мақаның әкесінің інісі Әлмәмбет деген кісінің Сарбалақ деген бүркітіне көзі түсті. Түсті де, қызықты. Қызықты да көңілі бұзылды. Сонда, өзі үшін емес, өзі құс қадірін біле бермейтін. Танабай үшін. Қалада өскен жігіт, «құсымыз болса, құс салсақ шіркін!» деп армандай беруші еді. Соны қуантпақ.

Көңілі бұзылды да, сұрамақ болды. Сұрайын десе ыңғайсыз. Ағаш, шифер берді. Костюм кигізді. Енді құсын сұраса, қанағатсыздық. Ары ойлап, бері ойлап, Сұлтекең тәуекелге бел байлады.

Шілтиіп, нып-нығыз боп төрде отырып алып, өзін құрметтеп, ілтипатпен қоршап отырған елдің кәрі-жасына бағыштап, Сұлтан, асықпай-саспай, өзінше мәнерлей сөйлеп, бұйымтайын айтты:

— Бұрын да жат емес ек! — деп, Сұлтекең, сөзі салмақты болу үшін екі рудың атын атап өтті. — Жазмыш солай екен, енді тіпті, жүдә, жақын болып кеттік, — деді. — Аралас-құраласымыз жаңа ғана басталды ғой. Келдік. Жақсы сыйлап, қарсы алдыңыздар. Рақмет, — деді. — Үй салатын ниетіміздің бар екені рас еді. Ескеріп, құрылысқа керекті материал атағандарыңыз да жөн. Бірақ рақмет оларыңызға. Алмаймын. Маған, тоқ етерін бір-ақ айтқанда, ана Сарбалақты қисаңыздар! — деп салды.

Тамалар бұны күткен емес. Жым-жырт отырып қалды. Бір-біріне қарасты. Сұлтанға қарады. Құда мығым отыр. Бүлк етер түрі жоқ. Ақыры Әлмәмбет құсшының өзі тіл қатты.

— Адам алып отырып, құсымызды қимасақ кім болғанымыз?! — деді ол. — Байладым Сарбалақты құдаға. Келесі аптада өзім жеткізіп берем...

Құдалар, кәрісі бар, жасы бар, отыз шақты адам, Сұлтанды автобустың аялдамасына дейін шығарып салды. Жастар жағы қызулау құшақтасып, сүйісіп қоштасты.

Автобус қозғала бергенде Сұлтанның арт жағында отырған екі келіншектің бірі, әдейі қаттырақ сөйлеп:

— Бүкіл ел жиналып шығарып салып жүргендері кім десем, мына бір шілтиген қара екен ғой! — дегені.

Мейлі, жұрт не десе, о десін. Мұндайды естімей жүрген Сұлтан ба? Танабай қуанатын болды. Сұлтанға керегі сол.

Қара қайыс Сұлтан. Өліп-тірілген Сұлтан. Жаман Сұлтан еді. Енді қарындасын құсқа айырбастаған Сұлтан атанар. Мейлі. Танабай қуанса болғаны.

Сұлтанға керегі сол.

ЖАБЫ СӘЙГҮЛІК

Бұдан көп жыл бұрын үлкен бір тойда үлкен бір ат жарыс болады. Бүкіл аудан жиналған. Бүкіл аудандағы бүкіл жүйрік сәйгүлік жиналған. Аланға жылқы заводының атақты қаз мойын, ұзын сирақ Альбатросы, «Большевик» колхозының Сарыала дөнені, «Арайлы» колхозындағы Мәлікбайдың шаң ілеспес Ақтобығы шығады. Бәйге шарты қатаң: үш айналым, қырық бес шақырым.

Ортаға жүз бала мінген жүз ат шығады. Бәрі де жүлдеден дәмелі. Тұяқтары сартылдап тұрған ылғи бір жарау.

Бәйге «кәмәсиясының» төрағасы — аудан басшыларының бірі машинаның ашық кузовына көтеріледі. Қолына мегафон алып, жарыс шартын жариялайды.

«Көкөзек» қосқан жалғыз ат — басы қазандай, салпаң құлақ, қысқа дене, бөкен тұмсық Көкала ат еді. Үстінде — бала емес, жәмірейген кемпірбет шілтік жігіт. Бұларды көргенде көп ішінде біреу қолын шошайтып:

— Ойбай, ананы қарандар! Бәйге аттардың арасына жаман жабы кіріп кетіпті! — деп айғай салады. Сол — сол екен, қалың жұрт қолдарын шошайтып, Көкаланы көрсетіп, шулап кетеді. Қарқылдап күліп, мазақтаушылар көбейе береді.

— Үстінде жарбиғаны — шал ма, бала ма?

— Ой, қуып жіберсендерші өзін! — десіп қалады.

Едіреңдеген бір сақшы Көкаланың қасына шауып барып:

— Топтан шық, кет! — деп, әй жоқ, шәй жоқ, Көкаланы қамшының астына алады. Өз алдына шоғырланып, бір жиын боп тұрған «Көкөзектің» еркектері, аттарын тебініп:

— Әй, тиме!

— Біздің Көкаланы кім ұрмақ?! — десіп тұра ұмтылсын. Колхоздың сол кездегі бастығы айғайлап: «Тимеңдер! Біздің «Көкөзектің» қосқаны осы ат! Рас!» демесе, той басында қырғын төбелес басталып кетпек екен.

Кәмәсия төрағасы ақ жібек орамалын сілтеді, қатар түзеп әзер тұрған жүз жүйрік атыла жөнелді. Жер солқылдап, аппақ шаң аспанға шапшыды. Әне-міне дегенше теп-тегіс жап-жасыл жазық даламен артына ақ бұйра із қалдырып, қара шоғыр ұзай берді. Мөлдір аспанды осып бара жатқан реактив ұшақ дерсің.

Алаң үстіндегі тозаң басылып, жұрт енді:

— Кім шықты? Қай ат шықты? — деп ентелесе мойын созып қалған кезде және біреу қол шошайтып айғай салады.

— Ананы қара? Жаман жабыны қара, есекше шоқырақтап қалып қойыпты! — деді.

Топқа ілесе алмай, топтың шаңына да ілесе алмай, тарбаңдап бара жатқан Көкаланы көріп, жұрт тағы күлді.

— Тарбаңдауын бақа құсап!

Жүз жүйрік уәделі жолмен бір айналым жасағанда жасыл дала мойнына ақ шаңдақтан алқа тағып кетеді. Топ алдында атақты Альбатрос өтеді. Сарыала дөнен мен Мәлікбайдың Ақтобығы да іле-шала келеді екен.

Алаң алдындағы қалың шаң сейіле бергенде, салпақтай шауып, жалғыз қалған Көкала жетеді. Жұрт тағы күледі. Ат үстіндегі жігіт қалың шаңнан қорғанып, көзіне бастыра тымақ киіп алыпты. Тымағының екі құлағы салпақтап бала-шағаның ішек-сілесін қатырды.

Екінші айналымға жылқы заводының ұзын сирақ Альбатросы жарамайды. Жолда қалып қояды. Топ алдында Мәлікбайдың Ақтобығы көрінеді. Ақтобықты өкшелей салпақтап келе жатқан Көкаланы көріп, жұрт гу ете қалады. Қарттар жағы:

— Бәсе! Біліп едім-ау!

— Алысқа шабатын жатағанның өзі болар! — десіп, компандасып, бір көтеріліп қалады.

Сол Көкала үшінші айналымда жалғыз келеді. Енді-

енді қызып, бауырын енді ғана жазғандай. Қос құлағын жымырып, көк қояндай көсіліп келеді екен.

— Уа, аруақ! — деп «Көкөзектің» еркектері тебінісіп, еліре едірендесіп, Көкалаға жанамалай жанасады.

— Қайт, қайт! Қайда барасың? Безабразниктер! — деп қамшы көтерген сақшыны қызба топ таптап кете жаздайды. Қалған ат үзіліп-созылып, ыңқылдап-пысылдап, көптен кейін әрең жетеді. Шыдай алмай құлаған, жолда қалғандар да аз емес.

— Альбатростың жүрегі жарылып, жол шетінде жатқанын көрдік! — дегенді естіп, жылқы заводының жігіттері, аттылы-машиналы, шұбыра шауып жөнелді.

Ел есінде ертегі боп қалған сол жарыста құлақшынын салпандатып шапқан жігіт кәдімгі Сері Сұлтанның өзі еді. Жабы деп жүргенде сәйгүлік шыққан Көкала содан кейін көп жыл алдына жылқы салмаған. Поезд мініп, Красноводск барған. Пароход мініп, Баку барған. Және поезд мініп, Тбилиси барған, мойнына алтын медаль тағып қайтқан. Рим барып, күміс медаль тағып қайтқан.

Сол Көкала енді қартайған. Колхоздағы шолғыншы Аққұлының астында. Ми қайнаған шілдеде тепең-тепең етіп, ойдағы жүгерілі алқапты, қырдағы жоңышқалы өңірді, сайдағы қызылшаны аралап, шегірткесі шырылдаған сары даланы кезіп жүргені. Иесі болса мазасыз. Егінге түскен бірлі-жарым мал көрсе күйіп-пісіп, буынып айғайлап, Көкаланы қамшының астына алады. Бүйірін соғып, тепкілеп, боқтық жаудырады. Аса бір жыны келсе, басың бар, көзің бар демей сабайды кеп. Оған шіміркенер Көкала жоқ. Көндігіп алған! Шоқырақтап желе түседі де тынады. Ынтадан жұрдай. Шапқанда, бәйге алғанда шыққан мүйіз қайсы? Бұл қу тірліктің құнын Көкала бұл күнде жатқа біледі. Асыққанда барар жер белгілі.

Аспан айналып, жерге түскендей шаңқай түсте Көкаламен ілбіп-салбып, Аққұлы ауылға таянады. Екі жақтағы үйлердің есік-терезелері тарс жабық, қаңырап тұрған көшемен үйіне келеді. Қора көлеңкесіне атын байлап, ағаш аяғы жер желкесін нұқылап барып, мекеніне кіреді. Қараңғы дәлізде үйреншікті салқын ашымық тауып ішеді. Рақаттанып, бір күрсініп қояды. Еппен басып барып, еппен ғана төрдегі екі есіктің бірін ашады. Ұқыпты, жинақы шағын бөлмеде басына кітап жастап, астына алаша төсеп сырлы еденде ұйықтап жатқан Тарағайды көреді. Мысықтай демін ішіне тартып, бұғып барып, желдеткіш арқылы

қол созып, терезенің қақпағынан саңылау ашады. Бөлме іші жап-жарық боп кетеді.

Мысықша, демін ішіне тартып, мысықша бұғып Аққұлы еденде жатқан баланың қасына шынтақтап жантая қалады. Баланың бетіне қарайды. Көз алмай қарайды. Тершіп жатқан таңқы мұрнын алақанымен сүртеді. Маңдайына түсіп кеткен кекілін қайырып қояды. Күрсінеді. Оны өзі де аңғармайды.

Сол кезде бала оянып кетеді. Күледі. Күлкісі әдемі. Аққұлы да күледі. Бала Аққұлының шоқша сақалын уыстап тартады.

— Ә-ә, Шыңғысхан, келдің бе? — дейді.

Аққұлы баланы қытықтап қояды. Басқа не істерін, не дерін білмегені.

Бала бұндайды жақтырмайды. Бұртиып, ашулана қалады. Бүйіріне қайта тақалған Аққұлының күс-күс қолын қағып жібереді. Содан екеуі шартта-шұрт.

Аққұлының шегір көздері шақырайып, шықшыты ойнап сала береді.

— Әй, жақтырмайсың ба? — дейді.

Бала үндемейді. Қабағын шытып, теріс айналады.

— Жақтырмайсың ғой!

Бала үндемейді.

— Менің балам емессің ғой, шамасы?

Бала үндемейді.

Аққұлының күс-күс қолы дір-дір етіп, өзінен-өзі еденде жатқан шолақ қамшыға созыла береді. Бала қарғып тұрып, есікке қарай атылады.

— Сенен-ақ өлдім-ау, арам ит! — деп Аққұлы қамшы сілтейді.

Онысы балаға тимейді! Еденді осып өтеді.

Аққұлының шегір көзі енді қып-қызыл. Жер желкесін нұқылап барып, көлеңкеде байлаулы тұрған атына мінеді. Тарағайды тұра қуады. Көкала ынтадан жұрдай. Шоқалақтап барады да, тұрып қалады. Тарағай қашып бара жатып жалт бұрылып:

— Көкала! — десе болғаны, төрт тағандап тұра қалып, шегіншектеп кетеді.

Аққұлы күйіп-пісіп таусылып қалады. Көкаланы басқа-көзге сабап, есік алдына қайтып келеді де, аттан түсіп, шылбырын жерге лақтырып жіберіп, жыларман боп, табалдырыққа отыра кетеді.

— Бұ ма, бұл менің түбіме жетеді! Құдай бұны менің

түбіме жетсін деп берген ғой маған! О тажал, о бәле! Күнімнен бұрын қартайып өлетін болдым-ау! Қартайып! Әй, Тараш, бері кел!

Енді бұл ұрсып отырғаны Тарағай емес, Көкала. Енді ол Тарағайға ашуын ұмытқан. Ендігі ісі Көкаламен болмақ.

— Әй, бері кел! — деп Тарағайды шақырып алады.

— Қағаз, қалам әкел! — деп ішке жұмсайды.

— Отыр, жаз, — деп бұйырады.

Тарағай тізесіне кітап қойып, кітап үстіне дәптер ашып, жаза бастайды.

— Әй, басқарма! — деп жаз, — дейді Аққұлы. Тарағай: «Әй, басқарма!» деп жазады.

— Сен ғой өзің шіреніп, шопырға мініп жүресің! — дейді Аққұлы.

— Шоферға адам міне ме екен, машинаға мінет те! — дейді Тарағай.

— Онда сенің шаруаң болмасын! Қалай жаз дедім, солай жаз! — дейді Аққұлы. — «Өзің ғой шоферге мініп жүресің, шіреніп!» деп жазады бала. «Шофер» деген сөзді көріп қалып, Аққұлы және бұрқан-талқан болады.

— Әй, мынаның «шофері» несі-ай, «е»-ні қайдан алдыңей? Әй, сені қандай надан мұғалім оқытып жүр-ей! Әй... «е»-ні қайдан алдың-ей!

— Бұ сөз солай жазылады! — деп бала көнбейді.

— О-һой, шіркін, біледі екенсің! Мұғалімің де, өзің де! — деп Аққұлы мысқылдай күледі. Оқушы баладан қате тапқанына мәз. Көңілі көтеріліп қалады. — Жаз, шопыр! — деп жаз... — дейді. Екеуі киян-кескі!

Сөйтіп отырғанда ішкі үйден шала оянған Күләш шығады. Қисық сирақтары талтайып.

— Шаңқ-шұңқ етіп ұрсып жатқан кім десем, сендер екенсіндер ғой! — дейді есінеп қойып.

Ылғи осы. Ылғи осылай. Тарағайға Көкаланы жамандап, арыз жазғызып алатын да, қалтасына салатын. Мәселе сонымен тынады. Ол арызды колхоз бастығына бермейді де, Көкаладан айрылмайды да.

Бүгін, дәл Аққұлы түтеп отырған кезде, колхоз бастық көзіне түсе қалсын.

Колхоздың жаңа бастығы бұл кезде Алдоңғаров деген бала өңдес, бала мінез, көк көз жігіт еді. Күлтелі деген биік асау айғырға мініп алыпты. Қасында орынбасары қара жорғалы Еркебұлан, екеуі күле сөйлесіп Аққұлы үйінің тұсынан өте берген.

Аққұлы орнынан қарғып тұрып, өзі де күтпеген қатаң үнмен, жеки айқайлап:

– Ей, басқарма бала, тоқта! – деді. Алдоңғаров мұндайды күтпеген. Атының басын тарта беріп:

– Ә-ә, Ақа, ас-салаума-алейкум! – деп еді, Аққұлы, жақындап кеп, әй жоқ, шәй жоқ:

– Бұрыл бері, – деп қалды. – Отырысын кекірейіп!

– Уа, Ақа, сізге не болған?

– Өзің ғой ылғи шопыр мінесің!

– Иә!

– Қала берді Күлтелі айғырға мінесің!

– Оу, Ақа!

– Жетеді қорлағаның! Алып кет анау мәстегінді! Бұ ауылда менен қор ешкім жоқ па! Неге басынасың? Қара бұны! Кекірейіп, айғырға мініп!..

Алдоңғаров та шағыр мінез еді, шәңк ете қалды.

– Менің бір айғыр мінгенімді көре қалыпсыз ғой! Ал ендеше! – деп, қып-қызыл боп түтігіп, аттан қарғып түсті. – Мәңіз! Осы айғырды сіз-ақ мініңіз! – деп шылбыр тізгінді Аққұлыға ұстата берді.

Аққұлы қымсынған жоқ.

– Е, мінсем, мінем! Күлтелі айғырға мен мінбегенде, кім мінсін?! – деп атты үйіне қарай жетектей жөнелген.

– Әу, мына сіздің бұ шыныңыз ба? Өзіңіз бір қандай кісі едіңіз?! – деп Еркебұлан, бастығының сөзін сөйлеп, Аққұлыға дүрсе қоя бермек болған. Аққұлы тез тыйып тастады.

– Әй, мысық мұрт, едірендеме, білеміз сені де! – деген. Екі жігіт бір-біріне қарап: «Мына кісінің бұнысына жөн болсын. Бұл не қылық!» деп аңырып тұрып қала берген.

Аққұлының қуанышы Тарағайға сор жетектей келді. Күлтелі айғыр қолына тигесін шолғыншы Көкала атты қайтсін, арқасындағы ерін, басындағы жүгенін сыпырып алды да, мойнына ноқта тағып, ноқтаны Тарағайға ұстата берді.

– Мә, мына мәстегін колхоздың қорасына апарып таста! – деді. Тарағай бұл сөзге алғаш мән бере қоймаған.

* * *

Ауылдағы ойын баласының жаны – Тарағай. Соның қабағы мен қасына қарайды бәрі. Тарағай қатыспаған ойынның сәні кетіп, қиюы қашады. Берекесі болмайды.

Намазшам кезі. Салқын түскен. Бала біткен ауылдың жоғарғы жағындағы биік төбенің басына жиналған. Өрістен қайтқан малды күтіп алмақ. Шоқиып-шоқиып отыр. Бесалтауы ғана алысып-жұлысып жүр.

— Тарақ қайда, Тарақ! — десіп, балалар Шәйділдаға қарады. Шәйділда, алып денелі қысық көз бала. Екі беті, шекесі торсықтай. Тәмпік мұрын солардың көлеңкесінде қалып қойған. Сондықтан да балалар оны «Тәмпік» дейді.

Шәйділда — сабырлы, жасына қарамай, басқалардан ересек көрінетін, сылбыр бала. Жолдастарының сұрағанына ә дегенде жауап бере қоймаған. Аналар: «А, қайда?» деп ентелей берген соң, күңк етіп, үзіп-үзіп, қысқа жауап берді.

— О... бүгін келмейді... Үйінде жатыр...

— Не болды?

— Ауырып қап па? — деп тақақтап қоймағандарға:

— Көкаланы етке өткізетін болды деп, жылап жатыр! — деді Шәйділда.

Алдымен қой келеді. Сосын — сиыр. Балалар, өз малдарын бөліп-бөліп алады да, үйді-үйіне қуа-қуа жөнеледі. Сосын бәрі төбе басына қайта жиналады.

Тарағай бүгін келмеді. Балалар ай туғанша отырды. Тарағай келмеді. Ешкім суырылып, ойын бастай қоймады. Біраз алысып-жұлысып жүрді де, ақыры, бәрі топтасып, Тарағайдың үйіне келді.

Кейбіреулері колхоз кеңсесінің алдына үйіріліп тұрып қалған.

Тарағайға елші боп, Шәйділда жалғыз кетті.

— Сені тыңдайды. Сен досысың ғой. Сен бар.

— Тез алып шық.

— Қару-жарағын ала шықсын!

Балалардың Шәйділдаға тапсырған аманаты осылай еді.

Өздері шетінен қарулы. Қылыш, найза, шоқпар, қалқан, «граната» сияқты бес қаруы түгел. Мұздай құрсанып, атамандарын күтіп тұр.

Шәйділда келгенде Тарағай қараңғы бөлмеде, еденде етпетінен сұлап жатыр екен. Шәйділда шам жағып жібергенде, басын жұлып алып:

— Кет, өшір! — деп үлгерген. Бірақ Шәйділданы көргенде:

— Ә, сен екенсің ғой! — деп жұмсара қалды. — Шыңғысхан екен десем.

Шәйділда үндеген жоқ. Досының қасына еденге отыра кетті. Тарағай да басын көтеріп, шоқиып отырды.

– Шыңғысхан екен десем... – деп тағы күңк етіп қойды.

Тарағайдың сыры Шәйділдаға мәлім. Үндемеу керек. Сонда өзі сөйлейді. Сөйлейді, сөйлейді де, көңілденіп кетеді. Қанша ашуланып отырса да сөйлейді. Тарағай отырды-отырды. Бір-екі рет қозғалақтап қойды. Шәйділдаға қарады. Қабырғадағы Евразияның географиялық картасына қарады. Ақыры, жұлып алғандай:

– Европа мен Азия неменеге ұқсас екенін білесің бе? – деді. Шәйділда картаға қарап, біраз отырды. Бірақ еш жауап бере алмады. Иығын қиқаң еткізді де, отыра берді.

– Білмейсің?

Тарағай орнынан қарғып тұрып, картаға жақындады.

– Аңдап қарашы, неге ұқсас?

Шәйділда аңдап-ақ қарады. Карта. Кәдімгі карта. Алақұла. Қызыл-жасыл. Жолақ-жолақ. Айқыш-ұйқыш. Шәйділда тағы да иығын қиқаң еткізіп қойды.

Тарағай күліп жіберді.

– Білмейсің! – деді ол. – Европа мен Азия туайын деп тұрған жүкті кенгуруға ұқсас! Қарашы: Пиреней – басы, Франция – мойны, Британия – кекілі, Скандинавия – жалы. Италия – алдыңғы қысқа аяғы, Шығыс Европа, Сібір, Орта Азия, кіші Азия – бәрі тұла бойы. Балқан – төсі, Аравия – жемсауы, Индостан – кіндігі, Қытай – құрсағы, Малакка мен Корея – екі артқы аяғы, Камчатка – құйрығы.

Шәйділда:

– Рас! – деп құптай салды. Түсініп отырған ол жоқ. Досының көңілін жықпайды. Сырына қанық. Осындай бірдеңелерді ойлап шығарып жүреді. Не айтса да, құп, сенікі жөн деу шарт.

– Білдің? Вот солай! – деді де Тарағай көңілденіп кетті.

– Ал кеттік!

Тарағай мен Шәйділда далаға жүгіріп шықты. Аққұлы мен Күләш есік алдында киіз төсеп, кешкі шайын ішіп отыр екен.

– Әй, тентек, жының басылды ма? – деген Аққұлының сөзіне мән де бермей, жауап та қатпай, Тарағай сарайға жүгіріп кірді де қару-жарағын сайланып, шыға келді.

Кеңсе алдында үйіріліп тұрған сарбаздар атаманды көргенде, уралап, ұран тастап, қиқу салды. Енді біраздан кейін ауылдың орталық алаңында «соғыс» басталып кетті.

* * *

Екі қолтығында екі бума қамыс, үйге кіріпті. Үй дегені үй емес, қаңыраған бос сарай ма, немене? Күңгірт. Үлкен бір пеш қана көрінеді. Түтеп, бықсып тұр. Қолтығындағы қамысты отқа салды. Үй ыси түсті. Күйіп барады. Қамыс сатырлап жанады. Сарай іші өртеніп барады.

Тарағай пештің дәл алдында тұр екен. Маңдайын от күйдірген сайын, шегіншектегісі келеді. Табаны жерге желімделіп қалғандай, жылжи алмас. Енді қараса, сытырлап жанып жатқан қамысы қамыс емес екен. Жылан екен. Денесі қамыс, басы жылан. Бастары қылтың-қылтың етіп, айқасып жатыр. Бала қорықпайды. Бедірейіп, жыландарға қарапты да қалыпты.

— О-ho! Азаматымның жатысын! — деген тосын үн естілді. Сұлтанның даусы. «Жатқаны несі? Мен түрегеп тұр емеспін бе?» деп ойлайды бала.

— Уәде қайда, уәде!

Тарағай оянып кетті. Сері Сұлтан үстіне төніп тұр екен.

— Жатысын, еріннің! — дейді. Күледі. Онсыз да қатпар-қатпар әжімі магнит жүйесіндей, тар маңдайдан шашырай иіліп, үшкір иектен келіп бір-ақ түйіскен.

— Азаматым, тұр енді. Жолға шығалық, — дейді.

Анадай жердегі қазыққа ерттеулі екі ат байланыпты. Сері Сұлтан солардың қасына барып қалған. Күңкілдеп сөйлеп жүр.

— Таң сәріден тұрып ап, ал күтейін, ал күтейін! Уәде қайда! О-о, жолың болғыр. Жатыпты ғой бырылдап... Ендігі жарты жолға барып қалатын едік. О, жолың болғыр...

Ауылдан шықсаң, солтүстік теп-тегіс жасыл алқап. Қызылша егілген. Кебу арықты бойлап, екеуі төтелей тартқан. Жолсызбен. Сұлтанның астында жатаған торы ат, тепеңдеп жүргіш екен. Тарағай мінген сүйегі ірі арсиған қазан ат ере алар емес. Қалып қоя береді. Тебінсе, желеді. Лоқылдақ. Жүрісі де, желісі де мазасыз.

Жайшылықта көп шешілмейтін Сұлтан бүгін тіпті ағытылып кеткен байламадай, сарқыла сөйлеп келеді.

«Ағытылып кеткен байламадай сарқылып» деген Тарағайдың теңеуі. Сұлтанға қарап, солай ойлап келеді.

Бұлар көздеген жеріне күн еңкейе әрең жеткен. Ұзақ жол бойы Сұлтан сөйлеумен болды.

Тарағай жол бойы көрген-аңғарғандарына балама, теңеу іздеп табумен болды.

Қызылшалы алқапты ештеңемен теңей алмассың, «тақтайдай» деп көрді, «көкжасыл көл» деп көрді, ешқайсысы ұнамады, «сызып» тастады. Теп-тегіс дала басталғанда оны да «тақтай» деп көрді, ұнатпады, «сызып» тастады. Сол жақта, екі-үш шақырым жерде биік төбе қалып бара жатты. Ақ бас, көгілдір төбе. «Сопка Ключевая» деп ойлады. Жаграпия оқулығында сондай бір сурет бар. «Фудзи» деп те ойлады. О да сол кітапта. Жапон жеріндегі биік шың. Немесе «жүрелеп қалған ақ бас шал» деді. Жалғыз төбенің бер жақ етегінде бес-алты көшелі үлкен ауыл. «Куйбышев» колхозы. Төбені айнала қоршап алған он шақты үй-шарбақ және бар. Ауыл көкжасыл, қалың ағаш арасында. Жалғыз төбені Тарағай: шалға теңесе, мына ауылды сол шалдың мойнына салып алдына байлап алған алжапқышына балады. Вокзал басында жүретін жүкші шалдар болмай ма, соның өзі. Алыс елес, қиын теңеу екенін білсе де, бала бұны ұнатты, «сызбады».

Жолсызбен тартқан бұларға ойпаңдау бір аланда сиыр сойып жатқан екі жігіт ұшырады, күтпеген жерде көл тап болды, айнала жүріп, арғы, қамыссыз жағаға шықты, аттарын суғарып, өздері шомылып алысты, көл жиегіне шоқиып отырған балықшы орыс бұларға бір қарады да қойды, құлан түзде жалғыз жүрген бұ кім деп бұлар да таңырқамады; күн ыси түсті, жол ұзара берді, шаңқай түс кезінде жапан түзде жалғыз үй көрінді, қаңырап бос тұр екен, есік алдындағы құдыққа ағаш қақпақ жабылыпты; су тартып ішерге шелек жоқ; аңызақ желден алқынып, құрғап кеткен еріндерін жалап, құдық түбіне үңілісіп, біраз тұрысты: шаңытып жатқан боз даладан шаңы көпсіген қара жол шықты; оң бүйірде күтімсіз мүжілген бос қора қалып барады, топырақ жол үстінде топырақ түстес түйе жатыр екен, бұларға мойнын бұрып бір қарады да, жата берді, екі көзі ғана есте қалған, оны Тарағай «жаңа сойған қойдың қаны сорғалаған бауырын ойып-ойып алып түйенің көзіне орната салған» деп қойды.

Алдағы бір сайда қамыс басып кеткен шалшық көл бар екен. «Ішпе, бұл арам су, бұ жерде «Сарыбел» колхозының ондатр өсіретін пермесі бар» деп Сұлтан ескертсе де, бала көне қоймаған. Ашықтау бір аланқай тауып алып, жата қалып, өлі судан ішсін келіп ішсін келіп, былай шыға бере ат үстінде құссын келіп, құссын келіп, Сұлтан жекіп, ұрсып жүр:

— Айтпадым ба сен балаға! — деп. Тарағай көздері

шүңірейіп, әп-сәтте азып қалды. Дүние қарауытып, басы айналды. Астындағы атын ұнатпай келеді. «Барыңнан жоғың, лоқылдақ сорлы!» деп.

Бала шайқала түсіп, қалғып кетеді. Қалғып кетсе, ынжық жануар тоқтап қалады. Сөйлеп келе жатқан Сұлтан озып барып, атының басын тартады.

— Оу, батырым, тағы қалып қойғансың ба? — дейді. Бала шошып оянып, атын тебініп, Сұлтанды қуып жетеді. Сұлтан ұзақ әңгімесін:

— Сонымен... — деп алып, жалғастыра береді. Айтып келе жатқаны «Ер Төстік» ертегісі. Ер Төстік жер астындағы патшаның қызына үйленбек боп жатыр.

Сұлтекең өз айтқанына өзі сенеді, бет-әлпеті өзгеріп кеткен, шабытты.

Балаға ертегі қызықты емес. Ол ол жастан әлде қашан өткен.

Алыстан бір жасыл ауыл көрінген, сары далада жасыл жалынға теңелді. Бұлар енді, жолдан шығып, төтелей тартқан. Ауыл шетіндегі ұзын шарбақпен қоршалған «хоздвордың» алдында бұзылған он шақты машинаның кабинасы қатар тізіліпті. Тұмсығы жоқ, кузовы жоқ, — өлген адамның қураған бас сүйегіне теңелді.

Және бір мүлгіп кеткен екен, және бір шошып оянса, Сұлтан күліп тұр.

— Оу, жолың болғыр, аттан құлап қала жаздадың ғой! Шыда енді, кеп қалдық! — дейді. Бұндай ғажапты күтпеген Тарағай аңырып тұрды да қалды: алдарынан теп-тегіс, көкпеңбек алқап ашылыпты. Алқаптың дәл ортасында аппақ киіз үй. Сәл әріде, желі басында, қатар тұрған көп құлын телеграф сымына қонған көп қарлығаш тәрізді.

Сол жақтағы алыс белестен шаба шыққан үш-төрт үйір жылқы, жеке-жеке, тізіле шұбырып, ауылға беттеп барады. Топ бастаған қара айғыр, мойнын иіп, басын төсіне алған, құйрығын тік шаншыпты. Соңына ерген бие-тайлар да, еліктегені ме, бастарын тұқырайтып, құйрықтарын жазып жіберген. Жылқының ең артында тырақайлап шауып жалғыз есек келеді, Соның ғана басы қайқы (иер мойын қайда?!) Сонда да қара айғырдан қалыспайын дегендей, құйрығын тікірейте түскен.

Ақ үйдің арғы жағында жайылып жүрген екі жылқы (бірі ақбоз, екіншісі шымқай қара) бастарын көтеріп, біраз таңырқап қарап тұрды да, шұбырып келе жатқан тобырға

қарсы шапты. Бірақ жақындамады, алыстан ойқастай өтіп, ұзап кетті.

Қатар түзеп бір-біріне қарайлай көсіліп бара жатқан екі жануардың бірі добал дене, айғыр болар-ау, екіншісі еліктей жинақы, сүлік қара жас бие шығар. Ақбоз айғыр – таныс сияқты.

– Анау біздің Көкала ғой! – деп Тарағай айқайлап жіберді.

– Қайдағы... – деп, Сұлтан бала көңілін басып тастады.

Екі жануар қатар түзеп, жараса жарысқан бойы, сол жақ алыстағы биік төбенің басына шығып, бір-ақ тоқтады. Арттарына бұрылып қарады. Бейне бір екі арқар дерсің.

Ақ үйден қамыс қалпақ ұзын еркек шықты.

Жап-жасыл, дөп-дөңгелек, көкпеңбек далада аппақ үй, ерсілі-қарсылы шапқан жылқы, желі басында иқы-жиқы тізілген құлын, құдыққа асықпай беттеген ұзын еркек, оны айнала зыр жүгірген үлкенді-кішілі үш ер бала, Тарағайдың есіне жағрапия оқулығының Оңтүстік Америка деген бөліміндегі бір суретті түсірді. «Гаучо», – деп ойлады ол,– «Прерий».

Жылқышы Қанатбай ақ сары кісі екен. Сөзге сараң, бірақ тұйық емес, іс-қимылы байыпты, сылбыр емес, адамның бетіне тік қарайды, жанарында жұмсақ бір ілтифат бар. Жымиып күлсе, жас балаға ұқсап кетеді. Сұлтан мен Тарағайды жадырай қарсы алды.

– Е, е, құда, жол болсын, келіп қапсыз! – деді.

– Келіп қалдық.

– Е, е, дұрыс. Кәні, үйге кіріңіздер.

– Кіреміз ғой... Рақмет.

– Кәні, мырза, үйге кір. Бұ мырза кім болады?

– Аққұлыны білуші ме едің? Соның...

– Ә-ә, дұрыс. Төрлетіңіздер.

Ақ үйдің іші кең екен, салқын екен, жасаулы екен. Қызыл-жасыл көрпелер төселіп, кілемдер ілініпті. Төрде аппақ ақ кимешек, ақ көйлек, қара барқыт қамзол, қара әміркен мәсі киген тіп-тік кемпір жайғасыпты. Одан төменірек бала емізіп отырған жалпақ сары келіншек қонақтарды орнынан тұрып қарсы алды.

– Кел, құда, – деп кемпір де әрірек жылжып, Сұлтанға төрден орын нұсқады. Тарағайды да баласынбай төрге шығарды. Аты-жөнін сұрады. Сұлтаннан ауылдың амандығын білді.

Әлгіде сыртта жүрген үш бала кірді. Үшеуінің де бастары доп-домалақ, көздері тостағандай. Не әкеге, не шешеге тартпаған. Іле-шала үрпиген-үрпиген екі сары қыз және кірді. «Бұлар жоқ еді ғой, жердің астынан шықты ма?»

Балалардың ең үлкені Тарағаймен жасты болар, шамасы. Алты қара көз, төрт шегір көз төрде отырған қонақ балаға телміре, таңырқай қарасып қалыпты. Қонақ бала да өзінің құрметті халіне мәз. Есік алдындағы балаларды менсінбес.

— Немене, кісі көрмегендей! Барыңдар! — деп кемпірдің өзі-ақ оларды қуып жіберді.

Қара аяқпен сары қымыз келді. Ындыны құрып отырған Тарағай бір пияла қымызды демалмай тартып жіберген. Маңдайынан тер бұрқ етті.

Екінші пияла қымызды ішкен соң, Қанатбай:

— Жантайып дем ал, — деп шынтағына жастық тастады. Қисая беріп ұйықтап кетіпті.

Оянса, түн. Бұл үйде жатыр. Ірге түгел түрілген. Салқын самал соғып тұр. Далада киіз төселіп, көрпе жайылып, Сұлтан мен Қанатбай жантайып жатыр.

— Баламысың деген осы да! — деді Қанатбай. Әңгіменің өзі жайлы екенін Тарағай сезе қойды.

— Иә, баламысың деген осы! — деді Сұлтан күрсініп. — «Көкала атты етке өткізетін бопты деп қолды-аяққа тұрмай жылап... Күлтелі айғырды қайтып беріп, Көкаланы қайтып ал!» деп Аққұлыға әлек салсын... Колхоз бастыққа барсын. Ол не десін, айтыпты: «Ол Көкаланы енді мен қайтем, әктіптердің ешқайсысы мінбейді. Өл дейсің бе маған?!» деп. Зар жылап маған келді: «Сіз алыңыз, сіз мініңіз Көкаланы!» деп. Көндім. Көнбей қайтейін.

— Байғұс-ай десейші! Әкесі Қодарқұл жақсы азамат еді, мал бақтырып қор ғып жіберді емес пе?

Сырттағы үлкендер үндемей қалды.

Шығыс жиек қып-қызыл. Ай шығар. Ошақ басы да қып-қызыл. Бет-алды қып-қызыл, арқа-арты қап-қара бой енесі мен келіні от алдында отыр. Бес бала шүпірлеп Қанатбайға жабысыпты. Біреуі бұтының арасында, біреуі арқасынан құшақтап, үшеуі екі қолтық астын паналаған. Тарағайды көріп:

— Е, е, айналайын, ояндың ба? Кел! — деді Қанатбай.

Тарағай Сұлтанды жанай кеп отырды. Содан, жатар-жатқанша әңгіме Көкала туралы болды. Көбі белгілі жай. Көкаланың қай бәйгеде қалай шапқаны.

Қонақтарға арнап Қанатбай қой сойыпты. Сұлтанға бас тартты. Тарағайға құлақ тиді. Анда-санда бір шық дегізіп қойып, Сұлтан мен Қанатбай қырлы стаканмен арақ ішті.

Сөз арасында Қанатбай:

— Бәтшағар. Көкала менің мазамды алып тұр! — деген. — Кезінде шала піштірілген бе, қалай?

Қанатбайдың қолына келгелі Көкала айғырлық шығара бастапты. Өзі жардай боп семірген. Аңдып жүріп әр үйірден бір әдемі жас байтал алып кететін көрінеді. Сол үшін, әр айғырмен бір шайнасып, жылқының мазасын кетіріпті.

— Соның өзі жылқы емес, бөкен бе екен деп қалдым! Басы аттың басына ұқсамайды. Өзі шөптің де дәмді, қастерлісін теріп жейді екен! — деді. — Бәтшағар жылқы да адам сияқты! — деп күрсінген. — Жайшылықта өзара қырқысып жататын сегіз айғыр, Көкала келгелі тату. Бәрі бірігіп Көкалаға жабылады, қызталақтар!..

Түн ортасына дейін ұйықтай алмады. Қиял кетті шарықтап. Көкала, әдемі боп таралған, керіліп, алдына келеді. Бұл мінеді де шабады. Көкпар алып қашады. Шаңына жан ілесе алмас. Бәйгеге шығады. Жұрттың ең соңында қалып қояды. Құрдас балалар мазақтап күледі. Қолдарын шошайтып, тілдерін көрсетіп, ыза қылады.

«Ә, ә, солай ма? Әйт, жануар шу!» дейді. «Шу дегенде, Көкала соққан желдей гулейді». «Табаны жерге тимейді. Қолтығында қос қанат, ағып кетіп барады. Жүйріксінген талайлар қалып кетіп барады...»

Таң алдында сіркіреп жаңбыр жауды. Уілдеп жел көтерілді. Далада жатқан бұлар көрпе-жастықтарын көтеріп үйге кірді. Қанатбай түндікті жапты. Үйдің сырты біркелкі тырсылдап, лезде ұйқы келтірді.

Ертеңгі шай үстінде Қанатбай:

— Бүгін енді қайта алмайсыңдар, — деді, — Көкала құмға шығып кеткен бе, жоқ. Жауын басылған соң, өзі келер осында. Ертең қайтарсыңдар.

Содан күні бойы жаңбыр бір тынбады. Қанатбай, әйелі екеуі, мезгіл-мезгіл сыртқа шығып, бие сауып қайтады. Сосын қайтып келіп дастарқан басына отырады. Сұлтан мен Қанатбай екеуі күні бойы сары қымызды «закуска» ғып арақ ішті. Әр қилы әңгіме соқты. Карта ойнады. Тарағай балалармен бір мезгіл асықты ермек еткен. Жалығып кетті. Тон жамылып жатып алып, қиялға кетті. Көкаланы

міниіп, Мәскеу барды. Париж барды. Мехико барды. Ауылға жеңіспен қайтты. Бүкіл ауыл бұның алдынан шықты.

Содан, түн ортасында көзі әзер ілінген. Шошып оянды. Үй сыртына таяп кеп жылқы оқыранды. «Көкала!» деп ойлаған Тарағай. Таныған. Сүйткенше болмады арырақтан бейтаныс бір айғыр кісінеді. Оған екінші бөтен айғыр үн қосты. Көп жылқы оқыранысып, пысқырынысып кетті.

– Сұлтан! Қанат аға! – деп еді, үлкендері ояна қоймады. «Қасқыр ма?» деген. Далаға атып шығып еді бар жылқы шұрқырасып, жер-дүниені тітірентіп, дүрліге, шаба жөнелді.

Тарағай үйге жүгіріп кіріп, Сұлтан мен Қанатбайды оятпақ болған. Екеуі де мас екен, оянбады. Ыңыранып қойып, жата берді.

Тарағай сәскеде бір-ақ оянды. Түндік ашылып, ірге көтеріліпті. Күн жарқырап тұр. Жаңбыр басылыпты. Қанатбай жылқыға кетіпті. Көкаланы ұстап әкелмек. Сұлтан төр алдында жайғасыпты. Мығым сары келіншек қонақты өзі атқарып, шай құйып, ұсынып отыр:

– Құда, алып жіберіңіз, – дейді.

– Жалғыз ішу...– деп міңгірлейді Сұлтан.

– Несі бар, алып қойыңыз! – дейді келіншек. Тарағай жуынуға далаға шығып еді астындағы атын шоқырақтатып Қанатбай келеді екен. Аттан түсті де, үйге кірмей, құдық басындағы Тарағайға таяп келді. Баланың жүрегі дір ете қалған.

– Ал, шырағым, – деді Қанатбай. Үнінде күйзеліс бар. – Біз масқара болыппыз. Көкаланы мына жаман айғырлар жабылып, шайнап өлтіріп тастапты.

Бала не болғанын білген жоқ. Есінен адасып қалғандай. Үйге кіріпті. Сұлтанға сұмдықты өзі айтыпты. Үнсіз отырып, шай ішіпті. Сосын Сұлтан, Қанатбай үшеуі Көкала өліп жатқан жерге барыпты. Құмның ішіндегі ойпаң екен. Көп аттың тұяғы қазып тастаған ойранды көрді. Көкала, алдыңғы екі аяғына тізерлей құласа керек. Құйрықтан құйрық жоқ, жалдан жал жоқ. Арқа мойны дал-дал. Іші теңкиіп, аяқтары серейіп жатыр екен. Тарағай былқ етпеді. Үшеуі үйге қайтып келді. Тағы тамақ ішті.

Сосын Сұлтан екеуі келген жолымен қайта қайтты. Ел орынға отыра ауылға жетті. Көшеге кіре беріп бала ағылтегіл жыласын кеп, жыласын кеп. Ат жалын құшып еңіресін.

Сұлтан: «Қой!» деп басу айтты. Бала Сұлтанды қамшымен тартып жіберіп, шаба жөнелді. Ауылдан алыс шығып, темір жол жиегіне барды.

Атты қоя беріп, айдалада жалғыз отырып қалды.

Енді ол жыламайды да.

САУАЛ

Темір жол астындағы теп-тегіс жалпақ дала Өгізөлгеннің үстінде қызылшаға дәрі сеуіп жүрген қос қанатты «кукурузник» кенет ауылға қарай беттеді де, қисалақтап-ауытқып барып, құлдилай берді.

Ошақ басы, үй маңайында жүрген қатындар:

– Өле, қараңғалғыр! Мынау қайтеді-ай! – дегенше болмады, ұшақ ауылдың тау жақ шетіндегі сайға шоңқиып отыра кетті, шоңқиып отыра кетті де, үні өшті.

Жұрт тұра жүгірген. Сайға бірінші жеткен Тарағай деген бала еді. Құлаған ұшаққа тым тақалып қалған екен, артынан іле-шала келген ересек балалар мен қатындар:

– Ойбай кейін!

– Жарылады, жүгермек! Өлесің! – деп шуылдасып қалды. Бала жұрт айғайына құлақ асқан жоқ, көзі шатынап, қызынып алған, ұшақтың арт жағына секіріп шықты, секіріп шықты да, екі қолын жазып жіберіп, қалбалақтай жүгіріп, кабинаға жетіп барды. Үңіліп қарап тұр. Атпен шауып келген Бұқакөз Абақ:

– Ой, ит неме! Қайда барасың? Өлейін деп пе ең?! – деп келіп баланы ұшақ үстінен іліп кетті, іліп кетті де, анадай жерде ошарылып, гулесіп тұрған топтың арасына апарып, топ еткізіп тастай салды. Бала жып-жинақы денесімен мысықша дік етіп тұра қалды, тұра қалды да, қайта ұмтыла берген.

– Өлемісің? – деген жұрт жібермей ұстап алды. Бұқакөз Абақ:

– Кәне, кейін! Кәне, қашындар! Қазір жарылады бұ бәле! – деп айғай салып, ойнақшыған жирен қасқасының алқымымен қақпайлап, жұртты ығыстырып жүр.

– Әй, ұшқышты көрдің бе? Өліп қап па? – деп қоршалай ентелеген балаларға Тарағай:

– Қайдам, әйтеуір. Екі адам жатыр, қисайып-қисайып... Өліп қалған-ау деймін, – деп қойды.

Ұшақ, бірденеден шошынғандай, кенет солқ етті де қайта тынды. Жамырап тұрған жұрт тым-тырыс бола қал-

ған. Енді бір сұмдықты күтіп тұр. Со кезде ақырын сырылып әйнек есік ашылды да, ұшқыш көрінді. Қап-қара мұртты, қап-қара жігіт екен. Қою бұйра шаш астынан самайын бойлап сорғалай берген қою қанды алғаш көргенде Тарағай:

— Басы қанапты, басы қанапты! — деп айғайлап жіберді. Жұрт ду дүрлігіп, ұшаққа қарай лап қойған.

Ұшқыш кабинаның ішіне қайта еңкейді, еңкейді де, жүн-жүн қайратты қолдарымен тік көтеріп біреуді алып шықты. Шап-шағын денелі арық қара.

— Өй, мынау Сұлтан ғой!

— Өліп қалған ба! Байғұс-ау!

— Ой, сорлы-ай! — десіп жұрт абыржып, үрейленіп қап еді. Жігіттер жағы ұмтылысып кеп, Сұлтанды көтеріп ала берген. Сұлтанның денесі былқ-сылқ. Бір тұтам. Лақтай ғана жеңіл.

— Әй, бұны қайтеміз?

— Жерге қоямыз ба?

— Денесі әлі жылы!

Жұрт жапырлап, Сұлтанның үстіне құлап кетердей. Жерге секіріп түскен ұшқыш, қабағы тас түюлі, Сұлтанды жұрт қолынан жұлып алды да, тік көтеріп, екі аяғынан жерге тік қойды. Сөйтті де: «Қазір сені!» деп, сол қолымен салбырап тұрған Сұлтанның жағасынан ұстап, оң қолымен «өліктің» жағынан тартып жіберді. Сол — сол екен, Сұлтекең басын шұлғып қалып, көзін ашып алды. Аңырып тұрған халық, таңырқаса шу етіп барып, қарқылдаса күле бастады.

Сұлтан тірі екен. Ұшқыш жағасын босатқанда қалбалақтап, тәлтіректеп, жығыла жаздап барды да, қоршап тұрған жұртқа үрке қарап алып, ыржиып күліп жіберді.

— Мынауың тірі екен ғой!

— Ой, Сұлтан өлуші ме еді?!

Ұшқыш жігіт ұшақтың кабинасына қайта отырды. Бұл топтың көзге түсер пысығы Бұқакөз Абақ, жирен қасқасымен жанамалай келіп:

— Әй, бала, мына Сұлтан мынауыңа қайдан мініп жүр? — деп еді, ұшқыш, қабағы түюлі қалпы:

— Оларыңның өзі бір ит екен! — деді. — Қызылша суғарып жүр екен. «Мінгіз-мінгіз» деп жата жабысты... «Е, жарайды... Мінсең, мін». Мініп еді, ұша бергенімде көзі алақандай боп... ақырып-бақырып, мені бас салды. Штурвалға жармасып... өзі бір ит екен? — Сөйледі де ұшқыш,

қабағы бұрынғыдан да қатты түйіліп, түнеріп кетті: бар ашуы бетіне теуіп, көзі қызарып, кабинадан қайта қарғып түсті, түсті де анадайда әлі ыржиып тұрған Сұлтанның қасына жетіп барып:

— Больше не будешь проситься! — деп арт жағынан бір тепті. Сұлтекең, қалбалақтап, ентелей түсіп, — жығылмады, әйтеуір. Ұшқыш кабинасына қайта отырды. Ұшақ, қиқалақтап барды да, көтеріліп кетті.

Балалар ауыл шетіндегі төбе басына жиналған. Табиғат тынысына елтіп тына қалыпты. Әр жерде ығы-жығы шоқиып-шоқиып отыр.

* * *

Тыныштық тыңдап үнсіз отыр. Ай астында бұғып жатқан алыс Алатаудың басына түнек бұлт үйіріліпті. «Түнде жаңбыр жауады екен» деп түйді Тарағай. Дала тынысы үзіліп кетердей. Тарағай да кеудесіне толған ләззатқа булығып кетіп, орнынан қарғып тұрды. Айтқаны да оқыс пікір:

— Жылатайын ба бәріңді?! — деді.

— Қалай жылатасың? — деп еді Хангерей деген сопақ бас бала.

Тарағай мырс етіп күліп жіберіп, оған «шының ба» дегендей, ойлана қарап біраз тұрды да:

— «Елім-айды» айтсам, бәрің де жылар ең қазір! — деді. — Ауылға естіледі ғой... Әйтпесе бәріңді де жылатар ем!

Енді ешкім үндеген жоқ. Тарағай сөзін мойындаған іспетті. Тым-тырыс отыр. Тарағайдың үні толқып, әсерлі шығып еді. Сондықтан да болар.

Маужыраған түн бала жанын еліте түсті. Дала тынысы үзіліп кетердей. Балалар манадан бері аңдамапты — дала толған әуен екен. Түн әуені. Сан-сан шілделіктің шырылы.

Жоғары жақтан қарандап біреу көрінді. Ілкіде көлеңкесімен екеуі жылжып келе жатқан тік бұрышты үшбұрыш еді. Өзі көлеңке сияқты, көлеңкесі өзі сияқты. Бірте-бірте айқындала түсті: арқасында кетпені бар екен. Кепкесін баса киген, биік қонышты қолпылдақ резеңке етік киген, елгезек біреу. Балаларға таяп келіп сол жаққа, сайға қарай жалт берді. Бұқпантайлап жосып барады. Балалар:

— Бұ кім-әй!

— Бұ кім? — десіп қалған. Сол-ақ екен Хангерей алтын тапқандай, айғай салды.

— Е-е, кім десем, Сұлтан ғой, қара Сұлтан!

— Е-е, Сұлтан! Қызылша суғарып келе жатқан ғой!

— Ұшқыш қой, ұшқыш!

— Ей, Сұлтан, тоқта! — деп Хангерей айғайлап жіберді де, қарандаған адамның соңынан тұра жүгірді. Оның соңынан бар бала лап қойды.

Жырқылдап күліп, қиқулап, қызықтап барады. Лезде қуып жетіп, Сұлтанды қоршап алысты.

— Ұшқыш Сұл-тан! Ұшқыш Сұл-тан! — деп бәрі шушу етіп, Сұлтанды айналып жүр.

Тарағай басқалардан соң жеткен. Таяп келгенде ай астында ыржиып күліп тұрған Сұлтанды көрді.

— Қойсаңдаршы-ей, балалар, қойсаңдаршы-ей... — дей береді. Не істерін білмей, сасып тұр. — Ауыл естіп қояр... Ауыл естіп қояр...

Балалар қояр емес.

— Ұшқыш Сұлтан! Ұшқыш Сұлтан!

Сұлтан байғұс көзі жыпылықтап, ыржалаң-ыржалаң етеді. Тарағайдың жаны ашып кетті.

— Болды ғой енді! — деп еді, ешкім құлақ аспады. Тарағай, не істесем екен дегендей, біраз ойланып тұрды да, ерекше ербеңдеп секіріп тұрған Хангерейдің қасына келіп, тобығынан аяғымен қағып жіберді. Анау құлап қала жаздады. Бұның не дегендей Тарағайға жалт қарады да, секіректеп айқайлай берді.

— Қойыңдар! — деген Тарағайды елеген жан жоқ. Тарағай ыза боп кетті де, Хангерейді тобықтан қағып жіберіп, мұрттай ұшырды.

Тарағай түйілігіп алған, үн-түнсіз түйіліп кеп, балаларды шетінен тобықтан қағып құлата берді. Орындарынан ұшып-ұшып тұрған балалар енді Сұлтанды қойып, Тарағайға жабылмаққа топтаса қалған.

— Енді біреуің аузыңды ашып көрші Сұлтанға! — деп Тарағай өз әлінше ақырып қалды. — Көрсетейін!

Балалар жым болды. Сұлтан сасқанынан:

— Ойнаңдар, айналайын, ойнаңдар! Осы кезде ойнап қалыңдар! — деп міңгірлеп, тайып тұрды. Кепкесін баса киген. Арқасында кетпен, аяғында биік қоныш резеңке етігі қолп-қолп етіп, кетіп барады.

Келесі күні қара Сұлтанның беделі қайта көтеріліп қалып еді. Өзен жағасында түс кезінде шомылып жүрген балалар кенет шу ете қалды, судан шыға ауылға қарай жүгіріскен.

– О, не-ей? О, не-ей? – деді Тарағай, әркімге бір жалтақтап.

Ауылдың шығысындағы шеткі көшемен үш атты келеді екен. Ортада күрең мінген скиф сақалды ірі денелі қария. Сол қолының қарына үлкен бүркіт қондырған. Бүркіт – томағалы. Тырнақтары да тұмшаланған.

Қарияның екі жағында екі жігіт. Жеңіл киінген. Мінгендері дөнен.

Жолаушылар топырлап жиналған бала-шағаға көңіл бөлетін емес. Алға қарап, міз бақпай кетіп барады. Ешкімді жан екен деп елер емес.

Жолаушылардың бұл халі балаларға да әсер етіп, сыбырлай сөйлесіп, әдеп сақтап келеді. Бәрінің көзі бүркітте.

– Сұлтанның үйіне барады.

– Сұлтанның құдасы ғой.

– Сұлтанның қарындасына алған қалыңмалы. Бүркіт сұрапты деген.

– Т-с-с! Ұят болады.

– Е, несі бар. Сұлтан қарындасының қалыңмалына бүркіт сұрапты деген!

– Қой деймін!

Соңынан шұбырған бала-шағаға көңіл аударманған қалпы, жолаушылар айтқандай-ақ, Сұлтанның үйіне түсті.

Сұлтекең далаға қалбалақтай жүгіріп шығып, қонақтарын қуана қарсылап жатыр. Балалар, көздері бақырайып, үйіріліп тұрып қалған.

– Ой, здорово! Енді анау бүркіт Сұлтандікі болады, ә?

– Керемет!

– Қасқыр ілетін шығар-ау!

– Қасқыр дейсің, түйені де ілер мынауың.

– Бұл атақты Сарбалақ қой. Қасқыр алады деген.

Сұлтан қонақтарын аттан түсіріп жатып, балаларға қауіптене бір қарап қойып еді. Тарағай Сұлтанның халін түсінді де:

– Қой, тарайық! Көргенсіз ауылдың баласындай, бұл не? – деді. Балалар тарай бастады.

Қария бүркітті сарай алдындағы ағашқа отырғызды да, шынжырлап байлап, үйге беттеді. Сұлтан, қонақтарын үйіне кіргізіп, қайта шықты. Кетіп бара жатқан Тарағайды шақырып алды.

– Тарақжан! – деп жылы сөйледі. – Аққұлыға айт. Менің құдаларым келді де. Үйді-үйді аралап жүріп ауылдағы ақсақалдарды түгел шақырып бер маған. Айналайын,

сен басқалардай емес, есті баласың ғой... Ертең, мына құдалар кеткен соң Көделіге барып бүркіт саламыз.

Тарағай:

— Мақұл! — деп тұра жүгірді. Қуанып кетті.

Сарбалақ бүркіттің келуімен Сұлтанның беделі өсіп қалған еді. Енді оны балалар да бұрынғыдай мазақтап соңына түсуін қойып, «Сұлтан аға» деп, үлкендерге «Сұлтеке» боп қалған. Бір апта өтпей-ақ Сұлтекең тағы да Сұлтандығын істеді. «Қоя тұр, асықпа. Құс та иесінің мінез-құлқына қарайды. Біреудің қолында қасқыр алған құс, біреудің қолында тышқанға түседі» деп ақыл айтқан қариялардың сөзін тыңдамай, қасына Тарағай бастаған бір топ баланы ертіп, Сарбалақпен Көделі жазығына шыққан. Кешке дейін көзге тірі жәндік ілінбеді. Кіші бесін кезінде қыр астынан бір түлкі қылаң етіп еді, Сұлтан, томағасын алып, Сарбалақты қоя берді. Бүркіт аспандай беріп жерге шүйілді.

— Алды!

— Ілді! — деп тұра шабысып келсе, атақты бүркіт сары тышқанға түскен екен.

Сарбалақ саршұнақтың парша-паршасын шығарыпты. Ашулы екен, қанатын сартылдатып, шаңқылдап, көпке дейін маңайына жуытпады.

Қайтар жол бойы балалар жағы Сарбалақтың мына қылығын айтысып, қарқылдасып, мәз болысып келді. Сұлтан да біруақ ыржалақтап күлген болып еді. Соңынан қабағы түйіліп, үнсіз қалды.

Бүркітті ерге қондырған. Өзі артында мінгесіп отыр. Бала сияқты. Беті көлденең қатпар-қатпар. Жүк ағашқа жиналған көп көрпе тәрізді. Көз алдының әжімдері тік түскен. Екі гармошка. Қысық көзі шұңірейіп кеткен. Кемпір десе болғандай. «Осы мен тағдырға не жазып ем?» деп ойлады Сұлтан. Бар күйінгені, кейігені бұл. Бұдан әрі, бұдан терең бара алмайды. Ұзақ сөйлем құра алмайды.

Ойы да қысқа: «Осы мен тағдырға не жазып едім?!»

Балалар айғайлап-шуласып келеді. Күліседі. Мінездері ойнақы. Шабысады. Жарысады. Сұлтанға бірдеңе айтады. Оны естіп келе жатқан Сұлтан жоқ. Өзімен-өзі. «Осы мен тағдырға не жаздым?» дейді. Бар мұңы, бар кейісі осы қысқа ғана запыран-сөйлеммен ақтарылған. Өзгеге мейрімді тағдыр Сұлтанға дегенде қырсықты да қалды. Ауылға қалай келгенін, үйіне қалай кіргенін біле бермейді. Аңғарғаны

– іші өртеніп барады. Зара жұмыстан қайтпаған екен, өзі шай қойып ішті. Аузы күйгенін сезбей, ыстық шайды сораптап жұтты кеп, жұтты, бір сәт іштегі өрт басылғандай болды да, қайта өршіді.

Үйде отыра алмады. Көк мәуіті шляпасын киіп далаға шықты. Күн батар мезгіл. Ақырын аяңдап, дүкеннің алдына барды. Ұзын сары Күзенбай шығып келеді екен. Қақтығысып қалды. Сереңдеген жарықтық таптап кете жаздады. Аузынан арақ иісі мұнқ етті. Ақсиып күліп жіберіп, Сұлтанды құшақтай алды.

– Ойбай, жезде, басып кете жаздадың-ау!

Шегір көзі қызарып кеткен. Жирен шашы тікірейген – «кірпі». Көк жолақ көйлегінің жеңін түріп алған. Аяғында керзі етік. Жұрт оны сыртынан «Сасық күзен» деседі, мінезі шақар. Ішіп алса, нағыз пәле.

Сұлтан:

– О, Күзеке! – дей берген. Жауап айтпақ ойы бар-ды. Күзен оның аузын аштырмады. Кіп-кішкентай баладай тік көтеріп алды да, лавканың қасына дік еткізіп бір-ақ тастады.

– О, айналып кетейін, жезде, – деді Сасық Күзен, – жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан. Кәне, бір жартылықты алып жібер. Екеуіміз тастап алайық!

Дүкенде Жауһаз тұр екен. Сұлтан қысылып қалды. Сасық Күзен болса ештеңе сезер емес.

– Әй, қатын! (Тұрармен құрдас болғасын солай сөйлейді). – Әпкел көк мойынды! Мына жездем төлейді. Бұл жездем шіріген бай ғой, шіріген бай! Қарындасының қалыңмалын жалғыз өзі жамбасқа басып жатыр.

Сұлтанның бетінен оты шықты. Бірақ байқалған жоқ. Қара беті күрең тартты да қойды. Қарындасының қалыңмалына бүркіт алғанын, ол бүркіттің бүгінгі қылығын айта ма деп қысылды.

– Келінжан, бір жартылық бере ғой, – деп Сұлтан сөз бетін бұрып кетті.

Екеуі бір жартылықты бөліп ішіп алды. Жұғын болған жоқ. Сұлтанның іші тырнай түсті. Басыла ма деп еді. Алып бара жатқан бір өрт. Арақпен ғана сөндіресің. Екеуі тағы бір жартылықты бөліп ішіп алды. Сұлтанға бұ да жұғын болмағандай еді. Сап-сау тұрған. Әрнені бір айтып тиісе берген Сасық Күзенге: «Күзеке, қой, Күзеке, ей-ей! Күзеке-ай, осы бізге не жетпейді? Жетеді, бәрі жетеді, құдайға шүкір!» деп тұрған. Жайбарақат бір халге түсіп еді. Кенет

іріген сүттей дүние сарғайып барып, тоз-тоз болды да кетті. Дүкен сөрелері сөгіліп-сөгіліп, теңселіп билеп тұр.

«Тұрардың үйіндегі келін. О, айналайын... Е-е... Тістері аппақ екен-ау. Сояудай-сояудай... Күректей-күректей... Екі ерні бір-біріне әзер жетеді екен. О, айналайын, келінжан... Мұның қалай өзі, қыр мұрын да екенсің ғой, ә, айналайын келінжан, көзіңнен жәудіреген әншейін... Тамағыңнан айналайын аппақ. Төсіңнен айналайын томпиған... Танашымның көзі...»— Біреу жағасынан жұлқылағандай болды. Сүйреткендей болды.

«Күзеке, әй Күзеке, ит екенсің ғой!» дегендей болды. Мүмкін олай демеген шығар. Мүмкін басқа бірдеңе айтқан шығар. Мүмкін: «Күзеке, айналайын, қой!» деген шығар. Мүмкін, білмейді. Білетін тек басының ішінде жарқ еткен бір ұшқын көрінді де түнек басып кетті. Енді бір қараса, қалың жүгерінің арасында отыр. Неғып отыр? Қайдан келді? Білмейді. Бірдеңе мазалайтын сияқты. Ол не? Ой ма, үн бе? Ә дегенде түсіне де қоймаған. Үн екен. Әйелдердің үні. Дауыс айтып жылай ма, қалай? «Апыр-ау, мен қайда отырмын? Бұл неғылған жылау?» деп ойлады Сұлтан. Бір сұмдық болғаны ғой. Кісі өлген-ау, шамасы. Мынау — дауыс айту ғой. Дауыс бірте-бірте айқындала түсті. Жақын екен. Сұлтанның да басы айыға түскен болар. Ай жарық. Күндізгідей. Сыңсып тұрған қалың жүгері. Шашақтары ай сәулесімен жылт-жылт етеді. Күміс дерсің. «Кімнің шарбағына түсіп кеткем?» деп ойлады Сұлтан. Ойлады да, «қой, үйге кетейін» деп тұра берген. Жүгері іші сылдыр-сылдыр ете қалды. Бұл не? Сұлтан тына қалған. Адам екен. Бала екен. Жүгіріп келеді. Жақындай берді. Тарағай. Мәйкішең. Жүгіріп келді де, арық жағасына отыра кетті. Екі тізесін құшақтап алған. Шоқиып отырған көжек сияқты. Басын тізесіне қойып, өксіп отыр. «Әу, бұ қайдан жүр, бұған не болған?» Сұлтан тәлтіректеп әрең тұрды. Буындары дір-дір етеді. Балаға жақындады. Шошып кетер деп жөтеліп қойды. Тарағай басын көтеріп алды. Таң қалған жоқ. Жаңа ғана жылап отырғандай еді, енді жүзінде жас көрінбейді. Сұлтанға аңыра қарап, аузын ашып қапты.

— Сен... неғып жүрсің, айналайын?! — деді Сұлтан балаға, таңырқай түсіп, басынан сипамаққа қолын соза беріп. Бала, Сұлтанның арбиған саусақтарынан шошып кеткендей қарғып тұрды да, шегініп кетті.

— Н-н... неғып жүрсің, айналайын?!

Баланың ерні дір-дір етті.

— Үйде отыр ем... — деді.— Жауһаз жеңешем кіріп келіп құшақтай алды! Шашы жалба-жұлба... Қобырап кеткен. Киімдерін жыртып тастапты... Мені қысып өлтіріп қоя жаздады. Жылай береді, жылай береді... Тұрар көкем келіп, аяқ-қолын байлап, әрең алып кетті... — деді де, жүгіре жөнелді. Жүгері іші сатыр-күтір болып кетті. Сұлтан сол тұрған қалпы тұрды да қалды. «Не деп кетті мына бала, не деп кетті? Жауһаз дей ме? Жынданған дей ме? Неліктен? Онысы несі? Өй, құдайым-ау, не деп кетті мына бала, не деп кетті?!» Сұлтан жүгерінің шетіне шықты. Аққұлының шарбағы екен. Енді аңғарды. Дауыс әріректен. Тұрардың үйі жақтан естіледі. Бір сұмдықтың болғаны айқын. Зараны оятып, Тұрардың үйіне барайын деп шешті Сұлтан. Бірақ көшеге шығуға батпады, көшеде аттылы-жаяу адамдар қарандап қалды. Тұрардың үйіне беттеген жұрт болу керек.

Шарбақ-шарбақтың арасымен ауыл сыртын айналып үйіне бет алды. Аяқтары былқ-сылқ. Алға басқан қадамы кері кетеді. Бүкшеңдеп жүгірген болады. Ішін өртеп бара жатқан, жүрегін жегідей жеп бара жатқан бір ой бар. Не ой ол? Білмейді. Шешімі табылмаған мазасыз бір ой. Жаңа Тарағай айтқан жайға байланысты ма? Жоқ, өз тағдырына байланысты ма? Білмейді. Әйтеуір жегідей жеп бара жатқан бір ой.

Үй іші ұйықтап қалған екен. Кіріп келіп, шамды жағып қалды. Қапырық бөлмеде төр алдында Зара жатыр, пыр-пыр етеді. Екі жағында екі-екіден төрт қызы. Үстіндегі лыпасын теуіп тастапты. Бөксесі теңкиіп кеткен. Жайбарақат. Бұ дүниеде не боп жатыр, онда ісі жоқ.

— О, иттің баласы, жатысын! Тұр, кәне! — деп Сұлтан ақырып жіберді. Жайшылықта әйеліне бұйтіп ақыра алмайтын. Іштегі шешімін таппаған күпті ой, ақтарылмаған запыран ой Сұлтанды қаһарландырып жіберген. Зара да сол күшті лезде сезді. Басын жастықтан жұлып алып:

— Ойбай-ау, тағы не сұмдық? — деп күйеуіне қарап қалыпты.

— Тұр, иттің баласы! — деді Сұлтан тағы да. — Жатысын қарай гөр. Оят мына қыздарынды.

Сөйдеді де аяғымен түртіп, қыздарын өзі оятты. Ерінбей-жалықпай қыздарын әйелінің қасына қатар отырғызып қойды.

— Қара бұлардың жатысын! — деді. — Мен сендерге

кәзір айтам... Бәрін айтам. Не ойлаймын, соның бәрін айтам. Ештеңе жасырмаймын. Сендер түк білмейсіндер... Сәбет үкіметі... Отырыңдар тыныш, қазір мен сендерге айтам... Сәбет үкіметі...

Сөйледі де Сұлтан, Сері Сұлтан ұзақ сөйлеп кетті. Әлемнің шексіз екенін, өмірдің жұмбақ екенін. Бұ дүниенің сыры неде? Мәні қайсы? Бәрі-бәрін айтты. Бар жұмбақты шешіп тастады. Солай деп ойлады, ұзақ сөйледім деп ойлады.

Ал, шынында, әйелі мен қыздарын қатар отырғызып, «ал тыңдандар» деген күйі, етпетінен құлап, ұйықтап кетіп еді.

АЙ АСТЫНДА АЙДАЛА

Ет қызуымен алғашқы айда сезбеген екен: өзіме де сол керек дегендей, онда тұрған не бар дегендей, өмір адамға бірде оң қарап қалмақ, бірде теріс қарап қалмақ, тіршілік заңы солай дегендей өзін-өзі жұбатып, мал соңында жүре беріпті. Бұл кезде Қодарқұлға және бір медет болған Танабай карт еді, екі отар көрші қоныр, қатар көшіп отырған. Бірлі-екілі жігіттер, маңайдағы малшылар бұған көңіл айта келіп, басың аман болса, бәрі де өтер де кетер, ер азамат бұндайға төзімді болар, езілмес болар, деп, ақылбасу айтып, бұның біраз ызасын келтірген. «Мен намыстанып жүргем жоқ, бұлар неге мен үшін күйіп-піседі?!» деп бұл күйіп-пісетін. Ондайларды үйінен қуып шыға да жаздайтын, бірақ «қойшы құрысын, шын ниетімен келіп отыр ғой, өзінің түсінігі сол болса қайтесің!» деп өзін-өзі тоқтатар еді. Содан бері айдан аса уақыт өтіпті. Ойлап қараса, сол бір ай еселеген жылдың жүгін көтеріпті, сол бір ай шешіле беріп қайта тартылған өмір түйінін шиелеп-шиелеп әкеліп, тастай қатырып тастапты; айласын қанша іздегенмен таптырмас, шешімі табылмас, енді тартсаң, тек үзіліп тынар. Талай рет үзіліп те кете жаздаған жоқ па? «Үзіліп кету оңай-ақ шығар. Бірақ қайта жалғанбайды ғой. Сонысы жаман».

Ол аунап түсті, етпетінен жатып, кеудесі ауырып қалған екен. Жастығын құшақтап жұмарлай беріпті, енді жастық тікірейіп, мойнын ауыртып барады. Жастықты жөндеп қайта салмаса болмас, үстіндегі ақ лыпаны теуіп тастап, жігіт төсек үстінде қос тізерлеп отырды. Мүжік ай еңкейіп кеп, ашық түндіктен үңіліп тұр екен. «Түн ортасы. Бүгін

тыныш түн болды. Ұзағынан берсін». Жастығын жөндеп төсеп жатып еді, мүжік ай бұрынғыдан да төмен үңіле түсті. «Бетін теміреткі басқан кәрі кемпір екен-ау!» Ол өзіне-өзі таң қалды. «Жаңа ғана өмір мен өлім туралы зіл қара ойдың астында бастырылығып жатыр едім, басымды көтеруім мұң екен көзім айға түсті, оны кемпірге теңей қойдым. Ай! Мен ғой кетемін мәңгі келмеске, бірақ осы ай талай қуаныштың, талай қайғының куәгері болып өз жолымен жүре бермек. Қалай ғана ішің күймес! Қалай ғана ішің күймес!.. Сен бір қапаста жатқан балшық едің, өзіңнің бар екеніңді де білмеуші едің. Сен жоқ едің. Кенет сенің алдыңнан ғаламат зәулім сарайдың есігі ашылды. Жарқылдаған жарық дүние, нұрлы дүние, оттың ыстығы мен судың суығы, күннің шапағы мен жердің дымқылы жарастық тапқан сәнді әлем, көздің жауын алған жасыл дүние, айы мен күні кезектесіп нұр сепкен шат дүниеге тап болдың. Сен қуанып кеттің, сен аралай бердің, аралай бердің, қызығына тоймадың. Көптеген ойын көрдің; қасірет ойыны, шаттық ойыны, соғысу ойыны, табысу ойыны, жалпы ойын, жалқы ойын, сен де барып, араласып кеттің, қызығына тояр емессің... Бір кезде біреу келіп жұмсақ жеріңнен бір тепті, омақаса ұшып түстің, жар жиегінде тұр екенсің — құлдырай жөнелдің; көр қараңғы, сыз, суық, тұңғиықта құлдырап кете барасың, кете барасың. Енді саған қайту жоқ, енді саған әлгі нұрлы әлемді қайта көруді жазбаған. Ішің қалай күймесін!»

Жүрегі су-су етті де тоқтап қалғандай болды, жер, қара жер, қара жер тарта жөнелгендей болды, ол өлімді, көдімгі көрсоқыр өлімді сезінді. Шып-шып терлеп кеткен маңдайын ұстай алып еді, далада қалған бас сүйегінің қу қаңқасын ұстай алғандай болды, жүрегі тулай түсіп, тоқтай қалды, тоқтап қалғандай болды. Сасқанынан басын көтеріп тұр екен, құдды ажалдың өзі. «Ажал осындай болатын шығар». Денесі мұздап сала берді. Күндіз шешімі табылмаған геометриялық бір есепті ойша елеспен шығара бастаған, сандар сапы, троллейбустың шығып кеткен сояуындай ырғалып-ырғалып тұрды да шорт сынып ғайып болды. Сосын «ай астында, ай астында, ай астында» деген суретсіз сөз тізбегі зердесінде тұрып алды да, біраздан кейін ай астында мүлгіген айдала, арқа-жоны тынық көлдің бетінде ойнақтаған айнаның нұрындай онан бір, мұнан бір көрініп ағып өткен ақбөкен, мұрттарын қайшылап гүжілдеп ұшқан қара қоңыз сияқты «газик», Жетіқоңыр,

Ұлытау бейнесі, мәрмәрдан қашаған мүсіндей ай астында қақшиып тұрған Сәнжан, масадан қорғанғандай оң қолына ұстаған ақ орамалын желпи жүгірген Нефертити өткен уақыттың ұзақ-қысқалығы, кезіккен адамдардың түр-тұрпаты, мінез-құлқы біртұтас келіп, көңіл полотносына құйыла қалды.

Енді, міне, қазір ғана түсінгендей; ол да Еркебұландардың бұған істеген бір қиястығы екен. Бұл Еселіге көшіп кеп, Танабай қартқа жаңа ғана қоңсы қонған кез еді. Күтпеген жерде Бұқакөз Абақ келсін: сегіз орындық газиктің төбесін ашып тастаған, өзі рөлге отырып алыпты. «Иә, жол болсын?» «Әлей болсын. Сізге келдім. Жаңа бастық пен Ерекең жіберді. Жамантай кәссір ауырып қап. Малшыларға абанса беретін уақ боп қап. Соған ыңғайлы ешкім жоқ деп, Сізге тоқтасты. Міне сөмке, ішінде жиырма алты мың сом, санап алыңыз. Міне әктісі – қол қойыңыз. Міне – мәшине, шопырыңыз мен, қазір біз шопыр боп кеткенбіз». Қо-о-ш. Содан екеуі келесі күні отарды «пөмешнікке» тапсырып, жолға шықсын. Тауды жайлаған мал бүгінде құмға келе бастағанмен Сарыарқадағы мал әлі бұнда жеткен жоқ еді. Екеуі Мойынқұмды үш күн аралап «Көкөзектің» осындағы шопандарына «авансаларын» таратып берді де, төртінші күні Арқаның жазығына шығып кетті. Бірте-бірте Бұқакөз Абақ бұның жынына тие бастады: ілкіде бұл «мәшинені сағындым, рөлінді бере тұршы» деп рөлге отырған, содан Бұқакөзді қайтып орнына отырғыза алсайшы, көзі бақырайып шофердің қасындағы жайлы орынға жайғасып алды; ақшаның да иесі сол сияқты, сөмкені мойнына асынып алған, айрылсайшы; жұртқа өзі үлестіреді, тізім соның қолында, билеп-төстеп жүр; бұрын, бұл бастық кезінде «Кәке-Кәке!» деп иіліп тұратын байғұс, енді «Қодарқұл, әй, Қодарқұлға» көшіпті, «әй, кетші!» деп бір-екі рет иығынан салып қалғаны да бар. Намысы келсе де Қодарқұл оған сыр берген жоқ.

«Бұның менен несі кем екен, білімі аздау, ойы қысқалау демесең. Оның өзі де жай, айтуға ғана болмаса, жалпайып жатқан жапаны тікірейіп тұрған қатты тезектің менсінбегені тәрізді ғана емес пе? Мен өзім бір данышпан Сократ болсам екен!» Іштей солай түйді де Қодарқұл Бұқакөз Абақтың ырқына көне берді, көне берді, кінәлі адамдай ыржиып күледі де, жүре береді, ендігі жерде машина айдаушы – Қодар, шіреніп отырушы Бұқакөз Абақ,

келген жерде төр де соныкі, сөз де соныкі. Бағдарсыз, не болса соны айтады екен, айтады екен де өзі мәз болып қарқылдап кеп күледі екен; ісінде де береке жоқ. Үш күн аралағанда төрт-ақ отар тапты, сонда да жер мөлшерін жақсы білемін деп, өзеуреп қоймайды; жазыққа шыққалы екі күн, тапқаны екі-ақ отар. Бұл жүрісімен «абансаны» келесі жылы үлестіріп бітер. Түскен жерден жартылық ішіп, қой жемей аттанбайды. «Әй, әкең, сой, сен үшін әуре боп немене!» Лебізінің сиқы осы. Қимыл-әрекетінде де бағдар-бағыт жоқ. Жақындағы отарға тоқтамай, алыстағы ауылға тартып отырады. Онысын Қодарқұлға сездірмеуге тырысқанмен, Қодарқұл бір-екі рет байқап қалған. «Бұның не?» деп сұрап көріп еді, «е, қойшы, шық бермес, әкеңнің, өзі, оған кейін соғармыз!» деп шырт түкірді. Сонымен Қодарқұл Бұқакөз Абақтың қарауында кете барды.

Бар мехнат солай ғана тынса, шүкіршілік еді. Бұқакөз Абақ ақырында Қодарқұлды бірінен соң бірі екі пәлеге ұрындырып, азапқа қалдырған. Төртінші күні кешке бұлар айдалада отырған жылқышының үйіне тап болды. Үй иесі ұзын бойлы, тік жүретін сары шал шүйкедей қара кемпірі екеуі ғана тұрады екен: қонақтарға қуанып қалды, қозы сойды, сақтаған сары қымыз берді, кімсіндер, қайдан жүрсіндерді кешкі астан кейін барып сұрады. Бұлар жөндерін айтысты. Шал да өздері жайлы қысқаша мағлұмат берді: Ұлытау маңындағы совхоздардың бірінен екен. «Нәсіліміз Найман. Есімім Арғынғазы. Осылай жүріп жатқан жайымыз бар. Қо-ош, жолдарыңнан бұрылып келгендеріңе, біздің дастарқаннан дәм татқандарыңа рақмет. Қайтар жолдарыңда осы жолмен жүрсеңдер тағы да келіңдер үйге» деді. Арғынғазы карт асықпай отырып, майдалап сөйлейтін тиянақты кісі көрінді. Бұларды бөтенсіген жоқ, өмір бойы таныс адамдай-ақ бар сырын ақтарып айтып отыр. «Төрт бірдей арысым, төрт ұлымды пәшес жұтты, үлкен ұлымыз Асылбайымның сүйегі Балтық деген жерде қалды, екінші ұлымыз Сәбетбек хабар-ошарсыз кетті. Тірі жүрсе, тірлік белгісін білдірсе керек еді. Біздің өкіметке Әмірикаға өткендердің де аты-жөні белгілі көрінеді ғой, талай сұрау салдым, ізі жоқ. Күдер үзгім келмейді-ақ, бірақ өзіңді-өзің қашанғы алдай бересің. Үшіншіміз Медетбек Берлінді алып, жеңіс тойын тойлап жатқан күні оққа ұшты. Оққа ұшты деген қарақағаз келді. Кемпіріміз екеуіміз соғыстан қайтқандарды тосып, Жезқазғанда бір ай жаттық. Күнде уағзал-

ға барамыз. Күнде эшалон келеді, біздің баламыз жоқ. Ақырында ауылдан колхоздың басшылары келіп, о кезде колхоз едік қой, үйге қайтындар деді. Өздері бізбен бірге қайтты. Сөйтсек, қарақағаз келген екен, колхоздың басшылары соны үйге жеткенше естірте алмай қиналыпты ғой, байғұстар. Кенже ұлымыз ай-күн аманда Иран жерінде қаза тапты. Е-ех, балаларым, қайсыбірін айта берерсің? Найман ішінде Мішәнқұл деген аз ата едік. Состиып, екі-ақ үй қалдық. Біз болсақ, кемпіріміз екеуіміз отырысымыз мынау тамыры солып, жапырағы төгіліп, бұтақтары сынған тұқыл ағаш сияқты, түбі кеткен тіс сияқты. Жалғыз інім Жанғазы совхоздың қойын бағады. Осыдан сәскелік жерде Тасқұдықтың ойпаңында отыр. Жаратқан басқа жұртқа оннан, он бестен бала беріп жатқанда Жанғазыға жаны ашыр емес. Жалғыз перзенті о да нашар бала, төмен етек. Мектеп бітіргеніне екі жыл болды. Алматы түгіл Жезқазғанның оқуына түсе алмай, үйінде отыр. Ұзатудың жөні де табылмай тұрғаны». Арғынғазы қарт кісінің бетіне бағдарлай қарап отырып сөйлейтіндіктен Бұқакөз Абақ қалғып кете алмаған. Арақ бермеді деп шалға ашулы, көңілсіз сұлық қалпы еді, әңгіме аяқталған кезде малдас құрып отырған аяғын созып жіберіп, тізесін уқалап, біраз ойланып қалды да, кенет: «О баланың аты кім?» деп сұрап қалды. Абақтың бұл қылығы Қодарқұлға оғаш көрінгенмен Арғынғазы қарт мән бермегендей. «О баланың аты — Төлбасы». Қарттың үні баяу, қоңыр қалпынан айныған жоқ, біраз үнсіз отырды да, сөзін жалғай берді. «Қайтыс болған қарындасымнан қалған жалғыз ұл бар. Тасемен десе — тасемен. Жүрген бір тентек. Әкесі Ұлы жүздің Аққойлы деген атасынан еді, соғысқұмар, қаны бұзық боп өсті. Ай-күн аманда қалтасынан қанжары қалмайды».

Бұ сөздерді естігенде Бұқакөз Абақтың қабағы шытылып бір кетті де: «Жаталық» деп жамбастай берді. Қодарқұл шошып оянды, жүрегі тоқтап қалғандай екен. Дөңбекшіп көп жатты, ұйқысы келсейші. Қазіргі бұл халіне ешбір байланысы жоқ ойлар шыр айналып басынан шықпай қойды. Ағаш ат мініп, ағаш қылыш асынған балалығы көз алдына тұрып алды. Анасының төсіне жармасқандай-ақ ақ інгеннің бауырына жармасып, ұрлап емген шақтары есіне түсті. Сол кездегі арманы батыр болу еді. Сөйтіп аш жүрген, жаланаш жүрген шағында бір мойып көрмепті. Әрдайым жатарда «Бүгінгі түн соңғы түн, таң атады, мен батыр боп оянамын.

Менің өмірім ертеңнен басталады» деп ойлайтын. Солай ойлауға жалықпайтын. Таңертең оянғанда бұрынғы өз қалпы екенін көріп ренжімейтін. «Жарайды, бүгін де осылай жүре тұрайын, ертең болсын!» дер еді. Сол ниет әдетке айналып, жігіттік шаққа жеткенше қалмапты. Кейін келе «батыр» деген сөздің орнына «қайраткер» деген сөз орнықты. «Оқу бітіремін, сосын болсын!» дейтін. Жезтаңдай шешен, қара қылды қақ жарған әділ, талайдың алдын орап біліп отыратын ақылды басшы болуды көксейтін. Тәтті киял, елес суреттерге елігіп, неше рет үкімет басына да барып қайтқан. Қодарқұл қараңғы үйде жатып, өз-өзінен езу тартты: ендігі халі есіне түсті. Құдалау көріп, алыстағы мектептерде жүрген шағында да, кейін мектеп директоры, одан колхоз бастығы болып жүрген шақтарында сол бір үміт, балалықтың әдеті мүлде жоғала қоймапты. Сәтін күткен ұрыдай көңілдің бір тасасында бұғып жатыпты. Енді міне, бұл – қойшы. Қарауында: бір «пөмешнік» бала, алты жүз тұсақ, екі төбет, бір қыршаңқы ат. Асқақ ой, асау арман қайда, көпті жасқандырған тәкаппар Қодарқұл қайда? Көзіне қамшы тиген жауыр жабыдай бір орында шыр айналып қалған жоқ па? Енді біттім, жеткен жерім осы дегісі келмейді, мойындаса, күйрегені. Халыққа, еліме пайдалы іс істеп жүрмін деп, өзін-өзі талай жұбатпақ болған. Өзін-өзі жұбатқан сайын күйреу сәтіне таяна беретін. Ер жігіттің мәртебесі өмірде алдына қойған мақсатының биіктігіне тән. Ұшан биік шыңды меңзесең, соған көтерілуге шамаң жетсе мақсатыңның орындалғаны. Шыға алмай құлаған жерде – мәртебеңнің де деңгейі белгілі боп қалмақ. Алдына биік мақсат қойып, соған жетуге талпыну – ердің ісі.

Талайлар ауыл маңындағы ешкі ойнақ төбешіктің «ұшан биігін» өзіне меже етіп қойып, соған жеткеніне мәз, төбе басында шоқиып отырғанына мәз. «Осы да жетеді» деп жүрген жоқ па? Мен де сол ешкі ойнақ төбешіктің басына ағаш ат мініп, ағаш қылыш асынып жетіп бардым да, сол арада қалып қойдым емес пе. Солай. Солай екенау. Ендігі серігім, ендігі теңім Бұқакөз Абақ». Солай ойларын ойласа да өз ойынан тіктеніп қалды. «Неге мен бұл байғұсты қорсынамын? Неге мен өз халімді қорсынамын? Бұл да бір адам, тірі жан. Бұл өмірге келудің өзі ұлы той. Сондықтан адамдар бір-бірінің тойын бұзбай, көрер қызығын молайта түссе, сол ләзім болар еді ғой. Онсыз да қор жанды қорлау қордың ісі. Ұсқыны анау, жасы отыздан ас-

қанда өз алдына отау тіге алмай жүрген жүрісі мынау. Адам неғұрлым бақытсыз болса, соғұрлым оны жақсы көрмек шарт. Мен бұны менсінбегенім – өзімді жер қылғаным, өзімді сыйламағаным». Қодарқұл ірге киізді түрді де, шалқасынан жатты. Тар үйді басына көтерген қорыл бар екен. От алмай жатқан трактордай барқырап басылып, барқырап басылатын бір қорыл, бұл –Абақ, ысқырып-басылып, ысқырып-басылатын бір қорыл, ол – Арғынғазы қарт болар. Екі қорыл кейде тына қалып, жарыса кетеді, кейде бірі тынып, бірі бастап алма-кезек «дуэт» соққанда шашыңды жұлып, далаға тұра қашқың келеді. Қодарқұл шыдап бақты. Оң жамбасына аунап түсті де, сол қолын созып Абақтың иығын тапты, жұлқып-жұлқып жіберіп еді, анау, біраз ыңырана түсіп, қорылын қойды. Қодарқұл көрпе сыртынан жігіттің жардай денесін құшақтап, жанашу сезіміне елітіп біраз жатты. Енді Абақ қайта қорылға басса да ыза болған жоқ, байғұсты құшақтай түсіп, ұйықтап кетті. Арғынғазы қарттың түн ортасы ауа тұрып, жылқыға барып келгенін де, шүйкедей кемпірдің таң сәріде оянып, бие сауғанын, қайтып келіп іргені тургенін де білген жоқ. Қатты ұйықтапты. Жаңа ғана көзі ілінгендей еді, көзін ашса киініп алған Абақ бас жағында ақша санап отыр. Қодарқұл күліп оянды, бұған қарап, Абақ та жымиып қойды, күлгенде бадырайған бұқа көзі, нұры жоғалып, өлі балық көзденіп кетеді екен. «Бұларға қанша сенгенмен, санап қойған дұрыс, соны ойлап, санап»... дейді. Қодарқұлдың жаңа ғана жайдары көңілі бұзыла жаздап еді, «не болса соған мөн бере бермейін» деп, өзіне басу айтып, сабырға келді.

Жолға шыққан соң Бұқакөз Абақ бұны қайта басынып алды. «Жайырақ жүрсеңші-ей!» «Көзіңе қара!» «Былай бұр!» «Жолға түс!» деп қояды. Өзі ақша толы сөмкені қарнына қойып, қос қолдап құшақтап алған, шалқая түсіп, мығым отыр. Бастық сияқты. Қодарқұл іштей күлді де қойды. «Бастықтың» айтқанына көніп, ләм демей жүре берді. Сәске кезінде алдарынан бір шұбаланқы белең көрінді, белең асты жасыл ойпаң екен. Ойпаңның дәл ортасында қарайып шифер төбелі жалғыз үй тұр, қасында ши қора, қойшының үйі екені айтпай-ақ аңғарылады. Үйді көргенде Бұқакөз Абақ қуанғандай, қопаң ете қалды. «Сонда тарт!» деді. Топырақ жол жалғыз үйді жанап өтеді. Ақ шаңды ақ резеңкедей созып кеп, машина есік алдына тоқтады. «Сен осында отыра бер, мен шақырмай кірме» деді Абақ Қодарқұлға, өзі машинадан түсіп жатып.

«Е-е, мақұл, отырсам, отырайын. Сенің де бір білгенің бар шығар». Бұл сөздерді Қодарқұл іштей айтады, естіртіп айтуға батпады. Рөлді қос қолдап ұстаған қалпы отырып қалды. Бұқакөз асығар емес, көк мәуіті шляпасының шаңын қағып, қырлап киді, оңып кеткен пенжегін шешіп сілкіп-сілкіп алды, жанқалтасындағы қарындашты төс қалтасына үшкір ұшын жоғары қаратып салып қойды, машинада жатқан май-май шүберекті алып етігін сүртті, сосын ақша толы сөмкені мойнына асынып, қақырынып-түкірініп, үйге беттеді. Бұлардың келгенін терезеден байқап тұрған біреу бар сияқты еді, Бұқакөз таяна бергенде есік ашылып, үйден бір қыз шықты. Шашын қысқа қырыққан, жалпақ бет, төсті, толық денелі, жуан сан, қысқа аяғы жалаң; үстіндегі ақ шыт көйлек іштен тепкен тегеуріннен шытынап кетуге сәл тұр. «Армысыз, қарындас!» Абақтың аузынан «армысыз» деген сөз шыққанына Қодарқұл таң қалды. «Екі сөздің басын құрап айта алмайтын жарықтық, бұндай зиялы сөзді қайдан біледі?» деп ойлады. «Саламатсыз ба!» Қыз да бұл сөзді, мәнерлеп сыпайы айтты. «Жанғазы ақсақалдың үйі осы болар?» «Түу, мынаның сыпайысуын!» «Иә, Жанғазының үйі осы». «Сіз, – Абақ біраз мүдіріп алды, – Төлбасы деген қарындас боларсыз?» Қыз басын көтеріп, Абақтың бетіне барлай бір қарады да, абыржып, саусақтарын бұрап қипақтап қалды. «Үйге кіріңіз, ағай!» Содан Абағың әне шығады, әлі жоқ, міне шығады, міне жоқ; Қодарқұл қалғи бастады. Күн шыжып, желкеден өтіп барады. Машинаны үйдің тұтас қабырғалы көлеңке жағына қойып, артқы орынға жатып, Қодарқұл біраз көз іліп алды. Оянса, шаңқай түс кезі, көлеңке де сая болудан қалған, алқымы терлеп, мазасы кетіп жатыр. Бұны іздеген ешкім жоқ. «Өй, мынаның өзі қызық адам екен ғой!» деп ойлады, кейігені сол. Жеңіл күрткесін шешіп, боз жейденің жеңін түрді, ковбойкасын түзеп, босоножкасын сүртті. Есік алдына шығып еді, жан көрінбеді. Қайнап тұрған самауыр ғана, «ұры көздің» кішкентай қақпағын көтеріп тастап, көтеріп тастап, құтыла алмай тұр екен. Қодарқұл құдық басына барып, су тартып, жуынып алды. Үйден қыз шықты да, бұны көріп қайта кетті. Өзі өзгеріп сала берген, шолақтау қызыл көйлек киіпті, мойнына үлбірек ақ орамал салған, аяғында сүйір тұмсық, биік өкше ақ туфли – қыз боп қалыпты. Аздан кейін қайта көрінді, қолында сүлгі. Жігітке таяп келіп, «саламатсыз ба?» деді де, орамалды ұсынды. Жігіт

сүртініп болып, қызға орамалды қайтып беріп еді, қыз үндемей бұрылып жүре берді. Қодарқұл үйге кірерін де, кірмесін де білмей дел-сал. Ақыры «шақырар» деді де, көлеңкедегі машинаға барып отырды. Айтқандай-ақ Бұқакөз Абақтың өзі келді. Екі езуі екі миығында, мәз.

— Үндеме! — дейді. — Дымың ішінде болсын. Түсетін түрі бар. Жүр, шай ішеміз! Сен менің шопырымсың, мен — колхоздың бас бұғалтыры, соны ұмытпа.

Үй іші жұпыны ғана: шопандар көш-қон кезінде дүние-мүлкін артып жүрмейтіні мәлім, төрге құрақ көрпе төселіп, жастық тасталыпты. Дастарқан жайылған, нан туралып, май, қаймақ қойылыпты. Жартылық арағы мен екі стаканы және бар. Оны көргенде Абақ тіпті қуанып кетті, қорбандай барып, төрге отырып жатыр. Бұлар шай ішіп бола бергенде үйге көк көз сары қатын кірді. Қабағы түюлі, сұсы қатты жан сияқты. Бөгде жігіттерді көргенде таң қалған да жоқ, амандасқан да жоқ, босаға жақтағы аласа орындыққа отыра кетті. Жігіттер түрегеліп сәлем беріп еді, ернін жыбыр еткізді де қойды. Сосын қызына қарап: «Айран әкел» деп бұйырды. Жігіттер орындарына отырғанмен мазалары қашты. Абақ абыржып, жамбас ауыстыра берді. Ақыры өзі тіл қатқан болды. «Иә, жеңгей, аман-есенсіздер ғой!» Әйел бас изегендей ишарат білдірді. «Жолымыз түсіп, ауылыңызға кеп қап ек!» Әйелдің астындағы бала орындық ши-ик еткенімен, өзінде үн жоқ. «Әулиеата жақтан бет алып келе жатқан едік» деп Қодарқұл да Абаққа болысып көрді, бірақ одан да қайыр болар емес, қыз шешесі — қара тас. Абақ ыңыранып барып, тағы сөйлеп кетті. «Шаруамыз сізде. Әдейі кеп, сізбен жолығып, шаруамызды айтып кетсек деп ем». Сосын Абақ Қодарқұлға бұрылды: «Сен машина жаққа бара тұршы!»

Қодарқұл шығып кетті. Қыз шешесі кірдің-ау, шықтың-ау деген жоқ, бедірейген бойы отыра берді. Қодарқұл машинаның артқы орнына жайғасып жатып, «Жұлдыздың» соңғы санын ақтаруға кіріскен, ұйықтап кетіпті. Біреу жұлқылап оятты, Абақ екен. «Іс насырға шауып тұр, бала, — дейді. — Сен кешегі шалдың үйі жаққа барып кел. Үйіне барғанда — үйіне барма. Сол маңайда айналып жүріп-жүріп, қайт. Үйінде жоқ, тойға кетіпті де!» «Мақұл» деп машинаға от алдырды.

Былай шыға артқа қарап еді, шопан үйінің тақ алдында жардай боп Абақ тұр. Ақша толы сөмкені қолтығының астына қысып алған. Қыз бен қыз шешесі есік алдына киіз

төсеп жатыр. «Бұ не жұмбақ?» Қодарқұл түсіне қоймады. «Осы құрғыр қызды айттырып жүргеннен сау ма?» Отардан он шақты шақырым ұзаған соң бір ойпаңдау алаңқайға машинаны тоқтатып, өзі дала аралап кетті. Өткен түнгі сезім бұны тағы да билеп алды. «Бұл қызға үйленгісі келсе, үйленсін, – деп ойлады. – Мал төлеу керек болса, мен, тіпті, көмектесейін. Бұл да бір пенде ғой. Қыз да құтты орнына қона алмай жүрген пақыр тәрізді. Кеше Арғынғазы шал да солай деп отыр еді. Абақ неге маған шалдың үйіне жетпей қайт деді? Е-е, жарайды, бір білгені бар шығар. Не істесе де, өзі білсін, мен көнбіс, көне берейін».

Машинадан ұзап кеткен екен. Күн ұясына еңкейіпті. Шығысқа қарап тұра қалып әдеті бойынша көлеңкесін іздеп еді, түп-түп ши анық көрсетпеді, көлеңкесімен қоштасуға өзінің де зауқы жоқ-ты. Отарға ымырт жабыла қайтып келген. Есік алдына білте шам іліпті. Қос терезе тұсы тап-таза сыпырылған. Ши төселген, ши үстінде киіз, киіз үстінде көрпеше, көрпеше үстінде Абақ, жастыққа шынтақтап жатыр. Жейдесінің омырауын ағытып, төсін қасып, бөсіп жатыр. Қызы мен шешесі ошақ басында, бала орындықта, шоқайып-шоқайып отыр. Қодарқұл Абақтың аяқ жағын ала, киізге жантая кетті. «Дұр-рыс» деп, Абақ бұған қарап жымиған болды. Ішіп алған ба, қалай, шәниіп жатысынан секем аласың. «Әкесі Жезқазған кеткен екен, бес-алты күн келмейтін түрі бар» деп Қодарқұлға сыбырлап қойды. Қыз шешесі дастарқан жайды, қыз самауыр әкелді. Шай үстінде Абақ асықпай-саспай мән-жайды түсіндірді. «Қайнағаңыз алыстағы бір ауылға тойға кетіпті. Мына менің шопырым: тойда жүрген жерінен барып алып келейін деген екен, абысыныңыз: таба алмайсың, машинелі адамды о жаққа жібермейді депті. Сонымен салымыз суға кетіп...» Қодарқұл Абақтың шешенсуіне таң қалады. Таң қала отырып, Абақ жұмбағының сырын да ұққандай. Кеше Арғынғазы қарт айтқан жалғыз інісінің үйі осы. Жалғыз інісінің жалғыз қызы осы. «Үйде отырып қалды» деген. Соны мына Абақ пайдаланбақ. Айттырып, реті келсе, алып кетпек. Қыз шешесі қыз әкесін күтейік деген болар. Оған Абақ шыдай ма? Ендеше Арғынғазы деген ағасы бар. Соны шақырып келіңдер деген ғой.

Қонақтарға қозы сойылыпты. Абақ соның басын мүжіп, «бір жүзді» қағып алған кезде қыз шешесі тіл қатты. «Қожайынсыз біз не білуші ек, қарағым? Асығатын не

бар? Бес-алты күннен кейін қайтып келерсіңдер. Заман өзгерді ғой. Баланың өзі «иә» десе әкесі қарсы бола қоймас. Астында машинаң бар екен, қайтып келу қиын ба?» деді. Қазір қыз шешесі жайдары, күндізгі қатал жанның кейпі жоқ. Сыртта келе жатып қыз шешесі машинаны көрген, үйге кіргенде екі жігітті көрген, қызын айттырушылар екенін сезген, сезген де қуанған, бірақ сол қуанышын сездіріп алмау үшін түксиген, Қодарқұл солай жорыды

Екі жігітке төсек сыртқа салынған. Қодарқұл, көзі жаңа ілінгенде, түсініксіз бір сыбырдан оянып кетті. Аңғарса, Абақ пен Төлбасының үні. Ши қора жақтан естіледі. Жалпы нобайы болмаса, әр сөзін анық ұғу қиын. Қыз: «Жоқ, жоқ, болмайды» дей беретін сияқты, жігіт қарғанып-сілене ме, қалай? Қыз: «Кейін, үйленген соң» дейтін сияқты. Жігіт тағы қарғанып, ант ішетін болар. Қыз: «Шыда» дейтіндей. Жігіт күңк-күңк ете қалды. Шамасы ашу шақырғандай. Қыз да шарт кетті білем. Екі жақ та, бұрқсарқ, шаңқ-шұңқ ете берді де, тына қалды. Өкпелесіп, томырайысып отырған шығар. Ай жап-жарық, дала жымжырт. Анда-санда ұйқылы-ояу дүр-дүр ете қалған қойлар болмаса, бұл дүниеде дыбыс деген құбылыс барын ұмытуға болатын. Абақ пен Төлбасының барын, өзінен басқа ай астында тірі жан барын ұмытып, Қодарқұл маужырап кетті. Жүйесіз, үзік-үзік ойлар келген. Өңге жұрт үйленуді кәдімгідей мәселе ғып қояды. Соны ойлап, күйініп жүреді. Бұл болса қалай үйленіп қойғанын аңдамаған. Кездесті, сүйді, о да сүйді, енді бір қараса бала-шағалы үй боп қалыпты. Құда түсу, қалың беру, қайынға түсу дегенді бұл білген емес, білмес те еді. Сондықтан да Абақтың мынау әрекетіне бұл қызықтап қарайды, театр көргендей. Енді бір әзірде ай туралы ойланып кетті. «Жер бетінде енді бір соғыс болса, ай астында айдала ғана қалады-ау» деп ойлады. Көкжасыл ормандар, тұңғиық өзендер, өркөкірек асқар таулардың орнында күл-топырақ қана қалар. Бәрінен де Жаратқан Иеміздің табысы, қайталанбас ұлы перзенті – адамды айтсаңшы, сан-сан сырдың ордасы – адам миын, адам жанын айтсаңшы! Адамзат тарихын айтсаңшы! Ештеңе болмағандай, меңіреу ғаламның меңіреу бір түкпірінде меңіреу бір моладай меңіреу ғаламшар қалмақ па? Түу, құрысын, қайдағы ой қайдан келеді? Ұйықтау керек. Бастығым таң сәріде оятады ғой?» Ұйықтай алмады. Ши қора жақтан Абақтың күңкілдеген үні естілді,

тына қалады да сөйлеп кетеді, тына қалады да, сөйлеп кетеді. Қыз үндемейді, қасында қыз жоқ дерсің, жігіт жарты сағаттай гүмбірледі. Сосын қыз да үн қатты. Бірдеңе деп күлді.

«Ендігі кезек менікі» дегендей ол да ұзақ-ұзақ сөйлеп алды. Сосын жігіт гүмбірледі, сосын бірдеңе шарт ете қалды, шапалақ. Сірә, әлде қол алысу ма. Сосын ақ туфлиін тық-тық басып, қыз үйдің артына қарай өтіп кетті. Сәлден кейін ұрлана басып, Абақ келді. Өзіне салынған төсек үстіне жантая кетті де, Қодарқұлды жұлқылай бастады. Қодарқұл өтірік ұйықтағансып, көзін жұма қойған. Біраз жұлқылаған соң, оянған болып, ыңыранып, көзін ашты. «Бала, тұр, киін, кетеміз!» деді Абақ. «Ы-ым, алып қашатын болған ғой!» Қодарқұл тез киініп үй артына барды, машина сонда еді. Машинаның қасында қыз бен жігіт состиып тұр. Жігіттер бірін-бірі ыммен түсініп, газикті от алдырмай-ақ, итеріп апарып, қара жолға түсірді, қара жолмен итеріп отырып, отардан қозы көш жер ұзап шықты. Сол арада қыз артына – ауылына қарап біраз тұрды да, оң шынтағымен машинаға сүйеніп, сол қолының алақанымен бетін басып, біраз жылап алды. Қодарқұл мен Абақ төзімдері жетіп, үнсіз тосып тұрды. Қыз жылап болған соң мойнындағы үлбірек ақ орамалмен жасын сүртті. Сүртті де, газиктің артқы есігін өзі ашып, артқы орынға өзі жайғасты. Абақ қыз қасына қонжиды. Қодарқұл рөлді қолға алды. «Манадан бергі жым-жырт ойыны аяқталды» дегендей газик жұмсақ пырылдап селкілдеп тұрды да, атыла жөнелді; ойды ой, қырды қыр дейтін емес, солқылдатып ұрып келеді. Жасынан қазақшылықты мойындамай өскен Қодарқұл, өзінің бүгін қыз алып қашуға қатысқанынан түсініксіз бір ләззат тапқандай, рөлді құлшына бұрап, қуанып келеді. Тасқұдықтың ойпаңынан әбден ұзағанша үнсіз отырған Абақ Қодарқұлға бұйрық беріп сөйлей бастады. Әуелі: «Жайырақ жүр, қуғыншы жоқ қой!» деді. Іле-шала: «Ой, өгіз арба айдап келемісің?!» деді. Жолды кес-кестеп, бір топ бөкен өтіп еді. «Түс соңына, қу!» деп бұйырды. Қодарқұл машинаны жолсызбен безектетіп қуып берді, бірақ аңдар, ши-шидің арасымен бытырай қашып, ғайып болды. Газик те әр шидің түбіне соғылып, біресе бір жағына, біресе екінші жағына ауытқып-төңкеріліп қала жаздап, солқ-солқ етіп барып тоқтай қалды. «Өй, өзің, айдауды білмейді екенсің ғой?» деп Абақ ренжіп отыр. Машинаның артында жатқан қосауызды қолына алыпты, аң атпақ-ау, шамасы.

Бұлар, қара жолға қайта түсіп, ұзай бергенде алдарынан жалғыз бөкен жол кесті. «Қу!» деді Абақ. Қодарқұл қуып берді. Бөкен біраз уақыт жол жиегімен ойнақтап барды да, қалың шиге жалт бұрылды. Қодарқұл машинаны шиге салмай-ақ жолмен кете бермек еді: «Өй, мынау, бұрсаңшы!» деп Абақ кейіп тастады. Газик ши түбірлеріне соқтығып, салдыр-гүлдір қойқақтап барып, сөніп тынды. «Ө-өй!» – Абақ Қодарды ұрып жіберердей кіжінеді. Қодарқұл іштей күліп қана қойды: «Жарайды, бұйырсын, жекісін, мен көнбіс көне беремін. Бүгін Абақтың бақытты күні ғой, шалқысын!»

Содан кейін тағы да үнсіз жортуыл басталды. Газик бірқалыпты бырылдап, жөңкіді де отырды. Машина жарығын кесіп өткен аңдардың біріне де бұлар көңіл бөлмеді, жүре берді. Абақ қалғып кетті ме, анда-санда бір ыңқ етіп қалады, оянған шағы сияқты. Қызда үн жоқ. Қодарқұл әдейі артына қарамай отырған. Түн ортасы ауа машина, шилі даланы артқа тастап, қиыршық тасты теп-тегіс жазыққа шықты. Қара жолдың да борпылдақ шаңы таусылып, тастақ жол басталды. Солқыл азайып, Қодарқұл да қалғып кетіп, қалғып кетіп келе жатқан: сарқыраған өзен үні естіледі, өзеннің өзі де көрінді, беті теп-тегіс, күмістей жарқырап тұнып жатыр. «Толқынсыз қалай сарқырайды?» деп ойлайды Қодарқұл. Бұл жақта өзен, бұндай жалпақ өзен жоқ еді ғой? Әлде, біз адасып кеттік пе? Енді өзен қорқылдай, пысылдай бастады, Қодарқұл басын көтеріп, көзін ашып алса, машина айдалада тоқтап тұр, суы қайнап кеткен: қорқылдап, пысылдаған сол екен. Абақ пен Төлбасы да, екеуі екі жаққа қылжиып, ұйықтап жатыр. Абақ өз қорылына басыпты. Фарды өшіріп, моторды сөндіріп Қодарқұл да қисая берген. Жолдан шығып кеткенін аңғармады, шақырайған төмен айға көзін сығырайта қарап аз-кем отырған сияқты еді. Астындағы газик өз-өзінен жылжи береді де тоқтайды, жылжи береді де тоқтайды. Әлгі айдынның жағасына жылжып жетті. Қодарқұл еңкейіп суға бас қойды, сосын, жер астынан шыққандай қыз үні естілді: «Кетші әрі!» Бұл суды іше берді, іше берді, желкесінен біреу нұқып жіберді: «Тұрей!» Басын көтерсе, машинада отыр. Артынан нұқып отырған Бұқакөз Абақ. Төмен ай төбеде шақырайып тұр, төңірек – ай астында жалтыраған айдала, жым-жырт. «Сен, қара басып, жолдан шығып кетіпсің ғой!». Қыз да оянып, бұған тесірейе қарап отыр. Арттағы екеудің өңдері боп-

боз, бөтен біреулер дерсің. Айнала төңірек көз жеткен жер айға шағылысқан ұсақ тасты тегіс дала. Анадай жерде ағарандаған бірдеңе аңғарылды, қимылдай ма, қалай.

Абақ: «Тс-с!» деп сол жаққа қарап, тесіліп қалыпты; ақыры жылжып машинадан түсті, мысықша басып, бұғып барады: қолында қосауыз. Ағарандаған аң екен, басын көтеріп алды да, жай ғана желіп жүре берді. Абақ қайта жүгіріп келіп, машинаға отырды, бұ жолы қалағаны айдаушының қасы. «Кәні, құдық! – деді ентігіп, – бөкен болу керек, шаппай желіп барады!» Машина от алып, фары жанғанша жай желіп әлгі аң көрінбей кетті. «Өшір фарды!» – Абақ айғайлап жіберген. Фар өшкен соң, аздан кейін, екі жүз қадамдай жерде жүгіріп емес, жылжып бара жатқан ақ бірдеңе байқалды, сынап сияқты үзіліп кетіп, қайта жалғасып жылт етіп, жоғалып кетіп, жылт етіп жоғалып кетіп, ағып барады. Газик те безектей жөнелді. «Бас! Қуып жетеміз, әкеңнің!» деп, Абақ қопаң-қопаң етеді, бадырақ көзі шатынап, еліріп алған. Мылтықтың өңешіндегі оқтарды алып қалтасына салды да, қалтасынан басқа оқтарды алып өңешке тықты, шамасы, бытыраны жалғызға ауыстырса керек. Газик бір қалыпты ызыңға салып, безек қағып келеді. «Әкеңнің, шаршайды әлі-ақ!» деп Абақ кіжініп қояды. Төлбасы ештеңе түсінер емес, секектеп отыр. Аң болса ағып барады, жүгіргені сезілмейді, айдын су бетіне түскен айнаның сәулесі сияқты жалт етіп мына жерден бір, ана жерден бір көрініп қалады. Қызды-қыздымен талай жер артта қалған, аң мен машина арасы жақындай түсті. «Бұл сорлы неге тік қашады, неге бұрылмайды?» деп ойлады Қодарқұл. Бірте-бірте аң да айқын көріне бастады. Манағыдай ағып емес, бүлкектеп барады. Артқы жағы биіктеу, алдыңғы жағы аласа ма, қалай. Сауыры ғана ақ екен, өзі құла ма, құла көк пе. Абақ мылтығын кезенді, Қодарқұл газға баса түсті, айдалада гүрс еткен үн онша қатты естілмейді екен. Бір сәт тоқтап қалған кинокадрдей, жүгіріп бара жатқан аң орнында тұрып қалған тәрізді болды да, жүгіре берді. Абақ тағы атты, тағы да аң байғұс селт етіп тоқтап қалғандай болды да, жүгіре берді, Абақ атып келеді, атып келеді. «Әкеңнің, мынау қайтеді-ей! – деп кіжініп қояды. – Алда қалың ши бар, шиге жеткізбей құртайық бұны!» – деді. Мылтық және бір гүрс еткенде, аң да омақаса құлап түсті. Абақ: «Ой, көке! – деп айқайлап жіберіп, мылтықтың дүмімен Қодарқұлды иығынан қойып қалды, қуанғаны». – Тоқта! Бітті!» Машина тоқтай қалды, Абақ машинадан қарғып түсті де, құлап жатқан аңға

қарай тұра жүгірді. Жүгіріп бара жатып, алдында салпақтаған сөмкені қолына алды, бауынан ұстап, басынан айналдырып-айналдырып тұрып: «Ой, көке!» деп құлап жатқан аңға қарай лақтырып жіберді.

Сөмке барып аңға тиді. Дәл сол мезетте бұлар күтпеген сұмдық басталды. Жүрелеп жатқан аң, орнынан қарғып тұрды да, тапырақтап безе жөнелді. Екі жігіт аң-таң, бір-біріне қарап аңтарылыпты да қалыпты. «Ой-ой, ә-кең-ні-ің!» деп Абақ санын соғып, күліп жіберді, сасқаны болар. «Ой, мынау қайтеді-ей!» Сұмдықтың сұмдығы – ақша толы сөмкенің аң мойнында ілініп кетуі! Жігіттер біраук естерінен таңғандай, үнсіз тұрып қалған. Бұл оқиға Қодарқұлға түсінде көрген елестей әп-сәтте әсер ете қоймаған. Абақ болса бір күледі, бір санын соғып боқтау айтады, ақыры, болған істің мәнін енді ғана түсінгендей, «Әй, неғып мелшиіп тұрсың!» деп Қодарқұлға ақырып қалды. Бұлар машинаны от алдырып жүргізгенше ағарандаған аң алысқа жылжып барды да ғайып болды. Газик екі-үш шақырым безектеп келді де қалың шиге тірелді. Ши-шидің арасымен ары гүжілдеді, бері гүжілдеді, фарын жағып жан-жаққа жарық түсірді, ұшты-күйлі аң жоқ.

Ши арасында қарақұйрық көп екен. Топ-топ боп алдыңнан шығады да, қаша жөнеледі, бұлар қуып береді, бірақ олардың мойнында сөмке асынғаны кездеспейді. Ақыры машина шажылдап барып тоқтады. «Бензин бітті!» деді Қодарқұл. Таң бозарып атып қалған шақ еді, сұп-сұр үш жолаушы бір-біріне қарады. Төлбасы әлі ештеңенің байыбына бара қоймаған, Абаққа қарап: «Құрысын, қайтейін деп ең ол бөкенді!» деді. Үнінде өзімсіну, бір отбасы болдық, енді мені тыңда дегендей лебіз байқалады. Абақ мырс етіп күліп жіберді де: «Мәселе бөкенде емес, ақшада ғой, жиырма үш мың сом ақша кетті!» деді. Деді де қос қолымен маңдайын қысып, еңіреп жылап жіберді. Содан қойсыншы: ал кеп жыла, ал кеп бозда. Әкесі өлгендей ойбайлап кеп жыласын. Машинадан түсіп, анадай жердегі шидің түбіне шоқиып отырып алып жыласын, қара жерге жата қалып аунап жыласын. Даусы сұңқылдап, жағымсыз-ақ екен. Кенет жылауын кілт тыйып, орнынан тұрды да, ішкі-сыртқы қалталарын тінткілей бастады. Іздегенін таппады білем, тізерлеп отыра кетіп қайтадан өкірсін. «Саған не болды қойсаншы! Ақылға салайық. Жылай бергенмен ол бөкен енді таптырта ма? Қой, кәне?» деп Қодарқұл басу айтып еді,

Абақ қоймады. Қодарқұл ары тұрды, бері тұрды, тіпті көнбеген соң жағынан шапалақпен тартып қалды. «Не болды, қойсаңшы енді!» Бұқакөз Абақ лезде жылауын тыйды да, қорбаңдап орнынан тұрды. Күректей жалпақ алақандарының сыртымен көзін сүртті. «Қойдым, ағатай, енді не істейміз, амалын өзің тап!»

Көзі бақырайып, жалбарынып тұр. «Ең алдымен ештеңе ойламай, жатып ұйықтап алайық, – деді Қодарқұл. – Сосын көрерміз». Оған Абақ келіспеді. «Сендер ұйықтасаңдар ұйықтай беріңдер, мен жаяу болса да іздеймін». Қосауызды асынып алып, Абақ бүлкектей жөнелді. Қодарқұл машинаның астына плащ төсеп жатып еді, сол әзірде ұйықтап кетіпті. Бірдеңеден шошып оянды. Сәске түс екен. Бес-алты қадам жерде талтайып Абақ тұр. Мылтықты қос қолдап көлденең ұстапты. Ниеті бұзық екенін Қодарқұл бірден сезді. «Әй, бұның не?!» деп айғайлап жібере жаздады. Айғайласа, оның арам ниетін аңғарғанын білдірсе-ақ болды, анау атып салатын түрі бар. Түсі бұзылып кеткен, бадырақ көзі бұған тік қарағанмен көрмейтін тәрізді. Қодарқұлдың жүрегі суылдап, басына қан тепті. Осы бір-екі-үш секунд арасында қиямет жанталас өтті. Абақ Төлбасыны да, бұны да атып тастап, «ақшаны алып екеуі қашып кетті» дей салуы мүмкін ғой.

Әйтеуір ниеті шын бұзылған. Жан қысылғанда тапқан амалы болар, Қодарқұл төмен қарап, жер шұқылап отырып: «Сен жоқта әлгі бөкен осы маңайға қайтып оралды» деді. Абақ естімеген сияқты. Әлі қобалжып тұр, атарын да, атпасын да білмейтін құсайды. «Жаяу қуып қалай жетерсің? Сен мылтықты алып кетіп». Абақ райынан енді қайтты. «Осы маңайға оралды дейсің бе?» Мылтықты иығына асынып, машинаға барып отырды. «Жатысын, талтайып!» деп артқы орындықта жатқан Төлбасыға қарап қойды. «Осы маңайда дейсің, ә? Қой, онда екеуіміз екі бөлініп іздейік». Қалың ши арасынан ұзап шыққан соң Қодарқұл тағы шошынды. «Мына қырт енді мылтықтан айрылмайды. Түнде жатқанда ойына не келетінін кім білсін? Жаланы бізге жабу үшін, екеуімізді екі атып, жерге көме салса, кім табады. Айнала төңірек мыңдаған шақырым елсіз дала. Қызық болды-ау!» Сыналап кірген сыздауық ой жігіт ұжданын кеулеп кеміре бастады. Ақшадан айрылғаны енді ғана зердесіне жеткендей аяғын алға басқан сайын, артқа жылжи түскен сияқты. Бойы қалтырап, тісі-тісіне тимей сақылдап кетті. Балалары есіне түсті. «Бәрінен де Тарағай, Тарағайдың бетіне

қалай қараймын? «Жиырма үш мың сомды тығып қойды», жеп қойды деп сотқа тартса, балаларымның алдында өлім-ау! Бөкеннің мойнында кетті дегенге кім сенеді. «Соқ өтірікті!» деп мазақтап, табалайды-ау көп дүшпан». Бір орында маңқиып тұрып қалған екен. «Кәке!» деген жалынышты үнге жалт бұрылса, Бұқакөз Абақ дәл қасына таяп кепті. Қодарқұл, селк етіп, шошып кеткенін жасыру үшін, қабағын шытты. «Не боп қалды?» Абақтың жүзі сынық, төмен қарап міңгірлеп сөйлейді, бұны «Кәке!» деп төмендеп тұр. «Кәке! Қалам-қағазың бар ма?» «Бар, оны қайтесің? Әнеугі рәспіскең сөмкеде кетіпті ғой!» Ә-ә, енді түсінікті! Бұл байғұс бәледен өз басын арашалап алмақ. Тілхатты колхозға тапсырып, міне, «жауап беретін адамдарың мынау, осыдан сұраңдар!» деп қайқайып отырмақшы ғой! Тапқан айласын, жаманның! «Кәке! Алдым деп распеске бергенің рас қой. Тәнекең куә, Кәкетай». Қодарқұл толғанған жоқ, қойын дәптерден бір парақ жыртты да тілхат жазып берді. «Шофер Ысқақов Абақтан жиырма алты мың сомды санап алдым». Асау әріптер тізіліп кеп тұра қалды. Абақ қуанғаннан жылап жіберді. Қодарқұлды құшақтап бетінен сүйді, сосын көзін сүртіп, тілхатты іш қалтасына салды да үн-түнсіз кетіп қалды. Содан Абақтың жаны жай тауып, самарқау халге ұласты. Қодарқұл болса мөңгіріп, ұйқылы-ояу, меңзеңкүйге түсті. Мазасыз бір түн өтті. Үшеуінің де қарны ашты, бірақ әрқайсысы ол туралы ләм деген жоқ. Қодарқұл рөлді құшақтап отырып алды, ұйықтай алмады. Абақ түн ортасына дейін қорылдап, ұйқысын қандырып, әрі қарай таң атқанша қалыңдығын әурелеумен болды. Жігіт қолын салатын шығар, қыз көнбейді, бұрқ-сарқ етіп, ұрсып тастайды. «Қойсаңшы!» дейді. «Кетші ары!» дейді. «Мен сені алдым ғой, сен менің қатынымсың, неге көнбейсің!?» дейді Абақ. «Көнбеймін! – дейді – Төлбасы. – Той жасайық, сосын». «Ой, өзің бір». «Мейлі, не десең, о де!» «Нең кетеді енді!» «Қоймасаң, үйге кетіп қалам!» Осылай сыбыр: жігіт тиісуін қоймайды, қыз маңайлатпайды, ақырында Қодарқұлға ұйқы жоқ.

Таң сәріде тұрып, дала кезіп кетті. Далада не көп – аң көп. Үйір-үйірімен жосылып жүрген киік, топ-тобымен үрке қашатын қарақұйрық бірақ олардың арасында сөмке асынған ақсауыр бөкен көрінбейді! Түнде ауа салқын еді, түске таман күн ысып кетті. Қодарқұл бағытсыз-бағдарсыз жүре берген, жүре берген. Аузы кеберіп өбден шөлдеді, әбден шаршады. Машинаға қайтпақшы еді, оның өзін таба

алмай қаңғырып қалды. Сөйтіп жүріп, күтпеген жерде, қара жолдың үстінен шықты. Көптен бері көлік өтпеген, топырағы тың. Жол жиегіндегі үй орнындай көгалға шалқасынан жата кетіп еді. Бір сәт ақшаны ұмытып, жол туралы, жолдар туралы ойланып жатқан. «Осы бір қара жолға түсіп алып жүре берсең, жүре берсең, басқа жолға шығар едің. Жер бетінде жалғасып жатқан жолдар. Дәл осы жолмен Владивостокқа да, Сингапурға да, Париж бен Гибралтарға да баруға болар еді. Дәл осы жолмен әлдебір корольдің бағына, әлдебір соғыс министрінің кабинетіне, әлдебір ғалымның лабораториясына кіріп баруға болар еді. Мен сияқты біреулер әлемдік үлкен ойынға қатысып, дүние тағдырын шешіп жүр, шешіп жүр. Басқа біреулер одан гөрі кішірек ойынға араласып жүр. Ал менің жатысым мынау, жан баласына қажетім жоқ. Абақ екеш, жаман Абақтың өзі рәспіскені қалтасына басып алып, мені айдалада тастап кетуден тайынбас.» Ұйықтап кеткен екен, түсініксіз бір айғайдан оянды. «Живой, товарищ майор!» Көзін ашса дәл үстінде төніп бір солдат тұр. Мойнында көлденең салған автомат. «Товарищ, что вы здесь делаете?» дейді.

Қодарқұл, қуанып кетіп, орнынан қарғып тұрды. Анадай жерде жол үстінде судай жаңа ақ сарғыш газик тұр екен. Солдат автоматтың ұшымен нұсқап машинаға қарай жүр дегендей белгі берді. Газиктің артқы есігі ашылып, екі адам шықты, екеуі де жай азамат киімін киген. Бірі ақ көйлегінің жеңін түріп алған, орта бойлы, орта жастағы бурыл бас орыс та, екіншісі ұзын бойлы, сымбатты қазақ жігіті. Бурыл бас орыс Қодарқұлға жақындап келіп, машина жанында тұрып қалды, жылы шыраймен қол беріп амандасты. Қазақша білетінін танытып, бірден жарқын сөйлеп кетті. «Иә, жол болсын, ағайын!» дейді. Қодарқұл өз жайын баяндап еді, бурыл бас орыс сеніңкіремей қалды. Қазақ жігітінің мұнда шаруасы жоқ, адамсың ба, итсің бе демейтін сияқты, теріс қарап керіліп, талып қалған денесін қозғалақтатып тұр. Қодарқұл: «Әулиеата облысынан едік» дегенде жалт бұрылып, бір қарады. Сол сәтте Қодарқұл жігітті тани кетті. Сәнжан! Қодарқұл «Сәнжан!» деп айғайлап жібере жаздаған, бірақ ана жігіт, бұған бұрылмай, машина маңынан ұзай берген соң, «қайтер екен», дегендей үндемей қалды. Бурыл бас сыпайы жымиып, майдалап сөйлейді, бірден «Қодарқұл» деп атын атап тұр. «Әрине, біз сізге сенеміз, Қодарқұл, машинаңызды тауып алайық, бензин берейік. Кәні отырыңыз!» Машинаны тап-

қанша Қодарқұл өзін тұтқында отырғандай, ыңғайсыз сезінген. «Әулиеата облысынан дейсіз ә? – деп бурыл бас бұған күле қарап қалды. – Оның қай ауданы?» Қодарқұл аудан атын атап еді, бурыл бас алда, шофердің қасында отырған қазақ жігіттің иығынан түртті: «Слышишь, Сәке, сенің жерлесің». Алда отырған жігіт бұрылып Қодарқұлға бір қарамады да, өз жайына отыра берді. «Жерлес болса қайтейін?» дейтіндей. Қодарқұл: «Осы сізді бір жерден көрген сияқтымын» деп еді, ана жігіт: «Мүмкін» дей салды. Үнсіз отырып барып тіл қатты, бұрылған жоқ. «Көкөзек менің нағашы ауылым». Қодарқұл қуанып, «енді жетті!» дегендей орнынан көтерілінкіреп: «Әй, Сәнжан сен немене?!» деді. Екеуі сонда ғана шұрқырасып амандасты. Бурыл бас та сөзге араласа берді. «Менің атым Федор Павлович»,– деді. – Сөйтіп жиырма үш мың сом бөкеннің мойнында кетті десеңізші. Ғажап екен! Уникально! Дүние жүзінде одан бай бөкеннің болмағаны-ау, ә!»

Солдат айдаған машинаны, одан түсіп жатқан бейтаныс адамдарды көргенде Бұқакөз Абақ қуанудың орнына қорқып кетті. Онсыз да үлкен көздері шарасынан шығып, мелшиіпті де қалыпты. Бірақ Сәнжанды танып, көңілі орнына әрең түсті. Ақ сарғыш газиктегілер асығыс екен, көп аялдай алмады. Бұларға бензин берді, жүз елу шақырымдай жерде «Кішіқоңыр» совхозының орталығы бар екенін айтты, «сөмке асынған бөкен кезіксе, ескерерміз, ал енді қайғыларына ортақпыз» деп аттанып кетті. Жүрер алдында Сәнжан Қодарқұлға бетпе-бет келіп иығынан қағып, жанашырлық бір сезім білдірді. «Ничего». Мына тәкаппар жігіттің мына қылығы Қодарқұлға қатты әсер еткен. Көңілі қобалжып, жылап жібере жаздады. Ақ сарғыш газик бұлардан ұзап барды да тоқтады, сол арада біраз тұрды, сосын машинадан Сәнжан түсті, машина кері бұрылып бұлардың қасына қайтып келді. Қодарқұл мен Абақ, Төлбасы да аңтаң. Бурыл бас Федор Павлович біртүрлі кінәлі адам құсап мұңайып келді де, Қодарқұлға көк сұр кітапша мен төрт бүктелген ақ қағазды ұстатты. «Сәнжан – сіздің жерлесіңіз, осыны сізге тарту етеді. Сіз оны дұрыс түсініңіз. Ол өзі сондай жігіт» деді де, машинасына отырып, жүріп кетті. Кітапшаны ашып көріп, қағазды оқығанда Қодарқұл сасқанынан үндей алмай қалды. Көпке дейін сенер-сенбесін білмеген: сақтық кітапшасында Сәнжанның өз атына төрт жарым мың сом жазылған екен, соны Аққұлиев Қодарқұл алсын деп сенім қағаз беріпті. Абақ кітапшаны қайта-қайта

ашып көреді, қағазды қайта-қайта оқиды: ақылына сыймайды.

Ел жата бұлар «Кішіқоңыр» совхозының орталығына жеткен. Шеткі бір үйге қонып шықты. Үй иесі кезінде аудан көлемінде ірі қызметкер болған, енді совхоздағы жұмысшы комитетінің бастығы, тымырайған тұйық, ынжықтау қара кісі екен. Әйелі Төлбасыны танып, «қосылып, жігіттің еліне кетіп барамыз» деген соң құтты болсын айтып, тамақ асып, арақ қойды. Осы ауылдан бензинді, азықты молырақ қамдап жолға шыққан бұлар екі күн ұдайы дала кезді. Сөмке асынған бөкен ұшыраспады. Әбден талып, арып-ашқан бұл үшеу төртінші күні қанды оқиғаға тап болып еді.

* * *

Алғашқы кезде ет қызуымен байқамапты: шым-шытырық оқиғаның ұсақ-түйек сәттері мен мәнді, шешуші кезеңдері аралас келіп, Қодарқұл жанында түсініксіз бір қобалжу ғана туғызар еді, енді ойласа, сол қанды оқиға бұның өмірін төңкеріп тастаған. Бала кезінде әке-шешеден айрылды, қасірет салмағын сезген емес. Ауылда талай өлік шығып жататын, талай жерлеуге қатысатын, талай қабірге өз қолынан топырақ салды, бірақ өлім жайлы, өлімнің қасиеті жайлы дәл осы жолғыдай ойланған емес, өлім бұған дәл осы жолғыдай әсер еткен емес. Туу бар да, өлу бар, өмір бар да, өлім бар деп талай естіген, өзі де талай айтқан, бірақ сол сөздердің байыбына барып, сол сөздерді жете түсініп пе?! Майда-шүйдеге қызығып, жоққа елігіп, сағым қуып жүріпті ғой. Үшінші күні кешке бұлар Ұлытаудың солтүстік бір жасыл қойнауында отырған аппақ шағаладай алты қанат ақ үйге тап болды. Үйден әудем жерде, бұлақ бойында керілген кермеде телеграф сымына қонған қарлығаштардай ығы-жығы байланған құлындарды көргенде жылқылы ауыл екенін Қодарқұл, Абақ қатесіз таныған. Есік алдында екі ақ «Волга», екі газик қаңтарулы тұр. Ауылда қонақ болғаны. Абақ қуанғанынан: «Құдай берді!» деп қалды. Жылқышы Есмайыл осы өңірге білікті, үрім-бұтағы өрбіген сыйлы кісі екен. Төрт ұлы төрт жерде беделді қызметкер көрінеді. Шетінен әкесіне тартқан ірі, сұлу жандар. Бұларды жатырқаған жоқ, үшеуін төрге отырғызды. «Ұлы жүздің балалары екенсіздер, қадірлі қонағымыз болыңдар, жолаушы деп онсыз да сыйлар ек қой!» деп Есмайыл ақсақал беліне түскеи ақ сақалын салалады. Үлкен ұлы Мақан

— жуан, денелі елулерді алқымдап қалған кісі, совхоз директоры, екінші ұлы Қапан — темір жолда басшы, үшінші ұлы Жақан — партия қызметкері, ең кенжесі Сақан — министрдің орынбасары, Алматыдан келіпті. Ақсақал қонақтарын ұлдарымен, келіндерімен өзі таныстырды. Келіндері де ұлдарына сай, сайдың тасындай іріктелген сымбатты жандар екен. Үйге кезек-кезек кіріп шығып, шаруа қамында жүр. Үлкен келінінен басқалары шаштарын қырыққан, қалаша киінген. Ұзын бойлы сары кемпір: ақ кимешек, қара барқыт кемзал, ақ шәйі көйлек, қара жылтыр мәсі, шалының қасында тіп-тік отыр. Күн өткен сайын жоғалған ақшаның күйігі еңсесін баса түсіп, Қодарқұл мәңгіріп қалған: Есмайыл ақсақалдың үйінде отырғаны, сол күнгі әңгімедүкен, қалжың, күлкі бұлыңғыр, есінде қалмапты. Сақанның орысша сөйлейтін екі баласы «жүр-жүрлеп» қоймаған соң осы үйдегі көпшілік тау басына шыққан, сондағы Жошы ханның мазарына барған, көлге түсіп шомылған. Бірақ соның бәрі есінде еміс-еміс, жұртқа өзі емес, құр сүлдері ере берген сияқты. Күн батар алдында күтпеген жерде бұл ауылға әнеугі ақ сарғыш газик бұрылды. Сәнжанды көргенде Қодарқұл қуанып кетіп, жарқылдап алдынан шығып еді. Сыйлығына түсінбегенін айтып, алғыс білдірмек ниеті бар-тын, бірақ Сәнжан бұны танымағандай салқын амандасты да өтіп кетті. Сәнжан Есмайыл ақсақалмен жақсы таныс екен, шал шат көңілмен, есік алдына шығып қарсы алды. «Ә-ә, үшөній бала! Кел! Педір майыр, кел, келіңдер!» деп жатыр. Солдат шоферды да «Крешке!» деп қояды. Жаңа қонақтарын сол арада, далада тұрып, ұлдарымен таныстырды. «Келеді деп айтып едім ғой» деді. Сосын жұрт тегіс үйге кірген, түн суықтау еді. Қодарқұл бірнеше рет Сәнжанмен тіл қатысуға оқталған, бірақ Сәнжан, қабақ түйіп, бұнымен сөйлесуге ыңғай білдірмеді. Тана көзі ұшқындап, қабағы түйіліп кеткенде жүзі тым суық, тым айбарлы екен. Сол күні ол Қодарқұлмен сөйлеспей қойды.

Еменнен қиған мүсіндей қатқан қара торы келіншек шай құйып отырған. Сәнжан соған тесіле қарап: «Егер суретшілер Нефертитидің суретін салғысы келсе, сізден көшіру керек екен!» деді. Жігіттің бұл оқыс сөзі оғаш көрінген жоқ. Көбі түсінбегендіктен үндемеген, түсінген Қодарқұл іштей таңырқады да қойды. «Педір майыр» Есмайыл ақсақалмен ұзақ әңгіме бастап, жатар-жатқанша ермек тапты.

Қонақтардың көбі машинада жатқан. Қодарқұл тағы да ұйқысыз таң атырды. Бұқакөз Абақ қалыңдығына тағы да

тиісумен болды. Анау жалынады, анау көнбейді. Анау өлердегі сөзін айтады, анау тасберік! «Некелесіп қосылайық, сосын». Ұйықтай алмай мазасы кеткен соң, таң алдында үйге кіріп, Есмайыл ақсақалдың қатарына жантайған: қатып ұйықтапты. Оянса – сәске. Үйде жан жоқ. Сырттан айқай естіледі, біреу біреуді балағаттап ұрсатын тәрізді. Киініп далаға шықса, есік алдында қара айғырға мінген қызыл бас, қызыл көз, қызыл жігіт атын ойнақтатып, қосауыз мылтық кезеніп ақырып тұр. «Иттің баласы, түс алдыма!» дейді. Жардай Абақ кішірейіп, бүрісіп қалыпты, көзі шарасынан шығып, қалш-қалш етіп, атты жігіттің алдына түсіп бүрсеңдеп кетіп барады. Қалжыңдап билеп кетіп бара жатқан сияқты. Жиналған жұртта зәре қалмаған. Есмайыл қарт: «Балам, бір ашуыңды маған бер!» деп еді, қызыл жігіт мылтығын аспанға қаратып атып қалды. «Табанда жайратып тастаймын, араласпа!» Бір орында шыр айналып, ауыздықпен алысқан айғыр ошақ басын қазып тастапты, таңғы шықтың дымқылынан қарайып жатқан жолдың борпылдақ ақ топырағын шашқылап енді ұзап барады. Қодарқұл түк түсінер емес. «Не боп қалды?», «Бұл кім?» деп әркімге бір қарайды. Үрейленіп, үрпиісіп қалған жұрт бұған жауап бермеді. Ұзын қолдары салақтап жерге түскен Абақ пен табанынан ақ топырақ атқан айғыр мінген жігіт бұл жалғыз үйлі ауылдан жарты шақырымдай жердегі үлкен жолға түскенше ешкім үндеген жоқ, тынып тұра берді. Сосын ғана Есмайыл қарт: «Өлтіретін болды-ау жігітті!» деп еді, оған үлкен ұлы сабырлы жауап айтты: «Қорқытады да қояды!», «Кісі өлтіру оңай боп па?!» «Анау жігіттің өзінікі де иттік! Оған сол керек!» – деді шалдың екінші ұлы. – Ондай адамға жан ашымас!» Сөйтіп тұрғанда ауылдан оңтүстік шығысынан асып түсіп келе жатқан ақ сарғыш газик көрінді. Қодарқұл енді байқады: Сәнжандар бұл топта жоқ екен. Машина есік алдына тоқтар-тоқтамастан Сәнжан жерге секіріп түсті. Бірдеңе болғанын сезгендей қабағы түйіліп кеткен, атырынып тұр. «Мына әлгі Абақ деген жігіт бейбастақтық жасап, біреудің қызын алдап әкетіп, соны таң сәріде машинамен далаға шығарып, арын былғап, қол-аяғын байлап тастап кетіпті. Тасемен деген тентек жігіт бар еді, соның жиен қарындасы екен. Қарындасымның көз алдында атып өлтірем деп Абақты сол жігіт айдап кетті». Бұл Есмайыл қарттың айтқаны.

Қанша ойлап ой түбіне кім жеткен? Қазір де Қодарқұл дөңбекшіп жатыр. Түрулі іргеден салқын жел ұрып өтеді.

Сол таңда да салқын жел есіп тұрған, маужыраған күн бар еді, маужыраған дала бар еді. Сәнжан мырс етіп күліп жіберді де: «Ал сендер не ғып тұрсыңдар?!» деді.

Деді де тез басып барып машинаның алдыңғы орнына отырды. Сол сәтте Қодарқұл: «Сәнжан, тоқтаңызшы!» деп айқайлап қалған.

«Тағы немене?» Сәнжанның қабағы түйіліп кеткен екен. «Ол жігіттің өзі қорғауға тұратын адам ба, татымайтын адам ба, соны ойлансаңыз». Сәнжан тағы да мырс етіп күліп жіберді. Көз қарасынан Қодарқұлға деген жеккөрініш оты айқын шалынған. «Сен, философ көрінесің ғой, сен ойланып, мен қайтып келгенше шешіп қоярсың». Бұның бәрі әп-сәтте өткен оқиға: есік сарт етті, машина безектей жөнелді, сәлден кейін дөңнен асып кетті. Есік алдында үн-түнсіз аңырып тұрып қалған жұрт құлағына гүрс еткен мылтықтың үні естілді. Мылтық және атылды. Бұл жолы мылтық даусы жіңішкелеу естілді. Есік алдында аңырып тұрған жұрт дөңге қарай жапа-тармағай тұра жүгірген. Қодарқұл өңгелерден озып кетіпті, дөңге жете бергенде сұңқылдаған сұм дауыс естілді: «Ойбай, бауырым!» Ілешала дөң үстіне тапырақтап теңселе жүгіріп Абақ шықты. Өкіріп келеді: «Ойбай, бауырым!» Сай табанында ақ сарғыш газик тұр. Төрт есігі аңқиып ашылып кеткен, қанатын жайып құлап түскен құс сияқты. Анадай жерде қанға малынып, дөңкиіп қара айғыр өліп жатыр, жол шетінде аяқ-қолы байлаулы Тасемен, бет-аузын шөп жырып кеткен, жара-жара, үн-түнсіз тыпыршып аунай береді. Сөйлемейді, ырылдайды, адам емес, қақпанға түскен сілеусін дерсің. Сол бір сойқанды ойпаңда көп жылау, көп күрсініс, көп таңғалыс болған, төбелеріне жай түскендей абыр-сабыр, көп жүгіріс, көп айқай-шу болған, енді қазір Қодарқұлдың жадында сол бір жап-жасыл алаңқай қалыпты, жап-жасыл алаңқайда қанаты сынып құлаған құс тәрізді есіктерін жайып жіберіп жер бауырлап қалған сарғыш газик қалыпты. Сәнжан машинадан түсіп Тасеменге қарай тұра ұмтылған болар, тұра ұмтылғанда есер жанның оғына ұшқан, маңдайынан оқ тиіп етпеттей құлапты, жарық дүниемен, қазағының даласымен қоштаса да алмаған-ау, сірә, айналасы ақ ірімтік ми, адам миы мен лезде қатып үлгерген сары көпіршік қан, адам қаны екен. Соны көргенде Қодарқұлда ес қалмаған, лоқсып, жылап, айдалаға безіп кетіп еді.

ХОШ, КӨЛЕҢКЕ!

Сол жылы Еркебұланның жолы болмай қойды. Көктемде көкпарда Қызыл атының аяғы сынды, өзі ажал аузынан әзер қалды, жазда «Волгасы» жүк машинасымен соқтығысып, ай жарым іске жарамай жатты, күзде аудан бойынша орден-медаль алғандардың қомақты тізімінде бұның есімі аталмады.

Жаңа бастық Есберген жарты жыл істеді ме, істемеді ме, қайта-қайта сүріне берді де, ақыр-соңында «жоқ, болмайды екен, жағдайым келмейді екен» деп, өзі өтініп, басқа қызметке ауысып кетті.

«Неғылса да менің бір көтерілер шағым, жолым түскен кез осы шығар» деп еді Еркебұлан. «Көкөзек» – малды колхоз, бұл болса мал жөніндегі орынбасар, өзі малдәрігерлік институтта сырттан оқиды, өзі жергілікті кадр. Картасын ашып тастаса да болғандай. «Мәш».

Әдейі арнап барып, облыстағы Кірпішбайға жолығып қайтқан. «Жағдай осылай болып тұр, Көке!» деген. «Әзірше «и.о.» болып жүр екенсің, жүре бер, қазір қызылша қазған қауырт шақ. Жаңа бастық сайлауға қол тие ме? Қызметінді атқара бер. Науқан аяқталысымен сайлау өткізерміз, облыс, аудан басшыларына айтып қоярмыз. Сен бастық болмағанда кім болсын!» деген жауап естіп, қуанып қайтқан.

Алғашқы қармен қарбалас қызылша қазу аяқталды. «Көкөзек» ауданындағы он екі шаруашылықтың жуан ортасынан шықты. Ол да жаман емес. Жыл жарымға жетерлік жемшөп қоры бар. Биыл қыстан мал күйлі шығар. Енді тек сайлауды күту керек.

Еркебұлан шыдай алар емес. Соңғы күндері, әсіресе, ұйқы шала, күлкі азайған. Жұрт «басеке!» десе, «қайдағы бастық, «и.о.» ғанамыз ғой!» деп сыпайы жауап бергенмен, «ой, Ереке, сіз болмағанда кім болсын! Сіз бұ дүниеге келгенде құдай тағаламның өзі сайлап қойған орын емес пе?» десе, Еркебұлан сырын жасыра алмай қалады. Күліп жібереді.

«Осы жұрт мені көп қолпаштап кетті, сырымды біліп қалып, мазақтап жүрген жоқ па, осы!» деп қауіптеніп, мәселе біржола шешілгенше мал аралап, шеткері кете тұруды жөн көрді.

Мойынқұмда он күн жүріп, арып-шаршап, қарашаның жиырмасы күні ауылға келсе – кеңсе алды қаптаған машина, мотоцикл, айқастыра байлаған ерттеулі аттар. «Оу,

менсіз жиналыс шақырған кім болды екен?» деп «газиктен» түсіп, кеңсеге қарай беттей берген. Іштен Жамантай деген кассир бала шығып келеді екен. Көрген жерде:

— Салау-малау! — деп қос қолын соза ұмтылатын. Сол жігіт: «А-а, Ереке!» деп салқындау сәлемдесті де өте берді. Жұрттың өзіне деген ерекше ілтифатына үйреніп қалған, осы кішкентай құбылыс Еркебұланға соққы болып тиді.

Жүрегі тулап, көзі бақырайып, есік алдында тұрып қалды.

Бейсен деген қарт аттан түсіп кеңсеге бет алып келеді екен. Еркебұланға үнсіз ғана қол берді де:

— Кәкең бар ма? — деп басын қисайтып, көзімен ішке меңзеді. Еркебұлан, сасқанынан: «Бар» дей салды. Бар дей салды да машинаға отырып, үйіне тартты.

Бір сұмдықтың болғанына күмәні қалған жоқ. Анық сезді. Енді тек: «Кәкесі кім? Кірпішбай ма?» деп ізден шығып кеткен патефон құлағындай қайталай берді, қайталай берді.

Үйге келді. Шешінді. Жуынды. Таза киім киді. Салқын қымыз ішті. Перизат та бұған ештеңе дей қоймады. Бұл да сұрамады. Бәрін өзі білетіндей. Естіп қанып келгендей. Өзі де солай боларын күтіп жүргендей. Солай болуын тілеп жүргендей сабырлы бір қалыпқа түсті. Үй қараңғы, салқын екен. Төрдегі құрақ көрпеге шалқасынан жата кетті.

Екеуі оңаша қалса, иә, екі-үш күн жол жүріп келсе, мазасызданып кететін күйеуінің мына тағатты қалпына таң қалып, әрі осы бір сәтті олжа көріп, Перизат үн-түнсіз, ыдыс-аяқты еппен ғана жинап, еппен ғана сытылып бөлмеден шыға жөнелген.

Еркебұлан болса өзімен-өзі әуре. «Көкесі кім? Кірпішбай ма? Көкесі кім? Кірпішбай ма?» дейді. «Қой, Кірпішбай облыстағы жылы орнын қалдырып, колхозға келуші ме еді? Қой, келмейді!» дейді.

Айтқандай-ақ «Кәкең» Кірпішбай емес, Қодарқұл екен. Бұл жаңалық көпке дейін Еркебұланның «миына қонбай» қойған. «О заман да бұ заман, мектеп директорының колхоз бастық болғанын кім көріпті? Жарайды, болды делік. Сонда қалайша Қодарқұл? Ол шіркіннің мұрнына шаруашылықтың иісі де бармайды ғой. Қалай бастық болмақ?»

Сырлас жолдастардың айтысы: көпшілік жиналысы басталғанша Қодарқұлды бастық сайлау ешкімнің ойында жоқ екен. Әбекең тұрып: «Түсінем. Колхоздарың басшыға жа-

рымай қойды. Оған біз де кінәлі шығармыз, бәлкім. Кәне, кімді қалайсыздар?» дейді. Ауыл адамдарынан екі-үш кісі мінбеге шығып: «Басшыға жарымай қойғанымыз рас. Келеді-кетеді. Тағы кімді жіберер екенсіз деп аузымызды ашып біз отырамыз. Аудандық партия комитетіне өтініш, ауылымызда сен тұр, мен айтайын жігіттер көп, соның бірін өзіміз қаласақ екен» депті. Солай келіседі. Қариялардың бірі Еркебұланды атайды. «Қодарқұл болсын, Аққұлиев!» деп Сұлтан орнынан айғай салады. «Қодарқұл болсын, Аққұлиев!» деп колхозшылар шулап кетеді. Шығып сөйлеушілер Қодарқұлды жақтайды. Дауысқа салғанда да бір ауыздан сол өтеді. Облыстан өкіл боп келген Кірпішбай үнсіз қалады. Әбекең күліп: «Ойымыз бір жерден шықты. Аққұлиевті ұсынсақ деп бюрода келіскен едік!» депті.

Еркебұланға әсіресе қатты батқаны Әбекеңнің сол сөзі еді. Жарылып кете жаздады.

Со күні кешке қонаққа шақырған бір үйде отырып, іше беріпті. Іше беріпті. Ақыры есін білмей мас болып, Сері Сұлтанды өлімші етіп сабап тастапты. Сотталып кете жаздаған, ел боп басып, әйтеуір «он бес тәулікпен» әрең құтылған.

Қодарқұлдың ұзақ уақыт бастық болып тұра алмайтыны айдан айқын еді. Еркебұлан солай жорыған. Тоғыз жүзден аса түтін, мың түрлі мінез. Біреуге әке деу керек, біреуге көке деу керек. Бір Қонысбай тентектің өзі мектептің сегіз жүз баласына татыр. Қонысбайлар аз ба? Соның бәрімен тіл табу оңайға түспес. Колхоз басқару мектеп директоры болу емес! Қоңырау соғылды – балалар орнына отырды, класқа кір де, Пушкиннің қай жылы туып, қай жылы өлгенін айта бер! Жоқ, колхозбен ойнауға болмайды! Алты жүз гектар қызылша, қырық бес мың қой, сиыр, жылқы және бар. Тауық пен шошқаны қайда қоярсың? Сағат сайын, қажет болса, күн сайын бұзылып жататын техниканы қайтесің? Халықтың тұрмысы, мәдениеті де саған қарап тұрған жоқ па. «Жарайды, құлшынып келіскен екен, істесін. Ақырын көріп алалық».

Апта өтті. Ай өтті. Қыс өтті. Көктем келді. Қырсыққандай мал қыстан күйлі шықты. Мардымды қар да жауған жоқ. Күйлі мал шығынсыз төлдеді. Сол жылдың көктемі де, жазы да жайлы болды. Күн де Қодарқұлмен келісіп алғандай, «заказ бойынша» жауады. Сол жылдың күзі де жаңбырсыз жайдары өтті. «Көкөзек» қызылшасын жинап болып ауданға, облысқа ақпар берген күні аптаға

созылған ақ жауын басталды да кетті. «Апыр-ай, мына құдайдың күні де мына жігітке болысып кетті-ау!» деп күйінді Еркебұлан.

Қодарқұл Еркебұланның он бес күн отырып шыққанын бетіне шіркеу қылған жоқ. Өзі барып, қаладан алып қайтқан. Қодарқұлдың бұл қылығын Еркебұлан өзінше жорыды. «Өзінің ұзақ тұрмайтынын біледі. Түбі бастық мен болатынымды біледі. Сондықтан істеп жүрген жалпаңы» деп түйді.

Еркебұланның және бір дәмесі – Қодарқұлдың мінезі еді: қызба жігіт, шапшаң, шақар. Ерте ме, кеш пе, сол мінез орға жығар-ақ деп жүрген. Сөзін өткізе алмаса, төбелестен тайынбас. Бірақ Қодарқұл бұл жағынан да алдырмады. Бастық болғалы сабырлы, жұмсақ кейіп тапты. Сыпайы күлкі, ілтипатты үн тапты. Жүрісінің өзінде бұрын бір одырандаған екпін болушы еді, енді ұстамды. Тындырымды. Суық жүзді ожар еді, енді түсі жылы, мейірімді.

«Халық деген қой сияқты» деп жүрді Еркебұлан, «әумесерге үнсіз бағынып жүргенін қарашы». Елден асқан тентек Қонысбайдың өзі Қодарқұлдың айтқанын екі етпейді. Бұған не дерсің. Бір күні басқарманың жиналысында Қонысбай күңкілдеп сөйлей бергесін Қодарқұл ашуланып: «Кәнеки, шығып кетіңіз!» деп еді, Қонысбай сұпсұр боп, сасқалақтап, шығып-ақ кеткені. Тағы бірде кино басталарда, Қодарқұлдың әдетте отыратын орнына Қонысбай отырып алыпты. Қодарқұл: «Ә-ә, Қонысбай!» деп күліпті де, басқа орынға отырмақ болып, бұрыла берген екен, Қонысбайдың қасында отырған біреулер мырс-мырс күліп жіберіпті. Қодарқұл күлген Қонысбай деп қалса керек, қайта бұрылып жетіп келіп, түтігіп, ашуланып:

– Кәне, тұр былай! – депті, Қонысбай ыржаңдап күліп, тұрып орын беріпті. «Бұған не дерсің?!» Бастық болған екі жылдың ішінде Қодарқұлдың ашу шақырған, сыр берген шағы осы ғана.

Әне сүрінеді, міне сүрінеді деген үміт ақталмады. «Көкөзектің» малы биыл да қыстан қоңды шықты. Қодарқұлдың аса бір пысықтығы байқалмаса да, осы екі жылдың ішінде колхоз шаруашылығы шұғыл өрлеп кетті. Табыс молайды, тұрмыс түзеле түсті. Екі этажды мектеп үйін сала бастады. Жүз балалық жаңа интернат салып берді. Қаладағы театрға бергісіз мәдениет сарайын орнатты. Сарайдың салтанат маңдайында қазақ қызының фреска суреті бар. Ойын-биге арналған кең фойенің төрт қабырғасы ауыл

өмірінің көріністерін аңғартады. Малшы өмірі, егінші өмірі, ойын-той, ат жарыс.

Ауылдағы үйлердің көпшілігіне газ келді. Орталық көше асфальттанып, тас тротуар қаланды. Енді шеткі үш көшеге де кезек келген. Әр үйдің қорасында шүмектен су ақты.

Қодарқұл десе ауыл адамдары аузын ашып, көзін жұматын болды. «Кәкең жігіт-ақ қой!», «Кәкең ер ғой!» деседі. Қодарқұлға қарсы сөз айтсаң өз беделің түсіп қалады. Ішіп отырған бір жиында Еркебұлан: «Қарақшының баласы омақаса орға жығылсын!» деп тост көтерген еді, жігіттер сазарып ішпей қойды. Содан бері Еркебұлан да: «Біздің Кәкең ер ғой»-ға көшкен.

* * *

Сырт көзге Қодарқұл өмірі – қалыпты өмір сияқты. Ішпейді. Жұртпен араласпайды. Үйіне қонақ шақырмайды, өзі ешкімнің үйіне бармайды. Ілуде бір бара қалса, ешкімнің сөзін тыңдамай: иә, иә деп өзімен-өзі отырады да, жарты сағат аспай кетіп қалады. Басқа жұртты осы кылығымен қорлап, жерлеп кететінін Қодарқұл білмейтін. Сезбейтін.

Қодарқұлдың бұл мінезі көпшіл, сауықшыл Әсемгүлге қатты батады. «Біз жұртпен қатыспаймыз. Жұрт құрлы жоқпыз ба?» деп талай айтқан. «Өзің-ақ бара берсеңші. Қатыса бер» дейтін Қодарқұл. Оған Әсемгүл көнбейді. «Жесір қатындай қалай жалғыз жүрем!» Даусыз дәлелі осы.

Әсемгүл әсершіл жан. Оның сырын Қодарқұл бұл күнде әбден ұғып алған. «Әр адам әр түрлі бояу іспеттес – дейтін ол. – Жанаса кетсе бір-біріне әсер етеді. Немесе бірін-бірі аша түседі. Немесе бір-бірін былғайды. Тым араласып кетсе, екі бояу да өз реңін жойып, басқа бір, не тартымды, не тозыңқы түр табады». Бұл ойға ол әйелінің мінез-құлқын аңғара жүріп тоқтаған. Әсемгүл Қодарқұлмен жалғыз қалса, салиқалы келіншек. Өсекші әйелдермен отырса, өсек айтып та жібереді. Қодарқұл күйінсе, бұл бұрқан-талқан болады. Балаларымен ақ жарқын, ойнақы. Жиын-тойда қай жігіттің мерейі үстем болып, қай жігіт бір қасиетімен көзге түссе соған құлай отырады. Өз күйеуінің түйедей қасиетін көрмей, өзгенің түймедей әшекейіне қызығады, ал кейде өз күйеуіне де асқына ғашық болып қайтатыны бар. Қай ортаға түссе, сол ортаның адамы. Ертеңін әсте ойламайды. Қодарқұлдың көңілі келіншегінен суынып кеткен.

Сырт көзге бір қалыпты көрінетін Қодарқұлдың өмірінде және бір ашылмас сыр, терең құбылыс бар еді. Қай күні, қалай басталғаны белгісіз құбылыс. Жігіттің өзі де айқын, анық түсіне қоймаған өзгеріс. Ол жан баласына деген махаббат еді. Жұрттың бәріне бірдей, кім болса да, ерекше бір мейіріммен қарайтын. Талай-талай шағыстырушылар болды. «Анау солай деді, мынау сөйтті» деушілер де аз емес. Бірақ Қодарқұл, «солай дегендерге» де, «сөйткендерге» де, соны жеткізушілерге де кешіріммен қарай білді. Түсіне білді. Қайта, соларды бұрынғыдан да жақсы көре түсуге тырысатын. «Үстінде билеп жүрсең, мыңқ етпейді-ау, шіркін!» деп жұрт таңырқайтын. Тіпті, Қиқымбай Шолақ деген қарауыл айдалада кездесіп қалып жеті атасын түгел сыпыртып балағаттағанда, үнсіз күліп кетіп қалған. «Барлық жерде жеке адамға табынушылықты жойдық дейсіздер, ал біздің ауылға апарып, Аққұлиев деген құдайды отырғызып қойғандарыңыз не?» депті басшыларының біріне Еркебұлан. О сөз де жетті. Кек тұтқан жоқ. «Айта берсін, өзі-ақ қояр».

Басқа колхоздың басшылары құсап, Қодарқұл ертелікеш шапқылап жүрмейді. Қырман басына келсе, он-он бес минут қана аралап, нұсқау береді де кетіп қалады. Жиналыс өткізу тәсілі де қызық. Басқарма мүшелері бәлен жерге жиналсын деп орталық жүйелеушіге телефон соғады. Жұрт толық жиналған кезде жетіп келеді де, өткенде берілген тапсырманың орындалуын сұрап, жаңа тапсырма береді. Бұл да он-он бес минуттан аспайды. Тез кетіп қалады. Екі күн жұмыс істесе, үш күн үйінде жатып алатыны және бар. Еркебұланның «культ» деуі содан да.

Қодарқұл өзін жұрттың бәрінен кем санайды. Бала күнінде жұққан қасиет. Содан құтыла алмай-ақ қойған, жұртпен кездесерде іштей бір көп-көп дайындықтар жасайтын. Сондықтан да жан дүниесі тез болдырып, аяқ-қолы суынып, жүйкесі босап жатып қалатын. Оның бұл сырын әйелі де білмейді. Жалқау деп жориды.

Сырт көзге бір қалыпты көрінгенмен Қодарқұл өмірінің сол екі жылы мәні-нәрі мол жыл болып еді.

Күн ұзақ қанша жанға кезіксе, сонша жанға жүрек жылуын бөліп беріп, қолынан келген жақсылығын аямай, тым болмаса жылы сөз, мейірімді көзқарасын сыйлап қайтатын. Сондайда кеудесі қуанышқа толып, шыдай алмай, айдалаға шығып кететін. Безіп кететін. Машинаны бір тасаға қаңтарып қойып, тегіс жазирамен ұзай беретін. Бала

күнінен қалған әдет көлеңкесін қызықтайды. Күн батарда көлеңке ұзара береді, ұзара береді. Шаңытып қарауытқан қара күрең шығысқа жетіп, көкжиекпен ұласқанда, сұлап жатқан көлеңке кенет басын көтеріп ғаламат бір қимыл жасайды да жоқ болып кетеді. Осы бір мезет Қодарқұл үшін қымбат, осы бір мезеттің Қодарқұл ғана түсінетін түйінмәні бар.

Жыпырлап жұлдыз шығып, түннің бір мезгілі болғанша ми далада сенделіп жүріп алады. Кеудесі рақат балқу сезімге толып жылай жаздайды. «Тана, Танажан» дей береді. Қыз бейнесін көз алдына елестете алмайды да. «Сүйем» деген сөз де айтылмайды. Тек қана «Тана, Танажан!» дей береді. Сенделе береді. Сенделе береді.

Қодарқұлдың бұл сырын бүкіл ауылда тек Әсемгүл ғана білмейді. Жігіттің өзі де айқын, жыға білмейді. Түс көріп жатқан адам түс көріп жатқанын өзі білмейтіні сияқты.

Қодарқұл, өзі бастық бола салысымен, «құста жүрген» Тананы комсомол ұйымына хатшы етіп ұсынды. Басқармаға мүше етті. Жеке өзіне «Москвич» беріп қойды. Бұған дейін ешбір колхоз комсомол жетекшісін өйтіп асқындырып қоймайтын. Жастар жұмысына бастықтың өзі көп араласады. Олар қайда барып ойын қойса, бұл сонда жүреді. Жиналыстарына қатысады.

Мәдениет сарайының маңдайындағы қазақ қызының бейнесін жұрт «Тананың суреті» деп кеткен. Қаладан келген суретшіге Қодарқұл Тананы көрсетіп:

— Нағыз қазақ қызы осындай болады! — депті-мыс.

«Тым тасып кеткен Қодарқұл бір сүрінсе енді осы мәселеден сүрінер!» деп жүрген Еркебұлан.

* * *

Сол түні түс көріпті. Тым ұзақ түс көріпті. Қимыләрекетсіз безерген бір қалып — жатаған үйдің көлеңкесінде отырыпты. Көлеңке қысқа, бұның сирағы ұзын. Арқасын дуалға тақай түсіп, сирағын тарта түседі. Күн қайнай түспек, көлеңке қысқара түспек. Бұл бірдеңе күтіп отыр, яки біреуді күтіп отыр. Қимылсыз безеріп отыр. Әлі отыр, әлі отыр. «Осындай да қимылсыз түс бола ма екен?» деп ойлайды түсінде. Сақина дейтін ауру бар, маңдай сүйекті қысатын кеп, қысатын кеп, табиғаттың қазіргі күйі дәл сол. «Сырқаттың реңі болушы ма еді?» деп ойлайтын сияқты, бірақ жан-жағын қоршаған ауаның өңі дәл сол «сақинаның» өңі сияқты екен дейді. Сазарып қысып барады.

Анадай жерде жанармай жайы тұр. Биік қызыл темір шкаф анық көрінеді. Сол шкафқа қарай ар жақтан бері салтанат шеруі келеді екен. Үйлену тойы ма, немене? Топтың алдында ақ киген, басына ақ капроннан үлбірек фата байлаған қалыңдық — қимылсыз жылжып, жақындап келеді. Қыли көз қазақ қыз екен. Бір нүктеге қадалып қарайды. Қасындағы күйеу жігіт — қатып қалған сұп-сұр өлік. Қызыл түсті қара табытқа тік қойып, екі адам көтеріп алған. Соңдарында ерген қошеметші топ ылғи бір тапал адамдар. Мұрындары сорайып аузына түскен. Біреуі он екі тілді гармошкамен орыстың «барынясын» тартады. Басқалары, көздері аларып, билеп жүр.

Қалыңдық пен күйеу Қодарқұл отырған жерге тақала берді. Күйеудің оң құлағының сыртында қызыл жіппен тіккен тігіс бар. «Сол арасынан тіліп, миын алып тастаған ғой!» деп ойлайды Қодарқұл. Орнынан тұрмақшы болып еді, тізесі дірілдеп, көтеріле алмады.

Күйеудің екі көзінің асты көгеріп шіри бастапты. Апанық байқалады. Қодарқұл жүрегі зулап, қимылдай алмай, отыра берді. Ол сүйенген дуалдың артында осындайлар баратын бір мекеме бар екен дейді. Бұлар сонда барады екен дейді. Сонда бұрылды ма, немене, әйтеуір салтанат шерудің алды жоқ болып, ғайыпқа сіңіп кетіп жатыр.

Тапал адамдар ауыздарын ашып айғайлап билейтін сияқты. Бірақ үндері естілмейді. Олар да өтіп таусылды. Қодарқұл тағы да жалғыз қалды. Сақина тағы қыса түсті. Өңсіз-түссіз аспан жаншып барады. Маңдайы сықырлап ауыратындай. Қимылсыз отыр. Әлі отыр, әлі отыр. Күтіп отыр. Кімді? Нені? Өзі де білмейді. «Осындай да қыбырсыз түс көре ме екен?» деп ойлады түсінде.

Дуалдың арғы жағынан бір жігіт шыға келді. Арық жігіт. Футболкасы мен тозыңқы «мөшек» шалбарын анық аңғарды. Беті көрінбейді, беті жоқ сияқты. Еңкейіп келіп Қодарқұлға бірдеңе деді. «Шоферым ғой» деп ойлады Қодарқұл.

— Бар болғаны сол ма? Құқығыңды ала алмай жүрсің бе? Маған неге айтпадың, кешке дейін күттіріп! — дейді бұл. Бірақ орнынан тұра алмайды. Тізесі дір-дір етеді.

Сақина қысып барады.

Оянса, төсек бір жақта, бұл бір жақта киіз үстінде жатыр. Басы тақтайда қалыпты. Оң жақ бетіне түбірдің дөңбегі батқан.

Сырт көзге Қодарқұл қабағы салбыраңқы, түсі суық,

қатал адам көрінетін. Бұрын ұзынша арық жігіт, енді сәл ғана, білінер-білінбес тола түсіп, қатып қалған. Қиғаш біткен үлкен көздері адамға тік қарайды. «Қойсаңшы енді, болды ғой» деп тұратындай. Шығыңқы шықшыттары оның жүзіне тістенген ашулы сұсты ұскын беретін. Өзі қаншама, іштей елжіреп, жұртқа мейірімдімін дегенмен, жұрт бұдан сескенетін, жақындай алмайтын.

Сөйтіп жүрген жігіттің жаны жараланғыш, өзін жұрттан ылғи кем санайтынын, ырымшыл екенін ешкім білмейтін. Түнде көрген түсі көпке дейін есінен кетпеді. Көзінің алды шіри бастаған өлік күйеу, қимылсыз түсті жаманға жорыды. «Бүгін іс тынбас, жолым болмас». Солай түйді.

Орталық жүйелеушіге телефон шалып еді, кім қайда кеткенін айтты. Қодарқұл құмдағы шөпшілерге, Еркебұлан таудағы қырықтыққа бармақ. Кеше солай шешілген. Қодарқұл «тағдырын алдамақ болды». Еркебұлан тауға кетіп қалған екен. Мейлі. Бұл да сонда барады.

— Жамал, қалқам, Рамазанға айт, қаладан келісімен құмға, Тайсойғанға аттансын. Мен Қыршындыға кеттім, — деді. Теңіз түстес «Волганы» ауладан шығара беріп: мен ауылдан ұзап кеткенше алдымнан ешкім кезікпесе деген. Атқамінер жігіттер таң қылаң бере тапсырмалы жерлеріне кетіп қалған. Ауыл әлі ояна қоймапты. Ұзын көшенің басына жеткенше алдынан ешкім ұшырамады.

Ауылдың оңтүстік шығысында көлемі төрт гектардай ғана байлама бар еді. Ілкіде құндыз өсіреміз деп колхоз өзі жасаған. Бірақ, құндыз фермасы кейін Тоғансай деген шалғайдағы оңаша көлшікке көшірілді де, қамыс арасында қалып қойған бірен-саран хайуандар жабайы болып кеткен.

Қалың қамыс арасынан ашық айдынға қайықты біреу шыға келді. Қодарқұл: «қап!» деді де, машинасын су жиегіне қойды. «Бұл кім еді, тағы?» Мектепте ағылшын тілінен беретін Цхай деген кәріс жігіт бар-тын, сол екен.

— Сәлем бердік, Кәке! — деп қайығын көлденең тартып, көзін сығырайтып отыр.

— Сен... неғып жүрсің таң атпай?

— Ау салып ем...

— Балық бар ма?

— Бар. Аздап. Шабақ... Анда-санда ілігеді. — Екі жылдың ішінде қазақша таза сөйлеп кетті. Өзі пысық-ақ.

Цхай қипақтап біраз отырды да, алдында жатқан кенеп қаптарды көтеріп:

— Кәке, міне қараңыз, көңіліңізге келмесін, құндыз

ұстап жүргем жоқ! – деді. Қодарқұл не дерін білмей, қызарып кетті. Ештеңе демей, машинасын шегеріп барып, байлама астындағы үлкен жолға түсті де, жүріп кетті. «Жолым болмайды екен!» деп ойлады ол.

Сол күні жолы болмады. Машинаның дөңгелегінен атылған тас бензобакты тесіп өтіп, айдалада қалып қойды. Қарны ашып, көзі қарауытып, басы айналып, күнге тотығып, кезіккен өгіз арбаға машинасын тіркеп, Қыршындыға күн еңкейе өзер жетті.

Қыршынды – Қаратаудың биік бір жалы. Шығыс жақ қабырғасы ырсиып қалған сияқты Айдарсай деген тік шатқал. Отызыншы жылдары бір жігіт үсіп өліпті, аты Айдар екен. Шатқалдың жазыққа шығар аузында тұма бар: Сараңбұлақ аталады. Не тасымайды, не суалмайды. Қысы-жазы бір қалыпты: ирелеңдеп барып, көлді табады. Сараңбұлақ басында қалың тал өскен. Сол арада бір-бірімен ұзынша дәліз арқылы жалғасқан екі қора тұр. «Көкөзектің» қырықтықшылары сонда. Екі қораның сол жақ, бұлақ жағында екі киіз үй, тақтай шатырлы, ұзын ағаш столды асхана. Бергі маңайында «І разряд ресторан Адам ақыр» деп ақ қағазға көк сиямен жазылыпты.

Екі қораның оң жағында алты киіз үй – жатақхана. Әр үйдің маңдайшасына атау іліпті. «Саялы», «Маялы», «Кең сарай», «Нең сарай?» – деп қойған. Осыдан үш күн бұрын бұндай жазулар жоқ еді. Қодарқұл көргенде іштей күліп қойды. Ең шеткі тозыңқы үйдің маңдайына «Нең сарай?» деген үлкен сұрақ белгісі бар. Қодарқұл мырс етіп күліп жіберіп еді, анталап аузына қарап тұрған жігіттер жымыңдасып мәз боп қалды. «Ұнады, ұнады. Күлді!» деп бір-бірінен сүйінші сұрағандай.

Бастықтың қабағы жадырағанын пайдаланып, кейбіреулер шағым айта бастады:

– Кеште ішіміз пысады. Кино келмей қойды ғой.

– Көкжалға айтыңызшы, кезек-кезек ауылға жіберіп тұрсын.

– Радиоқабылдағыш бұзылып қалып еді, дүниеде не болып жатқанынан да хабарсыз қалдық.

– Кәне, бұ не тұрыс! – деген өктем үн естілді.

Еркебұлан екен. Екпіндеп таяп келеді. Жігіттер жапырлай бұрылысып, жарылып жол ашқан. Қодарқұлды көріп түсі жыли қалды.

– Ә-ә, Кәке! Сіз де келіп қапсыз ғой! Біз... Көкжал екеуіміз шатқалдағы сиырға барып ек.

Көкжал – Сараңбұлақтағы штаб бастығы, мал дәрігері, мәуіті шляпасын жымырайта баса киіп алыпты, ағашқа ілінген шойынды темір таяқпен ұрып тұр. «Жұмысқа кірісіндер» деген белгі. Қодарқұлды көрсе де, көрмеген боп, әдейі сөйтеді. Содан кейін ғана Қодарқұлды байқаған ыңғай білдіріп:

– Ә-ә, Кәке! Сіз келіп қалған екенсіз ғой! Кешіріңіз, білмей... Күн салқын түсті ғой, жігіттер жұмысқа шығатын мезет қой... Кешіріңіз, – деп сөйлей жақындады. Белгілі қулығы. Тындырғансып, қырып-жойғансып жүреді.

Күн тисе керек, Қодарқұлдың маңдайы солқылдап сырып барады. Қырықтықшылармен біраз сөйлесіп, кино, қымыз, ауылға барып-келудің кезегі туралы біраз нұсқау айтты да, «Кең сарайға» кіріп, ығы-жығы киіздің үстіне қисая кетті.

Көзі ілініп барады екен. Гүжілдеген бір ашулы дауыстан оянып кетті. Біреулер біреуге жекіп ұрсып отырған сияқты. Үндері, бірі жіңішкелеу, бірі жуан, үй іргесінен шығады.

– Не деген ұятсыз адамсың! Айттық емес пе? Талай айттық емес пе? Қой дедік қой, ішпе дедік қой, – дейді жуан дауыс.

– Дәл Кәкең келген күні құдай ұруын қарашы бұны! – дейді жіңішке дауыс.

– Мен төре тұқымынанмын, маған ешкім ақыл айта алмайды, – деп еңкілдеп күлді екінші біреу. Дауысы қарлыққан. Айтуын айтса да, бұ сөздерге өзі де жыға сенбейтін тәрізді. Күлкісі де жалған. Сенімсіз.

– Не деген ұятсыз жан едің?! – дейді жуан дауыс. – Біз саған жөн айтып отырсақ, сен күлесің. Сен төре түгіл құдай болсаң да, Кәкеңнің жөні басқа. Мына түріңмен Кәкеңнің көзіне түсуші болма! Жоғалт көзінді. Жақсылап жуын да, кет кәзір анау сиыр ферма жаққа. Басың айыққасын бірақ кел! Бар!

– Қойдым, жәкелер, қойдым! Кетейін, көндім, кетейін! – деді қарлыққан дауыстың иесі. «Бұлар кім болды екен? Ішіп алғаны кім екен?» Дауыстарынан Қодарқұл айыра алмады. «Осынша шалғайда бұлар арақты қайдан тауып ішеді? Осынша күн ыстықта... Апыр-ай, қойдыра алмадымау!» Қодарқұл әлдекімнің арақ ішкеніне күйінгенмен, басқа екі жігіт бұның атын атап, «Кәкең келгенде неге іштің?» деп жолдастарын қуырып жатқанына іштей қуанып қалды. Қуанып қалды, жұрттың қолпаш-құрметіне әлі тойып болған жоқ еді.

Бұлай болар деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Бұлай болар деп ешкім ойламаған. Бұл дүниеде Тана барын білетін де, көңіліне медет тұтып жүре беретін. Жиналыс-жиындарда Тана келіп: «Ағай, келесі мәселеге менің қажетім, қатысым жоқ қой, рұқсат етіңіз, кете берейін» десе, «отыра тұр, керек боп қаласың» деп жібермейтін. Көз алдында отырса болғаны. Ауыл жастары ойын-сауық қойса, Қодарқұл содан табылатын. Әзірліктеріне өзі араласып, ойын басталғанда тағы да кетпейтін. Көз алдында Тана жүрсе, керегі сол.

Тана үнді биін билейді. «Гауһар тасты» айтады. Қодарқұл күтіп отырады. Кімге арналғанын іші біледі.

Екеуі бір-бірімен сөйлеспейтін. Іштей білетін. Екеуі бір-біріне бар ой-ниетін көзбен ғана жеткізе алатын. «Түсіндің ғой» дейтін Қодарқұл, көзбен... «Түсіндім» дейтін Тана көзбен. Бір жолы Қодарқұл Танаға:

— «Триумфальная арканы» оқыдың ба? — деді.

Тана оқымапты. Бес-алты күн өткен соң Тана «Ағай, доктор Равик өзін жұрттан артық санайды екен, онысы несі?» деп сұрады. «Сондай құдайға жақын адамдар болады» деп күлді Қодарқұл. Ол қалай деп Тана қайтып сұрамады, оның мәнісі былай деп бұл да түсіндіріп жатпады.

Бұлай болар деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Айғайшу, қиқу күлкіден оянды. Басы жазылып қалған екен. Далаға шықса, күн тау тасасына түсіп кетіпті. Сәулесі аспанды қайшылап, құлпыртып жіберіпті.

Айдарсайды жоғарыдан құлап жатқан өзеннің арнасы десек, Сараңбұлақ тұрған жер сол өзеннің теңізге құяр аңғары еді. Тау етегі жайылып, толқын-толқын болып барып, мұнартып жатқан көгілдір даламен ұласып кететін. Сол аңғардың аузында шағын ғана көк төбешік бар. Аты зор — Қарауылтөбе.

Осындағы жүз шақты жігіт сол төбенің басына жиналыпты. Араларында үш-төрт аттылы бар. Бәрі арғы жазыққа қарап қиқу салып айғайлап тұр. Әне-міне дегенше төбенің батысын орай ағарандап жатқан ақ жолмен умажума, бірі қашқан, бірі қуған екі атты үзіліп шықты. Алдыңғы ықшам денелі қара қасқа мойнын алға созып, басын төмен алып, ауыздықпен алысып келеді. Үстінде — жақын келе таныды,Тана. Ақ жібек көйлек, көк барқыт көкірекше киіпті. Жебелей қуып келе жатқан боз айғырлы жігіт Қали екен.

Төбе басындағы жұрт енді бері бұрылған. Қиқу салып,

мәз-мейрам боп тұр. Араларындағы аттылар қыз бен жігітке жанамалай килігіпті.

– Бас!

– Тарт!

– Құшақта!

– Сүй!

Қодарқұл жол жиегіне жетіп қалған. Тана сол араға таяна беріп, атының басын кілт бұрып кетті. Қодарқұлды көрді. Көрсе де танымаған сияқты. Таныса да елемеген сияқты. Қали Қодарқұлдан жасқанып, атының басын тарта берген. Бұлардың арттарынан қуып жеткен топ Қалиды итермелей, қаумалай, Тана жаққа алып кетті.

– Құшақта!

– Сүй!

– Қуып жеттің! Еңбек сенікі! – деседі.

Тана қашатын емес. Күліп қана отыр. «Күйермендер» Қалиды зорлап апарып, зорлап сүйгізді. Тана көнді. Қарсылық жасар нышан да білдірген жоқ, Қодарқұлдан қымсынбайды. Қодарқұлға қараған да жоқ. Қараса да көрген жоқ.

– Ал енді, сен қаш! – десті күйермендер Қалиға.

Қали қашты. Тана қуа жөнелді. Төбе басындағылар шулап кетті. Қашқан жігіт пен қуған қыздың соңынан үш-төрт күйермен шоқақтап барады. Бүкіл топ төбе тасасына түсіп кеткен кезде Қодарқұлдың қасына Еркебұлан келді. Жаңағы атты күйерменнің бірі сол еді.

– О-о, Кәке, сізді оятып жіберіппіз-ау! – деді аттан түсіп жатып. – Комсомолдар ойын көрсетуге келген екен. Бүгін жігіттерді жұмыстан ертерек босатып... көңіл көтеріп, дем алсын деп...

Қодарқұл ыза болып қалған. Неге? Оны өзі де білмейді. Жастар концерт көрсетті. Тана үнді биін биледі. «Гауһар тасты» айтты. Бұл жолы Қодарқұлға арнап айтпады. Алдыңғы қатарда отырған Қодарқұлға қараған жоқ. Қараса да көрген жоқ. Көрсе де өлеңін, биін оған арнаған жоқ.

Концерттен соң ересек қырықтықшылар ұйықтап қалды да, жастар бұлақ басындағы тегіс алаңға отырып, орамал тастамақ ойнады. Сосын «Үшінші болсаң, көзің құрт!» ойнады. «Татумысың» ойнады. Сосын жасырынбақ ойнады. Ойын сайын Тана Қалидың қасынан табыла берді. «Татумысың?» десе, «татумыз» дейді. «Белгісін көрсет!» десе, Қалидың бетінен сүйеді. «Сатасың ба?» десе, сатпайды. «Жазаңды тарт» десе, ортаға шығып ән айтады.

Қодарқұл ыза бола түсті. Тана бұны ұмытып кеткен сияқты. Ұмытпаса да енді сүймейтін сияқты. Жалғыз Тана емес, мына жұрттың бәрі бұны ұмытып кеткен тәрізді. Ұмытпаса да елемейтін тәрізді.

Әсіресе Қалидың қорлығы өтіп барады. Сорайған бұйрабас қара жігіт. Қодарқұл өзін жақтырмайтын. Шілденің ыстығында үтіктелген қара костюм киіп, ақ көйлегінің жағасын сыртына шығарып, маңайын әтір сасытып, темекі тартып жүргені. Төс қалтасынан автоқалам мен тарақ көрініп тұратын. «Нақұрыс, кереңқұлақ!» деп Қодарқұл менсінбейтін.

Сол Қалидың бүгін шоқтығы биік. Қасынан Тана шықпайды. Соған бетін сүйгізеді. Соның бетін сүйеді. Нақұрыс, «амеба», «бір клеткалы» екенін түсінбейді. Қодарқұл соған күйінеді.

Күйініп, ойыннан шығып кетті. Оңаша кетті. «Іздер, өзі табар?» деп еді, Тана іздемеді. Бұны ешкім жоқтамады.

Жұрт өз қызығымен өзі. Қарқылдап күліп, ойнап жүр. Қодарқұл шатқалға кірді. Толық ай шатқалдың дәл үстінде екен. Аңыраған аңғар, ағы ақ, қарасы қара боп айқын аңғарылады. Қодарқұлдың бір сәт жүрегі зу еткендей болған, екі жақ екі қиядағы жаланаш үшкір тастар үрейлі адамның шашындай үрпиісіп, дүрдиісіп кетіпті. Аспанға атылардай.

Қодарқұл шатқалды теренДей барып, жазық бір алаңқай тауып, сонда шалқасынан жатты. Ары жатты, бері жатты. Адам ұйықтап жатып шөлдесе, түсінде теңіз көреді, теңіз жағасына барып, суға бас қояды. Ішеді кеп, ішеді кеп. Шөлі қанбайды. Кермек бір дәм келеді аузына. Суды іше береді, іше береді. Қанбайды. Қодарқұлдың қазіргі халі сол. Не істеп, не қоярын білмейді. Не істеп, не қойғанын да білмейді. Жатты-жатты. Жұлдыздарға қарады. Жақын. Осы күйіне еш байланысы жоқ бір елестер өтті көз алдынан. Шаңқан таудың көкжасыл баурайында көгілдір күмбезді қызыл сары мазар тұр. Сол мазардың ар жағынан бергі сай табанына жалғыз аяқ шаңдақ жол түседі екен. Сол жолмен көк қодыққа сояу шөп артқан қатын келеді. «Ых! Ых!» деп көк қодығын ұрғылап тепеңдеп келеді. Қодық пәкене, қатынның аяғы салбырап жер сызып келеді.

Қатынның киімі кір, беті әжім-әжім. Сол бетке жараспайтын қой көздері күнкөрістің мұң-мұқтажын білдіреді екен дейді.

Жақын жерден шөп сылдырады. «Жылан шығар» деген

ой келді. «Мейлі, – деп ойлады, – жылан болса, шақсын. Ажалым дәл осы арада келсе, шақсын». Қозғалмай жата берді. Шөп арасы тағы да бір рет сыбдыр етті де тына берді. Сосын ысылдағандай бір дем естілді. «Шақсын» деп ойлады Қодарқұл. Қозғалмай жата берді.

«Өмір сүру – мәңгілікке талпыну» деген ой келді кенет. Біреулер үрім-бұтағының көп болуын, өсіп-өнуін мақсат етеді, тілейді, біреулер өлмес іс-әрекет қалдырмақ. Жақсының ісі – рухында. Ертегідегі жалмауыз кемпір сияқты: оның жаны кеудесінде емес. Жүре берсең, жүре берсең алдыңнан бір тау шығады. Таудың басында бір үңгір бар. Үңгірде бір алтын сандық бар. Сандықтың ішінде бір қобдиша бар. Қобдишаны ашсаң, жалғыз жұмыртқа көресің. Жалмауыз кемпірдің жаны сол жұмыртқада. Жақсының рухы – ісінде. Ал мен ше? Мен кіммін сонда?»

Бұл сұрағына жауап бере алмады. Жауап іздей де алмады. Жақын жерден тағы да шөп сылдырлады. Бірдеңе күрсінгендей болды. «Ой, бұл, шағатын жыланы неге шақпайды?!» деп орнынан қарғып тұрды. Жым-жырт. Ай төбеден сәл ғана ауытқыпты. Төмен, стан жаққа беттеп, тез-тез жүріп кетті.

Ашу қыса түскен. Неге? Не себеп болды? Оған әлі өзі де жауап бере алмайды.

Бұлақ басына барды. Бұның келгенін ешкім елемеді. Жасырынбақ ойнап жүргендердің арасынан Тананы таппақ еді. Қыз таса жер іздеп, жүгіріп келеді екен. Қодарқұлға бетпе-бет ұшырасып:

– Ой, ағай! – деп тоқтап тұра қалды.

– Шатқалдың ішіне кел! Күтем! – деп сыбыр етті Қодарқұл. Сөйдеді де бұрылып жүре берді. «Бұнысы несі?» дегендей қыз аңырып тұрып қалған.

Шақыруын шақырса да, Қодарқұл өзі састы. Неге шақырады? Білмейді. Манағы ашық алаңқайға тоқтады. Со жерде состиып тұрды да қалды. Аңырап тұрған шатқалдың екі жағындағы сояудай-сояудай үшкір тастар көкке меңзелген зымыранды еске түсіреді. Немесе үрейлі адамның шашы сияқты.

Төмен жақтан ағарандап біреу көрінді. Тана ғой, әрине. Қазір келеді. Таяп келіп тоқтайды. Әдеті. «Ой, ағай!» дейді. Әдеті. Бұның бетіне тесіле қарап, үнсіз тұрады. «Иә, не айтасыз?» дегендей. Бұл не демек? Неге шақырады оны?

Тананың қимылы тез болушы еді. Тез жүріп, тез сөйлейтін. Бұл жолы сылбыр. Баяу басып, сақ басып таян-

ды. «Ой, ағай!» деген жоқ. Үнсіз тұрып қалды. Қодарқұлға тік қараған жоқ.

Ай нұры қыз бетін айқын көрсетеді. Көзі төмен: кішкентай ғана кеудесі бір көтеріліп, бір басылады.

— Отырайық! — деді Қодарқұл. Неге олай деді? Олай деу ойында жоқ еді ғой. Өзі отыра кетті. Үн-түнсіз Тана да отырды. Сәл әрірек, қиғаш қарап отырды. Енді ай қыздың оң жақ қырынан түсті.

Тананың мына үнсіз, қыбырсыз «қатып қалған» кейпінен Қодарқұл: «Бұныңыз не, ағай? Бүйтпеуші едіңіз ғой, мен сізден бұны күтпеген едім ғой!» деген сұрақты анық аңғарды, сезді. Сезсе де, айтылмаған сұраққа жауап бермей:

— Бері отыр, — деді. Неге олай деді? Олай деу де ойында жоқ еді ғой. Қыз тақалып жайғасты. Бірақ, әлі қырын отыр. Күндіз-түні есінен кетпейтін, қымбат арманы, асыл арманы енді қасында отыр. Заңғар тау ішінде екеуден-екеу оңаша отыр. Ай нұрына оранып, үнсіз отыр. Кіп-кішкентай кеудесі көтеріліп-басылып, көтеріліп-басылады.

Аспан айналып жерге түскен шілдеде үтіктелген қара костюм киіп жүретін, жүрген жерін әтір сасытып жүретін, төс қалтасынан ақ тарақ түспейтін, «жалғыз клеткалы жөндік» Қалиға құшақтатады, сүйгізеді, өзі де сүйеді. Қалайша? Оның бітеу жан екенін қалай көрмейді? Оны тапса, өмір бойы бақыттан қалғаны да. Соны неге білмейді? Соны айтпақ еді. Айтпады. Үнсіз ғана қыз иығына қол салды. Сап-салқын екен. Неге өйтті? Өйту ойында жоқ еді ғой.

Қыз үндемеді. «Ой, ағай!» демеді. Қодарқұл үнсіз отырды да оны сүйді. Ұзағырақ сүйді. Сосын ұзақ-ұзақ сүйді. Енді бір байқаса, қыз шалқалап керіліп жатыр екен.

Сосын қыз қара жерді құшақтап көп жылады. Қодарқұл екі тізесін құшақтап, мөлиді де қалды. Шашы көзіне түсе береді, соны кейін серпумен әуре.

Қыз жылап-жылап алды да, орнынан тұрды. Ақ көйлегінің етегін қақты. Сосын, кенет, тұра жүгірді. Тасқа сүрініп, ұшып түсті. Ыңқ ете қалды. Ыңыранғандай болды. Жалма-жан қайта тұрып, қайта жүгірді. Қодарқұл қуған жоқ. Мелшиіп отырды да қалды. Шашы сусып, маңдайына түсе берді. Соны кері сілкумен әуре.

Ағарандап барып, Тана көзден ғайып болды. Тау іші жым-жырт екен. Шатқал ішін толтырып тұрған ай нұры емес, күңгірт шыны екен.

Жақын жерден шөп сыбдырады. Пысылдаған, ысылдаған үн естілді. Құмтас қозғалды. Жылан шығар. Мейлі, шақсын енді. Ажал келген жер осы болса, шақсын. Кеудесіне бір мұз түсіп кеткен сияқты. Ішінде бір өлік дене жатқан сияқты. Ана, тоғыз ай бойы көтерген ана, табиғаттың ұлы сыйын енді қабылдармын деп жүрген ана перзенті құрсағында өлсе, осылай сезінетін болар. Солай.

Енді ол күнде кешке Көделіге шығып, көлеңкесімен қоштасуды қойды. «Тана, Танажан» деуші еді ылғи. Айтпайтын болды. Тана да бұның көзіне түспей кетті. Қодарқұл «ауырдым»-ды желеу етіп, бауырлап үйінде жатып алды. Үш күннен кейін парторг келді: «Тана деген қыз оқуға кетуге сұранады. Жібереміз бе?» деп. Барсын. Енді ол бұрынғы Тана емес, көп қыздың бірі ғана. Барсын. Қажет болса, колхоз атынан қаражат бөлінсін. Кірепұл берілсін.

Үйінде бес күн жатып, Қодарқұл қызметке шықты. Зауықсыз селқос еді. Жиналыс өткізді. Жиналыста сұлық отырды. Ең соңында: сөйтіңдер, бүйтіңдер деп, еріне сөйлеп, нұсқау айтты. Жұрттың ең соңынан үйіне қайтқан. Алдынан Тана ұшыраса кетті. Екеуі де сасып қалды. Екеуі де бас изесіп өте берді. Қыз өзін-өзі зорлап, күлген болды. Көше шамының күңгірт нұрынан ба, әлде шынында солай ма, Тананың өңі сұп-сұр көрінді. Күлкісі жан ашытар, бейшара күлкі. «Не істедіңіз, ағай? Махаббатымды неге өлтірдіңіз!» дейтіндей. Жігіт те жымиған сияқты болған. «Рас, солай болды. Соны өлтіріп алдық» деді. Анық айтты. Көзімен айтты. Зорланып шыққан, күмілжіген күлкісімен айтты.

Бұдан кейін бұлар бірін-бірі көрген жоқ. Көре алмас та еді. Әсемгүл болса түк сезбейді. Ақ көңіл, аңқылдақ, жарыла күліп, бала тәрбиесі мен үй тірлігінің қайсысына жетерін білмей күйіп-піседі.

Қодарқұл енді бұл ауылда тұрмас. Көшер... Партия мектебіне оқуға сұранар. Солай шешкен. Бастықтың өзөзінен жүнжіп жүргенін сезген жұрт: «Кетеді екен?» деген сыбыс та таратып үлгерген. Бір күні түс кезінде веранданың есігін лақтырып ашып үйге біреу кіріп келді. Төлтай екен. Лақап аты Төре Төлтай. Қазан бас, самайына ақ түскен қалың бұйра шашты, денесі арық, тұла бойы мен аяғы, төмен жағын екі айыра салған жұқа тақтайды еске түсіретін. Сол Төре Төлтай ақ жем боп кеткен шаң-шаң етігімен төрден бір-ақ табылды. «Келіңіз, жоғары шығыңызды» да күткен жоқ. Қодарқұл кітап қарап отыр еді. Төрдегі көк барқыт көрпеге жайғасып отырып жатқан Төлтайға бір, оның со-

ңынан іле-шала кірген Әсемгүлге бір қарады. Қодарқұлдың үйіне ешкім бұлай кіре алмайтын. Кірмек түгіл маңайлай алмайтын. Мына кісінің мұнысы не? Әсемгүл Қодарқұлға қарады. «Мен кінәлі емеспін, өзі кіріп кетіпті ғой» деді көздері. «Е, жарайды, кірсе, сөйлесіп көрейін» деді Қодарқұлдың көздері. Әсем қайта шығып кетті. Кішірек шарамен қымыз әкелді. Төлтайдың алдына дастарқан жайды. Қодарқұл орындықта отырған жерінен қонағына бұрылды. Төлтай үнсіз. Бар кейпінде мығымдық бар. Өзін-өзі қайраған батылдық бар. Оның арам пиғылмен келгенін Қодарқұл бірден сезді. Жүрегі дір етті де, Төлтайдың аузынан жамандық күтіп отырып қалды. Әсемгүлге қарады. «Сыртқа шық, жұмысыңды істей бер» дегенді сездірді. Әсемгүл Төлтайға қымыз құйып берді де, өзі шығып кетті. Төлтай асықпай отырып, бір пияла қымызды тауысқан соң, шаң-шаң етігінің басына бір қарап қойып, қарлыққан дауыспен сөз бастады.

— Қодар, қалқам, — деді (бұрын бұны ешкім Қодар демейтін), — Қодар қалқам, сен (бұрын бұны ешкім сен демейтін), мені құмға барсын депсің. Өзіңе мәлім, мен он баланың әкесімін. Жо, оны қойшы, мәселе онда емес. (Сөзінде жүйе жоқ екен ғой). Осы... иттің итақайы ат құлағына жармасып жүргенде мені қара жұмысқа салуды қашан қоясыңдар? Мен, өзі, төре тұқымымын. Жә, оны қойшы, мәселе онда емес!

Төре тұқымымын дейді. Даусы арақтан қарлыққан. Мұрны, екі бетінің ұшы күрең қызыл боп бөртіп кеткен. Әнеугі, Қодар стан басында ұйықтаған күні, арақ ішкені үшін жолдастарынан сөгіс еститін осы сабаз екен ғой.

Қодарқұл үндеген жоқ. Төлтайдың айтпағы бұл емес. Сезіп отыр. Күтіп отыр. Төлтай өзі құйып және бір пияла қымыз ішті. Қалтасынан кір-кір орамалын алып, маңдайын сүртті. Негізгі сөзін сосын айтты.

— Тана деген қыз бізге нағашы қарындас болады. Так что, сен де маған бөтен емессің. — Айтпағы осы екен, міне. Айтты. Көрген ғой.

— Айдарсай деген, жарықтық, жақсы жер ғой. Оңаша... солай емес пе? — деп, Қодарқұлдың бетіне тік қарай берген. Көріпті. Қодарқұл орнынан тұрып кетті. Ештеңе дей алмады. Ашу шақыра алмады. Қуып шыға алмады. Ызасы іште қалып қойды.

— Құмға бара алмаспын. Соны айтайын деп келіп ем, мәселе онда емес... — деді де, төрден есікке дейін екі қабат із қалдырып, Төлтай ғайып болды. Қодарқұл көңілінде қаяу

қалды. Сыртқа шығып үлгермеген ыза қалды. Төлтай келесі күні және келді. Қызулау екен.

— Бірдеңе құйып жібермейсің бе, бастық?! — деді. Қодарқұл тағы да үндей алмады. Арақ берді. Төлтай тағы да:

— Айдарсай, жарықтық, жақсы ғой, мәселе онда емес! — деді. Қодарқұл ашу шақыра алмай қор болды. Бұрын бетіне ешкім тік қарамайтын. Түсі суық еді. Бұған енді не болған?

Өзіне-өзі таң.

Өсек бүкіл ауылға тарап үлгеріпті. Жұрттың қас-қабағынан, бұны көргенде қысылып қала беруінен-ақ сезіледі.

Ертеңіне Төлтай Қодарқұлдың кеңсесіне кіріп келді. Масаңдау ма, немене. Басқарма мүшелері шетел журналистерімен сөйлесіп отырған. Қодарқұл іштей бұғып қалды.

— Ақсақал, бара тұрсаңызшы, қонақтар отыр ғой! — деп еді парторг, Төлтай оның сөзін елемеді.

— Ей, бастық! — деді. Үні өктем. Өткізіп қойғаны бардай, сенімді сөйлейді. — Сен осы... Мені қудалауынды қашан қоясың?

Жат көз алдында ұят болып қала жаздады. Қодарқұл үндемей құтылды. Парторгтың өзі-ақ: «Ақсақал, бері жүріңіз!» — деп далаға алып шығып кетіп, со жақтан «емін беріп» жіберді. Қодарқұлдың ызасы тағы да ішінде қалды. Қайнай түсті. Енді жарылуға жақын еді. Сол күні кешке Төлтай Қодарқұлдың үйіне тағы келді. Әсемгүл қабақ шытар ыңғай сездірген, Қодарқұл мұрша бермеді.

— Кел, төрлет! — деп сәкіден орын ұсынды. Төлтай отырып арақ ішті. Ұзақ отырды. Анда-санда Қодарқұлдың бетіне қызыл көздерімен тесіле қарап, қарқылдап күледі.

— Сен бала, сен бала менің қолымдасың! — дейді. «Бұнысы несі?» дегендей Әсемгүл Қодарқұлға қарайды. Қодарқұл жерге қарайды. Ыза қайнай түсті. Бір кезде Төлтай:

— Келін, жастық әкелші! — деп шіреніп жантая беріп еді, Қодарқұл ес-түс жоқ орнынан қарғып тұрып:

— Кәні, жоғал, оңбаған! — деп айғайлап қалды. Төлтай, ығысар емес.

— Әй, бала, сенің тағдырың... — дей берген, Қодарқұл Төлтайды бір саны мен мойнынан қапсыра құшақтап алып, тік көтеріп, көтерген бойы, асықпай басып барып, шарбақтың сыртына лақтырып жіберді.

Сол лақтырумен Қодарқұлдың тағдыры да шешілген.

Төлтай шарбақтың ар жағында ойбай сап жыласын. Сұп-сұйық сарғыш қан самайынан судай ақсын кеп көпіршіп. Жаны тәтті неме, «өлетін болдым!» деп өкіріп жылап жүр. Әсемгүл, есі шығып кеткен, аулаға жетектеп кіргізіп, Төлтайдың басына су құйып, ол да ойбайлап жүр. Қодарқұл да сасып қалып, сәкінің жиегінде отырған Төлтайды құшақтай алған:

— Ойпырмай, не болды? — деп. Бірақ қанға дәті шыдамады. Жүрегі айнып, үйге кіріп кетті.

Қан тыйылып, жылауын қойған соң, сұп-сұр Төлтай ішкі үйге кіріп, Қодарқұлдан кешірім сұрады.

— Рақмет, Кәке, түсінгеніңізге! — деп, артына жалтақтай қарап, Төлтай үйіне кеткен. Бірақ ауылдағы қызыл көздер ертеңіне-ақ өршіп шыға келсін. Еркебұлан «қол жинап, атқа мініпті». Қырымда, курортта жатқан Көккөз деген пысыққа хабар жіберіпті, «жет, ойбай!» деп, онысы екі күнде жетіпті. Содан екеулеп аудан, облысты адақтап шығыпты. Төлтай: «Кінә өзімнен!» деп жамандыққа аяқ баспай қойған екен. Еркебұлан мен Көккөз: «Жаман неме, ынжық, қолға түскенде пайдаланып қалайық!» деп үйінен шықпай қойыпты. Төлтай үшін күйіп-пісіп, өздері барып, дәрігерден анықтама алыпты.

Бұл қызметтен, бұл ауылдан өзі-ақ кетпек боп жүргенде, мыналардың мына күйбеңі Қодарқұлдың жанына батты. Ерегесіп, тістеніп отырып алса, таныстық, жолдастық беделін салса, көріп алар еді-ау. Бірақ рухани бір жалқаулық, еріну бар. Жылжымады. Үйінде жата берді. Ол қимылсыз жатқан сайын өсек өрті қаулай түсті. Төлтайдың Қодарқұлға көрсеткен қорлығы көзге ілінбей, ұмыт қалды. «Бір шаруамен үйіне барған екен, неге келдің деп, дуалдан асырып, лақтырып жіберіпті. Төлтай өлім аузында жатыр екен!» Қодарқұл, бірінен соң бірі қатар өткен облыстық екі жиналысқа шақырылмай қалды. Бұған да күйінді. Күйінгенде шақырылмағанына күйінген жоқ, сол шақырылмай қалғанына өзінің күйінгеніне күйінді. Өзінің пендешілігіне күйінді.

Көп кешікпей партбюроның отырысы болды. Әділ сөз де айтылды, артық сөз де айтылды. Қодарқұл көнді. «Мойындаймын!» деді. Одан кейін тіс жарған жоқ. «Орнынан алынсын» десті. «Мұғалімдігіне қайта барсын!» десті. «Жоқ, өзін-өзі ұстай алмайтын адам мұғалім бола алмайды. Колхоздың қара жұмысын істесін» десті.

Қодарқұл көнді.

Түні бойы Әсемгүлмен сырласты. Түсіндірді. Ертесіне нейлон көйлек, сыптай шалбар, әдемі туфлиді тастап, аяғына шұлғау оранып, керзі етік киіп, қалың көйлек, қалың шалбар киіп, атқа қонды.

Әсемгүл қаусап қалды. Қорланды. Жылады. Жұрт бетіне қарай алмады. Біттік деп ойлады. Жұрт та солай жорыды. Ер жігіт құлады, бітті десті. Жандары ашыды.

Қодарқұл ауылдан аттанғанда күн батар шақ еді. Көделіге, теп-тегіс жазық далаға шыққан соң, әдеті бойынша көлеңкесімен қоштасты.

— Хош, көлеңке! — деді. Деді де, аулақта қалған атына барып мінді. Мінді де, тебініп қалып, тепендетіп желе жөнелді.

КӨПЕСБАЙ

Көпесбай біздің ауылдарда соғыс біте салысымен ілешала пайда болды. Сол жылдары ол әулиеаталықтардың арасында ең атақты адамдардың бірі еді, Көпесбайды білмейтін жан болмайтын, ауылдан ауылға өтіп, үйден үйге көшіп жүре беретін; еш ауылға, еш үйге бөтендігі жоқ, оны жұрт өз адамындай қарсы алатын, кәрі-құртаң, жетімжесір босағасын Көпесбай аттаса, төрін болмаса да іргесін аямайтын, ол түнеп кеткен үйдің әлсіз-ғаріп иелері әнеміне жақсы хабар, құт-береке күтіп жүретін.

Ол туралы алып-қашты сөз де, алып-қашты аңыз-аяң да көп еді. Кейбіреулер айтатын: «Соғыста көнтөжін болған» деп, кейбіреу айтатын: «Қатыны қызғанып, жады қылыпты» деп, енді біреулер, тіпті, кереғар кететін: «Әйелінің тұрақсыздығын көріп, ауысып кеткен» дейтін, кісімсінген тағы біреу: «Ей, соны қойшы, есуастың өзі емес пе!» дейтін. Оны жұрт мүсіркейтін, менсінбейтін, бірақ жек көретін ешкім болмайтын, оны жұрт мылқау санайтын, ал оның сөйлегеніне мен өзім куәгермін.

Ауылдың төменгі жағында кішкентай ғана Мөңке деген бекет бар, оған поездар көңілі келсе тоқтайды, көңілі келмесе заулап өте шығады; әсіресе жолаушы таситын көк вагондар «бір адам алуға шамам жоқ, онсыз да аузымұрнымнан шығып келемін» дегендей есіктерін тарс жауып алып, ауыл тұсынан ағызып өте шығатын. Сол әдеттерін олар бертінге дейін, мен оныншы бітіргенше қойған емес.

Он жылдықты тәмамдаған он үш бала едік, соның оны

ақымақ емеспіз деп ауылда қалды да, үш ақымақ Алматыны көкседі. Ауылдан қозы көш жердегі бекет басында екі күн сарсаңға түскеніміз бар. Ол кездегі поездарға бес-алты сағат кешігу деген сөз емес еді, сондықтан таңертең келеді деген поезд кешке келсе, ешкім таң қалмайтын, сондықтан қозы көш жердегі ауылға барып, шай ішіп қайтуға да мұрша жоқ, әне келіп қалады, міне келіп қаладымен екі көзіміз төрт болып, далада жүрдік те қойдық. Ол жылдары оқуға бару, астанаға бару деген түсінік жұрттың санасына әлі сіңе қоймағандықтан ба, бізге кеттің бе, келдің бе деген ешкім болған жоқ, шығарып салушы да ешкім болған жоқ. Екі тәулік ішінде біз жүретін бағытқа төрт поезд өтті, төртеуі де тоқтаған жоқ, аялдайтындай-ақ баяулап келеді де, емексітіп өте береді. Сөйтіп жүргенде үш ақымақтың бірінің есі кіріп, оқуларың өздеріңе деп үйіне тайып тұрды, біз Орынбасар деген бала екеуіміз ғана қалдық. Сөйтіп жүргенде бекет басына Көпесбай келді.

Бір көрмеге Көпесбай сымбатты жігіт еді. Ұзын бойлы, палуан денелі, қайратты бұйра шаш, сопақша жүзіндегі тік түскен қыр мұрын, көлденең жатқан сегіздіктей қыпша бел еріндер, ұшқындап тұратын үлкен қара көздердің иесін есуас деуге қимайтынсың, оның сырын білмейтін адам зиялы азамат деп қалар еді. Сол Көпесбайдың маған деген ниеті ала бөтен болатын, әдетінше қос қолдап амандасқан соң ыммен жағдай сұрады, біз айттық, ол ұқты, «түсіндім» дегенді білдіріп, бас шұлғыды, оқу іздеп астанаға жол тартқанымызды құптап бас изеді, маған көз қысып, арқамнан қақты: адам боласың дегені.

Көпесбайдың тұлға-бітімінде де, бет-әлпетінде де, мінез-болмысында да айдаһар-питонға тән қасиеттер сезуге болар еді, кейде бір отырған жерінде, кейді бір тұрған жерінде, яки жатқан жерінде питонға ұқсап тас болып қатып қалатын, әлденеше сағаттар бойы қыбыр етпей, тірлік белгісін білдірмей семіп қалатын. Мөңке деп аталатын қызыл кірпіш биік үйдің алдына отырып, кірпіш пе, ағаш па, темір ме, әйтеуір бір жансыз затқа айналып кеткен Көпесбайды біз лезде ұмытқан едік, күн батқан шақта бекет бастығы – алып денелі, қазан бас, салпаң мұрт кісі тысқа шығып:

– Ал, балалар, тағы бір пойыз келе жатыр, тоқтай ма, тоқтамай ма – белгісіз, бақыттарыңнан көріңдер... – деген кезде тас мүсін Көпесбайға жан бітіп, елең ете қалғанын байқағанмын. Ауыр чемодандарымызды көтеріп, бірінші вагон тоқтайды-ау деген тұсқа мықшыңдап жеткеніміз де сол

еді, ерте жаққан шамдарымен – қос мүйізімен, от мүйізімен көкжиекті сүзгілеп, ентігіп келе жатқан паровоз да қасымыздан екпіндеп өте берді, тағы да тоқтамайтын болды деп мен өкініп қана үлгердім, сол сәтте паровоз сүті тасып кеткен бетпақ қатындай, кенет баж-баж ете қалды да, бүкіл вагондар ажылдап-шажылдап, ысылдап барып, тоқтай қалды, сол сәтте составтың алдында жауға берілген тұтқындай екі қолын көтеріп, ербиіп тұрған Көпесбайдың қара сүлдерін көріп қалдым... поезды тоқтатқан сол екен. Дүние абырсабыр, астан-кестен болды да кетті. Біз ес жиып үлгермедік, Көпесбай жүгіріп келді де, ашыла берген бірінші вагонның тамбурына Орынбасар екеуіміздің жүгімізді лақтырып, лақтырып жіберді, өзімізге «мін, тез» деген белгі берді.

– Проводник... – деп, мен тайсақтай беріп едім, Көпесбай ап-айқын етіп:

– Бұны маған жіберіңдер! – деді, деді де жолсерікті білегінен тарта жұлқып қалып, жерге түсірді, бізді тік көтеріп тамбурға қондырды, және де ап-айқын: «Жолдарың болсын, Бураш!» деді. Сол екі ортада жүгіріп жеткен машинист пен көрші вагон жолсеріктері Көпесбайға жабылып берсін, анау да қайратты екен, қаша соғысып жүріп, екі-үшеуін жалп-жалп құлатты да, сытылып шыға берді. Көпесбайдың тілі шыққан бір сәті сол.

Менің кеудемде жүрген дүдәмал бар еді, бұдан төрт жыл бұрын байланған түйін бар еді, әлгі оқиға сол түйіннің де шешімін дәл тауып берген.

* * *

Бәрібір енді ұйықтай алмасын білді. Бүгін кешке таман бұл шешесімен «кетісіп» қалған, анасы ерегісіп, бұны ойнауға жібермей қойды. Бұл ойынға шықпаған күні ауыл үсті тыныш, басқа балалар да шықпайды. Анасына бұл да ерегісіп бүк түсіп жатып алған, бұл ойлаған: қасыма келер: «Неғып жатырсың, бір жерің ауырып қалған жоқ па?» деп сұрар, маңдайымнан сипар деп. Ол кісі өйтпеді, бұның маңайына жоламады, бұның бұл дүниеде бар-жоғын ұмытып кеткен сияқты.

Анасымен іштей ұстасып жатып байқамапты, едәуір уақыт өтіп кетіпті, ел орынға отырыпты, дүние әлдеқашан тынышталып, саябыр тауыпты, далада ай жап-жарық болар, үй-іші де жап-жарық екен, бөлме іші қапырық – оны да байқамапты, қос терезе мен дәлізге шығатын есікті айқара ашып тастап еді, салқын самал лап етіп құйыла бастады.

Әлгінде ғана ұғымсыз бір күмбір-күмбір дыбыс естіп жатқан, есік-терезе ашылған соң анық аңғарды, ішкі бөлмеде анасы мен әкесі күңкілдесіп ұрсысып жатыр екен.

— Білемін!

— Не білесің?

— Білемін!

— Досымнан ұят болды да. Арнап шақырған соң бару керек еді...

— Бармаймын. Сен де бармайсың. Көкейінді тесіп жеп бара жатқан қандай құрт екенін білемін...

— Ой, сен де оттай береді екенсің!.. Айттым ғой, Досымның үйіне көкпар түсіпті, әлде өзі әкелген бе... соны жуамыз деп...

— Жусын! Бармаймын! Сенің көкейінді тесіп бара жатқан бір жапырақ ет емес... білемін ғой! Сонда әлгі нақсүйер сайқалың да болады, той деген жерден ол қалушы ма еді... сызылып... Соны көргің келіп, өртеніп барасың ғой!

— Ой-пыр-о-о-ой! Не деген адамсың өзің! Қайдағы нақсүйер? Қайдағы сайқал?!

— Аңқауси қалуын! Жұрт тегін айта ма?!

— Жұрт не айтыпты?

— Өліп-өшкен ғашық көрінеді ғой...

— Кім, кімге?

— Гүлсара саған! Ә-ә! Үнің өшті ме, үнің өшкір!

— Жұрт та оттай береді екен...

Жатын бөлмеден естілген күңкіл бала жадында жазылып қалғаны болмаса, жанына әсер ете қойған жоқ. Көкпаршы Досым — осы ауылдағы атақты сері жігіт, «Украина» көшесінің таусылар тұмсығында тұратын, сол жақтан құйқылжыған сырнай үні естілді. Тартатын Досымның өзі, әнші де өзі. Әу дегеннен «Мәнжуриянның қырқаларынан» бастағанына қарағанда жиналған жұрт негізінен жас жігіттер мен келіншектер болғаны, «Досымның үйінде тамаша бар екен, бірақ оған майда балаларды жолатпайды ғой...» деп күрсініп қойды Бураш.

Енді мүлде ұйықтай алмайтыны анық еді. Құшақ толғандай топ-толық ай дәл төбеңе төніп келіп күлімдеп тұрса, ай жарығынан аласарып кеткен Алатау шыңдары белбеудегі күміс оқадай ғана жалтылдап жатса, маужыраған ауылдың іргесін кеулеп күміс әуен құлаққа талып қана жетіп тұрса — қайдағы ұйқы, терезеден қалай шығып кеткенін, ауыл шетіне қалай жеткенін бала өзі де байқамай қалған.

Өзі жүйрік ұстап, құс салатын, әнші, сері аталған Досымның үйі ауыл шетіндегі жайпақ төбе жатаған екі бөлмелі, сырты әктелмеген қара там еді, сол тамның есік-терезесі ашық, қара еденге ши төселіп, шидің үстіне текемет төселіп, текеметтің үстіне құрақ көрпелер тасталған, қабырға жағалай жиырма шақты қыз-келіншек, бозбала-жігіт жайғасыпты (ол жылдары, соғыс жаңа ғана аяқталған кез ғой, жиын-тойға жиналған жұрт ішпей-жемей-ақ көңілді отыратын, ішпей-жемей-ақ көңіл мас жүретін); орталарында жайылған дастарқан да жоқ, ортаны «сахна» қылып алған, сонда кезек-кезек шығып, әркім өзінше өнер көрсетеді, өлең айтқаны – өлең айтады, өлең айтпағаны – билейді, би білмегені асабаның қаһарына ілігіп, жаза тартады, жаза түрі көп, тауық болып шақырады, шошқа болып қорсылдайды, ит болып үреді, әйтеуір өнерсіз жанның көрѐтіні – қорлық.

Қыз-келіншектер қос терезеге қарсы тұтас қабырғаны жағалап тұтас отыр екен, оларды көргенде Бураштың жүрегіне жылы бір сезім, қуаныш сезім енгендей болған (ол сезім – бірыңғай отырған әдемі қыз-келіншекті көргенде бала жанына ұрланып енген сұлулық сезімі екенін өзі қайдан білсін, жадында позитив болып жазылып қалғаны болмаса), бұның зердесіне әсіресе оттай басылған екі бейне – бірі химия пәнінің мұғалімі Каримов ағайдың биыл көктемде басқа ауданнан әкелген ерке келіншегі – Назым да, бірі мана анасы күңкілдеп айтқан Гүлсара, ақ сазандай аппақ келіншек. Және де көкейде қалған Көпесбай, босағаның оң жағында жүрелеп отыр, отырғанда, сол өзінің әдеті, иіріліп жатқан қара айдаһар қара тас болып қатып қалыпты.

Көпесбайдың арғы жағында арқасыз орындықта қырғидай қонып, сырнай тартып отырған Досым, ентелеп есікке ене берген бұны байқап қалды да, саз сарынын сап тыйып, орнынан қарғып тұрды:

– О, Бураш келді, Бураш!

Үлкен кісілер тамаша қылған маңайға Бураш сияқты майда балалар түгілі, 9-10-кластарда оқитын ірі балалар да жуи алмайтын, заңды бұзған өжет өлермен таяқ жеп қалатын, бірақ Бураштың жөні бөлек еді, Бураш өнерлі бала – ән салады, би билейді, гармоның бар ма, мандолаң бар ма, домбыраң бар ма, бәріне бесаспап, жалғыз өзі кемпір де, шал да, қыз да, қасқыр да болып, «спектакль» қойып беретінін қайтерсің! Бұны көргенде Досымның қуанып кеткен себебі – сол.

— О-о, Мюнхаузен келді, Мюнхаузен! — деді үй иесі. — Кел, кел, үйге кір бері!

Жұрт тегіс бұған қарап қалған, бала қысылған жоқ, қысылу, қымтырылу дегенді білмейтін, тайсалмай үйге кірді, тайсалмай ортаға шықты.

— Мюнхаузенді сал! — деді Досым.

Жұрт алдына шыққанда Бураш жанып кететін, өзін-өзі ұмытып кететін, бұл жолы да ол өзін-өзі ұмытып кетті, көз тігіп отырған жұртты да ұмытып кетті, Мюнхаузен болып айға ұшты, ұзатылған қыз болып сыңсыды, бетпақ қатын болып бажылдады. Досымның үйін қыран-топан күлкіге толтырды. Ішек-сілесі қатып, ішін басып, отырған жерінде аунап түсіп, көзінің жасын сүрте алмай жат-қан сауықшылардың арасында міз бақпай отырған Көпесбайға көзі түспегенде, әртіс баланың қай уақытта тоқтары белгісіз еді, Көпесбайдың тас мүсініне кенет көзі түсті де, талқанға қақалғандай қос жанары шатынап, оқыс тыйылып қалды, тыйылып қалды да:

— Осымен болдым! — деп тысқа атып шықты, мәзмейрам болған көпшіліктің қол соғып, мақтау сөз, рақмет айтқанына қараған жоқ.

Сыртта бұны Көпесбай қуып жетті, қуып жетті де: «У-у-у!» деп ризалық нышан білдірді, ризалық нышан білдірді де, бұны жерден тік көтеріп, екі-үш рет аспанға доптай лақтырып, допша тосып алды, бұл ілтипаттың асып-төгілген шегі екенін бала түсінді.

Бураш енді байқады: Досым үйінің айналасына, майшамды төңіректеген көбелектейін, майда балалар жинала бастаған екен, атамандарын көріп, балалар қуанысып қалды. Құшақ толғандай топ-толық ай төбеңнен төніп тұрғанда, ай нұрынан құйылған мөлдір шыны шаңырақ, мөлдір шыны уық астында суреттей сұлу ауылың мүлгіп жатқанда, ауылыңның іргесін желп-желп түріп сырнай үні сызылып тұрғанда, мөлдір шыны керегенің белбауындағы күміс оқадай жалт-жұлт етіп Алатау шыңдары көзді қарықтырып тұрғанда қайдағы ұйқы?!

— Балаларды жинаңдар! — деді Бураш.

Бураштың сөзі — балаларға бұйрық, екі-екіден бөлініп, үш көшені бойлап жүгіре жөнелді. Бұл, жалғыз қалып, Досымның үйіне қарай беттегенде, Досымның үйінен шыққан екеу бұған таяна берді: Тартылған сымдай екі келіншек — Гүлсара мен Назым бірін-бірі белден құшақтап алған, таяна беріп, екеуі де сықылықтап күлді.

— Бураш, — деді Назым, — бері жақындашы.

Бураш жақындады. Назым бұның бетін айға қаратып бұрды да:

— Рас, ей, айнымайды! — деді жерден жеті қоян тапқандай қуанып кетіп. — Гүлсара, қарашы өзің, қарашы- ей!

Гүлсара қарады.

— Рас-ей, құдды өзі! — деді. — Аузынан түскендей!

Бала түк түсінген жоқ.

— Сүйіп алшы, ей, сүйіп алшы, өзін сүйгендей боласың! — деді Назым. Гүлсара, сәл еңкейе беріп, бұны құшақтады да, бетінен, маңдайынан сүйіп-сүйіп алды.

Бала түк түсінген жоқ. Бірақ Назым мәз болып тұр.

— Айттым ғой, өзін сүйгендей боласың деп! Папасынан айнымайды ғой, айнымайды!

Екі келіншектің «өзі» дегені бұның әкесі екенін Бураш анық ұға қойған жоқ, өзін құшақтап сүйіп-сүйіп, сықылықтай күліп-күліп, бірін-бірі белден құшақтаған қалпы, тартылған сымдай тіп-тік екі келіншек анандай жерде, сай табанында қарауытып жатқан жеміс бағының ішіне кіріп, ғайып болғанша соңдарынан аңырая қарап тұрды да, басын шайқады, аздан соң көзден тасаланған екі келіншек көңілден де ғайып болды, аздан соң «сарбаздар» да жинала бастады, көп кешікпей жасырынбақ ойыны басталып кеткен.

Бұлар ойнайтын ойын жасырынбақ — Бураштың өзі ойлап тапқан ерекше жасырынбақ, балалар екі топқа бөлінетін, «қашақтар» мен «ізшілер». Қашақтар түгел ұсталғанша ойын аяқталмайды. Және де қашақтарды тауып қана қою аз, қолыңнан келсе, қуып айдап келгенің бағалы, қолыңнан келмесе, ұсталғандардан бұрын штабқа жетіп, олардың атын атауың шарт, өйтпесең еңбегің еш.

Бүгін Бураш ізшілердің атаманы болып қалған, сарбаздарын екі-екіден бөліп, «жау» тығылар-ау деген ұрымтал тұстарға аттандырып жіберді, Орынбасар екеуі штабта, колхоз кеңсесінің тасасында қалған. Орынбасарға: «Осы арадан жылжыма, ұйықтап қалма!» деп тапсырма беріп, енді өзі де аса қатерлі деп саналатын, ауылдың тау жақ беткейіндегі зиратты төбе жаққа аттанбақ болып тұрғанда кеңсенің сырт жағынан қара албастыдай сүмең етіп, ұзын да арық, әлдекім шыға келді. Химия пәнінің мұғалімі Каримов ағай екен.

Каримов ағай — қызық адам. Жасы алпыстарға таяп қалған, бірақ сақал-мұртын тып-типыл қырып жүреді, өзінің бар тұлғасы: елп-желп еткен мінезі, имек мұрны, бақырай-

ған көздері, бар тұлғасы жапалақты еске түсіретін. Сонысына қоса, «Жапалақ жалпылдайды жар басында» деп бастаратын өлеңді айта жүретінін қайтерсің! Келіншегі өзінен кем дегенде қырық жас кіші болғандықтан еркелей беретін. Каримов ағай кейде оныншы кластың оқушыларын қонаққа шақырып, Назымның көңілін көтеретін. Назым кешкі ойын-сауық, тамашаға кеткенде күйеуі соңынан бармайтын. «Қайтсін байғұс, жас тоқалдың көңілін табу оңай ма?» деген шаншу сөздерді Бураш талай естіген.

Сол Каримов аға Бурашқа енді ыстық ботқадай жабыссын. Орынбасардан оңашалау алып шығып, үні дірілдеп тұрып, бұған жалынсын, сондағы қолқасы — «Досымның үйін көріп шық. Назым жеңгең бар ма, Досым орнында ма?» Амал қанша, бұл барып қайтты, Досым орнында екен, бірақ Назым жоқ. Өзін жансыз ретінде жұмсағанына ренжіді ме, Бураш бала химия мұғаліміне іштей ерегесіп Назымның ол үйде жоқ екенін, оның жан құрбысы Гүлсараның жалғыз отырғанын жасырды.

— Назым жеңешем сонда отыр, қасында Гүлсара жеңешем бар! — дей салды. Кәрі күйеу қатты қуанды, тұрған жерінен ұшып кетердей елп-желп етті, бұны құшақтап, бетінен сүйді.

— Айналайын Бураш, рақмет! Рақмет саған, жеңгең сонда отыр, ә? Ешқайда, ешкіммен кете қоймапты, ә? Сол Досым ғой, Досым ғой нағыз тажал! Солай! — деп күбірлеп-күбірлеп, кәрі мұғалім үйіне кетті.

Бураш өзінің «негізгі міндетін» еске алды. Бұның негізгі міндеті қиын-ақ. Жасырынатын балалардың тығылатын ұяларын бұл жобамен біледі, жаңа әлгінде өзінің сарбаздарына нұсқау бергенде сол жобалы тұстарды атап жұмсаған, ал өз міндеті — Мұсылманқұлды ұстау. Ол әккінің әккісі, қорқу дегенді білмейді, ол зираттың арасын тасалауы да ықтимал. Бүгін ай жарық — ол басқа оңай маңайларды қайтсін, сол молаларды бетке алған болар.

Зират — жеміс бағының арғы жағында, қырдың басында, жеміс бағынан өткен соң зиратқа дейін жүз қадамдай таптақыр кезең бар, бұл сол араны еңбектеп өтуге мәжбүр, аңдыған адам байқап қалары анық, сондықтан өзінше сақтық жасағаны ғой.

Шеткі зираттың тасасына жеткен соң, Бураш сол жерге жата кетіп, тына қалып, тың тыңдады. Абай болған жөн, Мұсылманқұл жалғыз ұшырасса бір сәрі, қасында серігі болса, жабылып, бұның қол-аяғын байлап кетуі мүмкін,

жасырынбақ ойынында одан өткен масқара жоқ. Бұл ентігін енді басқанда жүрегі мұздап сала берсін: тап қасынан әйелдің сыңсыған үні естілді. Бураштың аяқ-қолы, денесі өзіне бағынбай сұлық жатты да қалды.

Әйел (шайтан болар?!) алдымен жылады, сонан соң жылап жатып сөйледі, сөйлеп жатып, тағы жылады.

— Жаным-ау! — деген сөздерді Бураш анық естіді. — Жаным-ау! Мен саған неге бұйырмадым? Сен маған неге бұйырмадың? Сен мені неге алып қашпадың сонда, неге ғана алып қашпадың?!

«Мынау Назым ғой, Назымның үні ғой!» деп Бураш таңырқап үлгермеді, іле-шала қоңыр дауысты еркек сөйлеп кетті:

— Алып қашқанда қайда апарар едім, жаным-ау! Өздері әдейілеп жындыханаға жатқызды да, шыққан соң жынды атандырды емес пе? Сені маған бұйырта ма солар. Жындымен қашып кетсең, сені де жынды атандырмай ма солар!

— Сен жынды емессің ғой, мен білемін ғой!

— Оны енді ешкімге дәлелдей алмайсың! Көпке топырақ шашу мүмкін емес! Осы кеткенім — кеткен. Әйтеуір саған жаманатым жабыспасын. Бұдан кейін сенімен кездеспеуге өзіме-өзім серт еттім!

— Жаным! Көпөсім...

Әйел булығып жатып жылады, жылап жатып күлді, жылап жатып шолп-шолп сүйісті, сүйісіп жатып сыңсып жылады. Сүйісу мен сыңсу мәңгіге созылатындай сезілді, сүйісу мен сыңсудың шегі болмайтындай еді.

Құшақ толғандай топ-толық ай дәл төбеңде төніп тұрса, мөлдір шыны шаңырақ астында бар әлем мүлгіп жатса, сыңғырлаған күлкі мен сыңсыған жылау кезектесіп таусылмай қойса, талықсып кетпей қайтерсің!

Бураш талықсып кеткендей болған.

ҚАРА ТАҢБА

«Жүз жылға» созылған үш айлық каникулдың соңғы күні мүлде жылжымай қойды, мүлде өтпей қойды; борсыған су мен қара сырдың иісі қабаттаса келіп, қолқаны қабатын даладай кең кластарды сағынғаны өз алдына, құлын-тайдай тебіскен құрбыларын сағынғаны өз алдына, ол сағыныштардың азабына төзуге болар еді-ау, бұның кеудесін өртеп, тағатын тауысқан асығыстықтың сыры басқа, басқа: папасы Бер-

линнен былтыр әкелген жасыл ши барқыт костюм-шалбарды жақында ғана мамасы кішірейтіп, ықшамдап тігіп берген, оқу басталған күні киіп шығасың деген — бала жанын азапқа салған асығыстықтың сыры сонда. Сонда.

Таң атқалы қашан, күн шыққалы қашан, со-о-на-у темір жол астындағы сиыр фермаға барып, бұл сүт алып келгелі қашан, со-о-на-у таудың етегіндегі бауға барып өрік, алма алып келгелі қашан, үй іші түгел жиналып түстік ішіп тарасқалы қашан, қауыншы шал Есіркеп екі қап торлама алып келіп, өзінше кісі болып, бұның мамасының қолынан қою шай ішіп, терлеп-тепшіп, аһлап-уһлеп аттанғалы қашан, торлама қауынға шертие тойып, ішін көтере алмай, ыңқылдап жатып ұйықтағалы, ұйықтап жатып ұзақтан ұзақ түс көргелі қашан, енді міне, күн қайтқан кез екен, үй сыртындағы көлеңкеге келіп, ұйқысын әлі аша алмай, манаурап отырысы мынау. Жүз жылға созылған үш айлық каникулдың бұл соңғы күніндей шексіз күнді бұдан бұрын көрсейші, бітер емес, әлі жартысынан көбі бар.

Шілденің аптабы қайтқан кез, бұл ауылдың сиырлары түс кезінде оқыралап келіп, қора-қопсыға тығылуын қойған, әйтсе де көршідегі Узира кемпірдің қара ала сиыры төзімсіз-ақ, күн ыси бастағанда көзі шатынап, ауылға қарай тартып береді, Узира кемпірдің қолапайсыз баласы Мұсылманқұлдың соры да: жүргені, байғұс, қара ала сиырды өріске қайта қуалап.

Мұсылманқұл бүгін де сөйтіп жүр екен, көлеңкеде ерігіп отырған Бурашқа ол-дағы едәуір ермек болды; қарасан келгір, қара аланы Мұсылманқұл қорбаңдап қуалап, көшенің ортасына шығарады, қара ала қисаңдай қашып жүріп, көшенің борпылдақ топырағына садыралап үлгереді де, сол, қисаңдай қашқан қалпы, қайта барып қораға тығылады.

Мұсылманқұлға Бураштың жаны ашыды, қолына шыбық алып көмекке шықты, екеулеп, қақпайлап жүріп, қарасан келгір қара аланы ауылдан алыс, өзен бойында жатқан падаға апарып қосты. Қарасан тигір қара аладан құтылған соң Мұсылманқұлдың жаны жай тапты, енді ол асықпайды, шып-шып терлеген мұрнын күректей алақанымен сипап қойып, ауылдағы балаларға байланысты «соңғы хабарларды» айтады. Жүз жылға созылған үш айлық каникулды Бураш қаладағы, қала маңындағы көптеген туысқан, жегжаттарының үйлерінде өткізген, сондықтан да бұл ауылдағы жаңалықтардан махрұм: Мұсылманқұл болса жал-

ғыз бас кемпірдің жалғыз немересі болғандықтан ба, әйтеуір, әңгіме шертуге шебер, асықпай, саспай, мәнерлеп сөйлегенде, ертегі айтқандай тыңдаушысын елітіп жібереді.

Көп жаңалықтың ішінде Бурашты селт еткізген, әсіресе, бір жай болды, бала көкейі өзіне қажетті сәтті ғана тұтып қалған: ертең бұлар бесінші кластың есігін ашпақ, бесінші кластан бастап неміс тілі жүреді, осыдан бір ай бұрын ауылға неміс тілінің мұғалімі көшіп келіпті, шашын қырыққан жас әйел көрінеді, бұлармен құралпы он бір жасар баласы бар екен, сол он бір жасар баланың орта мектеп бітірген аттестаты бар екен, биыл көктемде «екі істерне» деген бір пәлені тапсырып, он жылдықты аяқтады деген қағаз алыпты. Он бір жасар жертеспенің, он бір жасар жәдігөйдің аты Альфред екен, әлгі «екі істерне» деген пәлені тапсырып алған аттестат деген қағазды сол Альфредтің өзі Мұсылманқұлға көрсетіпті.

— Сен сияқты емес, мен орысша білмеймін ғой! — деді Мұсылманқұл, өз кемшілігін мұңая мойындап, — Әлпірет екеуміз әрі шүлдірлесіп, бері шүлдірлесіп... ұққаным сол!

Бұл ауылда орысша білетін бала жалғыз Бураш, Бураштың өзі! Ендеше орысша білетін және бір зиялы баланың пайда болғанына бұл қуанбай кім қуанар, орысша білетінін дәт тұтып, жақсы оқитынын дәт тұтып, Бураш өзін басқалардан ерекше санайтын, басқа балалар бір төбе де, бұл бір төбе, басқа балалар көп қарға да, бұл аралары-на түсіп кеткен ақ сұңқар. Енді міне, бұнымен терезесі тең, өзі сияқты ақылды (бесіктен белі шықпай жатып орта мектеп бітіргені — ақылдылықтың айғағы, әрине!), өзі сияқты баламен бұл дос болмағанда, кім дос болмақ.

— Жұлдызға жұлдыз тіл қатар! — деді Бураш. Мұсылманқұл, бұның бетіне бажырая бір қарағаны болмаса, ештеңе түсінген жоқ.

Бураш сезгендей-ақ екен, Альфред екеуі бірден тіл табысып кетті. Үйге келісімен ол мамасына жағымпазданып баққан, «өз еркімен барып» құдықтан екі шелек су алып келді, «өз еркімен сұранып» еден жуды, өзінен-өзі білек сыбана шығып, табаға нан басты, әдетте ұрсып, ұрып жүріп әрең жұмсайтын мамасы өз көзіне өзі сенер-сенбесін білмей қалған сияқты, риза болғаны сонша, жанары ұшқындап, екі бетінің ұшы алауланып, баласына мейірлене қарап қойып жүрді.

— Бәсе, бәсе! Шындаса біздің Бураштың қолынан бәрі келеді! — деп қояды. Сөйтіп жүріп Бураш анасының қапы-

сын тапты, сөйтіп бір мейірленіп, бұның маңдайынан иіскеп тұрған сәтінде:

— Мама! — десін бұл үнін жорта елжіретіп, — Мама...

— О не, тентегім?

— Ши барқыт кәстүмді кішкене киейінші... бойым үйренсін...

Сөйтіп жүріп Бураш анасының қапысын тапты, сәскеден бастап екіндіге дейін ұстаның көрігіндей лапылдап, ауыл үстін өртеуден бір жалықпаған қызыл көз күн жарықтық Шал тауының қарлы шыңдарына ілігіп, енді-енді ентігін басқан шағында бала да көгілдір ши барқыт костюмін киіп, жаңа ғана жуынған денесінен суық судың ғажайып иісі аңқып, мұнтаздай болып, көшеге шыға келсін. Шыға келсін де бірден Мұсылманқұлға тартсын, Мұсылманқұлды ертіп алып, жаңа көшіп келген немістердің үйіне барсын.

Альфред, көздері шатынаған, ақ кірпік, ақ бас бала екен. Мұсылманқұл терезелерін тықылдатып, тысқа шақырып шығып, таныстырғанда Бураштың орысша сөйлегеніне бірден тәнті болды, қуанышын жасыра алмады, бұларды сүйрегендей зорлап үйіне кіргізді, шешесімен таныстырды, жерден жеті қоян тапқандай аптығып сөйледі.

— Мынаны қарашы, мама, орысша біледі екен! — деді Бурашты көрсетіп.

Альфредтің анасы шашын қысқа қырыққан, лақтың асығындай ғана кішкентай келіншек екен, бұлармен қолдасып амандасып, өзін:

— Геноссе Бартоламео! — деп таныстырды, үлкен адамдармен сөйлескендей өзінің хал-жайын түсіндірді: осыдан бір ай бұрын көшіп келгенін, неміс тілінен сабақ беретінін айтты, Альфредтің кейде іші пысатынын, балалармен бір мезгіл ойнайын десе, қазақ тілін білмей «қор болып» жүргенін айтты, енді, міне, орысша білетін тірі жанның табылғанына қуанышты екенін айтты.

— Сіз екеуіңіз Альфредке қазақша үйретсеңіздер, алғысымызда шек болмас еді! — деді.

Бураш сезгендей-ақ екен, Альфред екеуі шу дегеннен-ақ тіл табысып кетті, бір-біріне іш тарта, ықылас білдіре сөйледі, сары шаш, көк көз екі бала жақындаса түскен сайын можантопай Мұсылманқұл өзін шетте қалып қойғандай сезінді.

Бартоламеолардың тұрмысы жұтаң болғанымен, екі темір кереует, аяқтары сидиған бір стол, арқасыз екі орын-

дық, кітаптары көп екен, төргі тұтас қабырғаны жартылай жауып тұрған жаңадан ғана сүрілген ағаш сөрелер сықап тұр. Альфред қоңқақ мұрны қырлана түсіп, аусиған аузы жайыла түсіп, мақтанышын жасыра алмай сөре толған қазынасын көрсете бастады. Орыс, неміс, ағылшын, француз тілдерінде жазылған қалың-қалың дүниелерді ашып, суреттерін түсіндіріп, кейбірінің мазмұнын тәптіштеп айта отырып, өзінің сол төрт тілді бірдей білетінін сездірген кезде Бураштың іші күйіп-ақ кетті, кішкентай ғана ішіне пышақ айналмай қалды. Жасыл ши барқыттан костюм киген, ақ көйлегінің жағасын сыртына шығарған, алтындай жалтыраған сары кекілін маңдайына қиғаш тастаған, қырғидай ықшамды да сүйкімді, орысша сайрап тұрған Бураш, өзінөзі көңіл көзімен көріп, өзіне-өзі сүйсініп тұрған сол Бураш, кенет кішірейіп қалды, жасыл костюм солғын тартты, алтын кекіл күлгін тартты, төрт тілде көсіле шапқан Альфредтің қасында бір-ақ тіл білетін бұл сүмірейді де қалды. Бұл сөйтіп сүмірейіп тұрып байқамапты, Геноссе Бартоламео бұған қарап күле түсіп, әлдене айтып тұр екен, есін тез жиып, зейін қойғанда аңдағаны әңгіме қазақтар туралы. Геноссе Бартоламео тарих оқулығын ашып, Шыңғысханның суретін көрсетті.

— Қазақстанға барасың дегенде мен ойлап едім, — деді маржандай тістерін әдейі көрсеткісі келгендей екі езуін кере күліп, — мынандай түлкі тымақ киген, мынандай садақ асынған жа...а...аба... жа-а-ан адамдардың арасына түсіп кетерміз деп... Шүкіршілік, әйтеуір, өзіміз сияқты... қарапайым жұртқа тап болдық...

Дәл осы арада Бураштың «ескі жыны» ұстап кетті, көздері оттай жанып, екі беті алаулап, шабыты қозып кетті.

— Осындай киініп, садақ, мылтық асынып жүретіндер әлі бар! — деді ол. — Мына таудың жықпыл-жықпылының арасында, құз-жартастарының арасында... толып жүр... Рас, қазір азайды, соғыс кезінде көп еді... қазір де бар... аз да болса... Оларды құдай кезіктірмесін, кезіксе, кімсің деп сұрамайды, садақпен бір тартады да кете барады...

— Олар, немене, қашқындар ма сонда?

— Қашқындар! — деді Бураш Бартоламеолардың жүздеріне үрей кіргенін аңғарып, сөздерінің әсерлі шыққанына қуана түсіп. — Олар ешкімді аямайды.

Осымен тоқтай қойса абзал еді, бірақ Бураш тоқтай алмады, асау қиялдың басына ие бола алмай қалды, шешелі-балалы екеудің өңдеріне ұялаған үрей келе-келе

күлкіге ұласты, өзінің шығандап кеткенін сезген Бураш сөзін келте де орашолақ қайырды.

— Оның бәрін қойшы! Біз тұрғанда сіздерге ешкім тимейді ғой, тигізбейміз ғой! — деді. — Одан да, Альфред, кел мен саған қазақша үйретейін.

Альфред Бурашқа күніне немісше бес сөз үйрететін болды, Бураш Альфредке қазақша бес сөз үйрететін болды. Альфред Бурашқа: «Их бин хойте орднер, геноссе» деген бес сөз үйретті, Бураш Альфредке: «Мен, сен, ол, кел, отыр» деген бес сөз үйретті, сонымен Альфредтің «ойынға бөлінген екі сағатының тәмәм болғанын» анасы ескертті, Бураш пен Мұсылманқұл «ойынға бөлінген екі сағат» дегенге таңырқай, таң қала тысқа шықты. Альфред те іле-шала әріптермен бір парақ қағазға әдемілеп жазып, орысша аудармасын келтіріпті, соны Бурашқа ұсынды.

— Мә, мынаны қалтаңа салып ал! — деді.

Осы арада оқыс бір оқиға болды: мамасы ықшамдап берген жасыл ши барқыт костюмнің екі төсінде апандай екі қалта қалған — қалталарды кішірейту мүмкін емес қой! — сол қалтаның салпыншағын көтеріп, әлгі қағазды жасыра бергенде Альфред Бурашқа бажырая қарап тұрып, өңменіне сұқ саусағын қадап тұрып:

— Фашист! — десін.

Бураш, не болғанын білмей қалды, басы айналып, көзі қарауытып кетті. Әйтеуір, абырой болғанда, жаңа тапқан досының аузын қан жалатпапты, мойнын бұрап алмапты, жығып салып тепкілемепті, әйтеуір, абырой болғанда бұл арадан аман кетіпті, сыр бермей кетіпті.

Бұл арадан аман кеткені, сыр бермей кеткені бар болсын, былай шыға бере ызадан булығып, тісі-тісіне тимей қалшылдай бастады, өзінде өң-түс қалмаса керек, Мұсылманқұл бетіне үрейлене қарады.

— Саған не болды, Бураш?

Альфред айтқан әлгі бір сұмдық сөз ақ сорғыш қағаздың бетіне құйылып кеткен қара сиядайын бұның санасезіміне тез жайылып бара жатты. Сол сәтте шеткері тұрған Мұсылманқұл әлгі бір сұмдық сөзді естімей қалған болар, сондықтан да бұның бойындағы дірілді безгектің белгісі деп жорыды:

— Тез үйіңе жүр, сен ауырып тұрсың! — деді.

Ауру деген немене, Бураштың тұла бойына жайыла бастаған әлгі бір сұмдық сөздің улы дертімен салыстырғанда ауру деген түк те емес еді, баланың екі аяғы өз денесін

көтере алмай бүгіліп кетті, әлдекім ішіне ұрып қалғандай ынқ етті де, жерге отыра кетті, қасындағы жолдасына әлдене айтқысы келетін сияқты, бірақ кемсеңдейді, аузын аша алмайды. Мұсылманқұл Бурашты үйіне арқалап апаруға мәжбүр.

Кішкентай намысқордың жанына соққы болып тиген бір сұмдық сөздің у-зәрін анасының айналып-толғанған мейірбан мерейі бірте-бірте жеңді, жеңді де, ызақорлық оты баяулап сөніп, қарайып кеш батқан кезде жұдырықтай жүректің басына қара кек болып түйілді.

Кек! Кек алу керек!

Енді ол кек алу жолдарын ойланып жатпады, шиыршық атқан қара көңіл кек алу жолын өзі нұсқады. Ел орынға отыра бұл орнынан тұрды, мысықша басып, шоланға кірді, қыс киімдер сонда сақталатын, қыс киімнен түлкі тымақ пен сары тонын киді. Осы ауылдағы жалғызғана сүйекті садақ Бурашта, кіші нағашысы өзі жасап сыйлаған, осы ауылдағы жез тұмсық қамыс оқтар Бурашта, оларды қалай жасауды кіші нағашысы үйреткен, осы ауылдағы ең мерген бала Бураш, жиырма-отыз қадам жерде отырған шымшық, торғайларынды көздемей-ақ түсіреді қолмерген Бураш, түлкі тымақтың бауын алқымынан байлаған, қорбиып тон киген Бураш, бір қолына садақ, бір қолына қамыс оқ ұстаған Бураш, мысықша басып, үйден шықты да, шарбақ-дуалдардың тасасымен, тал-теректердің тасасымен, бұға-бұға, аналы-балалы немістер тұратын үйдің ауласына жетті; аналар әлі жатпапты, терезелерін аңқитып ашып қойған, орталарында үлкен ондық шам, екеуі столдың екі жағында кітап оқып отыр.

Кек! Кек алу!

Бураштың қанды кегінің сиқы — дұшпанының зәресін алып қорқыту еді, зәрелері ұшып, ойбайын салып тұрған кезде орталарындағы шамды бір оқпен быт-шыт қылып тайып тұру еді, бірақ олай болмады. Шам жарығы түсер маңға таяп келіп, өздеріне тесіле қарап тұрған түлкі тымақты тажалды олар байқауын байқады, ілкі көрген Геноссе Бартоламео шыңғырып жіберуін шыңғырып жіберді, бұл садағын оқтап, ондық шамды көздеп енді тарта бергенде, Альфред атылып барып, анасын қорғай берді, бұндай оқыс қимылды жас мерген күтпеген, өзін-өзі тежей алмай қалды, жез жебелі қамыс жақ сағадан озып кеткен еді, шамға тимеді, Альфредтің ішіне қадалды!

Апалы-балалы екеу опыр-топыр болып жатқанда кекшіл

мерген зытып берді. Бір ғажабы оғының оқыс кеткеніне өкінген жоқ, шарбақ-дуалдың арасымен, терек-талдардың тасасымен бұқпантайлап келіп, үйіне жетті де, киімдерін, қару-жарағын шоландағы орнына қайта іліп, мысықша басып барып төсегіне жатып қалды. Ұйқыға көзі ілінерде: «Мейлі! – деді іштей. – Өзіне де сол керек!» Альфредтен естіген сұмдық сөз тағы да есіне түскен, бұл жолы күндізгідей сұрапыл әсер етпеді, денесі суықтан түршіккендей бір дір етті де, сабыр тапты, көп кешікпей ұйықтап кеткен.

Шам жарығынан, жылап сөйлеген әйел даусынан, абыр-сабыр қимылдан оянды, ішкі бөлмеден естілген Геноссенің үнін таныды.

– Қан тоқтайтын емес, жолдас директор! Колхоз бастығына айтып көлік тауып бере көріңіз, тез ауданға жеткізуім керек, ауруханаға жеткізуім керек! – деп зар-зар етеді.

Әкесі киініп, Геноссемен бірге сыртқа шығып кетті. Содан Бураш ұйықтай алмасын. «Қан тоқтар емес!» деген сөз үрейін ұшырды. Іс бұлай асқынар деп ойлап па? Содан анасы да ұйықтаған жоқ. Содан әкесі таң ата бірақ келді. Келді де өтірік ұйықтаған болып, көзін жұмып жатқан бұның бетіне тесіле қарап тұрып:

– Иттің баласы! – деді.

– Өзі ауырып жатқан балада нең бар? – деп шешесі жақтаса берген.

– Осының оғы! – деді әкесі.

Ұялуын ұялды, қорқуын қорықты, бірақ Бураш өкінген жоқ, Альфредтің оған айтқан сұмдық сөзі еске түскенде: «Өзіне де сол керек!» деп тістеніп, жатып алды.

Таң да атты, күн де шықты, әкесінің Берлиннен алып келген, анасының ықшамдап тігіп берген жасыл ши барқыт костюм-шалбарын киіп, гүл-гүл жайнап мектепке барды, гүл-гүл жайнап, асыр салып ойнады, түнгі оқиғаны аздап-аздап ұмыта да бастаған, сондай бір сәтте... Мамасы кішірейте алмаған апандай төс қалтаның салпыншағын көтере бергенде... балалардың бірі... дәл кешегі Альфред құсап... сұқ саусағын өңменіне нұқып тұрып... сол әлгі сұмдық сөзді былш еткізсін.

Бураш сонда барып түсінді, Бураш сонда барып көрді: төс қалтаның салпыншағының астарында қара жібектен әспеттеп тіккен фашист свастикасы бар екен. Бураш сонда барып түсінді, Бураш сонда барып опынды, өз бармағын өзі шайнады. Шайнағанмен амал қанша? Амал қанша?!

ШТЫК ПЕН ЖҮРЕК

Андрей қыздай сұлу жігіт еді: аспанкөз, алтыншаш, қаймақ ерін, құнан теректей тіп-тік. Бірақ мінезі тұйық, ешкіммен араласпайтын, сабағын беріп келген соң айналдыратыны – кітап. Андрейдің жеңгесі Бураштардың қызыл ала сиырына ұқсайтын сүйекті, аусиған ірі қатын еді, мінезі де тұрпатына сай арсыл-гүрсіл болатын. Аузына не келсе соны айтып салып, «ал маған не істейсің?!» деп бетіне тесірейе қарап тұратын.

Қайнысының кітап оқып отырғанын көрсе, сол кісі жынданып кете жаздайтын:

– Айтпады деме, сенің ажалың кітаптан! – деп айқайлайтын. – Кітап жақсылыққа апармайды. Сен бе, сен, қияли болып өлесің!

Андрей қыздай сызылып тұратын. Олеся жеңгей басакөктеп, барқырай сөйлеп бөлмесіне кіріп келгенде, оқып отырған кітабын жас баладай артына жасырып, орнынан қызарақтап көтеріле беретін.

– Рас айтасыз, енді оқымаймын, тетя...

Ол – сасқан кезде айта салған сөзі, әрине. Әйтпесе кітаптан Андрейді, Андрейден кітапты ажырату мүмкін емес.

Андрей Михайловичтің ашылып сөйлесетін, менсініп сырласатын бір-ақ адамы бар, ол – Бураш. Ұстаз жігіт баланы: «Сары сайтан Бурка!» деп атайды. Бурашка сол атау ұнайды. «Не дейсіз, Андрей Михайлович?» деп мәз болып күліп тұрғаны.

Бестен асып, алтыға әлі тола қоймаған Бураштың ол кезде бір-ақ арманы бар, бір-ақ Үлкен Арманы бар, ол – терезе-тесіктері жоқ, тұтас қабырғалы бір бөлме еденінен төбесіне дейін түрлі-түрлі кәмпиттерге толып тұрса. Бұны апарып, сол бөлменің ішіне қамап қойса.

Андрей Михайлович Бурашқа ылғи кәмпит береді, Сашкаға кейде берсе, кейде бермейді.

– Інім болса да айтайын! – дейді Андрей Михайлович, – біздің бұл Сашкада ақыл жоқ. Біздің бұл Сашка қара күштің ғана адамы болады, дүлей қара күштің ғана адамы болады. Сезімталдық жоқ мұнда!

Сашка ойыншыл, жақсы бала болғанымен топас екені рас. Бураш та оны кейде менсінбей қалады. «Клим батырды» жатқа айта алмаған соң не қайыр!

Сары сайтан Бурканың түсінбейтін бір жайы – Андрей

Михайлович кейде кішкентай бөлмесінің есік-терезесін жауып, адам баласымен сөйлеспей бес-алты күн жатып алатыны бар.

— Біздің «ғалымды» тағы да қара басты! Енді қайттім? Енді бұған не шара! Менің сорлы басыма берген тағдырдың айықпас қасіреті ғой бұл, қасіреті! — деп Олеся жеңгей екі бүйірін таянып, есік алдында арқырап тұратын. — Осыдан ба, осыдан, ағаң келсін!

Ағасы келгенде Андрейге не істейтінін кім білсін, Олеся жеңгей осы төңіректегі жұрттың бәріне: «Тұра-тұр, Вася келсін!» деп тепсініп жүргені.

Сөйтіп «жол қарап» жүріп, ақыры күйеуін «келтіріп» тынды. «Халкин-голда соғысып жатқан әкем бар, сол жуық арада демалысқа келеді!» деп, Сашка төбесімен көк тірей қалған сәттерде Бураштың көз алдына басы қазандай, кеудесі көріктей, қолдары шоқпардай, көздері шарадай, мұрттары сала құлаш, үсті-басын жүн басқан әлдекім гүжірейіп келіп тұра қалатын.

Василий Михайлович інісінен де нәзік, бала өңдес, көзілдірікті жұқа жігіт болып шықты. «Халкин-голда жау қайтарған, «жапон сұмырайларына» ойсырата соққы бергендердің бірі осы әлжуаз жан ба?» деп менсінбей қалғандайсың. Шинелі де өзіне үлкендеу ме, қалай, штыгын кері қайырып қойған қара қошқыл мылтығын да ауырсына ма, қалай? Бірақ Бураштың есінде қалғаны — көзілдіріктің арғы жағынан жылтыраған кішкентай көздерде от бар, сес бар. Сөйлегенде адамға тік қарап, қадалып тұрып алады екен. Әлдекім бірдеңе айтса түсін суыта қойып: «Что?» деп қайта сұрайтыны қасындағы адамның құтын қашырады.

Әкесі туралы сөз қозғалғанда бұрын төбесімен көк тірейтін Сашка бүгінде кержік мұрнымен көк тірейді.

— Менің әкем самурайлардың сазайын тартқызған! — деп мұрнын шүйіргенде, өңге балалар жермен-жексен болып қалады. Кеудесін ешкімге бастырмайтын Бураштың өзі ондайда төмендеп, жасып қалады.

Сашканың әкесі үйінде төрт-ақ күн болды, Сашканың үйінде төрт күн ұдайы той болды, бесінші күні сәске кезінде Василий Михайлович стансаға жүрмек еді.

Ағасы қарашаның қара суығында келді. Содан екі апта ғана бұрын Андрей Михайлович екі аптадай «армансыз бошалап» басылған, екі айдың жолақысын түгел, соқыр тиыны қалғанша дүкеншіге «өткізіп», ақырында село шетіндегі

самогон ашытатын кемпірге жалынып, екі шелек сарғыш у-заһарды несиеге сұрап әкеліп, ожаулап ішіп оны да тауысып, өле жаздап барып, ант етіп тоқтаған..

Осындай бір серпілістен кейін бойы сергіп, жан сарайы жуған шәйідей ашылып, нөсерден кейінгі аспандай тазарып қалатыны бар. Осындай бір серпілістен кейін өңге жұртпен де ара қатынасы жайма-шуақ қалыпқа түсіп, оқушылармен де шығарға жаны ғана бөлек болып, тіл табысып қалатыны бар.

Бұның сабақтарын шәкірттер өліп-өшіп тыңдайтынын өзі біледі. Орта мектеп тәмәмдаған соң тарихшы боламыз деп шетінен құлшынып жүрсе, көңілің қалай қош болмас!

Осындай бір серпілістен кейін табиғат пен Андрейдің «арасы» жымдаса қабысып жарастық табатын. Ондай кезде күн болса күлімдеп тұрады, ай болса маужырап тұрады, аяз болса шыңылтыр таза болады, өмірге деген құштарлық арта түседі, бөлмесін де жұтындырып қояды, киім-кешегін де жұтындырып қояды, кітаптары рет-ретімен жинаулы. Олеся жеңгесінің де көңілі жай.

— Біздің Андрюша ішпесе адам ғой, адам! — деп, есік алдында жарқын-жарқын сөйлеп сампылдап тұрғаны. — Бұның басындай бас Карнауховтар әулетінде жоқ қой, Карнауховтар деймін-ау, бүкіл Шу өңірінде жоқ қой, жоқ!

Осындай бір серпілістен кейін ол қалыңдығы Настасьямен де әмпей-жәмпей бола қалады, екеуі қолтықтасып киноға барып, жапырақтары сылдыраған терек түбінде ұзақ-ұзақ сыбырласады. Настасья бұның боз өлең шаштарын салалы саусақтарымен салалап тұрып:

— Эх, Андрюша, сен ылғи осындай болсаң ғой! — деп күрсінеді, күрсінеді де ақ жүзін бұның төсіне жасырып, костюмінің өңірін сулап тынады.

Андрейдің үні де қалтырай шығады.

— Настасья, енді ол иттің маңына жуымаймын!

— Солай болса ғой...

Солай болатынына Андрейдің күмәні жоқ еді: ағасынан жеделхат келді, мектептің пар ат жеккен арбасымен бұлар стансаға барды, Василий Михайловичті қарсы алды, үйге келген соң кең-мол дастарқан жайды, көрші-қолаң, қызметтес, сыйлас жұртты жинады, ішілді, желінді, інісінің арақтан аулақ жүретініне көзі жеткен соң Василий Михайлович тасып-шалқыды. «Біздің тұқым сондай!» деп жез мұрттарын ширатып, өз буына өзі пісіп отырды.

Түн ортасы ауған шақта шағын бөлме ішіндегі көк түтін «балта ілуге жарап қалған». Ығы-жығы әңгіме, ығы-жығы айғай, ығы-жығы өлең, ығы-жығы араласқан жұрт, себепсіз құшақтасу, себепсіз сүйісу, себепсіз өкпе, реніштер көбейді, арақ-шарап құйып, есік жақта момақан отырған Андрейге де себепсіз тиісушілер көбейді. «Алып жібер!», «Ішіп жібер!», «Жалғыз ағаңның қуанышына қалай ішпейсің?!» «Бүгіннен кейін қоярсың!», «Сен неге үндемейсің? Сен неге байғұс бола қалғансың?» деп соқ-тығушылар көбейді; қасына келіп, тақымдап отырып алып, ұзын сонар хикая айтушылар көбейді. Ығы-жығы көбейген сайын Андрейдің төзімі азая берді, жүйкесі жұқара түсті, көздері бозарып, екі бетінде қан-сөл қалмағанын сезді.

Түн ортасы ауған шақта Андрейдің тамағы құрғап, өзегін өрт шалғандай шөл қысты, бір-екі стакан қайнақ су ішіп еді, өзегіндегі өрт басыла қоймады, тымық ауада, мүлгіп жатқан жазирада табан астынан көтерілген жойқын құйындай бір сезім кенет оны соғып өтті, есін жиғанда аңғарса араққа аңсары ауып отыр екен! «Қой, Андрей, өзінді-өзің қолға ал, ит болма! — деді ол іштей-кіжініп, — басқаны былай қойғанда — ағаңды, мынау қан майданға қатысып, аман келіп отырған ағаңды ренжітесің!» Әумесер аңсарды салиқалы сабыр жеңді, уақытша жеңді, ығы-жығы күшейе түскен сайын, айғай-шу күшейе түскен сайын, берекесіз әңгіме көбейе түскен сайын, қасиетсіз, нақақ тиісулер, «іш-іш» деген қыштаулар көбейе түскен сайын Андрейдің тағаты таусыла берді, таусыла берді. Ақырында ол, кінәлі жандай жымия күліп, ағасының қасына барып отырды.

— Мына зорлықшылардан өзің қорғамасаң, халім қиын! — деді ол ағасына.

Ішіп кету дегеннің не екенін, бір ішкенде қоймай ішіп кету дегеннің не екенін Василий Михайлович білмейтін, сондай адамдар болады деп есітетін, есітсе де оның не екенін түсінбейтін, өзі әскерде жүрген үш жылдың ішінде душар болған қасірет дімкәс жайын Олеся бұған әлі айтып үлгерген жоқ еді, ол ойлайтын: ішу деген мына өзінің ішетіні сияқты, жылына бір-екі мәрте, үлкен мейрам, мерекелерде көңіл көтеру үшін, серпіліп дем алу үшін ғана қажет міндет деп, сондықтан да ол көзілдірік түбінен күлімдей қарап:

— Е-е, іш деп қолқаласа, ішіп жібер, онда тұрған не бар?! — деді.

Ағасының мына сөздері Андрейге тағы да соққы болып тиді, «Ішсем ішіп жіберейін! Ағамның құрметі ғой!» деген

сайқал ой, сайқал сезім бұның бар болмысын билеп ала қойды, бірақ тағы да аңғалдықты ақыл жеңді. «Болмайды! Бір ұрттау дегенің немен тынатынын Андрей бі-і-ле-ді! Ал Вася оны бі-і-іл-мейді!» деп ойлады ол, ойлады да ағасына тесіле қарап отырып:

— Болмайды ғой, Вася, болмайды! — деп күрсінді.

— Е-е, болмаса ішпей-ақ қой!

Қуана-қуана ішпес еді ғой, әлде, қуана-қуана ішер ме еді... Жоқ, қуана-қуана ішпес еді, бірақ Настя жынға тиіп тұр. Настя, екі беті албырап, көздері ойнақшып, әр жігітпен бір билеп жүр, бұған қарамайды, бұны көрмейді, бұны ұмытқан, сықылықтап, себепсізден себепсіз күле береді, себепсізден себепсіз әркімді бір құшақтайды, себепсізден себепсіз әркіммен бір сүйісе береді. Әйелдермен сүйісіп қана қойса жөн ғой, еркектермен де шолп-шолп сүйіседі... «Ақ көңілдіктің де шегі бар емес пе? Болашақ қайнағам келді екен деп сонша жосықсыз далақтай беруге бола ма?»

Өзінің далақтағанымен қоймай Настасья бұның да далақтауын қалайтын тәрізді. Анда-санда бұған бір көзі түскен сәттерде: «Неге көңілсізсің? Қабағыңды ашсаңшы!» деп қояды. Бұның «қабағы ашылса», өзіне қиын болатынын жадынан шығарған-ау, шамасы. «Әйелдер, осы, қызық-ей!» «Шашы ұзын, ақылы қысқа» деп қазақтар тегін айтпай ма, қалай... Менің мына Настасьям ғой: «Арақ ішуінді қоймасаң, саған тимеймін!» деп бір жылдан бері төзімімді ішектей созып келеді. Енді айтатыны — мынау, қабағыңды аш дейді. Осыдан «қабағымды ашсам» ғой, маңайына жолатпайды. Әйелдер, осы, қызық-ей!»

Андрейдің жолдас-жорасы аз болатын, аз емес-ау, жоқ десе де болғандай еді, жалғыз Толик-Торсан, военрук мектепте әскери сабақ жүргізеді. Оның өзін бұл жығыла іздемейтін, бұның үйіне келгіштеп, жиналыс-жиындарда бұның қасына отырғыштап, маңайынан айналшықтап шықпай жүретін — өзі. Бұл оған кет дей алмайды, келе ғой деп ықылас білдірген кезі де болған емес, жолдастықтары үздік-создық, түсініксіз бірдеңе.

Толик-Торсан көзге бірден түсетін сымбатты жігіт. Көлеңкеде жатқан күмістей көмескі сәуле беріп тұратын, орысша «матовый» деп аталатын өң-түсінде зиялылықтың, асыл тұқымнан жаралғандық белгісі бар, әрдайым ұқыппен қырылатын қияқ мұрты, мойылдай қара қиық көзі, өзін-өзі тіп-тік ұстайтын паң мінезі тегін жан емес екенінен шаң беретін сияқты. Сонда да, әлде сондықтан ба

екен, Андрей оны іштей ұнатпайтын, ол бұған құлай беріліп, маңайлай бергендіктен ғана маңайынан қумайтын. Сол Толик те бүгін мендуана жегендей құтырынып шыға келіпті, өмірі ішімдік ішпейтін адам, ішкендерден әрмен ойнақтап жүр, патефонды қайта-қайта қойып, Настасьяны қайта-қайта биге шақырып жүрген сол, мұғалім кісіге жеңілтектік жараспайтынын ұмытқан. Бұның қалындығы да «басы байлаулы» екенін ұмытқан, сырттан бақылаған жан сол Толиктің некелісі дер, екеуі билегенде құшақтасып, бір-біріне жабысады да қалады. «Қап, мына екеуін-ай, ә!»

Сөйтіп отырғанда Андрей ағасына арақ құя беріп, өзінің алдындағы қайнақ суға әлгінде ғана жиіркеніп отырған «удан» тамызып-тамызып жіберді. Өзінің не істеп отырғанын ол аңғара алмай қалған. Және біреулердің стаканына ішімдік құйған болып және еңкейе берді де, өз ыдысына молдау тамызып үлгерді. Содан соң ешкімнің алың-келіңін күтпей, алдындағы «қайнақ суын» қағып салған: бойына нұр құйылғандай ләззат суына балқып жүре берді, маңдайы бусанып, лезде көзі танадай жанды.

Сөйтіп отырғанда Андрей ағасына қарап, күле түсіп: «Мен бір тост айтайыншы!» деп қалғанын соңыра ұқты. Інісінің мына қылығына Василий Михайлович насаттану білдірді, көзілдіріктің сонау алыс түкпірінде ризашылық оты жылт етті.

— Е-е, бәсе, күңкиіп отыра бермей, сен де бір қуаныш лебізінді білдірсеңші! — Сөйдеді де Василий Михайлович стаканын қалайы қасықпен шыңқылдатып ығы-жығы жұртты түгел аузына қаратып алды. — Оу, жолдастар, аз ғана сабыр, аз ғана сабыр! Менің мына іниме тіл бітті... сөз сұрайды, соны тыңдайық!

Саусағынды шошайтсаң да күлуге дайын тұрған есірік қауым мына хабарға мәз болды, уралап, шапалақ ұрып Андрейдің жынына тие жаздады. Сол қитығудың салдары ма, ол сөзін қиқарлана бастады:

— Баяғыда бір патша болыпты, — деп бастады ол сөзін. — Патша болған соң оның бағынышты халқы болады, әрине. Патша болған соң оның қасында ақылшы-ғұламасы болады, әлбетте. Күндердің күнінде әлгі ғұлама патшаға келіп: «Бәлен күні улы жаңбыр жауады. Ол жаңбырдың суын ішіп, халқымыз түгел жынданады. Ал, сіз ұлы мәртебелім, көп қылып таза судан жинап алыңыз!» дейді. Ақылшы дана меңзеген күні қалың жаңбыр жауады, жаңбыр суынан ішкен, татқан жұрт түгел жынданып

шыға келеді. Көпшілік жынданған соң ақылынан ауыспаған азшылықтың күні қараң емес пе, патшасының айтқанын халқы түсінуден қалады, патшасының жарлықтарын халқы күлкіге айналдырады, ақыры: «Патшамыздың есі дұрыс емес, ақылы ауысқан, бұны өлтіру керек!» деп құтырған тобыр патша сарайын қоршап алады. «Батырға да жан тәтті» деген, әміршіде ес қалмайды. «Енді не істемек керек?» деп қарашы-ғұламаға сауал салады. «Бұл сауалдың бір-ақ жауабы бар, — дейді қарашы-ғұлама, — көпшіліктің көзіне топырақ шаша алмайсыз. Олай болса, жынды судан сіз де ішуіңіз қажет, сонда ғана сіз халқыңызбен қайта тіл табасыз!» Амал жоқ, патшекең тентек судың бір жананын төңкеріп салып, еліріп шыға келеді де, сарайын қоршап, айқайлап-балағаттап тұрған есаландардың алдына барып, аузына келгенін оттайды, патшаға жарамайтын сөздерді айтып, патша емес-ау, қарапайым шаруаға жараспайтын қылықтар көрсетеді. Есалаң жұрт сол арада уралап, айқайлап, мәз болады, патшаларын ұлы деп, данышпан деп бастарына көтереді...

— ...Бұл мысалды келтіргенде мен сіздерге не демек едім?.. — Манадан бері өзі айтып тұрған хикаяның жүйесін ғана ой көзімен қадағалап тұрған Андрей бөлмеде отырғандарға енді ғана барлай зер салып еді, бұны ұқыппен тыңдап отырған ешкім жоқ екен! Ағасы ғана: «Дұрыс, дұрыс, не айтпағың түсінікті! — деп, жез мұртын шиырып, мысқылдай күліп қойды, — алып қой, көпшіліктің көзіне сен де топырақ шаша алмайсың!» Ағасының үнінен Андрей кекесін сарынын аңғарып қалды. «Мынау Вася қайтеді-ей! — деп біраз аңтарылып тұрды да, — не десең ол де!» деп, стаканын бір-ақ қотарды.

Шұбаланқы сөзді түсінбесе де тыңдаған болып, селқос отырған жұрт бұның ішіп салғанын көргенде, әкелері тіріліп келгендей жарыла қуанды. «Ой, азз-з-замат! Ой, ер-р-рімай! Ой, пәл-ле! Енді міне, адам қатарына қосылдың! Е-е, бәсе!» десіп жатыр, кейбіреуі орындарынан тұрып келіп, Андрейді құшақтап сүйіп, бет-аузын сілекейлеп тастады. «Саусағыңды шошайтсаң, күлуге әзір тұрған бұл әумесер қауымға не істерсің?»

Ішіп жіберсем, басқалармен теңелермін, көңілім көтерілер деген үміті бекершілік екенін сол сәтте-ақ аңғарды. «Бұларды қуып жету үшін жалғыз рет ішу бұйым болмас!»

Үй іші қайтадан ығы-жығы қалпына келді. Мына хал-

қының бұны лезде-ақ ұмытқанын Андрей сезді, сезуі мұң екен көңілі құлазып сала берді. «Құдай жалғыз – мен жалғыз!» деп ойлады ол, ойлады да езуінен күлді, күліп отырмын деп ойлады, бет-әлпетінің жыларман халге келгенін қайдан білсін.

Көпшілікпен тіл табамын деп ішкен арағы бұны көпшіліктен, көпшілікті бұдан алыстата түскен тәрізді. Патефон қайтадан сарнай жөнелді, Настасья мен Торсан қайтадан бетпе-бет болып жабыса қалыпты, көздері жылтырап, жыртың-жыртың күле береді, несіне мәз болатынын... Көңілі құлази түсті.

Ағасына қарап еді, ол да бұған тесіле қадалып қалыпты. Көзілдіріктің арғы жағынан, сонау тұңғиық алыстан кекесін күлкінің ұшқыны білінгендей, әлде... Не де болса жақсылықтың нышаны емес, «е-е, бәсе, ішпеймін дегенің бергі жағың екен де, сендей маскүнем арақты қоя алушы ма еді?!» деп отырған болар. «Қап, әттең-ай, бекер бұздым-ау антымды! Дәл осы арада өзімді-өзім қолға алайын!»

Андрей өзін-өзі қолға алды, жұрт назарын аудармай, ұрлана басып, тысқа шығып кетті. Күздің қара суығы күздің қара желімен одақтасып, қараңғы даланың апшысын қуырып тұр екен. Шу дегеннен-ақ денесі мұздап, қалтырап жүре берді. Күздің қара балшығы мидай езіліп жатқан қара жер тастай қатты қатқаққа айналыпты, аяқ бассаң, сыңғыр-сыңғыр етіп шынының үстімен келе жатқандайсың. Түнекте тұрып тірліктен түңіле жаздады, көңілі мүлде құлазып кеткен, «Құдай жалғыз – мен жалғыз!» деп күрсінді тағы да. Көшеге шығып, үйден ұзап кетпек еді, дәрменсіз ғана ыңырсыған аянышты үн жүрегін дір еткізді. Тына қалып тың тыңдаған, жалыныпшты әлсіз үн тым жақыннан естілді; мысық екеніне, мысық болғанда мысықтың кішкентай баласы екеніне күмән қалмаған. Жүрелеп отыра қалып шақпақ шағып еді, жобасы дұрыс екен. Қос жұдырықтай ғана мысықтың баласы терек түбінде бүрісіп отырыпты, жүні – жүн емес, тұтасқан мұз, өзі ағашқа мойнынан байлаулы, Сашканың осы мысықты әурелеп, қорлап жүргенін күндіз көрген, бір-екі рет ұрсып, жекіп босаттырып жіберген, енді міне, үстіне су құйып, әдейі суыққа қалдырып кетіпті. «Біздің Сашка ма, біздің Сашка қаныпезер болады! Карнауховтар тұқымында кездеспеген қаталдық бұған қайдан жұғып жүр?!» Әлгінде ғана қара суықтан қалтыраған тұла бойы енді қатал сұмдықтан қалтырады. «Адам жүрегіне, бала жүрегіне, мұндай мейірімсіздік қалай сыя-

ды?! Өзі сияқты кіп-кішкентай тірлік иесін күні бойы қорлап, ақырында үстіне су құйып, азынаған далаға байлап кету – жауыздық емей немене?! Сашка ма, біздің Сашка!...»

Дымқыл жіп шиеленіп байланған екен, онысы суықта сіресіп қалыпты, бала мысықтың мойнын қылғындырып енді болмаса өлтіргендей: бір қолымен шырпы ұстап, бір қолымен жіпті шешпек болған, әрекеті зая кете берген соң үйге кіріп, бәкі алып шыққан, емендей қатқан қанат жіпті әрең қиып тастады.

Бала мысық тым арық, тым жеңіл көрінді, қос алақанымен қымтай тұтып жүніне қатқан мұзды ерітті, суға малған шүберектей бір тұтам тірі жанның бойы дір-дір етіп, тірлік белгісін бере бастады. Ол ісі місе болмағанын аңғарып, көйлегінің түймелерін ағытып, бүріскен байғұсты қойнына тықты. Тұла бойы тітіркеніп қалтырай бастаған соң, дәлізден аяғының ұшынан басып өтіп, өз бөлмесіне кіріп алды, кіріп алды да есіктің ауыр қара темір ілгегін салып алды, қара түнке пеш әлі суып үлгермеген екен, жауырынын тосып біраз жан шақырып алды, қойнындағы мысықты да түнкеге «жапсырып» тұрып, біржола тірілтіп алды. Бала мысық итжанды екен, құлағы қалқиып, көздері жылтырап, жүні дүрдиіп шыға келді. «Өмір деген қандай нәзік құбылыс еді! – деп ойлады Андрей. – Әлгінде ғана күздің қара суығына шыдай алмай үзіліп бара жатқан жан, аз ғана жылуды малданып, құлпырып шыға келді. Өмір деген қандай нәзік құбылыс, сонымен қатар қандай сірі құбылыс! Мысалы, адамдарды алайық, – деді ол ұстаздық әдеті бойынша ойында да сөйлемдерін оқушылар алдында тұрғандай жатық құрастырып, – адамдарды алайық. Қазақтар айтпақшы, «Жазым болса, быламыққа тіс сынады», көшеде келе жатып, тайып жығылып, өліп кететін кездері болады. Адам адам болып, маймыл атамыздан бөлініп шығып, өз алдына отау тіккелі қаншама мың-мың жылдар бойы адам қаны судай ағуда, құрып бітетін, түгел таусылатын кезі әлдеқашан болған, міне таусылды, міне құрыды дегенде өртеңге шыққан көгалдай қайта қаулап шыға келеді, бұл не деген құдірет екенін, бұл не ғажап күш екенін!»

Бала мысық бүгін көрген қорлығынан әбден титықтаса керек, жылынып, жан кірген соң маужырап, көзін жұма берді. «Енді болмаса жаһаннамға кеткен екенсің-ау, сормандай!» деп басынан сипады да, өзі барып, төсегіне отырды. Бүгін қорлық көрген бала мысық емес, бұның өзі ме

екен, әлде? Солай ойлауы мұң еді, жаны қайтадан шырқырап, көңілі қайтадан құлазып сала берді. «Бұл өмірде қорлау мен зорлаудың шегі болмайтын шығар!» Жүрегі қайта зырқ етіп, ішкісі келіп отырғанын сезді. «Басталды!» деп ойлады үрейлене. Бала мысықты көрпенің астына бүркеп жатқызды да, өзі дәлізге шықты. «Ол жаққа бармайын, өзімді өзім ұстайын, ішпейін!» деп, азынаған дәлізде біраз тұрды. Тұруын тұрды, әйтсе де ырду-дырду болып жатқан бөлменің есігін ашып қалғанын кеш аңғарды, еркінен тыс қуатты күш дастарқан үстіндегі мөлдір шөлмектерге қарай сүйрелеп бара жатқандай еді.

* * *

Өксік өкініш өзегін өртеп барады екен. «Ұят болды!» деп ойлады ол. Бірақ қандай ұят жасағаны, не бүлдіргені есінде жоқ, әйтеуір ел бетіне қарай алмастай қылық жасағаны анық. «Не еді? Не еді?» Жез мұртын ширатып, бұған кекете күліп қарап отырған ағасының кейпі жадында... Әлде Васямен ұрсып қалдым ба? Мүмкін емес! Екеуіміздің арамыздан қандай ғана ала мысық аттауы ықтимал? Себеп жоқ қой. Мен оны жақсы көремін, ол мені жақсы көреді. Ендеше тілге келуіміз екіталай. Настасьяға тиістім бе екен? Немесе Толикке тиістім бе екен? Екеуінің жабысып, ажыраспай қойғаны рас. Бірақ Настасьяны қызғанатындай Толик кім сонша? Менің қалыңдығыма ауыз салуға ары бара қоймас оның! Қанша дегенмен дос пейілін білдіріп, маған үйірсектеп жүрген жоқ па? Мүмкін емес! Қызғанышымды жасыра алмай қалдым ба? Стол басында құлап қалдым ба?»

Сағатына қараған, үлкен сәске — сағат он бір. Басы сынып барады. «Айтпақшы, бүгін күн жексенбі екен ғой... Оған да шүкір. Миға құрт түскен болар, кеміріп жеп барады емес пе! Сағат он бірге дейін Вася мені оятпаған, шайларын әлдеқашан ішкен болар... Мені шайға шақырмауына қарағанда, Васяны ренжіткенмін ғой, шамасы. Жез мұртын шиыра түсіп, маған кекете қарап отырған сәті жадымда тегіннен-тегін сақталып қалмаса керек-ті. Не айттым екен?»

Оқыстан есіне бала мысық түсті. «Ол қайда екен?» Төсектің, столдың астын қарады, қара түнке пештің қуысын қарады, жоқ. Есіктің ішкі ілгегі ілінбепті. «Мен кіріп-шығып жүргенде қашып кеткен-ау... Болмаса, Сашка алып кетті ме?»

Сол сәтте есікті серпіп ашып, бөлмеге Сашка жүгіре кірді.

– Андрей көке! Сізді шайға шақырып жатыр!

– Кім?

– Папам!

«Е-е, мен жасаған ұят іс Васяға байланысты болмаганы ғой. Ендеше не? Настасья! Толикпен билей берген соң әлдене айттым ба?»

– Сашка, бала мысық қайда?

– Қандай бала мысық?

– Кәдімгі бала мысық! Үстіне су құйып, кеше кешке терекке байлап кетіпсің ғой!

– Мен бе?

– Енді кім!

Сашканың көздері жылт-жылт етеді, тайсалар емес. «Өтірік айтқанда шімірікпейді, антұрған!» деп ойлады Андрей.

– Бураш шығар байлап кеткен...

– Бірге жүрген досыңа нақақ жала жабуға қалай ұялмайсың, Сашка?! Обал емес пе, тірі жанды қорлағаның, мен көріп қалмасам мұз болып қатып қалғандай екен байғұс! Мысық демесең, ол да өзіндей бала ғой, ендігәрі қорлаушы болма!

Бұл жолы Сашка үндемеді, қипақтап тұрды-тұрды да шығып кетті.

«Қайсарын қарашы, бет бақтырмайды. Құдды әкесі, найсап!»

Қол жуғыш далада еді, шалбаршаң, мәйкешең тысқа шығып, қатқыл ауада тұрып ұзақ жуынды, бірақ бойы жеңілейе қоймады, миына түскен «құрттар» кеміріп жеп барады. Вася отырған бөлмеге тезірек жеткісі келіп, дастарқан үстіндегі көк шөлмекке аңсары ауып тұрғанын сезді, сезді де ыза болды, «осыдан менің санам тәнімді жеңе алмаса...» Ішкен сайын ол осындай азапқа түсетін. «Адамның тәні балшықтан жаралған, жаны күн нұрынан жаралған, – дейтін Андрей өзіне-өзі, – балшық өзінің балшықтығын жасамай қоймайды, балшық ласқа тарта береді, лас дегенім ішімдік сияқты, темекі сияқты харам құбылыстар. Адам өмірі сол тән мен жанның арпалысы емес пе! Тән ырқына көнген сәттерде Андрей – хайуан, жан ырқына көнген кездерде Андрей – адам! Қазір мені көк шөлмекке тартып тұрған – тәнім, ал адам екенім рас болса, мен балшықтан жаралған хайуанның еркіне көнбеуім керек!»

Ол өзін-өзі осылай қайрайтын, бүгін де тас бекінді.

Ағайынды Карнауховтардың мекенін аңғардай кең дәліз ғана бөледі, Андрей екі есіктің ортасында аңтарылып ұзақ тұрды, «ақ періштесі» айтты: «Сен өз бөлмеңе кіріп, есігінді іліп жатып ал, анда барсаң ішіп қоясың!» деді, «қара періштесі» айтты: «Алыстан, соғыстан келген аға ң күтіп отырғанда бармағаның – ұят!» деді. Андрей өз бөлмесіне кіріп, көйлегін киді, пенжагін иығына жапты да, «қара періштенің» айтқанын жөн тауып, кең дәлізді кесіп өтті.

Есігі мен төрі ат шаптырым бөлмеде өткен түні жынойнақ болған еді десең, ешкім сенбес, үй-іші тап-тұйнақтай жиналған, Олеся жеңгесінің пысықтығының пайдасы, әр түрлі вагондардан тіркескен состав сияқты ұзынды-қысқалы столдардан құралған дастарқан жоқ, сол жаққа киіз төселіпті, киіз үстіне көрпе төселіпті, алдында дөңгелек жозы, иығында желбегей жамылған шинелі, Вася малдас құрып отырып алыпты, құдды қазақ, жез мұртын шиырып, бұны күле қарсы алды.

– Бас қалай, бас?

«Е-е, Васяның ойында ештеңе жоқ, жарқылдап күліп отыр, демек Васяны өкпелетіп алдым ба деп бекер қорқыппын! Басқа бірдеңе бүлдірсем керек...» Көңілі орнына түскен Андрей ағасымен қалжыңдай амандасты:

– Өзің аумаған қазақ болып қалыпсың ғой!

– Е-е, Карнауховтар қазақ болып кеткелі қашан? – деп Василий қазақша жауап берді. – Біздің руымызды «орыс сәмбет» деп бекер айтқан ба!

Андрей жерге отыруды жек көретін, бірақ ағасының көңілін қимай қасына жантая кетті.

– «Бас қалай!» деп сұрадың ғой, бас – орнында!

– Орнында болғаны дұрыс. Енді ішпе. Іше алмайды екенсің, ішпе!

Андрейдің жүрегі мұздап сала берді, ағасының қатқыл шыққан үнінен емес, сол мезетте бұрышта сүйеулі тұрған мылтыққа көзі түскен, мылтықтың штыгы кері қайырылып қалған екен, штык... түндегі оқиға, түнде не бүлдіргені есіне сап ете қалды. Штык!

Өткен түні бұл, едәуір қызып алып, ағасының мылтығын айналдырған, Василий Михайловичтің қой дегеніне қоймаған. Ақырында штыгын бөлек суырып алып, шаныш-қы ретінде пайдаланбақ болып, қуырдақ шаншып жей бергенде штыктың тап-таза болып жалтыраған сабынан қара

күрең қанның табын көріп қалсын. Жүрегі айнып, құсып жібере жаздады.

— Сен... сен... — деп тұтығып біраз отырды. — Сен... кісі өлтірдің бе?

Ағасы да сұп-сұр болып, түтігіп кеткен.

— Оттамай, тыныш отыр! — деп ақырып жіберді. — Мені тергегенше, мұрын боғынды сүртіп ал!

Содан Андрей құтырынып кетсін, ағасына айтпағаны жоқ.

— Ах-ха! Карнаухтың тұқымы енді кісі өлтірді де! — деп бастады да, бар ойын айтып-айтып тастаған. Ағасының төзіміне қайран, қан-сөл жоқ, тістерін шықырлатып, безеріп отырды да қойды. Енді, міне, түнде түк болмағандай, бұған күле қарап, арақ туралы біраз ұзақ-ұзақ сөйледі. «Іше алмайды екенсің, ішпе» деп түйді де пікірін оқыс аяқтады.

— Сен маған: «Кісі өлтірдің!» деп айып тақтың. Мен кісі өлтірген жоқпын, мен жапошкаларды, жауды өлтірдім!

Андрей, түнерген қалпы, орнынан тұрды да, тысқа шыға жөнелді.

Қайда кетіп бара жатқанын, неге кетіп бара жатқанын өзі білген жоқ. Бүкіл ішкі әлемінде лап етіп бірден көтерілген жойқын өрт ұзаққа созылмай лезде қайта өшкендей болған. Тез басылуын басылғанмен жан дүниесін тып-типыл жалмап кетті. Қаулаған қалың жыныстың орнында қап-қара өртең қалыпты. Жүрегінің асты солқылдап, күйіктің орнындай ашып тұр екен. Өзі ауыл сыртындағы канал бойында, тоғай ішіне келіпті. Қай уақытта, неге келгенін.

Сабына қара қошқыл қан қатқан жалтылдақ штык бұның жүрегіне қадалғандай — ышқынып, алқынып, кеудесін қос қолдап, баса берді.

Күйіктің орнындай ашық жара болып қалған жүрек құрық көрмеген арғымақтай тым сезімтал, атырынып тұр. Жайшылықта біреудің біреуге қатты жекіргенін естісе, қан жылап қоя беретін жүрегі бүгін тым еліріп алған. Басқа келген ОЙДЫҢ өзінен шошынады.

Ал басқа келген қым-қуыт ой қияметтің өзі еді. Адамзат қоғамының даму жолында сарқырап ағып жатқан пенде қанын көргендейсің. Қиянат, қиянат, қиянат... Андрей ойланудың өзінен қорықты. Бұл қорыққан сайын, бұл қашқалақтаған сайын бірінен-бірі сорақы көріністер көз алдына көлбеңдей берді.

Каналды жағалай егілген қалың қара ағаштың Андрей отырған тұсы ашық алаңқай еді. Сол алаңқайдың арғы

пушпағында сеңсең бөрік киген үш жігіт бұған арқасын беріп тұрыпты. «Жақында ғана Кавказдан жер аударылып келген түріктер ғой» деп түйді Андрей. Намаз оқығандай тіп-тік тұрған үшеудің бірі екі бүктеліп еңкейді, еңкейіп тұрып еңсесін қайта көтергенде, әлгінің қолында балта жүзі жарқ етті. Балталының екі жағындағы екі жігіт екі қадамнан кейін шегініп тоқтады. Ортадағы сеңсең бөрік қарағаштың түбіне балта ұрды. Балтаның әрбір жаңғырығы Андрейдің жүрегіне зырқ-зырқ соққандай, солқылдатып суырып бара жатты.

Балталы сеңсең бөрік кенет балтаны анадай жерге лақтырып жіберді де, екі жағында тұрған екеумен алысып, ойнай бастады. «Балалықтары қалмаған екен де!» деп ойлады Андрей.

Белгісіз үшеу ұзақ ойнады, тебісті, алысты, қуысты, жығысты, түрегелісті, бір-бірін жерге езгілеп, түйе баспақ жасады, үйме-жүйме жұмарлана жығылып, шалысып, қашысып, бір-біріне жақтасып жүрді. «Апыр-ай, бір жерлерін ауыртып ала ма, жазатайым майып бола ма?!» деп Андрей қылпылдап отырды.

Кенет бұл күтпеген сойқан оқиға болды, ә дегенде Андрей не сұмдық екенін түсінбей де қалған, екі сеңсең бөрік бір сеңсең бөрікті жетелеп әкелді де, әлгінде өздері шаба бастаған қарағаштың қасына тізерлетіп отырғызды, тізерлетіп отырғызды да екі қолын арқанмен қарағашқа байлады, содан кейін әлгілердің бірі байлаулының басындағы бөркін жұлып алып, допша теуіп жіберді, екіншісі аулақтау жерде жатқан балтаны алып келді, алып келді де жүзін жарқ еткізіп, сермеп қалды, сермеп қалды да, анау байғұстың домалақ басын иығынан қағып түсірді! Анау байғұстың домалақ басын иығынан қағып түсірді де, екі сеңсең бөрік асықпай-саспай, қарқ-қарқ күлген қалыптары селоға қарай беттеп жүре берді. «Өңім бе, түсім бе? Ішетін адамдардың көзіне осындай қос көрінеді деуші еді...»

...Бұдан кейін не ойлағаны, не сезінгені Андрейдің есінде қалмапты. «Темір тәртіп... Темір тәртіп! – деп күбірлей берді, – Темір бар жерде тәртіп бола ма? Темір!...» БҰЛ АРАДАН кету керек екенін, БҰЛ АРА дегені бұл ӨМІР екенін анық аңғарды.

Бұдан кейін ол асып-сасқан жоқ, қиналған да жоқ, ілбіп басып селоға келді, өз бөлмесіне кіріп, іздеп, сарайға кіріп, іздеп, жіңішке арқан тауып алды, содан соң тыстағы дәретханаға барды, арқанды белдеме ағашқа мықтап

бекітті, мықтап бекітті де, бір ұшын тұзақ қылып мойнына салды.

Сол сәтте оның зердесіне сабырлы салқын ой келді: «Мен неге арам, былғаныш жерде өлуім керек?! Бұл былғаныш өмірден мен пәк жанымды таза қалпында сақтау үшін қашып бара жатқан жоқпын ба! Ендеше жаным ғана таза кетпесін, тәнім де таза кетсін!» Оның есіне ағасының штыгы түсті, мұқият қайралған, жалт-жұлт еткен штык! «Сол дұрыс!» деді ол өзіне-өзі, бұндай шешімге келгеніне қуанғандай.

Ағасы әлдеқайдан жаңа әзірде ғана келсе керек, шай ішуге жаңа жайғасқан екен.

— Қайда жоғалып кеттің? Шайға отыр! — деп қасынан орын меңзеді. Андрей ағасына жауап қатпады, былғаныш аяғымен төрге озып барды да, сүйеулі тұрған мылтықтан штыкты суырып алды. Сол сәтте үйге еңірей боздап, Бураш кіріп келсін.

— Өлтіріп жатыр! Өлтіріп жатыр!

— Кімді?

— Кім?

— Қайда?

— Үйдің артында!

Василий Михайлович жалпақ белдігін жолай буынып, үйден атып шықты, ағасының соңынан қалай ере жүгіргенін Андрей де байқамай қалған.

Үйдің артында он төрт, он бес жасар бес-алты бала оқтай түзу теректін басына қарап қарқылдап күліп тұр екен. Шу дегенде Андрей не болғанын түсінбесе де кейін ұққан: түндегі бала мысықтың екі бүйіріне мына сорақылар екі қорап динамит байлапты да, шнурына от қойып жіберіпті. Өлім қатерін сезген тірі жан — бала мысық үрей билеп теректің басына шығып кеткен. «Құрыдым, өлдім, құтқара көріңдер!» дегендей жалынышты үнмен мияулап тұр.

— Оңбаған хайуандар! — деді де Василий терекке өрмелей бастады.

Андрейдің зәресі зәр түбіне кетті, басы айналып, көзі қарауытып, жынданып кете жаздады. Уақыт тоқтап қалған. Василий өрмелеп биіктеген сайын динамиттің шнуры да жоғары өрмелеп барады, әлденеге асыққандай шажылдап соңындағы «құғыншыдан» әлдеқайда озып кетті. Ағасы теректің орта тұсына жеткенде, Андрей екі аяғы әлсіреп, құлап бара жатқанын сезді.

— Вася! Түс жерге, мысығы құрсын! Сол неме үшін

опат боламысың? – деп айқайлап жібергенін байқаған жоқ. – Түс кері!

Бұны тыңдайтын ағасы ма? Шнур болса ұшқын шашып, шажылдап өрлей түсті, өрлеген сайын қысқара түсті, қысқарған сайын мияулаған бала мысыққа жақындай түсті, ол мысыққа жақындаған сайын Андрейдің құты қаша түсті, жүрегі аттай тулап, тар кеудеге сыяр емес, әне шығады, міне шығады. Вася ерекше ышқынып, екі-үш тырбанда-ды да, жеттім-ау дегендей шнурға қол созды. Бірақ шнур шажылдап, мысық бажылдап жоғары көтеріліп кетті. «Бітті!» деп ойлады Андрей. Ағасына: «Төмен құла!» деп айқайламақ еді, үні шықпады, айқайламақ болып ашқан аузына жүрегі кептеліп қалғандай.

Оқтай түзу терек, түбірі бір орынға қадалған қалпы, ұшар басы көк аспанға дөңгелек сызып, шыр айналып жүре берді. Андрей құлап бара жатқандай, біреулер бұны құшақтай бергендей. Қисайып бара жатып көргені: ағасы ұшқын шашқан шнурдың ұшын аузына салып тістелеп жатыр екен.

Андрей құламапты. Екі жағынан екі оқушы сүйемелдеп тұрыпты. Қас пен көздің арасындай ғана сәтке есінен танып қалса керек. Есі кіргенде ағасы ағаштан түсіп, бұған қарай күліп келеді екен. Қолында жүні үрпиген бала мысық. Келді де, әлдене деп күлді, Андрейдің құлағы тас бітіп қалған, түк естіген жоқ, бүкіл әлем мақау болып қалғандай.

Ағасы күліп келіп, бала мысықты бұған ұстатты. Бұл пиджагінің түймесін ағытып, бала мысықты жүрегінің үстіне басты, бұл да күлген болды. «Осы бала мысық, мүмкін, менің жүрегім шығар!» деген оқыс ой келді. Енді ол өз ойына күлді. Кенет... кенет Вася тұра ұмтылып, үйге кіріп кетті. Үйден мылтығын алып шықты...

Кенет... Кенет Вася бұның қолтығындағы бала мысықты жұлып алды да аспандата лақтырып жіберсін. Аспандата лақтырып жіберсін де төрт аяғын тарбитып жерге түсіп келе жатқан үлпілдек бала мысықты оң қолына ұстаған мылтықпен көздемей атып салсын. Бала мысық құс қауырсынындай быт-шыт болды.

Халкин-голдан келе жатқан Василий Михайлович келесі күні Батыс Белоруссияға аттанды. Шығарып салуға жиналған жұрт Андрейді таба алмай қалған. Өлең айтып, би билеп, сырнай сарнатып станса басынан оралған жақын-жұрағат, досжаран Андрейді аула шетіндегі ағаш дәретхана ішінен тапты.

Асылып қалған екен. Асыларын асылғанмен іле-шала өкінген-ау, шамасы, дәретхананың ақ тақтай қабырғасын балшық бәтеңкесімен тепкілей беріпті, тепкілей беріпті.

«Басқа, таза орын таппағандай!..» деп күйінді жеңгесі Олеся...

ӨЛІМ

Кірпішбай облыс орталығына қызметке ауысты. Бір апта өтпей-ақ үйін қалаға көшіріп те үлгерді. Қолдаушы, сүйеуші атаулыдан жұрдай Кірпекеңнің бұл өсуі қатар келе жатқан құрбы-құрдастарын таңырқатпай қойған жоқ. Біреулер: «Бәленшенің себі тиді» десе, екіншілер: «Өзі де өсетін жігіт қой, өз несібесі» десті. Өмір-бақи қалалық болуды арман етіп, соған іштей әзірленіп жүргендіктен болар, ол аз-кем шамада-ақ бейтаныс өмірге тез икемделіп, қала тұрмысына машықтанып алды. Көнере бастаған қытайы көне макинтош орнына болонья, қос бортты кең балақ қара костюм орнына мәнжетсіз қара көк жолақ костюм, добал бас қонышты бәтеңке орнына сүйір тұмсық «қайық» киді. Көк мәуіті шляпа да қалған. Бүйра қара шашын қайыра тарап, жаланбас жүреді.

Мекеме беделді, үлкен. Кірпішбай суға батқан тастай байқаусыз сіңіп кетті. Бірте-бірте көңілі жайлана бастаған. Үй десең, үй бар: үш бөлмелі, үш бас жанұяға, кең, мол.

Қызмет дүмпулі. Жұртқа керек сый-құрметтен кенде емес. Жалақы жеткілікті. Қор жинауға да мүмкіндік бар. Өзі қызметке ұқыпты, тындырымды. Бәлелі жерге жоламайды. Сақ, өлер жерін біледі. Өлер жерін де, өсер жерін де біледі. Қалаға келісімен жұбайын мектепке кітапханашы етіп орналастырған. Қызы бақшада. Бір сәті түспей жүргені гараж еді. Көктемде оны да салдырып алды. «Москвичі» күтімді. Лыпып тұр. Апта бойы қызметте болады. Сенбі күні түс ауа «Москвичіне» әйелі мен қызын салып алып, Аққөлге тартып кететін болып жүр.

Бәтиха да Кірпішбайдан қалыспайды. Қала өмірін тез-ақ игеріп, меңгеріп кетті. Моданы тез-ақ қуып жеткен. Қала тағамдарын да дәмді пісіруді үйренген. Өзі сары адам, ақ сазандай болып былқып алған. Шашты ықшамдап, ерінтырнақты жөнге келтірген. Бұның да көңілі жай. Өмірі есепті. Қызметіне ұқыпты. Кіммен араласып, кіммен араласпауды біледі.

Осы үлгілі, бақытты семья күндердің күнінде быт-шыт бола жаздады. Кірпішбай келесі жылдың көктемінде демалысқа шыққан. Сочиге тегін жолдама алды. Еркебұлан әдейі арнап, Асаталға келіп, Кірпішбайды шығарып салды. Қаражаттан тарығып қалма деп үш жүз сом ақша қосты. Кірпішбай оған риза боп аттанды. Бірақ Сочиге келіп орналасқанына бір апта болар-болмаста сұмдық хат келді. Машинкаға басылған бес-алты-ақ ауыз сөз. «Сен курортта мәз боп жатырсың, жата бер. Мұнда сенің сүйікті жарың Бәтиха мен сүйікті досың Еркебұлан да курорттап жүр. Ақымақ!» депті. Кірпішбай ілкіде сенген жоқ. Бір иттің қалжыңы болар деген де қойған. Бірте-бірте: «Рас болса қайтемін, кім біледі...» деген ұры ой жігіт жігерін жегідей жеп, екі-ақ күнде меңдеп алды. Екі күн, екі түн, ары аунап, бері аунап, үшінші күні Ташкент арқылы ұшаққа билет алды да, үйге тартты. Жол бойы күпті ой, берекесіз сағаттар өткерді. Сенер-сенбесін білмеді. Еркебұлан. Апыр-ай, ол сондай қасиетсіз бе еді? Дос деп жүргенде. Қой, бекер шығар. Бір иттің қалжыңы болар, деп өзін-өзі жұбатумен болған.

Ұшақ Асаталға түс ауа қонды. Ешкімге хабарламай, әуежай басынан такси жалдап, үйіне бір-ақ келді.

Бәтиха үйде екен, Кірпішбайға солай көрінді ме, әлде шыны солай ма, әйтеуір әйелі таң қалған жоқ. Қуана да қоймады.

— Неге тез келдің? — Сұрағы сол ғана.

— Лялькамды сағындым. Мейрамды сендермен өткізейін деп келдім, — деді Кірпішбай. Сәуірдің жиырма тоғызы еді. Жол жүріп қайтқанда үй тұрмысқа керек бұйым-киім ала келетін Кірпішбайдың әдеті. Бұл жолы неге құр келдің деп Бәтиха сұраған да жоқ.

— Е-е, жарайды. Келгенің дұрыс болды! — деп Бәтиха ас бөлмеге кеткен. Кенет сырт есіктің қоңырауы бажылдап қоя берді. Еркебұлан екен.

— О, кемпір! — дей бергенде, Бәтиха да іліп әкетіп:

— О, қу-ай, Кірпішбай досыңның келгенін қайдан біліп қойдың?! — деді қатты-қатты сөйлеп.

— Білем ғой «көріпкелім» бар! — деді Еркебұлан. Ол да қатты сөйледі. — Таксиде көргенін айтты... бір кісі...

«Көруі мүмкін ғой» деп ойлады Кірпішбай. «Бірақ Бәтиха неге сонша қатты сөйлейді. Мен естісін дегені ме? Еркебұлан неге қалада жүр? Жиналысқа келді ме екен? Әнеукүннен әлі осында жатыр ма екен?»

Қонақ бөлменің есігі сарт ашылып, Еркебұлан кіріп келді. Құшақтай алды. Сүйіп жатыр.

— О дос! Жақсы барып, жақсы келдің бе? Жанұяңды сағынған екенсің-ау, тез-ақ оралдың ғой. Келіншегінді сағынғансың ғой! Сағынарлықтай ғой, шіркіннің өзі де! — дейді.

Еркебұлан Бәтихамен қатты қалжыңдайтын. Сонысына басты. Шай үстінде екі сөзінің бірі:

— Сағынысып қалған шығарсындар-ау! Ой екеуің бір!..— дей береді. Коньяк, шампан ішілді. Қуырдақ, ет желінді. Еркебұлан мен Бәтиха сыр берер емес. Еркін қалжыңдасып, еркін отыр. Кірпішбай да сыр бермеген. Қызы үйде жоқ. Сол ғана көңіліне келе берді.

— Ляля қайда? — деп сұрап еді.

— Апам алып кеткен, — деді. «Ауылдағы шешесіне қалай ғана беріп жіберді екен. Бір сағат көрмесе, құлынды биедей шұрқырап тұра алмаушы еді» деп ойлап қойды. Үшеуі әбден ішті. Сақ Кірпішбай тартынған жоқ. Бәтиха да қызара бөртіп алған, сілтеп отыр. Өзі көңілді. Күле береді. Еркебұлан болса, ол — бөшке, ішімдіктен өзін тыйып көрген емес. Сол күні қызулығын желеулетіп, бұл үйде қонатын ыңғайын білдірді.

Кірпішбайға арам ой келді. «Ішіп-ішіп мас боп қалайын. Есімді жоғалтпасам болды да, қайтер екен» деді.

Сағат түнгі үш кезінде бұлар жатты. Еркебұланға қонақ бөлмедегі диванға төсек салынды. Ерлі-зайыпты екеуі жатын бөлмеде. Кірпішбай тәлтіректеп қалған. Бәтиха ас бөлмеден ыдыс-аяқ жуған болып, кешірек оралғанда бұл қор ете қалды. Бәтиха қонақ бөлменің есігін ашып, қатты-қатты сөйледі. «Маған естілсін дегені» деп ойлады Кірпішбай.

— Мына столдың үстін жинамадым. Көңіліне келмесін, Еркеш! Жатып, ұйықта енді. Мен шалымның қасына кеттім.

Бәтиха келгенде Кірпішбай қорылдап жатқан. Келіншек:

— О, шіркіннің қорылдасын-ай! — деп ары-бері қытықтап көріп еді, Кірпішбай былқ-сылқ.

Бәтиха ерінің қасында біраз тыныш жатты да, бір уақытта:

— Ойбүй! — деді. — Қой, құрысын. Ерінбейін. Қонақ жатқан бөлмедегі столдың үстін жинап қояйын! Ыдыс-

аяқтың арасында, асханада жатқызды деп өкпелеп жүрер! – деді. Деді де ақырын жылжып шығып кетті.

Кірпішбайдың демі тарылып, алқына бастады. Денесі жиырылып барып, бір-екі рет аяқтары серпіліп-серпіліп кетті де, бойы жазылып, дел-сал боп қалды. Басы дыңылдап, құлағы шуылдай жөнелді. Тұрмақ еді, басын көтере алмады. Ана жақта не болып жатыр, тыңдамақ еді, түк естімеді.

Әзер тұрып, ақырын басып дәлізге шықты. Ақырын басып келіп қонақ бөлменің есігін жұлып ашты да шамын жағып қалған. Екеуі едендегі кілем үстіне түсіп кеткен екен.

– Әй, бұларың не, иттер? – деген сөзді қалай айтқанын өзі де білмейді.

Келесі үш күні көрген түстей бұлдыр өтті. Не істеп, не айтқанын өзі де аңғармайды. Бәтиханы өлерше сабап тастапты. Еркебұлан өзі безіп кетіпті! Осымен тынса түк жоқ еді. Кірпішбай онымен тынбады. Акт жасады. Совет семьясын бұзды деді. Өзі жауапты қызметкер! Азғындаған. Ондай адамға біздің арамыздан орын жоқ деді. Шара қолдану керек деді. Осындай істің болғаны рас. Еркебұланның мені азғырғаны рас, деп Бәтихаға зорлап қол қойғызып алды. Ендігі жерде Кірпішбайдың ой-мақсаты Еркебұланды мұқату. Жер құштыру. Кек алу. Торға түскен шыбындай бәлемді бір шырылдатпақ. Арызы мен актісін үш дана ғып таза бастырып, үш мекемеге тапсырған. Кірпішбайдың қолынан арыз алған әкімдер Еркебұлан жазасын тартады дескен. Кірпішбайдың көңілі енді-енді жайығып, өзіне-өзі келе бастап еді. Бір күні: «Не дейсің, Кірпеке, сен өзің құритын болыпсың» деген хабар сарт ете қалды.

Еркебұлан Бәтихаға басқа бір арыз жаздырып алыпты. «Жауапты қызметкер. Мені өлтіре сабады. Ылғи сабайтын. Менде жазық жоқ. Жала жапты. Адал досы Еркебұланға қиянат жасап отыр» депті. Арызына дәрігерден алған анықтамасын қосыпты.

Енді Кірпішбайдың өзі безек қақты. Үйіне келіп Бәтихасына тағы ұмтылып еді, – «Тарт қолыңды! Осыдан тырнағыңның ұшын тигізіп көр, бір күнде жұмыстан қуғызам!» деп сазарып тұрып алды.

Амал жоқ.

Май мейрамының алдында бірнеше күн табиғаттың түнеріп тұрып алып, дәл мейрам күндері жадырап ашыла

қалатыны бар. Биыл да солай болған. Биыл да мейрам өтісімен, адамдарға: «осы құтырғаның жетеді!» дегендей, табиғат қайта түксиді. Он шақты күн бойы аспан бір жадырамады: ақ жауын, нөсер, соқыр жауын кезектесіп көз ашырмады. Қам көңіл Кірпішбай жаншылған үстіне жаншыла түсті. Бұл өмірден безердей болған. Бұндай шатақ үстінде кеңседен кеңсе қоймай, достан дос қоймай шарқ ұруың керек. Мына құдайдың күні еңсеңді езіп, үйден шығармады. Ісің түсіп барған мекемеге мүсәпірдей сөмпиіп бара алмайсың. Жайшылықта да үстіне көлденең қыл түспейтін Кірпішбай, енді тіпті ұқыпты болуы шарт. Қозғалмай үйде жатайын десе, Еркебұлан арызы жұрт арасын мендеп кететін түрі бар. Бірінші басшы хабарланып қалса, не бетін айтпақ?! Кірпішбайдың қиналған жері осы еді. Күн ашылған бір сәтте таза киініп бір бастыққа барған-тын. Толықша келген қара әйел Кірпішбайды күле қарсы алды.

– Иә, кел. Демалыстан тез оралдың ғой. Демалыс қалай болды? – деп жатыр. Кірпішбай хал-жағдайын айтып еді.

– Иә, білем, білем. Ол бір қиын іс болып тұр. Өзіңнен де бар енді! – деп өзімсініп біраз, ұрсып алды. «Е, ұрысқаны дұрыс, енді көмектесіп жіберсе болғаны» деп отырған Кірпішбай. Бастық әйел:

– Әлі бірінші бастыққа жетпеген болу керек бұл әңгіме. Әзірше бәленшенің қолында, – деп өзі деңгейлес бір бастықты атады. Атады да телефонды алды. Бұл бастық ана бастықпен біраз сөйлесті. Алдымен өзінің шаршап жүргенін айтты. Жұмыс қиын деді. Мазасыз деді. Шатағы көп деді. Кейде бір жап-жақсы адамдардың қарап жүріп басына пәле сатып алатынын айтты. Сосын Кірпішбай жайына көшіп еді. Сөзінен, үнінен ана жақтың кенет қарсы дау айта бастағаны сезіліп қалды.

– Бұл өзі бір жақсы жігіт. Өсетін жігіт. Оғаш қылығы аңғарылған емес, – деп көріп еді бұл жақ, ол жақ тіпті қатты кетсе керек. Сондықтан бұл жақ: «Жоқ, ә! Менің де қайбір... Маған да бәрібір ғой. Бірақ... иә, әринеге» басты. Ісінің қыры кеткенін Кірпішбай сезді. Бұл жақ ол жаққа дәл осы Кірпішбай үшін қарсы келе қоймас. Өзі болса да «шамасынан» шыға қоймас еді ғой: басқалар үшін қызылмай болмау – қызмет шарты. Кірпішбай оны жақсы біледі.

Бұл бастықтан да күйініп шықты. Ең соңғы бір үміт

артқаны осы еді. Бұның алдында бес-алты жерден демеу таппаған. Енді құрыдым. Қызметтен қуылдым деп ойлады. Кеңсе алдындағы скверде біраз отырды. Ойланды. Енді не істемек? Анау бастыққа бара алмады. Мінезін біледі. Мынау қырсыздық көрсетті. Енді несі қалды мұның. Табан астында қор болып, жоқ болғаны да? Енді ешкімге керегі жоқ бұның. О, дүние-ай! Кеше ғана «Кәке, Кәке!» деп иіліп тұратындар да енді қарасын көрсетпей кетті. Скверді бойлап бір таныс жігіт келе жатыр екен. Бұны байқап қалып, бұрылып кетті. Көрмегенсіп барады. Енді Кірпішбайдың оған керегі жоқ та. «Не де болса ана бастыққа барайын. Халімді түсіндіріп айтайын. Алдынан өтейін» деп ойлады Кірпішбай. Бірақ сөйтіп отырғанда кенет нөсер жауын құйып кетіп, бір киер костюмін мылжа-мылжа етті. Енді бастыққа қалай барар.

Күйініп кетті. Дәл қазір ыңғайы болса, буынып өлердей. «Енді мейлі. Енді аянар нем қалды!» Шешімі осы. Жақын жердегі магазиннен арақ-шарап сатып алды да, телефон-автоматтан Еркебұлан жатқан қонақ үйіне қоңырау соқты. Әбден қор болған. Даусы дір-дір етеді.

— Әй, Еркеш, ит-ай! Ит те болсам, құрдасың едім ғой! — деп бастады. — Өлтіремісің мені? — деп жалынды, жалбарынды. Кешірім сұрады. Неге? Өзі де білмейді. Еркебұлан ашулы екен, оңай жіби қоймады. Дегенмен көнді. Кірпішбайдың үйіне баруға келісті.

Еркебұлан сол күні Кірпішбайдың үйіне барды. Сөйлесті. Бәтиха бұларды алғаш сазара қарсы алған. Біртебірте ол да сөзге араласып, жадырай берді. Шай қайнатты. Ет асты. Жасырып жүрген коньягі бар екен. Оны да аямады. Еркебұлан көпке дейін көнбей, кешірмей отырған. Кірпішбай жалынып болмаған соң:

— Жарайды, ендеше, ит те болсаң туыс едің, құрдас едің. Кештім! — деді. Сол — сол-ақ екен, Кірпішбай еңкілдеп кеп жыласын, өзін-өзі ұстай алмай, Еркебұлан мен Бәтиханы кезек-кезек құшақтап ағыл-тегіл болды.

Ертеңіне Бәтиха мен Еркебұлан арыздарын қайтып алды.

Кірпішбай қызметінде қалды.

ТӘЖ

Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адам-ды,
Салғастырып қарасам –
Сумүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам!

Дулат Бабатайұлы

Махамбет кірді. Түсіме. Ұқсамайды, қалыптасқан бейнесіне. Жалаң бас, дулығасы қайда? Жейдешең, кіреукесі қайда? Ақ көйлектің етегін жел кеулеп тұр, кісесі қайда? Ақ дамбалы тізесін әрең жасырыпты, кедейлігі ме, әлде, әйелі салақ па?

Айғыр жілік, бура сан дегеннің өзі екен, ақынға ұқсамайды ғой. Аяғы – жалаң. Еспе құмды көсіп келеді. Жақындап келеді. Маған.

Адам түсінде өзін-өзі көрмейді. Мен екем деп қана ойлайды. Кейде әлдекімнен қашып келе жатады. Қашып келе жатырмын деп ойлайды.

Кейде әлдекімді қуып келе жатасың. Қуып келе жатырмын деп ойлайсың. Бірақ, ентікпейсің, алқынбайсың, шаршамайсың.

Әлдекім саған пышақ ала ұмтылады. Сен қаша алмайсың.

«Тоқта!» деп айқайлағың келеді. Аузыңды аша алмайсың. Үн шықпайды. Себебі – сен камерасың. Адам өзін түсінде көрмейді.

Махамбет маған төніп келді. Сәлем беріп, бас имек едім, шарасыз екенмін. Сіресіп, қатып қалыппын.

– Қырға шық! Боз інгенді қайтарып кел! – деді Махамбет. Ап-анық айтты. Маған айтты!

– Құп! – дегім келген, аузымды аша алмадым.

– Естідің бе, ей, Ерсұлтан?!

«Менің атым Ерсұлтан емес қой!» – деп ойлаймын. Ойлаймын, ойымды айта алмаймын. Екі көзім Махамбетте. Өзімде үн жоқ!

– Қазір! – деген дауыс естілді. Сырт жағымнан.

Тоғыз-он жасар бала, ту сыртымнан жүгіріп шықты да, қос қолын қанат қылып, ұша жөнелді. Түс қой, түс.

Қос қолын қанат қылып ұша жөнелген ұл баланың соңынан мен де көтеріле бердім.

Алты қанат боз үй де, боз үйдің маңында батысқа қарап тұрған Махамбет те төмендеп қалып барады.

«Мынау бір ғажайып көрініс қой!» деп ойлаймын.

«Небраска пойнт?» деп түйдім. «Бірақ, ол Америкада ғой!» «Мынау – Қара қия! Әлде, Қара кие ме еді? Теңіз деңгейінен жүз отыз екі метр төмен!» Бұл да ой. Құз жартас. Ғажайып әлем. «Махамбет Қараойда ажал тапқан еді ғой! Бұл ара емес». Қойшы-ей, Әкім! Қазақ жерінде туып, қазақ жерінде өлді емес пе ақыныңы!» «Ол рас! – деп мойындадым. – Қазақ жерінде туып, қазақ жерінде көз жұмды ол».

Жалаң аяғымен құм кешіп, менен алыстай берді.

Жауырыны қақпақтай дейтіннің өзі екен. Ту сыртынан қарап тұрмын. Хром етік. Шпор. Панталон. Китель. Погонсыз. Маған қарай жалт бұрылған. Ақ көйлегінің жағасы тіп-тік! «Мынау Махамбет қой!»

Көзі қандай! Боталап тұр. Көз дегенім көз емес, түнгі дала екен ғой! Көз дегенім көз емес қорықта жанған шырақ қой. Лап етіп, тұтана берді де лып етіп, өше қалды. Ақынның көзі.

– Ал, жолдарың болсын! – Бұл – Жәңгір. Таққа жаңа ғана отырған кезі, кейпі де жуас, көзі де жуас. – Балаға мұқият бол.

– Құп, тақсыр! – Бұл Махамбет. Ақындық арынға енді ғана ер салған кезі. Пысы басым, үні өктем. Бірақ, өзінөзі тежей біледі, көргенді атаның баласы, әсем иіліп, ханға әсем тағзым етті:

– Құп, тақсыр! – Оң қолын жүрегіне басты.

Өзі де, өңі де жұпыны ханның алты жасар ұлы қуыршақтай жасанған, үлкен қалаға аттанған ханзаданың әлпеті ерекше, алтын-күміс, гауһар-жақұттан көз ала алмай қалдым мен!

– Ал, жолың болсын, Зұлқарнай! – Хан иіліп ханзаданың маңдайынан иіскеді.

Қуыршақтай киінген ханзада өзінше пан, алтын қынапты қанжары жер сызып, оқалы күймеге қарай жүре берді.

Махамбеттің қимылы – ымырт түсе аңға шыққан жас барыстың аяқ алысы дерсің, ұстамды да сақ, бірақ, көз ілеспес мезетте атылып кетуге әзір.

Екі-үш аттап барып, қуыршақтай ханзаданы екі қолтықтың астынан алды да күйменің жұмсақ қызыл барқыт орындығына отырғыза қойды Махамбет.

Өзі де ұршықша иіріліп, шыр айнала беріп ханзаданың қасына жеңіл орналасты.

– Барысым ғой бұл! – деді хан, қызғана білмейтін кезі еді әлі.

Енді байқадым: балаң билікшінің ту сыртында еңселі бойының ұзындығынан қымсынып, алтын зерлі шапаны жаңа сайланған хан көзіне оғаш көрінуі мүмкін-ау дегендей, бүгіле түсіп, күбіжіктеп тұрған еңгезердей жуан қара бар екен.

— Барыс дейсіз... Барыста ие болмас! — деп міңгір етті ол өз-өзіне сыбырлағандай.

Естімегендей сыңай танытты хан.

— Көкірегі көріктей жігіттер жинасам деп едім төңірегіме! — Бұл сөздерді ол жуан қараға айтқан жоқ, өзін-өзі көндіріп тұрғандай еді.

— Желге толып қомпиған көріктің соры — көзге ілінбес біздің инесі емес пе?! Пыс етер де басылар! — Жуан қара да өзіне-өзі жауап бергендей, мұрын астынан міңгір етті.

Күймеге жегілген үш ат та, ақбоз бен екі торы, жарықтықтар, далалық жануар еді, кісі көзінше ұяң көрініп, хан алдында бастары салбырап, момын көрінген, шаңқан ақбоз ауылдан ұзай бере сирақтарын сілтеп тастап, көсілсін бір, көсілсін! Жебедей атылған күйменің екпініне шыдай алмаған теп-тегіс дөңгелек дала, қара ноқат күймені арыс-меже қылып алып, шыр көбелек айналсын бір, айналсын.

Форма киген көшір балада ес қалмаған. Бұл ғаламда одан бақытты жан жоқ еді сол сәтте. Екі көзі кеткен ежірейіп, екі езу кеткен ыржиып, екі танау кеткен делдиіп, екі иық кеткен қомданып, екі қол кеткен қос қанаттай жайылып...

Дәл сол кезде қазақтың кең аспанына шырқай шарықтап шығып алған құрыш қанат көк қыран тұңғиық көкті көк жебедей қиып бара жатқан, сол қыран сәл шүйіле түсті де, тегіс далада көлбеп бара жатқан өз көлеңкесін таныды. Ақын мінген күймені өз көлеңкем деп түйді.

Қуаныш оты жарқ етті, көзінен.

Қазақтың көк аспанына шырқай шарықтап шығып алған құрыш қанат көк қыран тұңғиық көкті көк жебедей қиып бара жатты.

Сол қыран сәл шүйіле түсті де, тегіс далада көлбеп бара жатқан өз көлеңкесін таныды. Таныдым деп түйді. Өз көлеңкем деп білді. Бірақ, іле-шала жер бетінде көлбеген көлеңке екіге бөлінді, бірінің қанаты қалбалақтап, әдденеге малтығып, қала берді, екіншісі сұр жыланның басындай қайқандап ойынды ой дейтін емес, қырынды қыр дейтін емес, Жайықтан өтті жалт етіп, Електен өтті елп етіп,

бір сүрінсе, Ордың биік жарынан жалп етер деп едім, құламады, тұра қалды қалт етіп, әлдебір түсініксіз құбыжық көргендей бір айналды, екі айналды, таң қалды, түсінбеді, басын шайқап-шайқап қойды, шырқау биіктен құлдилап құлап келді де құбыжық үстінде қалықтап жүріп алды.

Төмендегі құбыжық — Орынбор деген қала еді, көк күмбезді мешіттер еді, алтын күмбезді шіркеулер еді, шымқай қызыл түңке төбелі үйлер еді, жылтыр тастардан кіріктіріп қашалған тіп-тік көшелер еді, тіп-тік көшелерді бойлай құйқылжыған күймелер еді.

Қыранның қып-қызыл жанары қып-қызыл түңкелерге сүріне берді, сүріне берді. Көзі қарауытып кетті ме екен, құйын көтерген қу жапырақтай қалбалақтап барды да, қала шетіндегі құрттай құжынаған мал базарының үстіне төне түсіп, қос қанатын түзеп алды.

Қос қанатын түзеп алды да, енді көрмегенім үлкен қала болсын дегендей, сайын дала көгіне өрлеп, самғап кетті.

Сайын сахара көгіне өрлеп самғап кетті де, Жайық бойын жағалап, тоғай-тоғайды тінтіп келіп, жар жиегінен өзен табанына құлай берген оқалы көк күймені көзі шалып қалды.

Қайта оралып, қайта барлап көрді. Кенет дүние қып-қызыл болып, өртеніп шыға келді. Кенет құйынға ұрынған қалбырдай қалбалақтап, жоғары бір көтеріліп, төмен бір сырғып, ақыры, қып-қызыл боп өртеніп лаулаған оқалы күймеге тағдыр тасындай атылды.

Соның алдында ғана Махамбет пен көшір бала қуыршақтай жасанған ханзада баланы күймеден көтеріп түсіріп, су жиегіндегі топ талға қарай жетектеп келе жатқан.

Кенет селк етті де, ақын көкке қарады. Зымырап келе жатқан тағдыр тасын таныды. Таныды да, жалма-жан, ханзада баланың басындағы қан қызыл мәуіті бөрікті жұлып алып, шүйіріп-шүйіріп, бумеранг атқандай (!), шыр айналдырып, аспанға атты.

Атып үлгерді. Жанарына қан толған қыран қып-қызыл алтын табақтай шыр айналған қан қызыл бөрікті қос шеңгелдеп бүріп үлгерді. Бүріп үлгерді де, жердегі тірліктен жерігендей, қос құлаш қанатымен өз бауырын өзі сабалап, ауыр көтеріліп, биіктей берді.

Аңырып тұрған ақын мен көшір бір-біріне қарады, содан соң, келісіп алғандай, екеуі де бір мезгілде ханзада балаға қарады.

— Тағдырың қандай қиын еді, балапаным! — деп ақын жаланбас қалған баланы бауырына басты.

Қорықта жанған шырақтарды таңғы шық орапты. Ақын ғой, ақын. Ақын көздері ғой.

Ханзада бала тәжінен айрылғанын сезгендей жыламсырап, апайтөс жігіттің кеудесіне жүзін жасырды. Бала ғой, бала.

* * *

Төрт мұнаралы мешіттің көк күмбезіне бүркіт қонды. Сала құлаш қанаттарын жиып алғанда шап-шағын ғана жұпыны құс болып қала ма, қалай.

Қаланың қара сирақ балалары, орыстары бір бөлек, қазағы мен татары бір бөлек, қиқулап келіп, таңырқай тосылып, таңырқай дағдарып қалып, есін енді жиғандай, ғимарат маңындағы кең алаңнан тас, кесек іздеп тауып, мүсәпір халге түскен, бүрісіп отырған аспан тағысын мазақтап, «оқ» жаудыра бастады.

Қанша қорланса да бүркіт шіркін бұғып қалуды білмейді екен. Не салсаң да көндім дегенгей, өр кеудесін кере түсіп, төмендегілерге тік қарап отыр. Екі аяғын кезек-кезек бауырына тартып, қапылыста ілінген олжасынан құтылудың амалын іздейтін тәрізді.

Қыран жас болса, қан қызыл мәуіті бөрікті болат тұмсықпен болат тырнақпен быт-шыт қылар еді, бірақ, көпті көрген жарықтық, ашуға бой алдырмады, сабырмен тартып, құрыш шеңгелін айла-әдіспен босатып алды.

Болат шөңгесін босатып алды да, төмендегі көп шуылдаққа сынай қарап, қызыл түңкелі үйлерге енді алданып қалмайын дегендей көзін жұмып, қос қанатқа жел берді.

* * *

Алты жасар жүгермек көп нәрсені сезгендей.

Көк күмбезді мешітке мінбелете салынған көк шатырлы еңселі ғимараттың алдына келіп тоқтаған сәтте оқалы күймеден түспей, безеріп, отырып алды. Серіппедей секіріп түскен Махамбет безерген баланы жорта еркелетіп:

— Уа, ханзада! Келе ғой! Түсе ғой! Қолтығыңнан демеп жіберейін! — деді.

Бала естімеген тәрізді, тұлданып алған.

Еңселі есік ашылып, еңселі ғимараттың биік баскышы-

ның үстінде өте сәнді киінген, ерекше таза ақ шәйі сәлдесі үлкен сәскенің жұмсақ сәулесіне шағылысып, Мұхамеджан мүфти тұрды. Ақын емес пе, діни адамның салтанатты кейпіне сүйсініп те үлгерді, қас қағым сәтте ұмытып та үлгерді: әке соңынан сәл ғана кешігіп көрінген Фәтима сұлудың келбеті қорықта жанған түнгі шырақпен аймаласып кетті.

«... Ителгі көзін төңкертіп...
... Аш күзен белін бүгілтіп...
... Аш күшіктей қыңсытып...» –

деп, іштей толғап та үлгерді.

Ақын санасы асқақтап та үлгерді, ақын көңілі тасып та үлгерді, ақын өзін-өзі басып та үлгерді. «Сұғанақ көз, сұм көңіл... Кешіре гөр, Жаратқан Ием!!!»

Безерген баланы қос қолтықтың астынан күшікше көтеріп, мүфтидің алдына әкелді, Махамбет дінбасына ерекше тағзым етіп, бас иді.

Безерген бала безектеп жылай бастады. Махамбет сасқаны болар, мүфти мен ару қызға қарап күліп жіберді.

– Уақасы жоқ! – деді Мұхамеджан, бала қылығын түсінем ғой, дегендей, түсінем де кешірем ғой дегендей, миығынан жымиып, биік басқыштан маң-маң басып, өзі түсіп келіп, безектеген тентектің кекілін сипап, кекіл сипаған оң қолының алақанын өз еріндеріне апарып, сыпайы ғана сүйіп қойды. – Бөрінің бөлтірігі емес пе! Жарасады бұған! Кәне, ханзада, Жәңгір ұлы Зұлқарнай, Бөкей немересі, Нұралы шөбересі, хош келіпсіз, өзіңізді күтуліміз!

Безек қаққан бала сап тыйылды. Әлденеге ұялғандай кіп-кішкентай алақандарымен төбесін басты.

– Бір ыңғайсыз жағдай болып еді... – деді Махамбет.

Биік басқыштың үстінде тұрған Фәтима бойжеткен (бойжеткен атанса да жасы әлі он төртке толмаған ғой!) сөзге килікті. Лебізін әкесіне бағыштады, Махамбетті көзіне де ілер емес.

– К великому сожалению, – деді қыз, ханзадаға күліп қарап, сүйкімді еріндерін «дөңгелете» сөйлеп, «ителгі көздерін» аунатып-төңкеріп, «аш күзен белін» бұралтып тұрып, – к великому сожалению, столь высокое, столь благородное, столь божественное родословное древо было испорчено необдуманным поступком самого наследного принца. У этого волчонка мать – обыкновенная дворняшка... Некая...

Орыс тіліне жетік екенін аңғартпады Махамбет. Балғын сұлудың тілі ұшында «тістеліп» қалған екі сөзді өз зердесінде айтып шықты Махамбет: «Ақырап қызы...»

Қызының орысша сөйлеп кеткеніне әлде мақтанды ма, әлде қысылды ма, Орынбор губерниясының бас мүфтиі өктем сөйледі:

— Ал, тақсыр ханзада, үй — міне! Қызметшілеріңіз алдыңызда тұр! Төрлетіңіз, Мырза!

* * *

Сол түні биік төсекте жатқан бала ханзада өксіп-өксіп жылап оянды, жылап оянды да, аяқ жағында, аласа тақтада жайғасқан аталық ұстазы Махамбеттің төсіне бетін қойды.

Ақын басын көтеріп отырды.

Кішкентай ғана жылы денені төсіне қысты.

— Апыр-ай, жазықсыз періштем-ай! Не күтіп тұр екен сені алда!

Бала ұйқысырап жатып:

— Апа, іш... іш! — деді.

Баланы бауырына басып, сыртқа беттеген Махамбет, кең дәлізбен өтіп бара жатып, сәл ғана ашық қалған есіктен Фәтима бойжеткенді көріп қалды.

Көріп қалды да, есеңгіреп, тұрып қалды: ақ жібек лыпа ақ мәрмәр мүсінді жасыра алмайды екен!

Мөлдір суда асығыс жүзген сұр жыланның бел қайқаңын Махамбет талай көрген. Мен де талай көргенмін. Сол қайқаңға теңеу іздеп қобалжитын күпті көңіл. Сол теңеу табылды, оңай табылды.

Бар ғалам ғайып болыпты. Ақ жібек лыпа бұраланданған мүсінді жасыра алмайды екен. Қайтейік!

Менің жадыма өлең сөздері оралды:

Күміс құмған-ай...
Отта тұрған-ай!

Отта тұрған күміс құмғанның қандай қимыл жасайтынын мен ғана білемін. Махамбет те білген. Білген. Қызыл түлкі көрген қыран көзденіп кетіпті ғой ақыным! Білген, әрине!

Айналайын көзіңнен, ашып-жұмған-ай...

Сондай бір қуыршақтар болады: аяғын бүксең, көзі ашылады, аяғын жазсаң, көзі жұмылады.

Оны мен ғана білемін. Жоқ! Мен ғана емес! Махамбет те білген.

«Ителгі көзін төңкертіп...» деп күбірлер ме еді білмесе.

Солай деп күбірледі ақын Мұхамеджан мүфтидің кең дәлізінде тұрып. Кеудесіне қысып алған ханзада баланы ұмытып кеткен.

Кенет ақ лыпаға оранған ақ мәрмәр сужылан, әлденеден шошынғандай, белі бұралаң-бұралаң ете қалып, басы қайқандап барып, өте биік, өте қымбат шкафты ашты. Ашты да, әлденеге батылы жетпегендей, кідіре берді.

Кідіре берді де сүмбіл білегін іш жаққа сүңгітіп жіберіп, сүйріктей саусақтарына іліп, қан қызыл мәуіті бөрікті бүріп шықты.

Махамбет те, мен де есеңгіреп тұрмыз.

Ақ лыпаға бөленген ақ күміс құмған, бүлк-бүлк қайнап отта ойнаған күміс құмған, қып-қызыл мәуіті бөрікті сүйріктей саусақтарымен сипай бастады. Сипай берді. Алдыңғы жақта лаулаған үлкен шырағданнан түскен қызыл сәуле балаң сұлудың жанарын отқа орады.

Көк, жасыл, қара, шымқай қара, тұман боз, бұлыңғыр боз ғауһар тастарды, лағыл тастарды, меруерт тастарды сүйрік саусақтар, аймалап, мөлиген ителгі көздер ішіп-жеп барады.

Ақ жібекке бөленген сужылан, әлденеден шошынғандай, қара мәрмәр мен ақ мәрмәрдан көркем жонылған басын, қайқаң еткізіп, көтеріп алды.

– Апа, іш қылам, іш қылам! – деді ұйқысыраған бала.

Ұзын дәліздің бойымен серіппедей атылған Махамбет сыртқа шығатын мың оюлы, зілдей ауыр қайың есікті әрең ашып, қараңғы түнге сіңіп кетті.

Мешіт жақтағы алаңға жарық беріп тұрған еңселі қос терезе, әлденеден ұялғандай, қос жанарын жұма қойды. Шам өшкен соң ғана байқады Махамбет: үлкен қаланың үстінде де Жеті қарақшы – Ақбозат жұлдыз шоғыры жосылып барады екен. Кең аспанның алыс түкпірінде бір топ үркер үркіп тұрыпты.

Темірқазық, мызғымас қалпы, жалғыз көзін бала құшақтаған ақын өңменіне қадап, міз бағар емес. Өзің жеңіліп, өзің жанарынды тайдырып кетесің.

— Апа, іш қыламын! — деді ұйқысыраған бала үшінші мәрте, Махамбет, жүрелеп отыра қалып, бала тілегін орындады.

* * *

Орыста: «лубочная картинка» деген түсінік бар. Таптаза суреттер, қоп-қою бояулар, жап-жасыл ағаштар, көкпеңбек көлдер, жұмыртқадай аппақ аққулар, қуыршақтай киінген қыз-бозбала, қыр басында сырнай тартқан дударбас, етекте — жусап жатқан мегежіндер мен торайлар. Шыбын-шіркей жоқ, кір-батпақ жоқ. Күл-күресін жоқ. Идиллия. Жұмақ.

Бас мүфти Мұхамеджанның ханзада Зұлқарнайға бөлген еңселі кең бөлмесінің бір қабырғасын тұтас алған лубочная картинаға Махамбет ұзақ қарады. Қуыршақтай киінген ханзаданы (бірақ — жалаң бас!) Махамбет тік көтеріп сыртқа беттеді.

— Жүр, тақсыр, жүр! Тойға барамыз! Жаңа апаңды көресің! — Мөлдір қара жас мұрттың астынан кекесін күлкі білінді. — Жаңа маманды көресің! Вы поняли меня, Ваше превосходительство?

Бала түсінбеген. Бала көңілсіз.

Көк күмбезді мешіт алдындағы кең аланда — лубочная картинка: аса сәнді фаэтондар, аса сәнді пролеткалар, аса сәнді күймелер. Әріректе, қағажу көріп, бөлек шоғырланған (мерседестер мен вольволардың пысы басып, жасқана оқшауланған жигуленок, москвичтер тәрізді!) жұпыны тарантастар.

Қызыл-жасыл қымбат киімді, алтын-күміс, ғауһар-лағылға малынған қазақтың бай-билері, бәйбіше-тоқалдары, қыз-желеңдері, қызыл-жасыл киімді, алтын-күміс, лағылға малынған орыс шенеунік, помещик, көпестері, бой-жеткен-барышнялар, қызыл-жасыл киінген татар-башқұрттың молла-мұғалім, саудагер, пайдагерлері, делдал, дүкеншілері. Арбакештер мен көшірлер бір тобыр.

Маҳамбет бірлі-жарым қалмақ шонжарларын көріп қалды.

Көк күмбезді мешітке кірер салтанат қақпаның екі жағына бөлініп жүз елудей атты казак-орыс, жаңа ғана тігілген салтанат формасын мақтан тұтып, аса күтімді міниС арғымақтарын мақтан тұтып, алмас қылыштарын жаланаш ұстап, сіресіп қалыпты.

Қуыршақтай ханзаданы жетектеп, салтанат қақпасы-

на жақындай берген Махамбеттің алдынан екі атты казак найзаларын айқастыра қойды.

— Дорогу Его превосходительству наследному принцу Букееву Зульхарнай Жангировичу, — деді Махамбет.

«Мына киргиз қалай-қалай сөйлейді-ей!» дегендей бір-біріне сенімсіздеу қараған екі казак-орыс:

— Пропустить Его превосходительство наследного принца! — деген бұйрықты естіп таң қалды. Бұл — екі ротаның ортақ пәрменгері хорунжий Аким Назаров еді. Махамбет оған бас иді. Аким Назаров бала ханзадаға бас иді.

Содан соң ғана Махамбетке көңіл бөлді.

— Приветствую и Вас, наследного принца аталык Махамбет!

Сол сәтте салтанатты кезеңнің сазарған тыныштығын оқыс бір оқиға бұзып кете жаздады: ұзын бойлы, ақ жібек көйлекті, басына жапқан ақ шәйі орамалымен бет-аузын да жасырған жас әйел Махамбеттің білегінен ұстай берді.

— Мені алып өт! — деді әйел жылярман үні дірілдеп. — Жақсылығың Алладан қайтсын!

Махамбет сасып қалған. Аким Назаровтың мұрты едірейіп кетті.

— А как она тут? — Пәрменгердің екі көзі ақын өңменінен өтіп барады.

— Иә мама бараншука хана! — деді әйел.

— Знаю я, знаю кто ты... Но как ты здесь оказалась?

— Она с нами! — деді Махамбет.

— Ну, ладно! Если что, сам ответишь! — деп күмілжіді пәрменгер.

Жүгермек бала билік маңайындағы тірлікке әбден көндіккен бе, әлде, мына сызданған мезеттің тыныштығын бұзуға болмайтынын сезді ме, кішкентай ғана саусақтарымен анасының иығынан сипады да қойды.

Бұдан кейінгі оқиғаны мен, қалт жібермей ұзақ бақыладым.

Махамбет артына бұрылған: Жүзім бәйбіше зым-зия ғайып болыпты. Жалы күдірейе бастаған хан Жәңгір, аса сәнді киінген хан Жәңгір мен үлде мен бүлдеге оранған Фәтима сұлу, екеуінің екі жағында Орынбор облысының Бас мүфтиі, Бас мүфтидің үлде мен бүлдеге оранған, сыры кетсе де әлі сыны кетпеген бәйбішесі, аса қымбат, тақ болмаса да таққа бергісіз креслоға жайғасқан, ол төртеуінен оқшаулау, мінбер мен төрдің орта тұсында, «мен өз орнымды білемін, сендер де маған тәуелді екендеріңді ұмытпаң-

дар!» дегендей, ерекше пан, алтын жағалы, күміс оқалы, екі иықтан қиғаш түскен екі лентада асыл тастармен көмкерілген төрт орден, Орынбор облысының әскери генерал-губернаторы граф П. К. Эссен жайғасыпты.

Генерал-губернатордың ту сыртында, оған тым жақын, бағынышты жүздерінен пандық пен бақ нұры атойлап білінген ығай мен сығай, Жәңгір мен Мұхамеджанның да ту сыртында «біздің кім екенімізді біліп қойындар!» деп, бет-әлпет, бар кейіп-кейпімен «үнсіз ұрандап» Бөкей ордасының ығайы мен сығайы, олар да тұр.

Бас мүфтидің жас орынбасары, даусын мың құбылтып, бар өнерін салып, құран оқыды. Құранның қысқа ғана аяты еді.

Күйеу мен қалындық, ата мен ене жас орынбасардың алдына барды. Күйеу мен қалындық түбіне алтын жүзік салынған алтын көзенің белгіленген бір ернеуінен, кезек-кезек, зәмзәм суын ішті.

Кіші мүфти бар өнерін салып, мың құбылған мақамға салып, аят оқыды.

Көк күмбезді мешіт ішінде тұрған мұсылман әулеті түгел тізе бүкті, еденге, жерге төселген қымбат-қымбат кілемдерге бас қойды.

Еңсесін көтеріп, Аллаға құлшылық айтып, жүзін сипады.

«Хақ тағала Көкте болса, сол Құдіреттің жердегі өкілі хақ патша Петерборда, ал мына мен сол хақ патшаның осы өңірдегі жалғыз өкілімін!» деген, өзінен-өзі түсінікті, еш күмәнсіз хақиқаттың табы бүкіл бейнесінде, бет-жүзінде айқын жазылған граф Эссен, әрбір қимылына «қасиет» толы мағына беріп, орнынан жай ғана көтеріліп, маң-маң басып келіп, күйеу жігіттің, сұлу қалындықтың маңдайларына ерін тигізді. Ерін! Тигізді!

Көк күмбезді мешіт іші үнсіз күңіреніп кетті.

Сол сәтте мен: өте бақытты Фәтиманың жүзіне ұзақ үңілдім, бір оқпен бір марал (Фәтима сұлу), бір арқар (генерал-губернатор Эссен) атып алып, марқайып тұрған жиырма екі жасар хан Жәңгірді көрдім.

Сол сәтте мен: сырты бүтін, іші түтін Ішкі Орданың ығайы мен сығайының тасасында бармағын шайнап, сазарып тұрған Жүзім сұлуды көрдім; көрдім де өз жанымнан өзім түңілдім, ақ жібек көйлектен, ақ шәлі орамалдан қара жамылып тұрған кешегі сұлу Жүзімді байқадым, байқадым да бақыладым. Асықпай бақыладым. Түсіндім. Түсіндім де өз жанымнан өзім түңілдім.

Ақ жібек көйлектен, ақ шәйі шәліден қара жамылып, өкініштен өртеніп тұрған Жүзімді бақытты Фәтима да аңғарды. Аңғарды, бірақ мән берген жоқ.

Өз Ордасынан келген қошеметшіл топқа Жәңгір анықтап қараған, бір мезетте бәйбішесін көзі шалып қалды, көзі шалғанмен көңіл тоқтатпады. «Бұл қайдан жүр?» деді де өте берді.

Ордадан келген ығай мен сығайдың ең алдында бала да болса ханзада Зұлқарнай тұрған. Аталық Махамбеттің оң қолынан тас қып ұстап алыпты. Әбілқайыр ұрпағына тән қиғаш көздің терең түкпірінде түнгі көкжиектен сызаттана білінген найзағай оты жарқ етті.

«Бұл неге жалаң бас?» деп ойлап үлгерді Жәңгір.

Баланың кішкентай саусақтары аталықтың күректей алақанын тесіп бара жатты.

Махамбет ханзаданың қасына жүрелеп отырды.

— Сен мықты жігітсің ғой, ханзада! — деп сыбыр ете қалды. Бала астыңғы ернін тістеді.

Мұхамеджан орнынан көтерілді. Жұбайы соңынан ерді. Ата мен ана күйеу мен қызының мандайынан иіскеді.

— Туған ұлымнан да қымбатсыз! — деп сыбырлап үлгерді бас мүфти. Қыз анасы көзіне жас алды.

«Зұлқарнайдың бас киімі қайда?» деген, дәл мына салтанат сәтіне жараса қоймайтын мазасыз ой, жабысқақ шыбындай ызыңдап, кетпей қойды хан Жәңгірдің миынан.

* * *

— «Үш күнде адам көрге де көндігеді!» деген бабамыз қазақ! — Бұны айтқан Махамбет.

— Үш-ақ күнде ме? — Таң қалып сұраған Зұлқарнай.

Екеуі Жайық өзенінің талды-тасты жағалауында, судан шығып, ыстық құмда жатқан.

Жағалау — оңаша. Оңаша ғана емес, меңіреу. Құм жиегінде, қалың талдың тасасында, айқастырып тұсалған екі ат қана шыбыннан бас шұлғып, еріншектене пысқырып, тіршілік белгісін білдіріп қояды.

Бірі — қысқа тұғырлы, биік еңселі, қазмойын ақбоз, екіншісі — қапсағай кеуделі, жұмыр санды, қысқа мойын күрең қасқа. Екеуінің ер-тұрманы алынбаған. Соған қарағанда екі жануардың иелері шомылуға көп уақыт бөлмеген-ау, шамасы.

— Иә, үш-ақ күнде! — деді Махамбет. — Себебі, көрге түскен адам үш күн емес, үш сағатта Алланың құдіретін,

өзінің пенде екенін мойындап үлгереді. Көрге көндігу қиын емес, алтын таққа үйрену қиын! Алтын таққа отырған пенде үш-ақ күн жатырқап жүреді. Үш айда өзінің құдіретін сезе бастайды. Үш жылда өзінен басқа құдай жоқ екеніне көзі әбден жетеді. Адамның адасуы солай басталады.

Тоғыз жасқа толып, есейіп қалған ханзада аталық-ұстазының әлдебір мәнді ой айтарда осылай алыстан бастайтынына дағдыланып алса керек, ақын ағаның ірі де көрікті жүзін бар ықыласымен байыппен барлап үнсіз жатыр.

— Алтын тақтың үстінде отырған пенденің өзі ғана емес, Құдайлық сезімнен тақ төңірегіндегі жандайшаптар да кенде қалмайды.

Суы кебе бастаған қайратты шаштарын бір сипап қойып, сабырлы бала сөзге араласып қалды. Аппақ тістерін әдейі көрсеткісі келгендей, еріндерін жиыра сөйледі.

— Кедей бай болсам дейді, бай құдай болсам дейдінің кері емес пе?

— Дәл өзі! Бірақ, «болсам» демейді бұлар, «болдым» дейді.

— Сөзіңізге араласқаныма кешірім өтінемін, аталық!..

— Сен білсін деп айтамын! Алла амандық берсе, хандық тұтқасы сенің қолында болады әлі. Сол кезде менің осы сөзімді ұмытпа! Хан да, қара да Құдай бола алмайды. Екеуі де Алланың пендесі. Қасиетті Құранда айтады: «...Мен оларды бір тамшы сұйықтан жараттым!» Хан да, қара да Алланың пендесі демедім бе! Ендеше, ешкім ешкімнен артық тумайды. Айырмашылығы: қараның қамы — қара басында, ханның қамы — халқының үстінде. Қара — от басы. Хан — ел басы. Қара азғындаса, бір ошақ сөнеді, хан азғындаса, халық өледі.

— Халық қалай өлмек, ұстаз?

— Басынан шірісе, балықтың өлгені емес пе? Басшысы бүлінсе, халықтың өлгені емес пе!

— Басшы бүлінді деген не?

— Отыз қатын алса да хан ошағы біреу-ақ!

— Бұл сөзіңізді қалай түсінейін, аталық?

— Отан деген сөз — от ана деген сөз. «Ханның қамы — халқының үстінде» демедім бе? Халық дегенім — ана. Ананың жағар оты біреу-ақ! Отыз отаудың күйкі тірлігін ойлап қиналып, таусылса, хан деп жүргеніміз — күйкентай болғаны!

— Күйкентай құстың жаманы ма сонда?

— Арамы. Өз күйін күйттеп қана жүргені.

Ағаш көлеңкесінде тұрған екі ат оқыранды. Махамбет, құлақ түріп, тың тыңдады. Әлденеге сезіктеніп, орнынан көтерілді. Тез-тез киіне бастады.

— Сен де киіне ғой, балам! Салпаңқұлақтар да жетсе керек салпаңдап!

Аталық пен жас ханзада аттар тұрған қою көлеңкеге ене бергенде көлеңкедей көлбеңдеген екі қара Жайық жағасындағы қалың қауға кіріп бара жатты.

— Сүмелектер-ай!.. Көлеңкесінен қорыққан басшы елін қалай басқармақ!

Бұл сөздерді Махамбет өзіне айтты ма, шәкіртіне бағыштады ма, аңғара алмай қалдым.

Аталық бәрібір, міндетін ұмытқан жоқ, іштей атырынып тұрса да, асықпай барып, екі атты босатты.

Ақбоздың тізгінін мығым ұстап, онсыз да түзу жатқан әсем үзеңгіні рәсім үшін оң қолымен түзеткен болып, ханзадаға жасалған ерекше құрмет екенін сездіріп, таралғыны сипап өтіп, тақ мұрагерін қолтығынан демеп, күміс ерге жайғастырды.

Енді байқадым: Махамбет бұл жолы қапқаз жігіттерінше киініпті. Қара көк күміспен көмкерілген ұзын қынапты қайқы қанжар қыпша белге ерекше сәнімен жарасыпты.

Бір орында тұра-тұра әбден жалығып запыс болған Ақбоз бен Күреңқасқа атырынып, ойнақшып, біраз ойқастап алып, әрең басылды.

Ат арыны саябыр тауып, билеп тоқтаған сегіз тұяқ арба жолдың ұлпа шаңын ін қазған көртышқандай, баяу ырғақпен, асықпай лақтырып, жаяу аяңға түскен кезде көк күмбезді, алтын күмбезді Орынбордың сұлу сұлдері көзге шалынды.

Сол бір сабырлы жүріс сабырлы ойға жетелегендей, үзіліп қалған әңгіменің желісі қайта жалғанды.

— Мұхамеджан мүфти дүниеден өткен соң мені түрмеге жапты. Кім екенін білесің бе?

— Біле алмадым, аталық.

— Бұл сұрағым емес, жауабым еді. Кешір. Перілердің сұмдығын періште қайдан білсін. Құдайдың құйрығын бұрап ұстадым деген біреудің бүлігі болатын ол. Ұрлығым ашылып қалар деп ұрын соққан сайқалдың айласы еді ол.

— Жұмбақтың шешуін кейінге қалдырып келесіз-ау, ұстаз.

— Содан бері де екі жыл өтіпті. Түрме менің көп нәрсеге көзімді ашты.

— Сізсіз өткен сол екі жыл менің де көзімді көп нәрсеге жеткізді емес пе!

— Білемін. Түрмеден шығып келгенімде мен сені танымай қала жаздадым.

Көк күмбезді мешіттердің мұнаралары, алтын кіресті шіркеулердің көк аспан бүйіріне қадалған шпильдері көк мұнардан арылып, айқындала түсіп, аттылы қос жолаушыға өздері жақындап келе жатқан тәрізді еді. Ұстазы мен шәкіртінен сәл қалыңқырап, соңдарынан барласам — Орынбор орнында тұр екен, Ақбоз бен Күреңқасқаның сегіз тұяғы ін қазған көртышқандайын арба жолдың ұлпа топырағын өршелене боратып, өршелене атқылап келеді екен.

Екі жолаушы, өздері байқамай, қос тарланның тізгінін босатып алыпты. Соны байқаған Махамбет Күреңқасқаның басын тартты.

Сабырлы жүріс тағы да сабырлы ойға жол ашты.

— Енді бір айдан соң хан-әкең орыстың Мәскеу деген үлкен қаласына аттанбақ. Николай патшазаданың таққа отыру рәсімі. Сен екеуіміздің Ордаға жіберген хат-хабарымыз хан-әкеңнің қолына тимейтін тәрізді. Тақ маңындағы әлдекім тор құрып, аңдып отыратын сияқты. Соған көзім жеткен соң сенімді бір адамнан хан-әкеңе сәлем айтып жібергем... Сол сәлемім жетсе, хан-әкең екеуімізді алып кетер Мәскеуге. Егер екеуімізді де алмай кетсе, мені тағы да түрмеге жаптырады. Сен оған таң қалма. Сен оған берік бол. Күйзелме!

— Күйзелмеймін дей алмаймын! Берік болатыныма сеніңіз, аталық-аға!

Дәл бүгін мен түс көрдім. «Түсімде қызық іс көрдім». 1826 жылғы Москва екен деймін. Алтын күмбезді биік шіркеулердің алтын крестері көк аспанның аш бүйірін тескілеп тұр.

Қызыл қорғанды Кремл екен деймін. Қауғасақал митрополит патшазаданың басына патшалық белгісі — Владимир Мономахтың аса қымбат тастармен көмкерілген ауыр шапкасын кигізді.

Шіркеу ішінде тұрған Ресейдің ығайы мен сығайы, мәрмәр еденге тізерлей құлап, қымбат кілемдерге маңдайларын соқты.

Енді бір қарасам, Кремілдің көкжасыл алаңында қазақтың отыз екі қанат ақ ордасы тігулі тұр! Іші-сырты ертегінің өзі. «Е-е-е-е! — деп ойлаймын, — Николай патшаның таққа

отыру салтанатына арнап хан Жәңгір жасатқан ғажап киіз үйі осы екен ғой!»

Көкжасыл алаңға тігілген ғажап орданың қасына ығайы мен сығайын ертіп, Николай патша келді. Көрді.

Көрді де таң қалды. Таң қалды да риза болды. Риза болды да, киіз үйдің ішкі жасауын түсіндіріп тұрған хан Жәңгір мен бар бейнесі, алтын, жақұт, лағылға малынған бар кейпі, хан ордасының бір қымбат тасына айналған, «ителгі көзін» аударып-төңкеріп тұрған Фәтима сұлудың арқасынан қақты. Қақты. Бұраң белінен.

Ішкі Ордадан барған ығай мен сығай мәз. Төбелерімен көк тіреді.

Сол қошеметшіл топтың арасынан мен Махамбет пен Зұлқарнайды көріп қалдым.

Көріп қалдым да, екеуінің өң-түсіне, көз жанарына ұза-а-а-а-қ үңілдім. Үңілдім де көп сыр түсіндім.

Сол түні екен деймін. Патша әміршілерінің хан Жәңгірге бөлген резиденциясына кіріппін. Кең де ұзын дәлізбен келе жатыр екенмін. Алдымда Махамбет пен Зұлқарнай қол ұстасып барады. Әлдебір салтанатты бөлменің салтанатты есігі ашық қалыпты. Ашық қалған есіктің алдына Махамбет пен Зұлқарнай тоқтады. Тоқтады да, есеңгіреп, абыржып тұрып қалды. Сұлу ханша Фәтиманың қолында «баяғы», тағдыр қыраны жұлып кететін қан қызыл тәж бар емес пе еді? Зұлқарнайдың бөркі. Сол бөрікті, сол тәж-бөрікті Фәтима сұлу, асықпай, еденде тұрған үлкен қайыс шамаданнан шығарды, шығарды да, қымбат тастарын сүйріктей саусақтарымен үш мәрте сипап өтіп, кең бөлме ішінде асыр салып жүгіріп жүрген екі жасар ұлы Сақып-Керейді қолына көтеріп, қашқалақтағанына қарамай, басына кигізді. Кигізді.

Бұл сұмдықтың бар салдарын түсініп, көздері ежірейіп кеткен бала шәкіртін Махамбет бауырына қысып, ұзын дәлізбен көтеріп ала жүгірді.

Қуыршақ қаладай әсем Москва, көгінен гөрі жасылы басым әсем аспан, қала үстіне тым төмен төніп келген сансыз жұлдыз әбден жетілген жиырма екі жастағы сұңғақ бойлы сұлу жігіт Махамбеттің еңкілдеп жылап жібергеніне куәгер болды.

Осыдан екі ай өткенде, Орынборда, маған таныс хорунжий Аким Назаров, қасында екі казак-орысы бар, ақынды тұтқындауға келді.

«Ескі досын» Махамбет күліп қарсы алды:

— Бұл жолы не үшін?

Аким Назаровтың да бұндайға үйреніп алған кезі еді, ол да күлді:

— Айтып түсіндірермін! Алда уақыт көп әлі! — деді.

Мен болсам екеуінің сұлу мұртына сүйсініп, екеуінің аппақ тістеріне сүйсініп, екеуінің мөп-мөлдір таза көздеріне үңіліп тұрып қалыппын.

Мен сондаймын ғой.

Мен дегенім — камера ғой. Камера.

АРАН

1

Бұрын әкесін сағынбайтын. Жарық дүниенің әлдебір алыс түкпірінде соғыс деген бірдеңенің жүріп жатқанын білетін. Сол соғыс деген бірдеңеге өз әкесінің қатысып жүрегенін білетін. Танкі деген темір арбаға мініп майданға шығады екен деп еститін. Станса басындағы клубта үш-төрт рет кино көргені бар. Танкі деген ұзын мойын құбыжық өңешінен от шашып келе жатады.

Жарық дүниенің әлдебір алыс түкпірінде соғыс деген бірдеңенің жүріп жатқанын Бураш қайтсін. Бураштың Танкист деген інісі бар еді. Танкист бұған соғыстан гөрі жақын еді. Балпанақтай бала еді. Екі жастағы. Аққөңіл еді. Күлкісі әдемі еді. Саусағынды көрсетсең сықылықтап мәз болатын. Нан берсең, бірден бас салмайтын. Жесем бе екен, жемесем бе екен дегендей ойланып біраз отыратын. Содан кейін бұған жалына, жағына қарайтын. Рұқсат па дегендей.

— Жей ғой, жей ғой, — дейтін Бураш. Түсініксіз бір сезім бойын буып, көзіне жас үйірілетін. Танкистің қарны аш екенін білетін. Бірақ қолына ұстатқан нанды бірден бас салмағанын көргенде іші елжіреп кететін.

— Текті жердің баласы ғой! — дейтін нағашы аға да. Нағашы аға да Танкисті ерекше жақсы көретін.

Сол Танкист бір-ақ күн ауырып, дүниеден өтіп кетті.

Жарық дүниенің әлдебір алыс түкпірінде соғыс деген бірдеңенің жүріп жатканын Бураш қайтсін. Ұзын кеңірдек темір арбаның өңешінен от шашқанын Бураш қайтсін. Бураш Танкисті іздейтін. Қайтып келеді деп сенетін. Бураш сол інісін күтетін.

Кейде ақырын есік ашылады. Танкист кіріп келе жатады. Шидей-шидей сандары сынып кете жаздап, үлкен де ауыр басын жіңішке мойны көтере алмай, бір жағына ауып кетіп, түсіп қалардай; азапты сұрақ толы үлкен көздерімен жалбарына қарап тұрады. Бураш орнынан көтеріле береді. Танкистке ұстата қоятын нан іздейді. Нан табылса жақсы. Табылмаса, енді оған не бетімді айтамын дегендей, теріс қарап, бұл да сүмірейіп қалады. Есін жинап, артына бұрылса – Танкист ғайып. Бірақ, бір ғажабы, Танкист ашып кеткен ағаш есік ішін тартып, ықылық атып, өксіп жылап тұрады!

Бураш інісін күтіп жүргенде әкесінен хат келді. Бұл үйде, тіпті бұл аулада әріп танитын жалғыз «оқыған, молда бала» – Бураш. Ақберді ауласының он бес шақты тұрғыны түгел жиналды. Ортаға шығып Бураш хатты мақамына келтіріп оқып берді. Мақам деген сөзді Бураш Ақберді ақсақалдан үйренген.

– Әй, балақай, әй, Бураш, мақамына келтіріп оқы, – дейтін ол кісі.

Ол кісі де өтіп кетті ғой дүниеден. Ол кісі де Танкист құсап бір-ақ күн ауырды. Бірақ, ол кісінің енді қайтып келмейтінін Бураш біледі.

Әкесінің бұл жолы жазған хатында оғаш бір сөздер бар екен. Бураш жаттап үйренген. Бураш зырылдатып оқып шығатын белгілі сөйлемдерден кейін: «Саттар! – депті әкесі. – Осы хатты алысымен маған бір посылка қазы салып жібер. Ұнға ора. Бұзылмасын. Жаңа келген командирім казақстандық орыс. Қазы-қартаны сағынипты».

Саттар нағашысы қазыны қайдан тапқанын, қалай салғанын Бураш білмейді. Бір айдан кейін мамасы айтты:

– Буратай, ертең сексен екінші пойызға шық, – деді. – Папаң келе жатыр, – деді.

Ол күндері Саттар нағашысы рейске кеткен. Рейс дегені – Арыс пен Құланның арасы. Төрт тәулікте бір-ақ оралады.

Ержетер, ел қатарына қосылар, Бураш бала Бурахан Өртайұлы аталар. Бірақ сол кезде де мамасының станса басына өзі шықпай, Бурашты ғана жұмсағанын, бәрібір, түсінбес.

Станса басында Бураш төрт күн жүрді. Әкесін төрт күн күтті. Бірақ күнде өтетін, күнде бір мезгілде өтетін, «ИС» деп аталатын тұлпар паровоздың жетегінде кететін он сегіз көк вагонның бірінен түспей, әкесі қарапайым солдаттар

мінетін қызыл вагоннан секіріп түскенде Бураштың көңілі құлазып қалды. Судай жаңа офицер киімін киген, оқалы погон таққан, бұйрабас кісі әкесі екенін таныып, ұмтыла берген Бураш кілт тұрып қалды. Қолында гүлі бар бір еркек, бір әйел бұның әкесіне қарай ентіге келіп, жақындай берді. Екеуін де станса жұрты жақсы білетін. Екеуінен де станса жұрты ығысып, қорқып жүретін. Бір көзі шодырайып, шарасынан шығып кете жаздап тұратын, қарапайым жұрт «станса-ның құдайы» деп атайтын қарасұр, сұсты кісі мен қарапайым жұрт стансаның «екінші кәттасы» деп атайтын арық сары орыс әйел әне-міне дегенше бұның әкесін кезек-кезек құшағына қысты. Қолына гүл ұстатты.

Екеуінің құшағынан әрең құтылғандай сытылып шыға беріп, әкесі енді бұған қарай өзі жүгірді.

– Әй, Бураш, иттің күшігі, неғып тұрсың состиып?!

Әке құшағының ғажайып ләззат екенін бала Бураш сонда ғана алғаш рет сезген. Станса-ның екі құдайы бұның әкесін ат жеккен жайдақ арбамен Ақбердінің ауласына жеткізіп салды. Тобықтан асып езіліп жатқан ми балшықтан жезиық офицерді солай құтқару керек болған-ау, шамасы!

Жылдар өтер, Бураш ержетер, ел ісіне араласар, сол кезде ғана түсінер: ат жеккен жайдақ арба қазіргі мықтылар мінетін лимузиннен бір де бір кем болмағанын! Кезінде.

Алыста жүріп жатқан соғыс деген әлдененің мән-мағынасын Бураш бәрібір түсінген жоқ. Әкесі үйде бір апта болды. «Бірінші шаңғарақшы, «Екінші шаңғарақшы» деп аталатын екі көшенің қазақтары әкесі мен шешесін күнде қонаққа шақырып, күнде емес-ау, күніне екі-үш үй шақырып, бұлардың өзіне аз бұйыртты. Шырттай киініп келген алтын жағалы бұйрабас әке таң сәріде ғана Бурашты оятып алып, бауырына басатын. Иіскейтін.

Бураш бұрын әкесін сағынбайтын. Енді Бураш әкесін күнде күтетін болған. Мектепке барарда станса басына бір соғып өтеді. Мектептен қайтарда станса басында айналып көп жүреді.

Мектептегі сабақ сегізде басталады. Бураш перронға жетіде шығады. Көз үйренген көрініс. Перронның ұзына бойында, әсіресе шет жақтарында теңкиіп-теңкиіп, қу сирақтарын бауырына қысқан (Жалаң аяқ! Осы күнде ойлайды Бураш, Бурахан Өртайұлы, түнде «жүріп кеткен» өліктердің үстіндегі льпасын, әсіресе, аяқ киімін әлдекімдер шешіп алып кетеді екен ғой!), кеше ғана адам аталған сой-

диған сүйектерді стансаның форма киген екі қызметкері жинап алып жүретін. Базар жақтан үш арба келеді. Екеуінде базардан жиналған «олжалар». Үшінші арба станса басындағы «табысқа» лық толады. Бураштың бір таң қалғаны өліктердің аяқ-қолдары ешкімге, еш уақытта бағынбайды екен. Қолдар көкке көтерілген қалпы, аяқтар иілуге келмеген қалпы, сексеуілдің серейген бұтағындай жан-жаққа қашып бара жатқаны...

2

Қара күз келіп, станса басын қара суық құрсай бастаған кезде «олжа» жинайтын (олжа деген сөзді орыс балалар «находка» дейтін) үш арба алтау болды. Батыстан келген қызыл вагондардан киімдері қазақша, түрлері қазаққа ұқсайтын, бірақ тілі бөлек әлдекімдер көрінетін.

— Калмыки! — деді бұл дүниеде білмейтіні жоқ Колька деген ұзынтұра сары бала. Елуінші мектепте 6-класта оқиды. Бураштың айнымас досы. Екеуі күнде үш-төрт мәрте төбелеспесе, айыздары қанбайтын. Ол — жіп-жіңішке, ұп-ұзын, бұл — аласа, жұп-жуан. Екеуі тіресіп тұра қалады.

— Сам ты калмык! — дейді Бураш. — Давай выходи!

— Давай! — деп Колька жетіп келеді. Екеуі кеуде тіресіп тұра қалды. Кеуде деген жай сөз, тірелетін Кольканың бөксесі, тірелетін Бураштың төсі. Әбден дағдыланған төбелес. Бірін-бірі итеріп, ығыстырып, шегіне беріп, қайта түйісіп, түйісе беріп, қайта шегініп біраз тұрады. Төбелесті бірден бастау қызық емес. Қол мен аяқ запаста болу керек. Итергенде Колька Бураштың тегеуріні не төтеп бере алмайды. Кольканың қолдары ұзын. Амал жоқ, қолдарын «іске қосады». Аяқтарын «іске қосады». Сол кезде ғана Бураштың «құдайы жарылқайды».

— Енді өзіңе обал жоқ! — дейді Бураш, дейді де шегіне түсіп, қайта ұмтылып, Кольканы баспен соғады.

— Басың қатты-ей, сенің! — деп, омыртқасына жабысқан аш құрсағын қос алақанымен басып, Колька жыламсырап тұрып қалады.

Сол күні ғой өлік таситын алты арбаның сегіз болғанын байқағаны Бураштың. Сол күні ғой, қалмақ шалды көргені.

Жылдар өтер. Бураш ержетер. Бала Бураш Бурахан Өртайұлы аталар. Мұхиттың арғы беті мен бергі бетін көрші ауылға

барып келгендей «кезіп» жүрер. Бірақ сол бір қалмақ шал көз алдынан да, көкейінен де кетпес Бураштың.

3

Колька тегін кетпейтін, кіжініп кететін. Стансаның Водакачка деп аталатын жағында сол кездің стандартымен салынған ұзын екі ақ ғимарат болатып. Бірі – нөмірі 37-ші Каганович атындағы қазақ орта мектебі. Екіншісі, нөмірі 50-ші Калинин атындағы орыс орта мектебі. Екі сабақтан кейін үлкен үзіліс. Он бес минут. Екі мектептің бесіншіалтыншы класс оқушылары «нейтрал зонаға» лап қояды. Әр класта отыз бала бар десең, майданға – екі жүздей бала қатысады. Төбелесте «режим» қатты сақталады. «Іске қосылатын» тек қана жұдырық. «Соғыстың» таза болуы шарт. Тас, кесек, темір, бәкі қолданылмайды. Ол кездегі тас, кесек, бәкі, темір таяқ қазіргі атом бомбасы сияқты – тыйым салынған! Қан майданның екінші шарты – он бес минуттан аспау керек. Қоңырау соғылды – бітті, біреудің жағасына жабысып қалған қолыңды босатып аласың да, мектебіңе қарай тұра жүгіресің. Аяқталмай қалған төбелес келесі күні жалғасын табады.

Бураштың көздегені Колька. Кольканың көздегені Бураш. Екеуі де дағдыдан шықпайды. Біреуі бөксесін, біреуі кеудесін тіреп, ырғасып тұрғаны. Содан кейін ғана екі қол ербеңдей бастайды. Екі аяқ көстеңдей бастайды. Ең соңында Бураштың басы «іске қосылады». Шегіншектеп келіп...

– Иттің баласының басы қатты!.. – деп Колька «ойпаң» қарнын екі алақанымен басып, теңселіп кетіп бара жатады.

Бүгін де солай болған еді. Бірақ бүгін Бураш Кольканы өзі қуып жетті.

– Тоқта, мен сені ұрмаймын! – деді. – Бүгін екеуіміз сабақтан кейін стансаға бірге барайық, ә?!

Колькаға да татулық қымбат. Мұрнын бір тартып қояды да:

– Жарайды! – деді.

Бала кездің төбелесінде зіл болмайтын.

4

Өңінде күткен әкесі түсінде келді. Қызыл вагоннан секіріп түсіпті. Сол баяғы бұйра шаш, сол баяғы судай жаңа френч, сол баяғы алтын оқалы алтын погон. Күн көзімен шағылысып тұр.

– Әй, иттің күшігі, неғып тұрсың состиып? – деді. Бурашқа енді ғана «жан бітті». Екі қолын жайып жіберіп, «папа!» – деп айқайлап, әкесіне қарай тұра жүгірді. Аралары он шақты-ақ қадам еді. Бірақ жете алар емес. Әлі жүгіріп келеді, әлі жүгіріп келеді. Әкесі тұр, жымиып. Ол да екі қолын жайып жіберген. Бураш жүгіріп әлі келеді, әлі келеді. Жетер емес. Ыза болды. Жылап жіберді.

Оянса, алқынып жатыр екен. Екі беті дымқыл.

Нағашы ағасы жақында ғана тағы бір посылка жіберген. Әлдеқайдан таңдап жүріп тапқан білеудей-білеудей қазы еді. Анасы білеудей-білеудей қазыны ұнға мұқият орап, ақ дорбаға әрең сыйғызған. Кетер қазы кеткен. Енді әке келіп қалса керек еді. Кешіге берді ғой.

Станса жақтан гудок естілді. Гудок дегеніңіз ол, – сағат алты деген сөз. Арасын сәл ғана үзіп-үзіп, алты рет боздайды. Сағат жеті десе, жеті рет боздайды. Бүкіл станса сол бір өкірек сағатпен өмір сүреді.

Әдетте Бураш әрең оянып, әрең есін жинап, әрең киініп, үйден әрең шығатын еді. Бүгін қимылы ширақ. Әлгінде ғана көрген түстің әсері болар. Тез тұрып, тез жуынып, тез киініп, терезе алдында жатқан талон деп аталатын қағазды қойын қалтасына салды, шиқылдақ есікті ақырын ғана итеріп ашып, аяғының ұшымен басып, сыртқа шықты. Кеше ғана езіліп жатқан қара балшық қара тас болып қатып үлгеріпті.

Мұндай суықта жай жүре алмайсың. Бураш бүрсеңдеп желе жөнелді. «Бұл жолы папам (Бураш әкесін папа дейтін) сексен екінші пойызбен келеді» деді Бураш. Әлдекіммен ерегескендей, тоқтап тұрып, ныгыздап айтты. Станса ның кәттасы мен оның орынбасары алдынан гүл алып шығатын адам қалайша қызыл вагонмен келмек. «Өткен жолы бір оқыс болған ғой. Әйтпесе папам өткен жолы да «Иосиф Сталин» деп аталатын паровозға тіркелген он сегіз көк вагонның бірімен келсе керек еді. Көк вагонның бірінен түсіп жатса керек еді. Бұл жолы әбизәтілнә сөйтеді!»

«Екінші шаңғарақшы» көшесі мен станса ның арасы – алыстың алысы. Жүре бересің, жүре бересің, жете алмайсың. Тәтті тәнінді мынау қара суық қарып барады. Қойнынқонышың толған ұры жел.

«Бүгін маған не болған?» деп ойлады Бураш. Таң сәріде қызыл вагоннан қарғып түскен әкесіне жете алмай, өліпталып жүгіргені есіне түсті. Екеуінің арасы он-ақ қадам еді.

Соған он сағат жүгірген шығар. Енді, міне, стансаға да жетер емес. Әлі келеді, әлі келеді.

Жылдар өтер. Бураш ержетер. Ел азаматы атанар. Сол кезде станса мен «Екінші шаңғарақшы» көшесінің арасын жеңіл машинамен жарты-ақ минутта өтіп шығар. Ол кез — алда. Ал бүгін Бураш әлі келеді, әлі келеді. Шұлғауын жөндеп орамаған ба, екі етіктің ішін де ұры жел, сүмелек қаншық, кеулеп алыпты. Тас боп қатып қалған қара балшықтың үстіне отыра қалғысы келді. Жылап жіберсе ғой, шіркін. Жылап-жылап алса ғой, шіркін. Өйтуге болмайды. Иосиф Сталин деп аталатын сұлу қара тұлпардың жетегіндегі он сегіз көк вагон жүйткіп келіп перронға тұра қалады, тұра қалады да екі минутта қайта қозғалады. Қозғала сала ағыза жөнеледі. Арындай жөнеледі. Бұны күтіп тұрар деймісің. Қойны-қонышы ұры желге толып кеткен қара баланы күтіп тұрар деймісің. Тас қауашақтай дүңгірлеп тұрған қара жерге отыра кетер ме еді. Жылап-жылап алар ма еді. Өйтуге болмайды. «ИС» ешкімді күтпейді.

Бураш та жетті, «ИС» те жүйткіп келіп тоқтай берді. Бүкіл перронда жан жоқ. Вагондардың есігінде қылтиған бір-бір бас. Қолдарында шошайған ала таяқ. Қара фуражка киген, қара шинель киген ақ сары шаш қатындар. Терезелерге ақ перде ұсталған. Ақ перденің ар жағында кімдер кетіп бара жатқаны жұмбақ. «Папам бүгін де келмеді-ау» деп ойлады Бураш.

Ентігіп келіп, демігіп тоқтаған «ИС» кеудесін ауаға толтырып алғандай аһылап-үһілеп, арсылдап-гүрсілдеп біраз тұрды да, көкке бір-ақ қарғымақ болғандай, кенет, доңғалақтарын қатты-қатты айналдырып жіберді, доңғалақ пен релістің арасынан от шашырады. Орнынан қозғала алмағанына ыза болғандай, ышқынып-ышқынып, паровоз қатты өкіріп қалды. Сүйретіліп, әрең қозғала берді.

Басқа паровоздардай емес, «ИС» бір қозғалмайды, бір қозғалса ұша жөнеледі. Бұл — Кольканың сөзі. Ол да, иттің баласы, айтқыш-ақ. Бураш сәл жымиды. Өз ойына жымиды. Дәл сол сәтте арт жағынан Кольканың үні естілді.

— Ей, ты, Квадрат, жүр, мен саған калбиттерді көрсетейін.

Тағы да төбелес басталып кету керек еді. Таң әлі атпаған шақ. Күткен әке бүгін де келмеді. Қалай ғана төбелесерсің.

Кольканың әкесі осы перронды жинайтын, қол арба сүйретіп жүретін қара фуражкалы, қара шинельді екі «өкімет

адамының» бірі. Бурашты жақсы таниды. Бураш та ол кісімен жылы ұшырап амандасып жүреді.

Кеше кешке өткен ұзын қызыл составтан «түсіп қалған» қалмақтар сегіз арбаға да сыймаса керек. Солардың жиырма шақтысы перронның шығыс жақ шетіндегі темір тормен қоршалған алаңқайға үйіліпті. Сыртынан құлып салыныпты.

Колька қызық бала, үлкендерден не естісе, соны қайталай береді.

— Калбиттерді түн ортасында әкелді, — деді ол темір тордың арғы жағында үйіліп жатқан, ешкімге бағынбайтын, сексеуілдің бұтағындай ербиіп кеткен жіңішке сирақтар мен жіңішке қолдарды көрсетіп.

Өліктердің бәрі жалаң аяқ. Бірақ үстерінде бүрме етек көйлек, ою жиекті қамзолдар аман.

— Калбиттерді ұрылар тонап кетпесін деп папам мені осы жерде қалдырған, — деді Колька. — Ұрылар үш рет шабуылға келді. Мен айқайлап жолатпадым. Мені білесің ғой. Менің даусымнан адам түгілі ит қорқады!

Жауығып жүрген екі бала қатар тұра қалып, темір тордың ар жағына үңілді. Үнсіз үңілді.

— Әне-міне папамдар қайтып оралады, — деді Колька. — Мыналарды алып кетуге келеді. Бүгін Алматыдан Москваға қарай үлке-е-е-е-н бастық өтеді. Қазақстанның главасы. Ол пойыз келгенше калбиттардың бәрін қаланың сыртына апарып тастау керек. Түсіндің бе? Ал папам болса... Үлгермей жатыр.

Соңғы екі сөздің мағынасын Бураш түсінбей қалды. Ондайда басын кегжең еткізетін әдеті бар еді.

Басы кегжең еткенде аспанға көзі түсті. Әлдебір құбыжықпен аянбай соғысып, алып қанаттары алба-жұлба, жырым-жырым болған алып қара құс станса үстіне төніп келеді екен. Төніп келеді, әлсіреп келеді, екі жағына кезек-кезек ауып кетіп, әне құлаймын, міне құлаймын деп келеді.

Алып қара бұлттың бауырынан қара суық жел жетті. Бала бойын тітіркентіп, қойны-қонышын тағы да тінтіп өтті.

Әлгінде ғана бір сұмдық көріп еді ғой.

Бураш темір тор ішіне үрейлене қарады. Қараған жоқ-ау, қарап қоям ба деп қорықты.

Түсініксіз әлдебір өктем күш: «Бері қара! Бері қара!» деп талап етіп тұрғандай.

Амал жоқ, қайтадан мойнын бұрды. Дәл сол! Өліктердің арасында екі көзі жәудіреп, кірпіктері сәл ғана қимылдап, тірі шал жатыр! Бұған қарап жатыр. Енді Бураш өзін-өзі жеңді. Үрейді жеңді. Енді Бураш кірпігі қимылдап жатқан шалға тік қарады. Шалдың солғын көздерінен жылт еткен от көрінді. Үміт оты. Маған қарағаныңа ризамын дегендей. Бураштың дәті шыдамады. Басы қайтадан кегжең етті. Алатау мен Қаратаудың Шақпақ деп аталатын қойнауынан әлгі алып қара құс әлі төніп келеді екен. Әлі төніп келеді екен. Әлгі әзірде ғана майданнан шыққандай. Әлгі әзірде ғана қанқұйлы дұшпанмен аянбай арпалысып, жеңіліп шыққандай. Қанаттары жұлма-жұлма. Салбырап кеткен. Әне құлайды, міне құлайды. Екі жағына кезек теңселіп, жан тәсілім етіп келеді. Ызғарлы қара жел қайта соқты. Баланың қойны-қонышын үскірік ызғар қайта тінтіп өтті. Сүйегіне жабысқан терілер кенет ісініп, бөртіп бара жатқанын сезді.

Шалға қайта қарады бала. Үнсіз жалынып жатыр. Менің тірі екенімді көрдің ғой дейтіндей. Үлкендерге айт дейтіндей. Мені мынау арадан құтқарып ал дейтіндей. Ерні кемсеңдеді. Көзі жәутеңдеді. Жақсы бала сияқтысың, маған көмектес деп жағына бастаған сияқты.

— Қара, қара! — деді Бураш Колькаға, — Анау тірі ғой...

Екі бала бір-біріне телмірді.

— Иә, тірі сияқты... — деді Колька.

— Оттапсыңдар! — деген дауыс гүж етті екі баланың көк желкесінен.

Кольканың әкесі мен оның серігі — тапал қара кісі келіп қалғанын балалар байқамапты. Жалт бұрылған қас қағым сәтте Бураш көз қиығымен ғана тапалтақ қара ұстап тұрған қол арбаны аңғарды, қол арбаның үстінде көлденең жатқан темір сап темір күректі көрді. Бұл күректің сабы неге темір? — деп ойлап та үлгерді.

— Ағай! — деді Бураш, — Анау бір кісі тірі жатыр!

Сергей ағаның:

— Қойшы-ей? — деген үні күмілжіп естілді.

— Оттапсыңдар! — деді тағы да тапал қара. — Ондай болмайды!

— Шын айтамын! Өзіңіз де көріп тұрсыз ғой! — Бураш екі үлкен адамға жалбарына қарады. — Тірі ол, тірі!

Бураштың көзі қалмақ шалдың көзімен қайта ұшырасты. Бұл жолы қалмақ шалдың көзі бала көзін арбап алды. Жіберер емес. Ерні кемсең-кемсең етеді. Көздері сайрап қоя

берді. Мен тірімін деп жатыр. Мені құтқар деп жатыр. Сөз ұғатын бала сияқтысың ғой. Түсіндір аналарға деп жатыр.

Бураш күйініп кетті.

– Жөндеп, діт қойсаңыздаршы! – деді.

Екі үлкен безеріп үндемеді. Енді Бураш Колькаға бұрылды.

– Колька, сен айтшы ендеше!

– Иә! – деді Колька. – Ол тірі! – деді Колька. – Көзі тірі! – деді Колька. Осы сөздерді ол ықылық атып тұрып айтты. Өз түкірігіне өзі шашалып тұрып айтты. Әкесінен қорқып тұрып айтты. – Шындық қой, тірі екені, папа! – деп аяқтады ол соншама ұзаққа созылған «монологін».

Папасы енді ғана қарады. Мойындап қарады.

– Иә, солай сияқты... – деп мұрын астынан міңгірледі.

– Қорыққанға қос көрінер! – деп гүж етті тапал қара. – Ал, жарайды, былай кетіндер, бокмұрындар! Сендермен тәжікелесіп тұруға уақыт жоқ!

Тапал қара шалбарының терең қалтасына қол салды, терең қалтаның түбіне қолы жетпегендей, еңкейе түсіп, кілт алды. Кілт алды да, қара құлыпты ашты. Содан кейін өзі барып жайдақ арбаға жегілген көтерем атты тор қақпаның алдына жетектеп келді.

Бураштың намысына шоқ басылды. Мынау арба осыдан екі ай бұрын... Стансаның екі құдайы гүл алып шығып... Бұның папасын отырғызып... «Екінші шаңғарақшы» көшесіне... жеткізіп салған арба ғой... Сол арба ғой! Сол арба енді өлік тасып жүр ме! Сұмдық қой бұл. Бұның папасын, бұның алтын жағалы папасын құрметпен үйге жеткізген арба! Енді өлік тасып жүр ме?!

Бураш буынып өлердей халге келді. Даусы шаңқ ете қалды.

– Имансыздар!

– Папа! – деді Колька да.

Тапал қара екі баланы темір тор қақпаның алдынан итеріп барады.

– Тайыңдар! Тайыңдар бұл арадан! От винта!

Бураш шыңғырып жіберді. Шыңғырып жібердім деп ойлады. Бірақ даусы шықпай қалған. Көзі бақырайып, әлденеге тұншығып қалған.

– От винта! – деп тапал қара Бураштың желкесінен түйіп жіберді.

Жылдар өтер. Бураш ержетер. Сол кезде, күндердің бір күнінде «от винта!» деп кіжініп келіп, көкжелкесінен түйіп

қалған тапал қараны есіне алар. «От винта» деген екі сөздің мағынасын сол кезде түсінер. Тапал қараның ұшқыш болғанын, әлдебір себептермен майданнан қуылғанын жобалап қана ұғар.

Ал, қазір аяққа орадған екі баланы итеріп тастап, тапал қара ең бергі шетте жатқан әйел мәйітін бір аяғынан сүйреп, сүйреген қалпы арбаның қасына апарып, үстіндегі оқалы қамзолын шешіп алып, мұқият бүктеп, жерге қойып, үстіндегі бүрме етек шәйі көйлегін шешіп алып, мұқият бүктеп, қамзолдың үстіне қойып, қу сүйегі қалған мәйітті сексеуілдің томарындай жайдақ арбаның үстіне тарс еткізіп лақтыра салды.

Теміржолшының формасын киген, екі жағасының ұшында ағарандап жылтыраған орақ пен балғасы бар екі ресми қызметкер өліктерді мұқият шешіндіріп, киімдерін бүктеп жинап, шидиген сирақтары мен шидиген білектерінен алып, сексеуілдің қу бұтағындай, жайдақ арбаның үстіне аспай-саспай лақтырып жатқан.

Кольканың әкесі Сергей аға тірі шалды аман алып қалсам ба дегендей бір сәт толғанып тұрды да, оның денесін темір тордың сыртына шығарып, анадай жерге бөлек қалдырды.

Бураш қуанып кетті.

«Рақмет» деп айтқысы келген, бірақ өңешінен үн шықпады. Кемсеңдеп тұра берді. Колянын білегінен ұстады. «Әкең сенің жақсы адам» деп айтқысы келген. Сол ойын алақанымен жеткізген. Колька түсінді. Колька ұзын мойнын иіп, қауақтай басын шұлғыды. «Менің әкем сондай!» дегенін Бураш та ұқты.

Мәйіттердің біразын шешіндіріп, киімдерін мұқият бүктеп, әлдекімнің шапанына орап, ыңғайлап алған тапал қара киімдерді арқасына салып, әлдеқайда алып кетті де, біраздан кейін екінші ат арбаны жетектеп қайта оралды.

Бураш пен Колька әлі қалшиып тұрған. Үлкендер бұларды ұмытып кеткен тәрізді. Жұмыстары қауырт. Екі қол, екі аяқтан алып мәйітті перронға шығарады, шешіндіреді, киімдерін мұқият бүктейді, Тапал қара әлдебір қағазға әбден мүжілген қаламмен әлденені түртіп жазады. Бір-біріне күңк етіп сөйлейді, сөйлейді де, келесі өліктің денесін арбаға тарс еткізіп лақтырып тастайды.

Енді ең соңғы өлік қалды. Үміт пен күдік жанталасып, арпалыса бастады. Қайтер екен? Бураш Колькаға қарады. Колька күмілжіп тұр. Екеуі бірін-бірі түсінді. Екеуінің

бар сенгені енді Кольканың әкесі. Анау Тапал қарадан қайыр жоқ. Бір ғажабы, Кольканың әкесі, ұзын бойын тік ұстайтын, кезінде зиялы болған-ау, шамасы, үркек көз кісі, өзінің қарауындағы Тапал қарадан қорқа ма, қалай, соған жалтақтап қарай береді.

— Мынаны қайтеміз? — Үні күмілжіп естілді.

Бураш қалмақ шалдың қасына барып қалыпты. Өзі де байқамаған. Сәл бүгіліп, басын тұқыртып, қалмақ шалдың өңіне үңіліп тұр екен.

Қалмақ шал оң қолын көтермек болды. Қолы бағынбады. Сәл қыбыр етті де сұлық қалды.

Шал басын шайқамақ болды. Аштықтан мүжілген мойын терісі қатпар-қатпар екен. Қылғынып барамын, жағамды ағытшы дегендей белгі жасады. Бураш сана түкпіріндегі әлдебір құпия сезіммен шалдың ниетін ұқты.

Кеңірдегіне тақап түймеленген жағасыз қалмақ шапанның түймесін ағыта берген. Ағыта беріп таң қалып тұрып қалды. Қалмақ шапанының ашық қалған өңірінен қара кітель көрінді. Қара кительдің жағасынан күмістей жылтыраған орақ пен балға көрінді. Ақ көйлек көрінді. Қара галстук көрінді. Енді аналарға менің мына формамды көрсет дегендей ишарат жасады қалмақ шал. Осы бұйрықтың бәрін, осы өтініштің бәрін қалмақ шал көзімен жеткізді. Көзі үлкен екен. Көзі ұялы екен. Бас киімді шеш дегендей сигнал берді көздері. Бураш жапырайған қалмақ бөрікті шешті. Ар жағынан толқындаған қара шаш көрінді. Зиялы адамның шашы. Өзінің папасының шашы. Бураштың жүрегі дір етті. Әрине, ол емес. Бала басын кегжең еткізіп аспанға бір қарады да, шалдың өңіне қайта үңілді. Басқа. Бұл — басқа! Бұл — қалмақ! Бұл — шал!

Кольканың әкесі шалдың қасына келді. Үнсіз қарап тұр. Енді Колька да жақындады. Ол да үнсіз қарап тұр. Ең соңынан Тапал қара келді. Ол да үнсіз қарап тұр. Қалмақ шал бірдеңе айтпақшы болды. Еріндері жыбырлады. Көздерімен «сигнал» жіберді. Сигналды Бураш қабылдады. Бураш түсінді. Бураш Сергей ағаға қарады. Сергей аға да ұққан сияқты. Бураш Колькаға қараған. Колька да ұққан сияқты. Бураш Тапал қараға қарады. Тапал қара міз бағар емес.

Бураш сана түкпірінен Тапал қараның есімін іздей бастады. Білуші еді. Ап-анық білетін. Есіне түсіре алмады. Иннокентий ма еді, қалай еді? «Бұл кісі де қалмақ екен-

ау!» деген ой келді. Бүйрек бет, бітік көз... Кенет соққан ойдан тағы да есеңгіреп біраз тұрды.

– Дядя Инок, – деді Бураш. – Мынау тірі адам ғой!

– Тірі... – деді Сергей аға. – Бұны осында қалдырайық!

Тапал қара күңк етті.

– Не положено! Болмайды!

– Қалдырыңызшы, ағатай, – деді Колька. – Біз мектепке алып кетейік!

– Болмайды! Не положено! – деді Тапал қара.

– Қалдырып кетейік балаларға... – деп жалынып қарады Сергей аға Тапал қараға. – Кешке дейін өзі де бітеді...

Түтігіп, түнеріп тұрған Тапал қара күліп жіберді.

– Заң жоқ! – деді ол. – Осы бір тірі өлікке бола қайта оралып жүреміз бе?! Әне-міне СЕКСЕН БІРІНШІ де келіп қалады. Білесің ғой, ол пойызбен бүгін кім өтетінін...

Сергей ағаның басындағы ресми фуражкасы қисайып кетіпті. Шұңғыл көздеріне үрей ұялапты.

– Иә... – деді ол күрсініп қалып. – ӨЗІ келе жатыр! Рас. Заң жоқ!

Сергей аға Тапал қараға жағымпаздана қарады.

Бураштың жүрегі мұздап сала берді. Енді бір сұмдықтың басталатынын сезді. Үлкендер асықпай қимылдап, қалмақ шалды шешіндіре бастады. Қалмақ шапан жерге төселді. Шапанның үстіне екі етік пен екі шұлғау қойылды. Шалдың бұтындағы қара галифе екен. Шалдың үстінде қара китель екен. Белінде жалпақ офицер белдігі бар екен. Сол жақ иығына түскен портупея көрінді.

Қалмақ шал: менің кім екенімді енді түсіндіңдер ме дегендей екі үлкенге қарады. Екі үлкенге екі бала да қарады. Жалынып-жалбарынып қарады.

– Тірі ғой, тірі! Офицер ғой! – деді Бураш қазақша сөйлеп тұрғанын аңғармай.

– Тірі! – деді Колька да.

– Былай кетіңдер, – деп Тапал қара екі баланы екі итерді, өзі бүгіліп тұрып, қалмақ шалдың кителінің түймелерін ағыта бастады.

Сол сәтте Бураш не істеп, не қойғанын байқамай қалды. Қатты өкіріп, қатты айқайлап, он шақты қадам шегініп барып, қайта ұмтылып келіп, еңкейіп тұрған Тапал қараның дүмінен баспен сүзді. Тапал қара қалмақ шалдың үстіне құлады.

– Ой, иттің баласы, мен саған көрсетейін, – деді Тапал қара тап-таза қазақ тілінде. Орнынан көтеріліп келеді.

Бурашқа қарай төніп келеді. Бураш шегіншектеп барып, темір арбаға артымен сүріліп құлады. Темір арбаның үстінде жатқан темір сап темір күрекке қолы тиді. Темір сап темір күрек қолына қалай ілінгенін байқамады. Жан даусымен айқайлап, Тапал қараға қайта ұмтылды. Қолындағы күрекпен басқа соқпақ еді. Сергей аға темір саптан қағып алды.

— Не болды саған, балақай?!

— Екеуінді де өлтіремін! — деді бала. — Осыдан шалға тиіп көріндер!

Бураш қайта ұмтылған. Сергей оны құшақтай алды.

— Қарағым, атың кім еді? Бұл болмайды, — деді ол. — Заң жоқ деді ғой Иннокентий ағаларың. Жарты сағаттан кейін СЕКСЕН БІРІНШІ пойыз келеді. Жүрдек пойыз. Оның ішінде кім бар екенін білесің бе? Жанашуға қақымыз жоқ, ешкімге жанашуға қақымыз жоқ. Это нелогично... Атыламыз өйтсек!

Бураштың көзі қарауытып кетті. Енді ол, шегініп барып, жан даусымен айқайлап келіп, Сергей ағаның өзін сүзді.

— Өлтіремін бәрінді!

Сол сәтте түсініксіз және бір оқиға болды. Егін шетіне қойған ұзын сирақ құбыжықтай қалшиып тұрған Колька, кенет, ол да айқайлап, әкесіне қарай, өз әкесіне қарай тұра ұмтылды.

— Қатын екенсің ғой, папа! Қатын екенсің!

Колька мен әкесінің арасы бес-алты-ақ қадам жер еді. Колька қалбалақтап жүгіріп келеді. Әлі жүгіріп келеді. Әлі жүгіріп келеді. Таң алдында көрген Бураштың түсі тәрізді. Жетер емес. Екі алақаны жайылып кеткен. Саусақтары темір көсеу дерсің. Әлі ұмтылып келеді. Әлі ұмтылып келеді.

Түсініксіз оқиғадан түсініксіз оқиға туды. Сергей аға, қолындағы темір сап темір күректі тік көтерген қалпы, өз баласына қарай ұмтыла берді. Темір сап темір күрек Кольканың сол иығына сарт етті.

Сәл ғана лып еткен желдің екпініне шыдай алмай құлап түскен қарауыл құбыжықтай, аяқ-қолы ербеңдеп барып, Колька тас перронға тізерлей берді.

Сол сәтте, сол бір қас қағым сәтте, Бураштың санасы басын көтеріп тұра берген қалмақ шалдың бейнесін көріп үлгерді. Қабылдап үлгерді. Қалмақ шал Бурашқа ежірейе қарап, ап-анық, өте сабырлы үнмен, тап-таза орыс тілінде:

— Да, логика — железная! У них всегда была железная

логика! – деді. Деді де шалқалай беріп тас перронға шүйдесімен соғылды. Тұла бойы бір-екі рет дір-дір етті де, тез тынды. Қимылсыз қалды. Бураш қалмаққа қарай тұра ұмтылған. Көздері әлі тірі еді. Тапал қара бір сирағынан ғана сүйретіп барып, шала-жансар денені арба үстіне былқ еткізіп лақтыра салды.

Содан кейін Тапал қараның өзі де мелшиіп тұрып қалды.

Әлгі түсініксіз сұмдықтан және бір түсініксіз сұмдық туды. Ештеңені көрмегендей, ештеңені сезбегендей, дарынсыз мүсінші қашаған қолапайсыз тас мүсіндей безеріп тұрған Тапал қара, кенет:

– Ах ты, подлец! Иттің ғана баласы, осының бәрі сенің кесірің! – деп кіжініп келіп қысқа бұтын ыңғайсыз ербең еткізіп, баланы іштен тепті. Екі бүктетілген Бураш тас қараңғы түпсіз құзға құлап бара жатты.

Бес-алты күннен кейін Бураш ауыр соққыдан айығып, тұрып кетті. Мектепке баруға жарады. Мектепке барған соң естіді, Колька сол күні, сол сағатта, есін жимаған қалпы, о дүниеге өтіп кетіпті.

Жылдар өтер. Бураш ержетер. Бірақ сол бір қалмақ шал, сол бір отыздардағы қалмақ «шал», үкімет адамының кителін киген қалмақ шал, орысша таза сөйлейтін қалмақ шал Бураштың есінен кетпес. Мен туралы жаз, мені ұмытпа деп зерде шалғайына талай жармасар. Мені ұмытуға қақың жоқ деп жалбарынар. Басын көтере берер. Алқынып, кителінің жағасын ағыта берер. Орақ пен балға айқасқан оқалы жағасын аша берер.

Алатау мен Қаратаудың қолтықтасқан тұсында әлдебір жаудан жеңіліп, қанаттары алба-жұлба, тоз-тоз, жырым-жырым болған алып қара құс, әне құлаймын, міне құлаймын деп теңселіп келе жатар. Төніп келе жатар. Қара бұлттың сауырынан ызғар есер. Үрей желі уілдер.

Үрей желі есіп тұр әлі де.

ОТЛИЧНИК

Бар кейпі: мен тәртіптімін деп тұратын. Мұқият киініп, мұқият жүретін. Үстінен сабынның иісі кеткен емес. Жасыл бағдаршам жанбай көшеден өтпейтін. Жұрт салып алған тіке, қиғаш жолдарға аяқ баспайтын. Тротуармен тік жүріп барып, тік бұрыш жасап, тік бұрылатын.

Қызметте де сол, бастық айтса, істейді, айтпаса, отырғаны күтіп. Өзі сөз бастамайтын. Сұраса, жауап береді. Жауап береді де тоқтайды. Ешкімге міндет артпапты, өзі де, ешкімнің жүгін мойнына алмапты. Мектеп, пионер, комсомол, институт. Жолдама бойынша үлкен бір мекеменің ең кішкентай қызметін атқарды. Бірінші ашқан есігі сол еді, соңғы жапқан есігі де сол болды. Әр бесжылдық сайын дәрежесі өсті. Өсірейік деп өсірмейтін. Басқа амал қалмаған соң сырғыта салатын. Сөйтіп жүріп-ақ біраз биікті еңсеріп қалған. Алпыс екі жасында зейнетке шықты. Жиырма екі жасында үйленген еді, қырық екі жасында әйелі кетіп тынды. У да болған жоқ, шу да болған жоқ. Кеттім деді. Бұл үн қатқан жоқ. Состиып тұра берді дәлізде.

Зейнетке шыққан соң тағы он жыл өмір сүрді. Сабын иісі үстінен кеткен емес. Көйлегінің жағасы бір қисайған емес. Жылына екі мәрте «туған» мекемесі жиналысқа шақырып, гүл беретін. Егемендік алған соң конверт беретін болды. Тротуармен түп-түзу барып, түп-түзу бұрыш жасап, түп-түзу бұрылып, еңселі кеңсенің екінші қабатына түп-түзу көтерілетін. Залдың орта тұсында өзі таңдаған орындық болатын, соған барып отыратын, отыратын да өз аты-жөні аталатын сәтті күтетін.

Зейнетақының берекесі қашқан соң ескі таныстар бір-екі рет телефон шалып, ереуілге шақырды. Бұл бас тартты. Түп-түзу бұрыш жасайтын түп-түзу тротуардан шыққысы келмеді.

Сөйтіп жүргенде ажал таянды. Бұның ажалы да түп-түзу еді. Алдымен діңкесі құрыды, содан соң меңдеді, содан соң төсек тартты. Бірақ бұл сенбеді. Өлетініне сенбеді. Себебі өлім деген басқалардың үлесі ғой. Оның үстіне адам о дүниеге аттанарда бар ғұмыры тізбектеліп, шұбырып көз алдынан өтеді дейтіні қайда?

Сана төріне балалық шағын шақырды. Әке-шеше, жолдас-жора, туған ауыл бейнесін елестетпек еді, ешқайсысы келмеді. Жігіттік шағын еске түсірмек болды, жауын астында қалған топырақ көшедегі адам іздері тәрізді шайылып кетіпті. Көңіл сарайы қаңырап бос тұр. «Бәсе, мен өлмесем керек еді... Сәл-пәл ауырып, тұрып кетемін!» деп бекінді.

Бірақ тұра алмады.

Жеті тәулік өткенде күн батып, қас қарайған мезгілде қызуы көтерілді. Тұла бойын өрт шалды. Жанын қоярға жер таппай арпалысты. Ауа жетпей алқынды, ащы түтінге тұншықты.

«Өртеніп жатқан менің мекемем екен!» деген түйсік жылт етті. Жылт етті де сөнді: себебі менің мекемем деген түсінік емес, жалаң сөз еді, қырық жыл қызмет еткен мекемесі бейне болып сана экранына енбеді. Сана экраны таспасы үзіліп кеткен кинодай ұсақ-ұсақ, шолақ-шолақ сызықтарға толып кетті. Ұсақ-ұсақ, шолақ-шолақ сызықтар ақ-қара бас құртқа айналды. Жыбырлаған көп құрт... Басқа ештеңе жоқ. Жоқ. Жыбырлаған сансыз көп құрт та жоғалған. Ернеусіз, үңірейген, үрейлі үңгір ғана қалды. Ал денесі өртеніп барады. Өртеніп барады.

Дәлізде бұл тұр сүмірейіп, сүмпиіп, тап-таза жуынған, тап-таза киінген. Сәл ғана ашылған есіктің тұтқасын ұстап ол тұр — әйелі.

— Ал, мен кеттім! Ренжіме! — деді. Деді әйелі. Әйел дегені бет-жүзі шайылып кеткен құр сүлдер. Көгілдір дермантинмен қапталған есіктің алтын жалатқан сары тұтқасын ұстап тұр.

— Бар. Бар!— деді бұл. — Білемін қайда баратыныңды. Анау көк вагон ғой! Анау — бұқа көз, бұқа шүйде шойын қара жігіт қой! Жалаң аяқ, бөстек төс! Бар. Бара бер!

Кенет ап-анық сурет келді көңіл төріне: лапылдап жанған көк вагон. Шытырлап, бықсып басталып, оқ тиген өгіздей ыңыранып, өкіріп, қиналып барып, қып-қызыл жалынға орала бастады. Оңайлықпен жан бермеспін дегендей көк вагон ауыр бұлқынып, ауыр теңселіп тұрды да от құшағына біржола көмілді. Жойқын ызамен бұлқынған көк бұқаның арқа-жонында асыр салған қою қара түтін мен ашқарақтана аспан жалаған жалын бәсеңсіп барып, талықсып барып басыла қалды. Қып-қызыл боп балқыған темір қабырғалар ышқынып, ыңырсып ұзақ тұрды да, қап-қара боп түнеріп, бар қызуынан, алаулы реңінен айырыла берді.

Бұл сөздер сол бір сәтте, сол бір тарихи сәтте айтылған жоқ. Отыз тістің ар жағында қамалып қалған. Дәліздің дәл ортасында, тап-таза киінген қалпы, жинақы қалпы, Ұлы Қоғамның тәртіпті бір мүшесі екенін анық сезінген қалпы, қалт етпей бедірейіп, сөмпиіп тұра берген. Өкінген де жоқ еді.

— Бар! Бара бер анау бөстек төс жаланаяғыңа!

Сол түні бұлардың терезесінің алдында тұратын «анау көк вагон» өртенді. Құрылысшылар киім-кешектерін осында қоятын. Бір мезгіл сонда тамақ ішетін. Тергеушілер көк вагон ішінен ештеңе таппады. «Егер адам болған болса да,

Ештеңе қалмас еді» деген қорытынды жасады комиссия бастығы. Бұның әйелі мен Бөстек төс ізі-қайым жоғалды. Таудай маяның ішінен жоғалған инені табатын бұның мекемесі бір-екі жыл «бүкілодақтық іздеу» салып, ештеңе өндірмеді. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып кеткен.

Сөлпиіп жатқан қалпы жан тапсырды. Төрт бөлмелі пәтерді әбден еңсеріп, толтырып алған күлімсі иіс бір апта өткенде көрші тұрғындардың мұрнын қытықтады. Олар — сақшы мекемелерге хабарлады. Есікті бұзып ашқан заң қызметкерлері тиесілі құжаттарды толтырды. Ол қырық жыл қызмет істеген Еңселі Мекеменің Жаңа Иелері іскерлік танытты: бес адамнан, ұқыпты, тәртіпті бес қызметкерден комиссия құрып, мұндайда қақылы қаржысын қол қойдырып, қолдарына ұстатып, жерлеуге жіберді. Көлік те бөлді. (Бөлмеуге де болар еді. Бөлді.)

Төрт бөлменің есік-терезелерін айқара ашып, тымырсық үйдің ауасын әбден тазартқан көрші кемпір:

— Заты күдікті болса да, аты адам, Жаратқан Иеміздің бұл да бір пендесі еді ғой, Алла жолына адал аттансын!— деп, білекті сыбанып жіберіп, ағзасын арулап жууға кірісіп еді. Мәйіттің ернінде бұзылмай қалған: «Менің сырымды, бәрібір, аша алмадыңдар!» дегендей жымысқы күлкіні аңғарды. Таң қалып, тұрып қалған. Одан да сорақысы бар екен. Оң қолының балаң үйрегі мен ортан терегінің арасынан бас бармағы бадырайып шығып қалыпты. «Мә сендерге! Енді мені ұстай алмайсыңдар!» дегендей. Тұла бойынан сабынның аңқыған иісін сезіп көрші қатын тыжырынды.

Жарықтық.

2999999 +1

«У меня сегодня много дела;
Надо память до конца убить,
Надо чтобы душа окаменела,
Надо снова научиться жить».

Анна АХМАТОВА

Дәл осылай аяқталар деп ойламаған. Еңіске лақтырған тасы өрге атылып тұрған кезі емес пе? Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. Бұдан артық не керек?!

Бұдан артық не керек? Елуден енді асқан шағында кеудесіне алтыннан жұлдыз қадалды, қызғылт сары жұлдыз-

дың ажары ашыла түссін дегендей жапсарласа қан күрең жалау желбіреп тұр.

Үлкен кісінің алдынан, үлкен кабинеттен шығып келе жатқанда аңғарған: жұлдыз бен жалау қатар түзегенде бозғылт костюмнің реңі ерекше ашылып, көздің жауын алады екен.

Дәл осылай аяқталар деп үш үйықтаса да түсіне кірмес еді. Ақыры, міне, шың дегені — шыңырау болып шықты, күз дегені — мұзарт болып шықты. Мұзарт. Бүрсіз табанын тайғақтатып, ала қашқалы тұр. Бір-ақ қадам. Тіпті, жарты қадам. Тіпті, көзді жұм да, көңіл қапасында алас ұрған қара албастының тізгінін босат. Босата сал. Оп-оңай.

* * *

Шойын жол мен шойын доңғалақтар аяспай шайнасып келеді екен. Өліспей беріспес. Вагоннан вагонға өтетін көпірше бір-бірін жалап, анда-санда қажасып, үйкесіп қалатын екі болат қалақша, олар да шойын жол мен шойын доңғалақтарға еліктеп, одағай үн шығарып, бір-біріне килігіп қояды. Оны енді байқады.

Енді байқады: Сергей мен Серік, бірі алда, бірі артта, екеуі екі тамбурда состиып тұр екен. Бастықтарының мына қылығына екеуі де түсінбей қалғаны анық.

Енді байқады: маңдайын тер басыпты. Екі жауырын асты да шылқып кеткен тәрізді.

Енді байқады: шойын жол мен шойын доңғалақтардың қарш-қарш шайнасқаны бұның жан пернесін қытықтап, оқыс күйзеліске ұшыраған көңіліне көңіл айтып тұрыпты.

Қап-қара боп түнерген вагон астынан жарқ еткен от көрінді, қас қағым сәтке сән беріп, қып-қызыл гүл шоғыры пайда болды да, олақ қолдан төгіліп түскен гүл шоғырындай шашылып ғайып болды.

«Қой, Омар, өзінді өзің қолға ал!» деген сөздерді әлде көңілі айтты, әлде өзі айтты, әлде күңіренген көктен жетті.

* * *

Есін жию оңайға түспеді. Кері бұрылса да, ілгері жүрсе де көмекшілері түсінбес. Басының айналғанын айтса, көзінің қарауытқанын айтса, ол әңгіме іле-шала жетер жеріне жетеді. Ол — анық. «Көмекшің — бірінші өсекшің!» деп күнделігіне жазып қойғаны есінде.

Сыр бермеді. «Өзін-өзі қолға алған қалпы» Сергейдің жанынан үнсіз өте берді. «Бастық қылығы жұмбақтау болғаны жөн». Күнделігінде сондай да жазу бар. Ұмытпаса.

Сыр бермеді. Сергейдің жанынан үнсіз өте берді. Бұған керегі жетінші купе. Есік қақты. Ыңыранған үн есітті. «Кім де болсаң, кіре бер» деген секілді. Кірді. Абыз аға шалқасынан жатыр екен. Купенің төріне пенжәгін іліп қойыпты. Өңірінде алтын жұлдыз, дәлізден түскен жарыққа шағылысып, жымың етті. «Жарықтық-ай, бұл кісі де пенде ғой!» деп ой түйіп үлгерді. «Жолсерік қатындар қауып алмасын, берер шайын дұрыстап берсін дегені шығар!»

Сәлем берген үні көтеріңкі, жарқын шықты. Абыз аға деген сөзді нығарлап, анық айтты. Ол кісі өзіне арналған мұндай қастерлеуді бұрын естімеген болар, қысыңқы көзінен жылт еткен сәуле байқалды.

Бұның келгені Абыз ағаға ұнады, әлдебір мақтаныш сезімін қытықтаған тәрізді, бірақ, әккіліктің «майын ішкен» кәрі тарлан емес пе, сыр бермеуге машықтанған, сабырмен қозғалып, сабырмен бас көтеріп, жайланып, жайғасып отырған соң ғана жай сұрады, бұны да отыруға мүдіріп барып шақырды.

* * *

Алтай таулары құт ананың құрсағы тәрізді: үш жағы саңылаусыз құз жоталар, түксиген тұтас шыңдар, батыс жағынан ғана ирелеңдеп кіретін, тоспа-тоспа асулары бар ұзын кеңірдек оза келе, кеңи келе қалта-қалта кең сайларға, жазық қойнау жайлауларға айналады. Тығырық. Леп шығар жасу жоқ.

Тағла-мекенінің іртік-іртік ыстық құмынан, Сарыарқаның таусылмас шодыр-бұдырынан әбден жалыққан, әбден мезі болған жалқау аңызақ Орал-Сібір жазықтарынан аманатқа деп тұтқындап алған бір шөкім бұлтын алдына салып, әлгі иір-иір өңешке жол тапса болды жасынды жаңбырға айналып, қара дауыл қарға айналып, жанын қоярға жер таппай, алас ұрып, жаланаш жақпар тастармен жағаласып, жыртылып-айрылып, абыройсыз хал кешіп, жауып, таусылып тынады.

Бұның ахуалы да сол қазір.

Бұл теңеуді де күнделігіне жазған. Бір кезде. Қателеспесе.

* * *

Қаратаудың жөні бөлек. Шудың суы мен Сарысудың құрдымынан басталатын Қаратаудың қалақтай жұқа жотасы Мұғалжар, Жайықтың марғау самалын алақанына жиып, қойны-қонышын кеулетіп, Ордабасы, Қазықжұрт — Алатаудың тар қолтығына қақпайлап әкеліп, қамап ұстамақ болғанымен, төбесімен көк тірей алмаған соң қайтсін, айырылып қала береді. Еңсесін көтере білмейтін, бауыры ауыр қара бұлттар ғана Боранды мен Шақпақтың қыспағына ұрынып, бұрқан-талқан долданып, шілденің ыстығында қарлы құйынға айналып, әсіре жасыл алқаптарды айран ішкен бөбектің бетіндей сағал-сағал етіп үлгеріп, сұлап түсіп жатқаны.

Бұның қазіргі ахуалы да сондай ма, қалай... Бұл теңеуді де күнделік дәптеріне түсірген тәрізді еді. Жаңылмаса.

* * *

Абыз аға ұзақ ұстады. Жібермеді. Кетпе деп жалынып-жалпайған да жоқ, бірақ, майда қоңыр әңгімесімен, жарасқан әзілімен, риза пейілімен жіпсіз матай берді. Сергей мен Серікті ескертіп қойған, екеуі іле-шала купе ішін ресторанға айналдырып жіберді. Кіріп-шыға берген жігіттерді Абыз аға жақтырмай отырғанын бұл сезді. Сезді де оларға бостандық берді. «Ендігісін өзімізге жіберіңдер, өз аузымызды өз қолымыз табатын шығар!» деп қалжыңдаған болды, Абыз аға алдында ұтымды сөз айта алмағанына өкініп те қалды.

Абыз аға бұны ұзақ ұстады. Бұның да кеткісі жоқ еді. Өзі күткен, өзі іздеген, өзі естісем деген әңгіме: намысын қытықтады, арын арандатты, бітеу жараның бетін тырнады, қабыршағы алынып, іріңі көрінген жараға тұз септі, уыстап септі.

Абыз аға ұзақ сөйледі. Асықпай сөйледі. Тіпті, баппен, мәнерлеп сөйледі. Айтқаны — өз тарихы. Өз тарихы дегені ел тарихы. Ел тарихы дегені тағы да өз тарихы.

Алтауы бірігіп тажал аузына бет алды. Өз еріктерімен. Алтауы. Бұл ойлап қойды: «Алтаудың кемінде екеуі арандатор ғой!» Арандатор! Соңғы буындағы «о»-ны жұмсарту үшін қосатын.

Алтауы Үлкен Тажалдың өзіне хат жазбаққа серттесті. Абыз айтты: «Мақұл, келістім. Бірақ, менің мінезімді білесіңдер. Өз көзіммен көрмей...» — «Көретін не бар?»

деді алтаудың біреуі. Әлде – екеуі. «Алматының көшесінде... теңкиіп-теңкиіп, мәйіттер жиналмай, сасып жатқан жоқ па!? – Сонда да! Елге барып келейін! Биік қызметке жүремін ғой, маған рұқсат береді!» деді Абыз.

Ол кезде Абыз деген атқа «аға» деген тіркемесі жалғанбаған еді.

Абыз елге барды. Әрине, қаһарлы мекемелерден рұқсат алып барды. Ел күйзелді деген сөз бекер екен. Ел күйзелмепті, ел таусылып бітіпті. Тып-типыл.

Облыс басшысы Абызға күдікпен қарады. Күдігін жасырған да жоқ. Май басып кеткен іркілдек денесін әрең басқарып, орындықта әрең қозғалып отырса да, даусы шіңкілдеп, қатын мінез танытты.

– МҰНДАЙҒА Алматы қалай араласады? Москваның құзырында емес пе?

Кімнің құзырында екенін көрді Абыз. Қостанайдан Батпақкараға шейін жолдың екі жағы... Арқаның азынай соққан екпінді желі апталап қуса да, айлап қуса да тазалап кетіре алмаған күлімсі иіс, қолқа қапқан қоңырсық иіс; соңғы үш тәулік бойы көктем лебін аңқыта келген Алтынкүрек те қолқа қапқан сасықтан құтқара алмады бұларды. Қайта, Алтынкүрек тозақтың есігін айқара ашып тастаған тәрізді. Қыстай қар астында жатқан өліктер... Өліктер! Бірін көргенде жүрегі дір еткен, онын көргенде жүрегі лоблыды, жүзін көргенде өлердей алқынды, мыңын көргенде мәңгіріп қалған, он мыңдап көргенде ойсырап барып оңалып кетті! Осылай болуға тиісті ме, қалай... Бұған таң қалудың қажеті жоқ па, қалай... Өмірдің заңы осындай ма, қалай... Үш күннен соң адам көрге де үйренеді дейтін бе еді, қалай... Қатындары салақ ауылдың сыртындағы күресін жазғытұрым осылай сыр беретін бе еді, қалай... Албажұлба киімдердің жұрнақтары, ағарып кеткен арық сирақтар, көкке қарай созыла түсіп түйіліп қалған жұдырықтар, көкке қарай созыла түсіп ашылып қалған алақандар, ана төсін аймалап жатып көз жұмған сәбилер, ата-анаға өкпелеп, жарық дүниеден көңілі қалып, етпеттеп жатып, етпеттеп жатып жер құшқан нәрестелер! Құшақтасып жатып жан тапсырған ғашықтар...

Ғашықтар. Осыдан екі жыл бұрын, жаз айында Абыз оларды көрген. Есімдері аңызға айналған ғашықтар. Қосан мен Гүлғайша. Көрікті жігіт Қосан. Өзі әнші, өзі шешен. Үкілі бөрік, үкілі домбыра, төс қалтасында алақандай төрт бүктелген ақ орамал, иіс майын аңқытып... киіз үйге кіре

берді де, төрде отырған кеңестік төре Абыздың алдына тізерлей жүгінді.

– Тақсыр! – дей беріп тез түзелді. – Жолдас орталықтың өкілі! Біреулер алдын ала әзірлеп, айтар сөзін, істер қылығын әбден үйретіп қойса керек. – Ғашықпын! Ғашықпыз! Еркіндік алып бер! Байдың тоқалы! Сүйіп. Болмаса – өлеміз!

Қарулы екі жігіт екі білегінен ұстап келіншекті де кіргізді. Орталықтан келген айбарлы өкілдің алдына жүгіндірді.

– Айт, апеке! Қысылма!– деді екі жігіттің бірі. Інісіау, шамасы.

– Теңдік! Тақсыр, теңдік! – деді келіншек Абызға тайсалмай тік қарап. – Теңдік!

Әйелдің сұлуы осындай-ақ болатын шығар. Мұндай көз, мұндай маңдай, мұндай шаш, мұндай тіс, мұндай мүсін Үрдің қызына да бұйыра бермейтін шығар.

– Содан бері, мінеки, ровно елу бес жыл өтіпті! – деді Абыз аға Омардың бетіне сынай қарап,

– Елу бес жыл өтіпті! Ондай аруды көрген емеспін! – Оң жақ қасын шаршаған шағаланың қанатындай салбырата көтеріп Абыз аға Омарға және сығырая қарады. – Киноэкраннан да, телеэкраннан да... – деп сәл жымия түйіндеді пікірін.

– Ондай бөксе... Ондай қозықұйрық...

Абыз аға сөйлегенде орыс сөздерін әдейілей қосып, аса бір нәшіне келтіріп айтатынын бұрын да үлкен жиындарда, Жоғарғы Кеңес отырысында байқайтын Омар, бұл жолы тек: «Бұл кісінің сонысы несі екен?» деп тосын ойға беріліп кеткен. «Қозықұйрық» деген сөзді өте-мөте сүйсіне айтып, алтын тістерін аша түсіп, бұған: «Бұл менің жеңсік құмарлығым емес, әдемілікті, таза көркемдікті дәріптеп отырмын. Соны түсінесің бе?» дегендей, сынай қарады, шәкіртіне қандай баға қоярын білмей отырған ұстаз кейпі.

Бұл да білінер-білінбес ишаратпен иек көтерді. Ұқтым дегені.

– Қозықұйрық, бөксе... – демекші... Енді сен, ренжімесең, былай отыршы... Жамбас ауыстырайын... – деп сыпайы күле түсіп, бұл отырған полканы қалап алған Абыз аға.

* * *

Орлов тұқымдас тарғылкөк тым күтімді екен. Қостанайдан шыға берісте бес-алты мәрте, тұра қалып, тезек тастаған. Енді, екінші күні, арқа-жоны майлана түсіп, булана түсіп, бұлшық еттері ұршықтай шыр айналып, ойнақшып, кей-кейде жұлқа тартып, кей-кейде шауып кетіп, ауыздықпен алысып келеді.

Шананың алдында божы ұстап отырған Николай да қоңды. Қалың қара тоны қазақ даласының жартысын жауып келе жатқандай. Қаладан шыққалы аспанның оңтүстік-шығыс бағытын күржиген желке мен жалпақ жауырын көлегейлеп тастаған.

ОГПУ қосып берген атшы Николайдың мінезіндегі оғаштықты өкіл Абыз алғашқы сәтте-ақ түсінген. Ысқырып «өлеңдетіп», қалаған кезінде, қалаған жерінде көлікті тоқтатып, мән-жайды бұған түсіндірмей жолдан алыс кетіп, әлдебір қаңырап тұрған бос тамдарды, әлдебір сай-саланы аралап кетеді. Кей-кейде бұған қарап:

— Ал, осы арада қуығынды босатып ал, бастық! — деген «қамқорлығының» астарында: «Сен Өлкеден келген дөкей болсаң да, менен мықты емессің! Себебін ішің біледі ғой! Ішің білуге тиіс қой!» деген ызғар жатады.

Кешеге шейін қар басып сіресіп жатқан Арқа жоны бүгін қорасан түскен әйел бетіндей шұрқ тесік. Екі қаптал шұрқ тесік болғанымен жол үстінің қары тұтас, беті мұз қабыршақтанып, болат табан шана мен ақжібек белбеудей шұбатылған ұзақ жол бір-бірін жорта аймалап, жорта сылап-сипап келеді.

— Ал, осы арада қуығынды босатып ал, бастық!

Тіксініп қалса да, сыр бермеді. Түсті. Жолдан ұзай берді. Жолдан ұзап кетті. Тым қашық шықпаса да болар еді, ата тәрбиесі. Қорасан болған қатынның бетіндей шұрқ тесік қазақ даласы. Дала қанша кең болса да, дәл қазір Абыз тынысы тарылып, басы айналып, жүрегі лоблып, көзі қарауытып, қолқа қапқан күлімсі иіс жүрек түбіне запыран жинап, құсып тастаудың, ақтарып тастаудың амалын іздеп келе жатты. «Мынау ит те мені өліктің ең бір қалың тұсына әдейі кезіктіріпті-ау! Осы араға әдейі тоқтаған-ау!» деп түйді Алматыдан келе жатқан дөкей. «Бұл өлкенің қожасы сендер ме, біздер ме, өзің түсін, түсініп ал!» дегені анық!

Сұмдық ойдан Абыздың жүрегі шым етті. Тізесі дір етті. Буындары босап, жүрелей құлады. Бұл сүмелек сезім бұрын да көңіл қақпасына талай мәрте мысықтабандап, ұрлана бас

сұқпақ болған. Қуып салатын. Маңайлатпайтын. «Жергілікті текешіктер ғана сондай. Мәскеу. Кремль ондай емес! Ондай болуы мүмкін емес!» дейтін. Болашаққа деген үміт нәрестесін әлдилеп, жылы құндақтап, көңіл бесігін тербете бастайтын. Үміт.

Жүрелеп құлаған жері бір топ шидің түбі екен. Бір топ шидің доғалданған түбі екен деп жорыған. Соның алдында ғана отыруға қолайлы болсын деп өзі ағыта бастаған сеңсең тонның жағасына сояудай болып ене берген сол шидің доғалданған түбі екен деп түйген. «Қоңсық еденді сыпыра-сыпыра молақ болып қалған сыпыртқыдай» деген теңеу сана қалтарысында жылт еткен.

Жылт етті де сөнді ол теңеу. Соңғы жылдары қызметі өскен сайын жуандай бастаған қысқа мойынды сығымдай қысқан он саусақты байқады. «Апыр-ай, мынау, ақыры, жаттығын жасады-ау! – деп ойлап үлгерді Абыз есінен танып бара жатып. – Өй, Николай!..»

Есінен танбапты. Аз жатты ма, ұзақ жатты ма, сол арасы ғана белгісіз. Көзін ашып алса, Николай да емес екен. Күлерін де, жыларын да білмеді. Бірақ, жылы тонның ашық жағасын аша түсіп, алқымына жармасқан екі қолды анық көрді. Сабыр сақтап, енді, анық аңғарды. Саусақтары салалы екі қол. Өліктің қолы. Жүрелеп қайта отырып жатып діттеп қарады: сақал-шашы қауғадай болып өсіп кеткен аққұба кісі. Аққұба өлік. Ағза.

Сол қолымен қар тіреп көтеріле берген. Сыртынан келіп Николай да сүйемелдей берді.

– Таныс адамыңыз ба... еді? – Жиексіз еріндері кәрі сиырдың таңындай жиырыла тартылып қалыпты. «Күлгені болар!..»

«Күлгені болар!» деген сөзтіркес сол сәтте, сол кезде, сол мың да тоғыз жүз отыз екінші жыл наурызының жиырма бірі күні талма түс мезетінде келді ме, әлде, тап қазір, сілке шайқаған көк пойыздың екі кісілік оңаша купесінде келді ме?

Омар соны ойлап кетті. «Елу бес жыл өтіпті...» Соны есептеп шығарды.

* * *

– Жиексіз еріндері кәрі сиырдың таңындай жиырыла тартылып қалыпты! – дегенде Абыз аға бұған ерекше жымия қарап, сынай қарап отыр екен. «Менің тапқыр теңеуімді сен бағалай алар ма екенсің?» деген сыңайы бар.

«Абыз ағаның күлкісі сәнді!» деп түйді Омар. «Әрине, сол күні, сол сәтте санасына келген теңеу емес! Дәл қазір тапқан. Дәл қазір тауып отыр!»

— Таныдым. Өлікті, жағамнан алған өлікті таныдым! Жайық-Қапал Күреңби деген атақты бай еді. Мешіт салдырған, медресе салдырған. Тоған қаздырып, еліне егін егуді үйретіп жүрген көзі ашық, шешен кісі еді. Сол ауылдағы Кеңес болысы оны да айдап әкеліп, менің алдыма жүгіндірген. Ол да еркектің көріктісі еді, жарықтық! Ұялы көздері нұр шашып тұратын, екі иығына екі жігіт мінгендей, екі беті нарттай... Үлбіреген үрдің қызы Гүлғайша Күреңбидің тоқалы еді...

Абыз аға әр сөзін нықтап айтып, мұқият суреттеп, ұтымды теңеулер іздеп сана төріне шегелеп бақты, Омар болса әрі-беріден соң өз әлемімен әуре болып, көңіл экранына өз киносын ойнатып кетті.

Абыз аға ол кезде жас бәлшебек. Тууы туралы куәліктегі аты-жөні де бөлек. Жазушы боларын, Абыз атанарын әлі анық білмейді. Жамбасына батқан тоқпан жіліктей тапаншасы тұла бойын күйдіріп барады. Әйшәйға қарамай атып тастайтын Кеңестің атқамінерлері ауыл-ауылды аш бөрідей кезіп жүрген кез. Жұртта үрей қалмаған. Тап жауы — сенің жауың, оларды аясаң — өзің құрисың. Алдына жүгініп отырған еңгезердей көркем кісі Жас Бәлшебекке мұрты едірейген құбыжық болып көрінді.

— Атыласың! — деген сөз маржандай тізілген отыз тістің арасынан жұп-жұмыр, сүйкімді қалпында үзіліп түсті. — Атыласың! Екі әйел алуға Кеңес өкіметі тыйым салатынын естіген шығарсың? Сауатты едің ғой. Орынборда оқыған едің ғой!

Айтам деген зілді сөздерінің қауқарсыз шыққанын сезіп Жас Бәлшебек түйілгіп қалды. Әлсіз адам ашушаң — жамбасына батқан тоқпан жіліктей тапаншаны оң қолының алақанымен бір сипап өтті. Адам ату қаперінде жоқ, қолынан да келмейді. Осалдықтан туған опық қимыл.

Көңіл экранында «өз киносын» Омар ойната берді.

— Жаз. Қолына қалам, қағаз беріңдер! Ал, жаз! Кеңес өкіметінен кешірім сұраймын! Гүлғайша тоқалымнан бас тартамын! Гүлғайша тоқалымды Кеңес өкіметінің құзырына бердім! Солай деп жаз! — Бұл, әрине, Жас Бәлшебек.

Тас қараңғы түнде, жол бойында кезіккен арланның

жанарынан жасыл жасын жалт етті. Тас қараңғы түнде аппақ болып көрінген асыл тістері жарқ етті. Бұл теңеу, әрине, өз алдына «кино түсіріп» кеткен Омардың үлесі.

— Бостандық!

— Бостандық! — Бұл, әрине, жүгініп отырған екі ғашық Қосан мен Гүлғайша.

— Әйел теңдігі! — Бұл, енді, екі ғашықтың желкесінде шұқшиып тұрған екі іні, комсомол.

— Бас тарт тоқалдан! — Бұл, әрине, Жас Бәлшебек.

— Шыжбыңдаған шібіштің көтіне құрт түсті екен деп өз малымды көрінгенге ұстатып жіберер жайым жоқ! — Бұл, түсінікті, Жайық-Қапал Күреңби байдың сөзі. Тайсалмас арландай айбат шегіп отыр. Жасыл жасын атқан қос жанар қып-қызыл болып қанталап кетіпті. Нарттай жанған екі бет қарая күреңітіп, түнеріп алыпты. Бұл — Омар санасындағы елес. Түрлі түсті кең форматты экрандағы сурет.

— Ат! Дарға ас! Айдат, итжеккеніңе! — Бұл, белгілі ғой, дала тарланының өзі.

Алтындатқан асыл тістер ерекше сәнімен ашыла түсті. Орысша сөйлегенде болмаса қазақшасына Абыз аға дөрекілік араластырмайтынын Омар бұрыннан байқайтын.

— Бұл ағаң да кезінде есерсоқтау болған... — Өзін-өзі мысқылдай тұқыртып қояды. «Ұлылығы!» деп қорытты Омар. «Басқалар бар өмірін өзін-өзі ақтауға жұмсайды».

Абыз аға жамбас ауыстырды. Жұқа-жұқа екі жастықты екі-екіден бүктеп, шынтағына басты. Алтын портсигардан Омар түсіне бермейтін әлдебір иісі аңқыған темекі шығарды да, алтын зажигалкасының қызыл жалын тілін жылмаң еткізді. «Төңкеріс болмаса, «паң атанып, шағын бір ояздың билігіне таласып жүрер еді-ау!» деп іштей жымиды Омар.

Азудағы алтын тістер сиқыр сыр танытты:

— Мен болып, Торғайдың үлкенді-кішілі текешіктері болып, әйтеуір, көп ұзамай үш мың жылқысы бар, бес мың жылқысы бар оқыған азаматтарды Жайық жаққа жер аударды қой! Екі ғашықты некелеп қостық. Облыстық ақын Шалабайды астанаға шақыртып, өз үйіме жатқызып: «Қосан мен Гүлғайша» деген поэма жаздырдым... жаздырдық!

Қыс қатты. Қар қалың. Күтімді деген жылқының өзі бауырлап жүре алмай қалған. Боран астында «мұрты бұзылмай» жатқан көркем өлік өзіне төне берген әлдебір

төренің алқымына жармасты. Бұл – Омардың санасы. Көңіл экраны.

* * *

Орлов тұқымдас тарғылкөк тым күтімді. Екі күндік жолға сыр алдырмады. Қостанайдан шыға берісте екі-үш мәрте талтайып тұра қалып, тезек тастаған. Содан бері жұмсақ желістен бір айныған жоқ. Бұлшық еттері теңіз жағалауынан жаңа әзірде ғана табылған құмқайрақтай булана суланып, түнгі өрттің жалынындай шалқып ойнап келеді.

Божы ұстап, шана алдында отырған Николай да тым қоңды. Қара тонды керіп кеткен қақпақтай жауырын қазақ даласын көміп тастаған, Жас Бәлшебекке ештеңе көрсетер емес.

Алматыдан келген Жас Бәлшебек, жас өкіл тап қазір қазақ аспанын іздейтіндей халде емес еді. Қар астынан қол созып, алқымынан ала түскен, сақал-мұрты қаулап өсіп, бет-жүзін жүн басып кеткен, (сонда да түлкі тұмағы қисаймаған, қисаймаған-ау, қисаймаған!) Күреңби қажының үрейлі сүлдері шана соңынан жеңіл секіріп, ентігіп, жүгіре беріп тоқтап, тоқтай беріп жүгіріп келе жатқан.

Әлденені сезгендей Николай, аттың басын тартып, «дррр» деп тоқтатты да тұтас денесімен бұған бұрылды:

– Танушы ма едің?

Жас Бәлшебек күйініп кетті. «Мына жаман басына бастады-ау!» Томсарып үн қатпады. Атшыға ала көзімен бір қарады. «Орнынды біл!» дегендей. Николай іштей қаймығып қалса керек, бұған жеңілген сыңаймен көз тастап, мұрын астынан міңгір етті:

– Жолдас өкіл... Сіз шанада отыра тұрыңыз! Ешқайда ұзамаңыз! Мен қазір... – деді.

Деді де шанадан түсіп, жұмсақ шөп үстінде көлденең жатқан бесатар винтовканы қолына алды. Затворын ашып көріп, қайта қайырды.

– Осы ауылда... Шолақсу ауылында адам жейтіндердің бандасы бар. Соларды бір шолып өт деп еді бастығым... – Ауыр тонын шешіп, шанаға тастады. Иығына портупея асылған кителі көрінді. «Бір жеріне қарамай, бұның өзі офицер екен ғой...»

Бір жеріне қарамайтын офицер орнынан қозғала беріп, қайта бұрылды.

– Қаруыңызды оңтайлап қолыңызға алыңыз. Сізге

қарай жүгірсе ойланбаңыз, атып тастаңыз! Бір қолыңызға божыны ұстаңыз. Мылтық атылса Теңбілкөк ала қашпасын!

Теңбілкөк ала қашпады. Себебі мылтық атылмады.

ОГПУ қызметкерінің «ауыл» деп ауыз толтырып айтқаны — жолдың екі жақ шетіне шашырай түскен бесалты тоқал там екен. Есік-терезелері жоқ, сукөзденіп, үңірейіп тұр. Арғы шеткі бір үйдің ғана сыртқы есігі мен екі терезесіне киіз ұсталған. Мылтығын көлденең кезенген Николай асықпай-саспай барды да киіз «әйнектерді» жұлып лақтырып, іш жаққа бірдеңе деп айқай салды. Үйден өңкиген үш қазақ шықты. Киімдері күтімді. Қызылжағалы олармен ұзақ сөйлесті. Содан кейін киіз «есікті» жұлқа тартып ішке кірді.

«Аналар бейбіт тұрғын болды-ау, шамасы. Қарақшылар қайда деп сұрастыра бастады-ау біздің чекест. Бірақ, тып-типыл қырылған мына елде соқталдай үш жігіт қайдан жүр?» Жас Бәлшебек осы тақырыпқа толғанып отырып байқамапты: сыртқа шыққан Николай қол бұлғап бұны шақырып тұр екен. «Мына найсап менің кім екенімді ұмытып кеткен-ау! Осыдан Қостанайға қайтып келейік, қызметінен құдырмасам да шенін төмендетпесем!» Кіжінуін кіжінді, бірақ, әлдебір бұйрыққа бас игендей, шанадан түсіп, аяқтарын жазып, біраз тұрды да, бұл да барды сол жаққа.

— Келіңіз, төрлетіңіз, жолдас, өкіл! — деді Николай енді таза қазақша, сәл иіліп, төрге төселген құрақ көрпешені иегімен нұсқап. Үнінде жағымпаздық аңғарылады. Мына үш қазақтың алдында жорта мүләйімсіп тұрған «орыстың ойыны» екенін Жас Бәлшебек бірден түсінді. Түсінді де сыздана қалды (әлі жас еді ғой! Әлі жазушы атала қоймаған кезі еді ғой!)

Мылтықты жігіт анау үшеуге ақырып қалды:

— Тізе бүк, хайуандар! Кімнің алдында тұрғандарыңды сезесіңдер ме? Бұл кісі Өлкелік партия комитетінің бөлім меңгерушісі!

Үшеуде үн жоқ. Енді ОГПУ қызметкері әрбір сөзін нығарлап айтып, саңқылдап айтып, тар бөлмені басына көтерді.

* * *

— Мен биыл сексен беске толамын, — деді Абыз аға. Деген еді Абыз аға. — Сексен бес дегенім — жәй сөз. Мен сегіз жүз отыз жыл өмір сүрдім! — деді Абыз аға. Деген еді

Абыз аға. — Бір жылым он жылға балама! — деді Абыз-аға. Күліп отырып айта салды. Алтын құтыдан ерекше сигарет шығарып, ерекше сәнмен тұтатты. Айта салып еді. Ерекше сәнмен тұтатып еді. — Анда-санда киноға барғанымыз болмаса, кино деген шіркіннің сырына кім анықтап үңіліпті. Жүріп жатқан оқиғаны тоқтатып қойып, қайта айналдыруға болады екен. Тым жылдам жүріп кеткен оқиғаны тым баяулатып, қалағаныңша бақылап көруге болады екен. Сол сәттегі оқиға өмір-бақи көз алдымнан кеткен емес. Тоқтап қалып жүріп кетеді. Жүріп бара жатып тоқтап қалады,— деді Абыз аға.

Деген еді-ау Абыз аға.

Пеш түбінде тұрған үшеу тізе бүкті. Қимылдары қолайсыз. Николай бұны жер-көкке сыйғызбай дәріптеп тұр.

— Қазақстандағы ең мықты бастық Голощекин жолдас екенін білесіндер ғой? Білсеңдер, бұл кісі сол кісінің оң қолы! Көздеріңді ашып қарандар!

Пеш түбінде тұрған үшеудің көздері бітіп кеткен. Беттері быттиып кеткен. Желкелерін май басқан. Бір кезде ақ болған қара көйлектер езіліп, шылқып тұр.

Омар көңіліндегі экран дыбыссыз қалды. Мақау экранда баяу қимылдар үздік-создық, үзіліп, жалғанып, алға зырлай жөнеліп, кенет кері шегініп, жұлқи тартып, тарта жұлқып қалады.

Уақыт тоқтап қалған. Үн өшіп қалған. Жүк ағашқа жиырма шақты көрпе жиналыпты. «Осы ауылдағы бар үйдің жасауы болар» деп түйді Жас Бәлшебек. Көрпелердің ар жағына арқан керіліпті. Арқанда қақталған ет. Жіліктер. Жамбастар. Сүбелер. Көп ет. Жас Бәлшебек, жүрегі лоблып, құсып жіберді. Запыран шықпай қиналды. Николай, қабат-қабат жастық төсеп, бұны төрге жантайтты.

Есі ауысып кетті ме, таспа үзіліп қалды ма, енді бір аңғарса, үшеудің бірі бұның алдында жүгініп отыр.

— Айт! Қайталап айт! — деді мылтықты адам. — Шығар қойныңдағыны! Көрсет! — деді мылтықты адам.

Бір кезде ұялы болған көздер бітіп кеткен, бір кезде ат жақты болған өң быттиып кеткен. Май. Жүзінде май жылт-жылт етеді. Жас Бәлшебек таныды. «Мынау сол ғой. Соның өзі ғой!» Өзі тапсырма беріп жаздырған поэманың кейіпкері. Әнші. Күйші. Сері. Бай тоқалын бұл серіге Абыз, Жас бәлшебек өзі тартып әперген, екеуінің некесін Кеңес заңымен бұның өзі тіркеткен. Қосан. Қосан сері! Бұның өзі

поэма жаздырған. Бұның өзі гәзетке бастырған. Бұның өзі кітап қып шығартқан. «Қосан мен Гүлғайша». Поэма. Жыр.

Өте баяу, өте самарқау қимылдап, жыр кейіпкері жарғақ тонның түймесін ағытты. Ақ жібек орамалға ораған әлденені бұған көрсетті.

— Шеш! Көрсет! — деп ақырды Николай. Ақырған болар. Ұсқыны сондай.

Быттиған май бет өте жай қимылдап, ақ жібек орамалды ағытты. Орамал ішінде екі төс, бір құйрық бар екен. Қозықұйрық. Екі емшек. Екі мама. Шошайған ұшы қарайып кеткен.

Май басып бітіп қалған екі тесіктен реңсіз су тамшылары сорғалады. «Жылағаны шығар!» деп қорытты Жас Бәлшебек.

Меңіреу дүние, тас керең дүние зың етті де ашылып кетті.

— Гүлғайша... — деді ісік бет. — Гүлғайша ғой!

— ... ғой! — деді су сорғалаған екі тесік.

— ... ғой! — деген еді Қосан. — Гүлғайшаның екі төсі мен қозықұйрығы...

— Мәһәббат туралы поэманың концовкасы осылай аяқталған, — деді Абыз аға. Деген еді. Алтындатқан азу тістерін ерекше сәнімен аша түскен. Үнінде кекесін болды. Өзін мазақтады ма, қазақты тұқыртты да, адамзатты мұқатты ма? Омар түсіне алмады.

* * *

Содан кейін арбасу басталды. Шананың қасына айдап әкелген үшеудің екеуін мылтықты адам қақпайлап әрірек апарды да, әй жоқ, шәй жоқ, екі атып, жар басында отырған қарғадай жалп-жалп құлатты. Екі құлағын қайшылап, тықыршып тұрған Теңбілкөк былқ етпеді. Бар ғалам селт етпеді. Ештеңе болмаған тәрізді.

— Зачем нам лишний груз? Солай ма, нәшәндік? — деп Николай Жас Бәлшебектің өңіне сынай қарады. «Ал, маған не істейсің? Тіреп тұрған аспаның болса, тастап жібер!» деген доқ көрсетіп тұр. Басынып тұр. Мазақтап тұр. — Мынау бізге айғақ үшін қажет!

Мынау дегені — Қосан. Түсінікті.

Ештеңе болмағандай, ештеңе байқамағандай шананың арт жағында жантайып жатқан Жас Бәлшебек бәленің төркінін бұлжытпай таныды: бұл халық осындай жабайы, бірін-бірі жеп жатыр деген өсек таратуға бұл, бір, ұтымды

жағдай. «Оларды ондай халге жеткізген кім? Қай үкімет? Неғылған құдірет?» деген сауал ешкімнің көкейіне келмейді, әрине. Келсе де отыз тістің ар жағында қалады, әрине. Жоқ. Ол олай бола қоймас!»

Табиғатында тәрбиелі, биязы жан іштей булықты. Ширықты. Қаны қайнады. Атшыны иығынан түртіп, өзіне қаратты.

— Тоқтатшы! — деді. Жерге түсті. Шөп үстінде төңкеріліп жатқан Қосанға:

— Дәрет сындырып ал! — деді.

Қосан да қиналып, айтуға батпай келе жатса керек, құнжыңдай қимылдап жолдан шыға берді.

Жолдан шыға бергені сол еді, жанына жетіп келген Жас Бәлшебек, үн-түнсіз қалпы, жарғақ тонның жауырын астынан тапанша ұңғысын тақап тұрып басып қалды. Бұл да манағы екі серігі құсап жалп етіп құлай берді. Теңбілкөк талай-талай атысты бастан кешірген әккі ме, қалай, бұл жолы да былқ етпеді. Мылтығына таяқша сүйеніп шанадан түсе берген ОГПУ қызметкеріне Жас Бәлшебек атырына қарады.

— Екі де бір! — деді. Құс қанатындай иіліп тұратын екі қас, екеуі де бір аланға құлап келе жатқан екі кометадай, құйрықтарын тік шаншып алыпты. Бір-біріне таяп келген екеу дәл қазір «сені қайтсем екен?» деп толқып тұрған орман аюы мен «мықты болсаң кел, кәне!» деп айбат шегіп тұрған даланың сары сілеусіні тәрізді еді.

«Қулығынды асырып кеттің, сен көшпелі!» деп опынды орман аюы. «Енді өзіннің де үнің өшетін шығар»! деп іштей кіжінді дала сілеусіні.

Аудан орталығына келген соң да, облыс орталығына қайтқан соң да Николай кісі жейтін каннибалдар туралы ешкімге тіс жарған жоқ. Батпаққараға жете бере мұрттай ұшқан Жас Бәлшебек төсек тартып сол елде үш ай жатып қалды.

* * *

Дәл осылай аяқталар деп үш ұйықтаса түсіне кірмес. Ақыры, міне, шың дегені — шыңырау болып шықты. Құз дегені — мұзарт екен. Мұзарт. Бүрсіз табанын тайғанақтатып, ала қашқалы тұр. Бір қадам. Бір-ақ қадам. Тіпті, көзді жұм да, көңіл түкпірінде алас ұрған қара албастыға ерік бер. Тізгінін босат. Босата сал. Оп-оңай.

Шойын жол мен шойын доңғалақтар өліспей беріспес.

Қарш-қарш шайнасып келеді. Бірінің кеңірдегін бірі жұлып жемей тынбас.

Екі вагон арасын жалғайтын піл жауырыны тәрізді екі шойын қалақша да өздерінше өштесе түсіп, шайнасып қалып, ыңырана күйзеліп, сықылықтай күліп, бір-бірімен андысып келеді екен. Енді аңғарды. «Мен бұл арада неғып тұрмын?»

Пойыз жолды қалаған өзі («Өзім, қалаған өзім!» деп ойлаған. Ал, шынында — өзі емес еді); «Неге өйттіңіз?» деп сұраған Мәскеудегі Мықты Үйдің қызметкеріне:

— Миыма ревизия жүргізіп алайын деп едім! — деп қалжың айтқан. Айтқан да өкінген. Мықты Үйдің қызметкері бұған күдікпен қарады (Омардың дәрежесіндегі дөкейлерді Мықты Үйдің екі қызметкері шығарып салуға міндетті).

Бұл қылжақ Омардың үшінші қателесуі еді. Мәскеуден шыққалы бүгін екінші түн; ойланып-ойланып біріншісін тапты. «Сол. Сол! — деп түйді Омар. — Күнделік дәптердегі сол жазу! Ол жазу үшін олар маған неге түйілгуі керек? Рас емес пе? Осы біздің тоталитарлық батпақ-оппаға омақаса құлап бара жатқанымыз өтірік пе?»

Қара түнек даланы қақ жарып зымырап келе жатқан қызыл күйынның ішінде, екі вагонның арасында тұрып ештеңе ойлап жарыта алмады. Абыз ағаның бұдан бір жыл бұрын дүние салғаны есіне түсті. Сол кісінің сол жолы: «Қазақ даласында жиналмай шашылып жатқан үш миллион өлікті ешкім керек қылмағанда, Николай екеуіміздің еншімізге тиген үш қарғаны кім іздесін!» деп мысқылдай күлгені есіне түсті.

Ештеңе ойлап қиналған жоқ. Өлер шағында бар өмірің көз алдыңнан шұбырып өтеді екен деген де бекер ме, қалай. Ештеңе шұбырып өткен жоқ. Соңғы жылдары еркекше киініп жүретін мода тапқан еркек шаш қатыны да, мен еркін адаммын деп үйге қонбауды шығарған жалғыз қызы да көңіл жайлауынан көрініс бермеді. «Заман мынандай болғандықтан мен солай қылайын деп тұрмын!» деп қорытынды шығаруға да зауқы болмады.

Шатасқан ойлар шарпып өтті. «Тағы бір жұлдыз тақ-қың келе ме, Омар?!» Абыз аға әдемі ғана жымиды. Алтындатқан азу тістерін аса бір шебер сәнқойлықпен сәл ғана ашып көрсетті. «Үш миллион сүйек жиналмай қалғанда, үш қарғаның құны қанша? Қа-анша-а?» Абыз ағаның үнінде

кекесін бар. Өзін-өзі мазақтады ма, сал бөксе қазағын тұқырт-ты ма, елес қуған адамзатты мұқатты ма? Омар түсіне алмады.

Қара түнек даланы қақ жарып зымырап келе жатқан қызыл сары құйынның ішінде тұр. Тұрған. Тұрған еді. Шойын жол мен шойын доңғалақтар ажал зікірін салып, әлдекімдерге өшіккендей қан майдан ашып келе жатқан. Екі вагонның арасын жалғастырған екі шойын қалақша да әлдекімге кектеніп, тісін шайнап, тісін шықырлатып, сені ме деп, мас адамдай жынданып келе жатыр.

Келе жатқан. Еді.

Алдағы вагонның тамбурында көлеңкедей көлбеңдеп көмекші Сергей тұр. Артына бұрылып қарады. Тамбур терезесінен қарауыта түнеріп Серіктің сүлдері байқалды. «Бұлардың міндеті ғой мені бағу! Бағыңдар!»

Бүрсіз табаның тайып кетсе болғаны. Бір қадам. Бірақ қадам.

Жүрек түбінде алас ұрған қара албастының тізгінін босат. Көзді жұм да тізгінін босата сал. Оп-оңай.

Қап-қара болып түнерген вагон астынан жарқ еткен от көрінді. Қас қағым сәтте сән беріп, қып-қызыл гүл шоғыры пайда болды. Пайда болды да, олақ қатынның қолынан түсіп кеткен гүл шоғырындай шашылып түсті.

Шашылып түсті де ғайып болды. Менің Омарым, сүйікті кейіпкерім Жарық Дүниеден солай өтті, шашылып түсті де ғайып болды.

ТАРИХИ ТҰЛҒА

Ол құрт еді. Ақ құрт еді. Күріштің дәнінен айнымайтын.

Ол көп тараған әулеттен еді. Әулетімен түгел бірбірінен айнымайтын. Әулетімен түгел күріштің дәнінен айнымайтын.

Өмір-тірліктері де күрішке ғана байланысты. Қамбақоймаларда күтімсіз ұзақ жатып қалған астықтың арасынан өніп-өсіп шыға келеді. Өніп-өсу сыры өздеріне ғана мәлім. Атадан балаға мұра. Басқа, қарабас құрттарға құпиясын бермейді. Тек қана қожайынның салақ болғанын тілейді. Қожайын салақ болса, құдайдың жарылқағаны!

Ақ күріштің дәніне ұқсас болғаны — ақ құрт әулетінің ең үлкен бағы: арасына кіріп ал да, араласып, өсіп-өне бер.

Ақ күріштің дәніне ұқсас болғаны — ақ құрт әулетінің

ең үлкен соры — күндердің күнінде жиналған ризық бұрқсарқ қайнаған қазанға түспей ме? Түседі. Ризықпен бірге ақ құрт та піспей ме? Піскенде қандай!

Әйтсе де, ақ күріштің дәніне ұқсас ақ құрттардың қарабас ақ құрттардан өлердей жасыратын және бір сыры бар: қанша піссін, ауызға қанша түссін, салақ қожайын қазандағы ботқаны ылғалдау жерде қалдырып, ұмытып кетсе болды, тәулікке жетпей-ақ баттасқан ботқаның арасынан қайтадан құжынап шыға келеді.

Сол жылы да сөйткен. Баттасқан ботқаның арасынан құжынап шыға келген. Құжынап шыға келген де асыр салып ойнай бастаған. Салақ қожайынның олақ бір қызметкері дәл сол сәтте тайқазанның қақпағын ашып қалсын.

Олақ қызметкер масаңдау еді, ештеңе аңғармады. Қараңғы дүниенің (Жарық дүние емес) мың құбылма қызығына беріліп, асыр салып ойнап жүрген нұқыл жас өспірім қыз-жігіт жоғарыдан жарқ етіп, жарық түскенде жым-жырт тына қалған. Өлік дене кейпіне еніп, кәдімгі ақ күріштің ақ дәніне айналған. Қорқақтықтан емес, әрине, бәленшенің баласы тәрбиесіз екен деген өсек тарап кетсе, бүкіл бір әулеттің намысына дақ түспей ме?!

Адам деген жауыз мақұлықтар болатынын үлкендер айтатын. Өздері нағыз құбыжық дейтін. Әп-әдемі, жұп-жұмыр («дәл біздің фигурамыздай сүйкімді!»), артық-тыртығы жоқ дене-бітімін бұзып, жоғарғы жағынан екі таяқ, төменгі жағынан екі таяқ шығарып қояды! Эстетикалық сезім, талғам болсайшы шіркіндерде! Өздері жебір, тойымсыз-ақ. Күрішке құмар, әсіресе — ақ күрішке.

Сол талғамсыз немелердің бірі (ол шіркінді өзі тәріздес жолдастары сыртынан «Күндемес» деп қыжыртатын), сол Күндемес тарбаңдап келіп тайқазанның қақпағын ашып қалсын, ашып қалсын да иісі аңқыған (шіркін-ай!) қою ботқаны шөміш деген бірдеңемен көсіп-көсіп алсын да қалайы табақтарға бөліп-бөліп салсын.

Бөліп-бөліп салсын да ашығып, жұтынып отырған тарбық пақырлардың алдына апарып қойсын.

Күріш дәні тәріздес ақ құрт әулетінің жас өспірім жеткіншектері, негізінен, тәрбиелі, өнегелі болып келеді. Бірақ, бір жетесіз олардың арасынан да шыққан еді. Екі сөзінің бірі: «МЕН! МЕНІҢ қасымда сендер кім едіңдер?! МЕН тарихи тұлға боламын!» дейтін ол құрбы-құрдастарына. «МЕН, әлі, сендерге көрсетемін!» дейтін ол үлкендерге.

Нокта үзбес момын көпшілік ол тәкаппарды өзі жоқ жерде: ТАРИХИ ТҰЛҒА деп кекететін. Өз есімі ұмытылып, әлгі екі сөз аты-жөніне айналып кеткен.

Сол ТАРИХИ ТҰЛҒА маржандай... жоқ-ә, шала піскен, бір-біріне жабысып қалған (иісін айтсаңшы, шіркін-ай, иісін!) ботқаның арасында, өзі құралпы замандастарымен бірге, тағдыр айдап түсірген қалайы табақтың ішінде мұрты едірейген («Бұл адам деген мақұлықты қойсаңшы, әп-әдемі, жыпжылтыр бетіне егеудей-егеудей қыл өсіріп, мұрт деген бірдеңені шаншылтып алады!» Үлкендер солай деп мысқылдай күліп отыратын) Матрос деген әлдекімнің алдына топ ете қалсын.

Сол Матрос сол күні ашулы еді, терісіне сыймай отырған. Қарны аш еді. Бес айдан бері «жалақы» деп аталатын көк ала қағазды ала алмай жүрген. Елде қалған қатын балашағасы қайыршылық жолға түсудің сәл-ақ алдындамыз деп хат жазған.

Көзі қанталап, мұрттары көкке атылып, ашуға тұншығып отырған сол Матрос үстелге қойылған қалайы табақтан аңқыған («Түу, бұл адам деген санасыздарды айтпа, бабына келген ботқадан шығатын рақат иісті өздеріне: мұңкіген деп мұрындарын шүйіріп отыратынын қайтерсің!») иісті жақтырмай, танауын тыржитты.

Осы сәтте ғой, осы сәтте, басқа туыстары құсап, тағдырлас тел өскен тентектер құсап, уақытша ғана ақ күріштің дәніне айнала тұрса, қыбырсыз шыдаса, ештеңе жоқ еді, Адамзат тағдыры күрт өзгеріп кетпес еді. ТАРИХИ ТҰЛҒА, мақтаншақ неме, өзінше өнер көрсетіп ай-кеп бұлқынсын, ай-кеп жұлқынсын, тасырандап кеп би билесін, акробатикалық нөмірлер көрсетсін. Ай-кеп құтырсын.

Сол сәтте ғой, сол сәтте көзіне қан толған Матрос (адам деп аталатын жетесіздер ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ табиғи талантын қалай бағаласын, ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ ерекше өнерін бағалауға өресі қайдан жетсін!) тоқпақтай жұдырығымен үстелді бір ұрсын да, күндей күркіреп, айғай салсын:

— Құрттап кеткен ботқа! Ылғи осы! Жемқор, қансорғыш генералдардың ерке-тотай ұл-қыздары біздің несібемізді қашанғы қылғыта бермек! Халық қамын ойлауға тиісті патша ағзам қайда қарап отыр?! Қашанғы төземіз бұндай қорлыққа!

Ақ күріш тәріздес ақ құрттар әулетінен озып шыққан ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ (Жарықтық!) тарихи миссиясы со-

лай басталған. Ол саңлақ тек бастап берген. Ар жағында не болғанын өзі де түсінбей өткен бұл жалғаннан.

Ақ күріштің аршылған ақ дәніне өте ұқсас сүйріктей сұлу ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ өзі де анық түсіне алмаған ғаламшарлық оқиғаның мән-мағынасын өздерін өздері АДАМ деп атайтын ербиген екі қол, көстендеген екі аяқ — төрт таяқпен өз мүсіндерін бүлдіріп жүрген миғұлалар қайдан ұқсын, қай зердесімен ұқсын?! Олар-бір бірімен...

* * *

Олар бір-бірмен ұстассын да кетсін. Бұрын да бірін-бірі аямайтын еді, мыңының ырысын бірі тартып алып жей беретін. Мыңының ырысын бірі тартып алып ерке-тотай ұл-қыздарының аузына тосатын. Сол үшін қоғам екіге бөлініп, бай-кедей болып екіге бөлініп, қырқысып жататын.

Бұл жолғы қырқыс тым сойқан, тым жойқын болды.

Ақ күріштің дәніндей әппақ жігіт ТАРИХИ ТҰЛҒА ғұмыр кешкен дәуір — Жиырмасыншы Ғасырдың Бас Кезі деп аталатын. Оқиға болған алаңқай — болат құрсаулы алып кеме «Потемкин» деп аталатын. Ол алып кеменің шоқтығында Ресей деп аталатын алып елдің тұтас кеуделі қос басты самұрық жалауы желбіреп тұратын.

Ресей деген елдің байлары тым бай еді, кедейлері тым кедей еді. Байлары тым аз еді, кедейлері тым көп еді.

Ақ күріштің дәніндей ғана сүйкімді өспірім ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ еркелік оқыс қимылынан от шықты, оттан өрт шықты: кемедегі теңізшілер басынған бастықтарын бас салды, қамауға алды, біразын, аса зұлым жемқорларын атып тастады.

Содан: Кедей дегендер Бай дегендерге қарсы көтерілсін.

Бай дегендер Кедей дегендерді басып, жаншып қорласын, көшеге шыққандарын Ат деп аталатын сұлу да жүйрік жануардың тұяғымен таптасын. Ол кезеңді адамдар өздерінше — 1905 жыл деп белгілеген. Қасарысып қайтпаған жанкешті Кедейлерді мұз үстінде қырып салып, Пулемет деген жебірге жегізген. Ол кезеңді адамдар өздерінше — 1913 жыл дейді. Содан кейін ел мен ел айқасып кетті. Ол дәуірді пенделер өздерінше — БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС деп түйіндеген.

Содан кейін ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ деп аталатын өлке бұлқынып шыға келсін. Оған қарсы Зеңбірек деп аталатын темір төбет арсылдай ұмтылсын.

Іле-шала ТӨҢКЕРІС деп аталатын аласапыран азу көрсетті: олар оларды қырып салды, аналар мыналарды қырып салды, бұлар оларды басып алды, олар бұларды басып алды, әлгілер соларды қуып салды, сөйткендер бүйткендерді жер аударды, сондайлар анандайларды жайпап тастады. Ол кезеңді адамдар өздерінше ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС деп айдарлады.

«Қап, сені ме!» деп кіжінді. (Кім? Ішің білсін). «Көріпақ алармын!» деп тістенді. (Қайсысы? Түсініп отырсың ғой!) «Мен сені мына жағыннан!» деді. «Ал мен сені ғарыштан келіп!..» деді. Аналар да қамданды. Мыналар да қамданды.

Сиыр қамайтын қораға Танк деген құбыжықты кіргізіп алысты. Бір-бірінің қапысын тауып, аңдысты.

Астық сақтайтын қоймаларға Бомба деген тажалды жасырды. «Кім?» дейсің бе? Бәрі! Жаппай бәрі!

«Адам дейтін жарықтықтар, өздері, қызық болады!» дейтін еді данышпан қарттар. Солардың айтқаны шындық екен. Ерегесе келе, кіжінісе келе, өшігісе келе, жанжалдың неден басталғанын екі жақ та ұмытып қалды. Шексіз де мәңгі, ғажайып та жұмбақ ғаламда өзінің «құмырсқа» жолын ғана біліп, өзінің шағын ғана Күн деп аталатын шам-шырағын жалықпай-талмай айналып жүрген жұдырықтай ғана еңбекқор ғаламшар – Жер шары екіге бөлінді. Бөлінді де бірін-бірі құртпай тынбайтын атажауға айналды. Құртпай тынбайтын!

Сөйтіп жүргенде адамдар өздерінше «Жиырмасыншы Ғасыр» деп айдар тақкан жүз құлақ тайқазандағы ас-нәсібе таусылып, «Жиырма Бірінші Ғасыр» деген жұмбақ жайлауға көш басын бұруға мәжбүр болды.

Күн деп аталатын шағын ғана шам-шырақты жалықпай-талмай айналып жүрген жұдырықтай ғана еңбекқор ғаламшардың қойны-қонышында құрттай құжынаған адам деген шіркіндер, шынында да, бір түрлі қызық өздері. ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ көреген аталары айтса айтқандай! Ғасыр соңы деп, бұл ғасырдың тарихи тұлғасы кім деп, менен басқа кімің бар еді деп, менің қасымда сен кім едің деп, кеуде қағыстырып, мүйіз айқастырып жатыр. Соны көріп, түкке татымайтын әлдекімдердің тасыған көңіліне су сепкісі келді ме екен, әйтеуір, Жаратқан Иеміз мен пақырының қолына қалам ұстатты. Жиырмасыншы ғасырдағы шын мәніндегі тарихи тұлғаның ғұмырнамасын пенделерім ұмытып кетпесін дегені болар Құдіретті Жаратқан Иеміздің!

Әумин!

СҰҚ САУСАҚ

Алыстағы Алатауға ашуланды, ыза болып, жыны келді: ала бұлтқа оранып алып, сайқал жүзін бір ашып, бір жауып, өтірік қылымсыған жеңіл жүрісті қатын құсап тасадан сығалап тұр.

«Көрінсең жөндеп көрін, көрінгің келмейді екен, немеге қылжақтайсың?!»

Кектене булығып теріс айналған осы бір тұста ышқынып, бұлқынып ағатын Талас өзенінің құлақты түнімен сарсытқан мазасыз сарыны қайта келіп, жүйкені қайта тоздыра бастады. «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі!»

Дөң басына ирелеңдеп шығатын жалғыз аяқ жолға биыл көктемде тас төктірген өзі еді, енді сол қиыршық аяғын аттап басқан сайын қышыр-қышыр шайналып, онсыз да қыж-қыж қайнаған қажырын құм қып келеді. «Асфальт төсетпесем болмас!»

* * *

Қақпа алдында қақшиып тұрған қызыл әскер қолын миығына апарып, оң аяғымен сол аяғын сарт еткізіп қағып қалып, иегін кекжитіп, сіресе беріп тағзым жасады. Бұл мән бермеген кейіппен, сазарып өтіп бара жатты. «Енеңді ұрайын! Басыма іс түссе бірінші болып келіп, мылтығынды шошайтып, алдыңа салып айдайтын сен боларсың!»

Есік алдында қара «Эмка» тұр, қаперсіз шырылдаған аңқау торғайға атылар сәтте жиырыла қалып, мүләйімсіп көз жұмған қара мысық дерсің, қара «эмканың» жүргізушісі де машинадан атыла шығып, бір-бірінен алшақ қашқан ебедейсіз саусақтарын әрең жинап, кепкасының күнқағарына апарып, әскери ишарат білдірді.

«Бұл ит те салпаңқұлақ екенін жасырғысы келмейді!»

Бірінші этажға көтерілер тепкішек – сегіз, екінші этаждың айналмалы ағаш сатысы он алты мәрте шиқылдайды. «Осыны да жөндетіп қою қажет еді, әкеңнің... финхоз отдел ай қарап жүр ме, шошқа тағалап жүр ме?!»

Дәліздің едені берік, кілемше төселген, жұмсақ басып өз бөлмесіне қарай өте берген. Жатын жайдың есігі оқыс ашылды да жасыл атлас халаттың етек-жеңінен асып-төгіліп, тым қатты ашып кеткен қамырдай ақтарыла көпсіген Нәфиса шықты. Шықты да түйе балуан денесіне жараспайтын нәресте дауыспен сызылып үн қатты:

– Жақан мырза, мен Нәсифа хануммен сөйлестім. Кешегі ойымызды жұқалап білдірдім. Ол түсінді. Ол – әйбәт түсінді. Ақылды ғой. Так что, дайын жүр! – деді.

Қоңқақ мұрынның астындағы бала мұрт, бала мұрттың астындағы оймақ ерін, оймақ еріннен үзіліп түскен нәресте лебіз бұның буырқанған ашуын бұрынғыдан да асқынта түсті. «Әкең, Нәсифаңды да, өзінді де!»

Алқымына келіп тығылған тас түйін тұншықтырып жіберді. Әлдене айтқысы келіп әйеліне бұрылған, үні шықпады. Аша берген аузымен ауа қармаған қалпы желең киімін шешіп, сұрғылт френчін киді. Алқымына кептелген сол ашуызаға булыққан қалпы мәшинеге отырды. Алқымына тығылған сол ашу-ызаға тұншыққан қалпы обком кеңсесінің екінші қабатына көтерілді, есік алдында жапырыла иілгендерге де, кіре беріс бөлмеде орындықтарда тізіліп отырған күллі топқа да мән бермеді, ешкімнің сәлемін елемеді. «Енеңді ұрайындар! Апалы-сіңлілі тоғышарлар! Сексоттар! Маған осы бір облысты аз деп санайды! Им подавай Алма-Ату! Енеңді...»

Түнере буырқанған қалпы, тағына отырар-отырмастан қоңырау түймесін басты, кабинет есігі ашылып, ішке хатшы қыздың кіргенін сезді, сезді де білді, бірақ көзін көтермеді.

— Кірсін әлгі ленинградтықтар!

Түнере тұлданған қалпы төмен қарап отыра берді: ленинградтықтар төртеу, ұзынды-қысқалы болып төртеуінің кіріп келе жатқанын сезіп отыр, көздері бозарып, еңселері түсіп, жасқана кіретінін біледі, үрейлері ұшып, төменшіктеп келіп, сәл иіліп бұдан ізет күтетінін біледі, біледі де сызданады.

Сызданған қалпы орнынан көтеріле беріп қайта отырды: төрт инженердің екеуі тым сорақай еді, солардың қасында тәштиіп, төмендеп қаларын пайымдап үлгерді: бұлармен алғаш кездескен күні қорланып қалған. «Құдай да қызық, ойсыздарға бой берген!»

Құдай деген сөз тіл ұшына іліне кеткеніне қысылды: «Ойдың өзіне сақ болған жөн. Аңдаусызда аузыңнан шығып кетсе қош бол, партбилет!»

— Отырыңдар!

Терезе жақтан жалпақ столға карталарын жайып, ленинградтықтар бұны күтіп тұр.

— Отырыңдар! — Бұл жолы үні бұйрықтай қатал шықты. Қонақтар солдат мінез танытып тез жайланды.

Төртеуінің де аты-жөні көкейінде сайрап тұр, бірақ бүгін Нәфисаға қырсығып оянған қалпы мыналардың ешқайсысының есімін атамады.

— Баяндауға рұқсат!

Биік төрдегі ұлы көсем бейнесіне көз салды. Көңілі орнына түскендей болған. Инженерлердің бірі шұбатыла көтеріліп, бұл аймақтағы жазғы жел мен қысқы борандардың қай жақтан қалай қарай соғатынын айтып, маусымдық құбылыстардың сырына қанық екенін білдіріп мыжып тұрып алғанда жыны тағы да ұстады:

— Сен маған желдің өтін көрсетпе, жоспарыңның көтін көрсет, — деп ақырып жіберді бұл. Тап қазір алдында Нәфиса мен Нәсифа тұрғандай, соларды мұқатып тастағандай айызы қанып қалды. Айызын қандырып алды да, ұзақ сөйлеп кетті. Буырқанды, бұрсанды. Көсем атымен құрсанды. Отан соғысының жүріп жатқанын мына жетесіздердің есіне салды. Ұлы көсем үнемшілдікке үйрететінін еске салды. Осындай қиын кезеңде Отан қорғауға қажет зауытты түу-у сонау Бурылдың ар жағына апарып орналастырамыз деген пікір тек қана арандатушы, халық жауының аузынан шығатынын айтты. Бұл облысты бұл басқарып тұрғанда ондай қаскүнемдікке жол берілмейтінін шегелеп тастады. Қатты шабыттанып, желпініп тоқтағанда, биік төрдегі Ұлы көсемге көз салып еді, ол жарықтық сәл ғана жымиғандай болды.

— Халық денсаулығы деп көлгірсімендер! Ондай теріс пиғылдың төркіні қайда екенін білемін, — деп кіжініп; — Химзауыт мына жерге салынады! — деп сұқ саусағын көне қаланың бауыр тұсына қадап кеп қалды. — Химзауыт осы жерге салынады!

Тырнағы үшкірленіп алынған сұқ саусақ көк сүңгіден кем емес еді, екі мың жылдық тарихы бар қаланың бауыр етін езгілеп, әлі күнге қадалып тұр, Химия зауыты.

Эпилог

Сұқ саусақтың улы тырнағы Жақаңның екі ұл, үш немересінің өкпесін тесті. Бұл күндері әбден шөгіп, бір уыс болып мыржиып қалған Нәсифасымен қас дұшпандай арпалысып, облысқа келген жаңа бастықтармен арыстандай арпалысып, үстерінен арыз ұйымдастырып, ескі беделімен ығыстырып, үлкен-үлкен жиналыстарға шақырылмай қалса, шақырылған кезде ардақтылардың басында аты аталмай қалса, жандайшаптарын жұмсап, кек алумен әуре.

Қарғыс атқан құлдың қаңқасы Құдайға да қажет емес пе, қалай?! Күресетін жау таба алмаған күні қала шетіндегі саяжайынан аулақ шығып, дөң басына көтеріліп, алыстағы Алатаумен ұстасып тұрғаны. Аспан таудың шырайлы, жадыраңқы кезін де жақтырмайды, түнеріп түксиген кезін де ұнатпайды. Ызаға булығып, тұншығып тұрғаны сол...

МАЗМҰНЫ

Әнім сен едің 5
Қыз Жібек 22
Қарабай 32
Күміс қанат 42
Келін 57
Ауыл шетіндегі үй 73
Жабы сәйгүлік 85
Сауал 100
Ай астында айдала 109
Хош, көлеңке! 132
Көпесбай 152
Қара таңба 160
Штык пен жүрек 168
Өлім 184
Тәж 190
Аран 206
Отличник 220
2999999+1 223
Тарихи тұлға 239
Сұқ саусақ 244

Художественное издание

Аким Тарази

ДОМ НА ОКРАИНЕ

Рассказы

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*
Редакторы *А. Хасенова*
Көркемдеуші редакторы *Е. Тұмабеков*
Техникалық редакторы *О. Рысалиева*
Корректоры *Ә. Кенжалина*

ИБ №009

Теруге 12.12.2005 берілді. Басуға 15.01.2006 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,02. Есептік баспа табағы 14,28.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №1644.

«Атамұра» баспасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфия комбинаты, 050002, М. Мақатаев көшесі, 41.



Әкім ТАРАЗИ — жазушы, драматург. 1933 жылы туған. Алғашқы повесі «Құйрықты жұлдыз» 1966 жылы жарық көрді. «Үлкен ауыл» (1968), «Асу-асу» (1970), «Қиян-соқпақ» (1976), «Бұлтқа салған ұясын» (1978), «Тасжарған» (1980), «Басынан Қаратаудың...» (1985), «Кен» (1986) шығармалары және «Қыз махаббаты» (1982) пьесалары басылып шықты.
Бірнеше киносценарийлерінің авторы.